

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
М.Х. ДУЛАТЫ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ (ҚАЗАҚСТАН)  
ШАДРИНСК МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ (РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ)



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС**  
**ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:**  
**СЫН-ҚАТЕРЛЕР, ЗАМАНАУИ**  
**ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛАР**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНГРЕСС**  
**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:**  
**ВЫЗОВЫ, СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ**  
**И СТРАТЕГИИ**

**INTERNATIONAL CONGRESS**  
**DISTANCE EDUCATION: CRITICAL THREAT,**  
**MODERN TRENDS AND STRATEGIES**

**II том**

**14 наурыз 2023 жыл**  
**14 марта 2023 года**  
**14 march 2023 year**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
М.Х. ДУЛАТЫ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті  
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ  
ШАДРИНСК МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
(РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ)**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
ТАРАЗСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.Х.ДУЛАТЫ  
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ  
ШАДРИНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
(РОССИЙСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ)**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
M.KH. DULATY TARAZ REGIONAL UNIVERSITY  
DEPARTMENT OF PEDAGOGY  
SHADRINSK STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY  
(RUSSIAN FEDERATION)**

**«ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ: СЫН-ҚАТЕРЛЕР, ЗАМАНАУИ  
ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛАР» атты Халықаралық Конгрес  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
Международного Конгресса «ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
ВЫЗОВЫ, СОВРЕМЕННЫЕ ТRENДЫ И СТРАТЕГИИ»**

**MATERIALS  
International Congress «DISTANCE EDUCATION: CHALLENGES,  
MODERN TRENDS AND STRATEGIES»**

**2023 жылы 14 наурыз  
14 март 2023 года  
14 march 2023**

**ТОМ 2**

**«Dulaty university»  
баспасы  
Тараз, 2023**

УДК 37.0  
ББК 74.00  
Қ52

«Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және стратегиялар» атты Халықаралық Конгресс материалдары/ Материалы Международного Конгресса «Дистанционное образование: вызовы, современные тренды и стратегии. – Тараз: Dulaty university, 2023. Том 2. - 195 б.

***Ответственный редактор:***

Бузаубакова К.Д.

***Редакционная коллегия:***

Елубаева М.С., Таджибаева Ж.С., Мамбетова А.М.

**ISBN 978-9965-37-417-3**

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жоба аясында ұйымдастырылған Халықаралық Конгреске жинақталған мақалалар топтастырылған.

Жинақ жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне және ЖОО оқытушыларына, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған.

В настоящем сборнике размещены статьи участников Международного конгресса, организованного в рамках грантового проекта АР09259497 «Совершенствование системы педагогического образования РК в новых условиях: технологические и методические аспекты формирования цифровых компетенций будущих педагогов при дистанционном обучении в Республике Казахстан» по программе Министерства науки и высшего образования РК «Грантовое финансирование научных и научно-технических проектов на 2021-2023 годы».

Материалы сборника представляют интерес для преподавателей ВУЗов, студентов, магистрантов, докторантов и учителей средней общеобразовательной школы.

**ISBN 978-9965-37-417-3**

ӘОЖ 371

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ГИБРИДТІ ОҚЫТУДА «ХАЙФЛЕКС» (HIFLEX) ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

А.С.Амирова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық  
университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Андатпа:** Бұл мақалада оқытушының көзқарасы бойынша цифрлы технологияларға бейімделу үшін педагогикалық үдерістің формасын өзгерту қажет екендігі айтылған. Сонымен қатар, оқытудың сапасы мұғалімнің оқытушының технологияны қолданудағы құзыреттілігіне де байланысты болғандықтан, «Хайфлекс» технологиясымен жұмыс істеуді белсенді түрде үйренуі және жаңа нәрселерді байқап көруі және дәлелдер негізінде нәтижелерді бағалай білуі қажеттігі көрсетілген. Технологиялық жаңарту, кең таралған, ауқымды және қаржылық тұрғыдан мүмкін, біздің жағдайымызда Ғылым және жоғары білім министрлігінің жобасы аясында іске асырылып, заманауи университеттік білім беру жүйесіне «Хайфлекс» технологиясын енгізу үшін маңызды болып табылады.

**Кілтті сөздер:** ақпараттық-коммуникациялық технология, цифрлық білім, гибридік оқыту, интерактивті пішім, Хайфлекс, кері байланыс, конструктивті теңестіру.

**Аннотация:** В этой статье говорится, что цифровые технологии для преподавателя с точки зрения педагогического процесса адаптации, необходимо изменить форму. Кроме того, в зависимости от компетентности преподавателя, учителя в применении технологии, качество обучения, так как «Хайфлекс» и научиться видеть новые вещи и технологии, активно работать необходимо уметь оценивать доказательства на основе результатов наблюдения. Технологическое обновление, наиболее распространенных, и может быть масштабной финансовой точки зрения, в нашем случае реализуется в рамках проекта министерства Науки и высшего образования, в системе современного университетского образования «Хайфлекс» является важным для внедрения технологии.

**Ключевые слова:** информационно-коммуникационных технологий, образования, цифровой, гибридный обучения, интерактивный формат, Хайфлекс обратной связи, конструктивного выравнивания.

**Annotation:** This article states that digital technologies for the teacher in terms of the pedagogical adaptation process, it is necessary to change the form. In addition, depending on the competence of the teacher, the teacher in the application of technology, the quality of teaching, since "Hiflex" and learn to see new things and technologies, actively work must be able to evaluate evidence based on the results of observation. Technological renewal, the most common, and can be a large-scale financial point of view, in our case, is implemented within the framework of the project of the Ministry of Science and Higher Education, in the system of modern university education "Hiflex" is important for the introduction of technology.

**Keywords:** information and communication technology, education, digital, hybrid learning, interactive format, hiflex feedback, constructive alignment.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында: цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) дегеніміз оқу мақсатына сай, цифрлық, электрондық, компьютерлік формада ұсынылған оқшауланған білім. Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) әрбір пайдаланушы адам үшін ыңғайлы да, жаңа форматтағы түсінікті ақпарат болуы тиіс, - деп көрсетілген [1]. Білім беру саласында ХХІ ғасыр басталуын ақпараттық-қатысымдық технологиялардың табысты мәресінің дәуірі, «қашықтықтан және мобильді оқыту ғасыры» деп атауға да болады. Қазіргі өмір қарқыны дәстүрлі күндізгі оқыту шеңберінде уақытты үнемдей отырып, білім беру үдерістерін жүзеге асыратын. ақпараттық-коммуникациялық технологиялар басымдылығымен анықталады.

Заман талабына сай бүгінде педагогикада жаңа термин – «гибридтік оқыту» мәселесі талқылану үстінде. Елімізде «гибридтік оқыту» мәселесінің қазіргі уақытта тұжырымдамалық аппараты қалыптаспаған. Гибридтік оқытудың негізгі тұжырымдамасы білім беру мақсаттарына жету үшін онлайн және/немесе офлайн білім беру түрлерінің оңтайлы үйлесімін таңдау болып табылады. Гибридтік оқытуда білім алудың контактілі және электронды форматының түрлері мен технологияларын қолдану оқу үдерісінің әртүрлі формаларының артықшылықтарын бір уақытта пайдалану мүмкіндігін береді.

Америка Құрама Штаттары Білім Министрлігінің 2014 жылғы зерттеулеріне сәйкес, гибриді модель тек онлайн немесе офлайн оқытудан гөрі жоғары білім деңгейінде тиімдірек болды. Шын мәнінде, икемді оқыту үлгілерін ұсыну сонымен қатар жоғары білім ала алмайтын студенттер үшін инклюзивтілікті база құруға көмектесетініне көз жеткізген.

Қазіргі білім берудегі гибриді оқыту шетел ғылымында қарастырылып, зерттелуде (Bennett, D., Knight, E. & Rowley, J., Blaschke, L. M., Canals, L., Burkle, M., & Norgard, R. T., Cohen, A., Cook, J., Ley, T., Maier, R., Mor, Y., Santos, P., Lex, E. ....Holley, D. и др.).

V.J.Beatty НуFlex курстары виртуалды және сайттағы сабақтарды біріктіретін мультимодальды болып келеді. Студенттер күнделікті немесе апта сайын өздерінің қалауларына, қажеттіліктеріне және қолжетімділігіне қарай онлайн немесе офлайн сабақтарға қатысқысы келетінін шеше алады [2].

Бинневис, Ванг [3], Гобейл-Проулкс [4] атап өткендей, көптеген студенттер бұл икемділікті бағалайды. Lakhal S.et.al. [5] айтуынша, қанағаттану және оқу нәтижелері әртүрлі оқыту әдістерімен бірдей болады. Lightner & Lightner-Laws [6] НуFlex технологиясын бүгінгі білім беру жүйесі үшін тамаша шешім деп санайды. Шетел ғалымдарының пікірлерін қорытындылайтын болсақ, НуFlex курстары студенттер үшін қолайлы, өйткені олар онлайн немесе офлайн оқуды өздері таңдайдындықтан, икемді деп бағалағанын көрсеткен. Студентке бағдарланған оқыту үдерісін ұйымдастыруда аталған НуFlex курстары тиімді, - деп есептейміз.

Әртүрлі зерттеушілердің гибриді оқыту тұжырымдамасына аналитикалық көзқарасы Л.Маргулье, М.Маккракен және Р.Катрамбонға гибридік оқыту оның полостерінің (төтенше мәндерінің) интеграциясы (біріктіру) негізінде туындайтын төрт өлшемді анықтауға мүмкіндік берді:

- студенттердің оқу орындары (оқыту орны): аудитория және кампустан тыс орналасу (нақты және виртуалды білім беру орталары);
- оқу материалын беру ортасы (құралдар, дереккөз) (жеткізу ортасы);
- оқытушы және технология;
- оқыту түрі: дәріс және практикалық сабақ;
- оқытудың синхрондылық дәрежесі: бүкіл топтың оқу қарқыны (синхронды) және жеке оқу қарқыны (асинхронды) [7]. Гибридік оқытуда ғалымдар ұсынған өлшемдер басшылыққа алынуы тиіс,- деп санаймыз.

Бүгінгі таңда гибридік оқытуды зерттеуге бағытталған бірқатар зерттеулерді ресейлік ғалымдар В.С.Сенашенко, А.А.Макарова технология тұрғысынан гибридік оқытуды қарастырды, М.А.Карелин кеңістікті будандастыру туралы, М.Маклюэн медиакеңістік мәселелері бойынша, Х.Г. Тхагапсоев, М.Б. Сапунов, Д.А.Севостьянов, А.Р.Гайнанова және т.б.

Зерттеудің әдіснамалық негізі – білім алушыларға ұлттық құндылық көзқарас идеялары, философиялық-педагогикалық антропологияның, синергетиканың, аксиологияның сана мен мінез-құлық тұтастығы туралы ережелері, әлеуметтік тәжірибемен таныстыру арқылы тұлғаның қалыптасуы туралы, Хайфлекс (Нуflex) технологиясы арқылы болашақ мұғалімнің өзін-өзі жүзеге асыру және кәсіби жетістігін дамыту үдерісіндегі белсенді көзқарасы болып табылады.

Оқытушының кәсіби жетістігі дамуының күрделі сипаты мен қарама-қайшылықты сипаты әдістемелік принциптер жүйесіне сүйенуді талап етеді: жүйелі және тұтаскөзқарастың бірлігі; кәсіби табыс мәселесін зерттеудегі теориялық және эмпирикалық бірлігі; сана мен белсенділіктің бірлігі; оқытушының тұлғалық және кәсіби дамуының бірлігі; педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипаты принципі басшылыққа алынады.

К.Баранников Колумбия университетінде НуFlex бірі ретінде пайдаланылады студенттердің үш ағынын біріктіретін білім берудің негізгі үлгілері. Студенттер офлайн қатысу. Студенттер ZOOM арқылы қатысады.

Студенттер сабақтың жазбасын көреді. Гибридік оқытудың критерийлері:

- Пропорционалды критерийі гибридите көбірек онлайн болған кезде онлайн және офлайн үлесі;
- Критерий, критерийдің қолдану аясы, гибридиті – бағдарламалар туралы, аралас – топтар, сыныптар туралы;
- Институционалдық критерий гибридитік оқыту – инновациялық және дәстүрлі тәжірибелерді біріктіру туралы [8].

В.С.Сенашенко, А.А.Марковалар гибридиті білім берудің пайда болуын үш вектормен білім беру жүйесін жаңғыртумен байланысты ұсынған.

Модернизацияның бірінші векторы – құрылымдық – құрылымды жаңарту мақсатында оқу орындары рационалды жұмыс істеуі. Екінші вектор – технологиялық – білдіреді, оқу үдерісінің технологиялық жабдықталуын жетілдіру. Модернизацияның үшінші векторы – пәні – тәрбие мазмұнымен байланысты бағдарламалар [9]. Гибридитік оқытуда білім алудың контактілі және электронды форматының әдістері мен технологияларын қолдану оқу үдерісінің әртүрлі формаларының артықшылықтарын бір уақытта пайдалану мүмкіндігін береді.

Брайн Битти: Білім берудің гибридитік моделінің дидактикалық тұғырлары мен ерекшеліктері қалыптастыруға мүмкіндік береді әдістемелік лайфхактар және білім беру бағдарламаларын құрастыру және енгізу әдістерін ұсынған. Автор келесі әдістемелік проекцияларды үш ағын студенттердің үш ағымда әрекет ету мүмкіндігін ескере отырып, білім беру мазмұны мен оқиға сценарийін құрастыру: топта, онлайн және асинхронды түрде ұсынған. Олар:

Бөлім мазмұны: мазмұнды бөліктерге бөліп құрылымдау, студентке жұмыс істеуге және мазмұнды кезең-кезеңімен меңгеруге мүмкіндік береді, сонымен қатар асинхронды жұмыстың өнімділігін арттырады.

Конструктивті теңестіру: мұғалім, орта, бағдарлама, сценарий енгізу кезінде өзгерістер мен нақтылауға дайын болуы керек.

Интерактивті пішім: студенттерге курс пен оқиға аясында субъективті және белсенді әрекет етуге мүмкіндік беретін интерактивті форматта іс-шаралардың маңызды бөлігін жүзеге асыру.

Кері байланыс: келісімді сақтауды сынау үшін және конструктивті сәйкестендіру принциптерін жүзеге асыру үшін тұрақты және жиі кері байланыс орнатыңыз. Оқу тәжірибесі: Студенттің білім беру тәжірибесін ескере отырып, білім беру іс-шарасын немесе бағдарламасын құрастырыңыз [10]. Байланыс форматының құрамдас бөліктері студенттерді ынталандыру үшін пайдаланылады, сол сияқты білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің дәстүрлі нысандары тікелей жеке қарым-қатынасқа негізделеді. Онлайн және офлайн оқыту компоненттерінің әртүрлі комбинациялары оқыту үдерісінде интербелсенді білім алушылар үшін студентке бағытталып жасалады.

Н.И.Чуркинаның пікірінше, заманауи оқытушы кәсіби дамуды жоспарлауға, цифрлық сервистерді пайдалана отырып, өз сабақтарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді жобалауға, гибридиті режимде студенттермен сабақ өткізуге байланысты кәсіби мәселелерді шеше білуі керек [11]. Ол үшін оқытушыға компьютер, кәдімгі веб-камералар, экран немесе электронды тақта, проектор, смартфон және арнайы жабдықталған кабинет қажет болады.

А.Байзаров технологиялық шешімнің негізгі компоненттерін бөліп көрсеткен:

- гибридиті аудитория үшін арнайы жабдықталған кабинет синхронды қосылу үшін оқу сабақтарын өткізу онлайн және офлайн студенттер және баламалы қамтамасыз ету студенттердің қатысу мүмкіндіктері;
- гибридиті орта гибридиті аудитория мен онлайн студенттер арасындағы көшір үшін, студенттердің асинхронды қатысуы, ұйымдастыру оқу үдерісі. Мысалы, бейнеконференция қызметі және LMS;
- қолдау басқару мұғаліміне көмек көрсету әдістері аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, соның ішінде көмекшілерді оқыту және қолдау [12]. Гибридиті оқытуға көшкен кезде оқытушы өз сабақтарының мазмұнын жергілікті немесе ғаламдық желіде орналастыру және интербелсенділікті көрсету үшін бейімделуі қажет. Студенттер оқу материалдарын жазып алудың орнына оны өзбетінше меңгеруге көбірек уақыт бөледі, топтық онлайн және офлайн сабақтарына белсендірек қатысады. Бұл оқуға көшудің бір артықшылығы – студенттердің ақпараттық-коммуникациялық дағдылары жетілдіріледі.

В. Никифоров гибридиті оқыту үдерісінде ақпаратты меңгеру деңгейлерінің дәстүрлі иерархиясын – білім – білік – дағды, білім – дағды – дағды – әрекет бағдарламалары

иерархиясымен ауыстыру; 2) оқыту әдістерін ұсынылған деңгейлермен байланыстыру; 3) дәстүрлі желілік оқыту технологиясын көпдеңгейлі технологиямен ауыстыру, - қажет деп есептейді [13]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, гибридтік форматта өткізілетін сабақтар студенттерді берілген оқу материалдарын өзбетінше меңгеруге бағыттап, бастаманың көрінісін ынталандырады, уақыт ресурстарын басқаруда сыни ойлау мен өзін-өзі бақылауды дамытуға ықпал ететіндей болуы керек.

Гибридтік оқыту білім берудің әртүрлі түрлерінің үйлесімімен сипатталады: жеке, жеке және ұжымдық; ресми және бейресми; синхронды және асинхронды; тәуелсіз және топтық. Гибридті оқыту үлгілері төменде келтіріледі:

- Rotation (ротациялық): онлайн сабақтарының вариациясы және топтағы байланыс жұмыстары;
- Flex (икемді): оқытушылармен бірлесіп жұмыс істеуге қарағанда электронды оқыту түрлерінің басым болуы;
- Self-Blend (self-mixing): студенттердің онлайн сабақтарының кезектесуі мен оқытушымен байланысын өзара әрекеттесуі;
- Enriched Virtual (кеңейтілген виртуалды): оқу пәндерін оқытушылармен бірге онлайн форматта және білім беру ұйымының кестесіне сәйкес күндізгі форматта оқу.

Гибридтік оқытуда теориялық және практикалық сабақтарды ұйымдастыру үшін (семинарлар мен вебинарларды, дәрістер мен бейнеконференцияларды бір мезгілде өткізу) «жетекші оқытушы, модератор, бетпе-бет», қашықтағы аудиториямен өзара әрекетін қамтамасыз ететін біріктірілген оқыту форматын пайдалануды ұсынады.

Жетекші оқытушы, модератордың негізгі міндеттері: жеке аудиторияны таратуды ұйымдастыру, спикерлер мен аудиторияны (жеке және қашықтан) басқару, спикерлер мен желілік аудиторияны байланыстыру, хабар таратуды бақылау және іс-шараға қатысушылардың өзара әрекеттесуін жүзеге асырады. Нақты уақыттағы бейнеконференция оқытушы мен студенттер арасындағы, сонымен қатар студенттердің өзара (жеке және қашықтағы аудиториялар) қарым-қатынасында өзара әрекеттесу нысанына айналады.

Шетелдік жоғары оқу орындарының білім беру тәжірибесін талдау асинхронды тәуелсіз онлайн-оқыту (тек онлайн режимі) мен синхронды қашықтықтан оқытудан (синхронды тек онлайн режимінде) кейінгі гибридті оқыту форматы жетекші шетелдік университеттердің білім беру тәжірибесіне берік енгенін көрсетеді.

Қорытынды. Қазақстанның жоғары оқу орындары яғни, университеттер Хайфлекс технологиясын қабылдауы керек деп ойлаймыз, өйткені оны қабылдау оқытудың заманауи талаптарын қанағаттандыра алады және еліміздегі әлеуметтік өзгерістерді қолдайды. Біздің гибридті виртуалды орта деп отырғанымыз бірнеше жерде оқуды қолдайтын және өмірінің кез келген кезеңінде білім алушыны ынталандыратын оқуға қатысуға мүмкіндік беретін оқыту мен оқуға көмекші екенін дәлелдеді. Дегенмен, мұндай инновациялық жобалардың ауқымды болуы және университетте жүзеге асырылуы үшін педагогикалық және техникалық мәселелерді қарастыратын жақсы жобаланған саясат қажет. Зерттеу жұмысымызда ол мәселе жолға қойылып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне енгізіліп отыр.

Біздің ойымызша, негізгі педагогикалық мәселе – оқытушының көзқарасы бойынша цифрлы технологияларға бейімделу үшін педагогикалық үдерістің формасын өзгерту қажет. Сонымен қатар, оқытудың сапасы мұғалімнің оқытушының технологияны қолданудағы құзыреттілігіне де байланысты болғандықтан, «Хайфлекс» технологиясымен жұмыс істеуді белсенді түрде үйренуі және жаңа нәрселерді байқап көруі және дәлелдер негізінде нәтижелерді бағалай білуі қажет. Технологиялық жаңарту, кең таралған, ауқымды және қаржылық тұрғыдан мүмкін, біздің жағдайымызда Ғылым және жоғары білім министрлігінің жобасы аясында іске асырылып, заманауи университеттік білім беру жүйесіне «Хайфлекс» технологиясын енгізу үшін маңызды буынды құрап отыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017.
2. Beatty, B. J. (2019). Hybrid-Flexible Course Design (1st edn.). EdTech Books. <https://edtechbooks.org/HyFlex>. Accessed 12 September 2022.

3. Binnewies, S., & Wang, Z. (2019). Challenges of Student Equity and Engagement in a HyFlex Course. In C. Allan, C. Campbell, & J. Crough (Eds.), *Blended Learning Designs in STEM Higher Education* (pp. 209–230). Springer. [https://doi.org/10.1007/978-981-13-6982-7\\_12](https://doi.org/10.1007/978-981-13-6982-7_12).
4. Gobeil-Proulx, J. (2019). La perspective étudiante sur la formation comodale, ou hybride flexible. [What do university students think about hybrid-flexible, or HyFlex courses?]. *Revue Internationale des Technologies en Pédagogie Universitaire*, 16(1), 56–67. <https://doi.org/10.18162/ritpu-2019-v16n1-04>.
5. Lakhal, S., Khechine, H., & Pascot, D. (2014). Academic students' satisfaction and learning outcomes in a HyFlex course: Do delivery modes matter? In T. Bastiaens (Ed.), *Proceedings of World Conference on E-Learning* (pp. 1075–1083). Association for the Advancement of Computing in Education (AACE). <https://www.learntechlib.org/primary/p/148994/>. Accessed 12 September 2022.
6. Lightner, C.A., & Lightner-Laws, C.A. (2016). A blended model: Simultaneously teaching a quantitative course traditionally, online, and remotely. *Interactive Learning Environments*, 24(1), 224–238. <https://doi.org/10.1080/10494820.2013.841262>.
7. Margulieux, L.E., McCracken, W.M., Catrambone, R.A. Taxonomy to Define Courses That Mix Face-to-Face and Online Learning // *Educational Research Review*. 2016. Vol. 19. P. 104–118.
8. В.С.Сенашенко, А.А Макарова. Образовательные технологии: гибридное обучение // «Высшая школа: опыт, проблемы, перспективы»: Материалы XI Междунар. науч.-практ. конф. Ч. 2. Москва, РУДН, 29–30 марта 2018 г. М., 2018. С. 11–15. 16.
9. К.А.Баранников Понятие гибридности и дидактика гибридного обучения. – М., 2022.
10. Брайн Битти Гибридное обучение. – Санкт-Петербург, 2022.
11. Н.И. Чуркина, Условия реализации гибридного обучения: первые практики российского образования. / Н. И. Чуркина. – Текст: электронный // Письма в Эмиссия. Оффлайн (The Emissia. Offline Letters): электронный научный журнал.– 2022.– № 8 (август).– URL: <http://emissia.org/offline/2022/3>
12. А.Е.Байзаров Технологическая инфраструктура гибридного обучения – лучшие практики. – Москва, 2022.
13. В.Никифоров Гибридное обучение в высшей школе: уровни, методы, технология (на англ.) <https://doi.org/10.20339/AM.01-22.025>.

УДК 371.1

## РЕЛИГИЯ И ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Т.Ч.Абдылдаева

Кыргызский национальный университет имени Жусупа Баласагына  
кандидат философских наук, доцент педагогического факультета [toma.chynalievva@mail.ru](mailto:toma.chynalievva@mail.ru)

Г.Адылбек кызы

Кыргызский национальный университет имени Жусупа Баласагына  
кандидат педагогических наук, доцент, зав. кафедрой дошкольной, школьной педагогики и  
образовательных технологий [adylbekkyzy76@mail.ru](mailto:adylbekkyzy76@mail.ru)  
г.Бишкек, Кыргызская Республика

**Аннотация:** Воспитание в духе общечеловеческих ценностей, таких как: любовь к ближнему, сострадание, взаимопомощь, милосердие, бережное отношение к окружающей природе, почитание родителей - ислам и христианство призывают к преодолению цивилизационных проблем путем создания ценностно-смыслового мира. При этом человек выступает одновременно в роли субъекта и объекта реформации, ядра нового мирового порядка, движущей силы цивилизационных перемен.



Накопленный веками опыт воспитания мусульманской, христианской конфессий находит активное применение в области образования, воспитания и социальной работы, способствуя формированию и воспитанию нравственно зрелой, духовно развитой личности.

**Ключевые слова:** религия, религиозность молодежи, ислам, православие, нравственность, социологический опрос.

**Аңдатпа:** Жақынға деген сүйіспеншілік, жанашырлық, өзара көмек, баспана, қоршаған ортаны құрметтеу, ата-анаға құрмет көрсету сияқты жалпыадамзаттық көріністер рухында тәрбиелеу - дінге келу және христиандықты құру жолында туындайтын өркениеттік проблемаларды жеңуге шақырады. семантикалық және мағыналық әлем. Сонымен бірге адам жаңа әлемдік тәртіптің өзегін, өркениеттік өзгерістердің қозғаушы күшін реформалаудың рөлдері мен объектілеріне біріктірілген.

Мұсылмандық және христиандық конфессиялардағы білім берудің жинақталған тәжірибесі білім беру, оқыту және қоғамдық жұмыс саласында белсенді түрде қолданылып, моральдық жағынан жетілген, рухани дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға және тәрбиелеуге ықпал етеді.

**Кілтті сөздер:** дін, діни жастар, ислам, православие, мораль, социологиялық зерттеулер.

**Annotation:** Education in the spirit of universal values, such as: love for one's neighbor, compassion, mutual assistance, mercy, respect for the environment, respect for parents - Islam and Christianity call for overcoming civilizational problems by creating a value-semantic world. At the same time, a person acts simultaneously as the subject and object of the reformation, the core of the new world order, the driving force of civilizational changes.

The experience accumulated over the centuries in the upbringing of the Muslim, Christian denominations is actively used in the field of education, upbringing and social work, contributing to the formation and upbringing of a morally mature, spiritually developed personality.

**Key words:** religion, religiosity of youth, Islam, Orthodoxy, morality, sociological survey.

В современном интенсивно глобализирующемся мире происходят масштабные социокультурные трансформации: терпят крах традиционные системы ценностей, эволюционным путем создается единое информационное пространство на базе электронных технологий, возникают новые виды культуры и искусства. Новейший сложный исторический опыт показывает, что успешная модернизация развития стран и народов во многом зависит от того, как удастся совместить обеспечение новейших тенденций социально-экономического развития в реальных условиях с менталитетом, традициями и духовно-культурными особенностями этих стран. И одним из важнейших элементов в содержании этого процесса является проблема преемственности поколений, духовно-нравственного воспитания молодежи на базовых ценностях цивилизационной самоидентификации. Более того, в условиях становления и развития суверенных государств – стран СНГ – вопрос формирования национального самосознания, ценностно-смысловых ориентиров молодых специалистов, их гражданской зрелости является вопросом стратегически важным [1].

Духовно-нравственный кризис больно ударил по молодежи, и в этой связи вызывают обоснованную тревогу духовно-нравственное состояние молодежи, те негативные процессы, которые происходят в молодежной среде. Исследования показывают, что происходит значительная переориентация общественного сознания молодых людей с духовных, гуманистических ценностей на ценности материального благополучия, гедонизма (увлеченность наслаждением потребления), существенно меняется отношение к профессии, труду, браку, семье, усиливается разочарование в демократических идеалах и ценностях. На фоне мировоззренческой неопределенности экспансия массовой коммерческой культуры, агрессивно насаждая психологию потребительства и выгоды, способствует нравственной деградации личности и снижению ценности человеческой жизни, примитивизирует смысл человеческого бытия, стимулирует асоциальные и противоправные формы самореализации (преступность, алкоголизм, наркомания, проституция), вызывает массовое распространение мистических учений, движений и нетрадиционных культов, представляющих опасность для нравственного здоровья молодого человека. Однако при этом консервируется и возрождается интерес к религиозному мировоззрению и в традиционном и нетрадиционном контекстах. В условиях системного кризиса, охватившего постсоветское пространство, и растущего влияния глобализационных процессов роль оккультизма, мистики и эзотерики резко возросла.

Посредством массовой культуры силу набирает «новая религиозность» - присущий для современности тип религиозности, детерминируемый ценностями доминирующей массовой культуры и характеризующийся компонентами нетрадиционности и качественной новизны.

По данным религиоведов, в мире функционирует около двух сотен религиозных направлений, которые различаются по формам обрядности, содержанию, структуре религиозных институтов, а также степени регламентации общественной и личной жизни. К ним относятся примитивные культы этносов Центральной Африки, шаманизм в Южной Сибири, а также такие традиционные системы, как буддизм, христианство и ислам. Но всем этим религиозным феноменам характерны и общие черты. Это, в первую очередь, разделение мира на потусторонний (сверхъестественный, «небесный») и посюсторонний (естественный, «земной»). Базу всякой религии выстраивают вера в наличие того или иного типа сверхъестественных сил и их значения в мире и повседневной жизни индивидов.

Отношение индивидов к религии и их вера в наличие посюстороннего мира составляет содержание понятия «религиозность». Религиозность, отличаясь от религии, имеющей объективный характер, представляет собой характеристику субъекта. Она свойственна определенному субъекту, которым является индивид, коллектив, группа, этнос, нация и человечество в целом. Конечно, под религиозностью понимается мировоззренческая установка группы или индивида, которая выражается в совокупности религиозных качеств сознания, отношений и поведения.

Религиозность определяется посредством критериев, таких как: индикаторы сознания, индикаторы поведения, индикаторы включенности в систему религиозных отношений. О функционировании религиозности можно утверждать, если имеются все данные индикаторы [2, с.24-25].

В современных условиях, когда общество отмечено огромной утратой чувства действительности, способности ориентироваться в реальности – утратой, которая вызвана потерей веры в добро, справедливость, милосердие, «естественные человеческие отношения» значение и роль религии в общественной жизни заметно возрастает. Многие зарубежные и российские психологи, анализируя ценность и реальность религиозной жизни для человека считают, что религиозная вера представляет собой психологический феномен, характерный индивиду с рождения и направляющий его на путь духовного и нравственного самосовершенствования [2, с.16; 3, с. 156]. Так, Н.Г. Дебольский утверждает, что существование Всевышнего и Его образа в индивиде демонстрирует его нравственность [3, с.49].

На наш взгляд, перспективным и интересным является анализ отношения современной молодёжи к религии, которая представляет собой специфическую социально-демографическую группу, вычлняемой на базе целого спектра особенностей, характеристик социального статуса и детерминированных теми либо иными психологическими качествами, определяемым уровнем политического, социально-экономического развития, спецификой социализации и т.д. Хотя следует отметить, что потребность в религии и религиозности возрастает у молодежи, заметен низкий уровень компетенции по религиозным вопросам, стихийность приобщения к религиозным традициям, неспособность осознания психологических аспектов религии в процессе нравственного самосовершенствования [4, с.41].

Регион Центральной Азии – весьма разнообразный, несмотря на свою общую историю. Различные модели развития, избранные странами региона в своем постсоветском нациостроительстве, отдалили их друг от друга. В религиозном плане ситуация также сложилась разная, особенно в Кыргызской Республике. Модель либеральной демократии, заложенная в начале 90-х годов, создала фундамент для свободного функционирования религиозных практик и идеологий, количество религиозных течений намного значительней, чем в других странах Центральной Азии. Так, по мнению исследователя из Англии М.Пелкманса, представители протестантского направления христианства оценивают Кыргызстан как «самую открытую мусульманскую страну» [5, с.3].

После распада Советского Союза, в условиях суверенизации Кыргызстана, начался религиозный ренессанс, одним из индикаторов которого явился рост количества религиозных структур. За эти годы в республике сформировался поликонфессиональный социум. Граждане страны в религиозном плане стали последователями различных религиозных конфессий. Население Кыргызстана в своем большинстве исповедует традиционные религии, которые сыграли свою

историческую роль в становлении и развитии кыргызского этноса и кыргызской государственности. Тотальный рост религиозного сознания населения, переоценка роли в прошлом и настоящем религии, в целом, и религиозных конфессий, в частности, способствовали авторитету и росту ее доверия в глазах общественности. Это породило среди населения определенные надежды, частично преувеличенные и частично оправданные, связанные с потенциалом религиозных структур содействовать выходу из кризиса в социуме, плодотворно воздействовать на социальные процессы, вызывающие озабоченность у народа [6].

Большинство населения республики – приверженцы ислама суннитского толка ханифитского мазхаба и православного христианства. Так, по результатам социологического исследования «Молодежь и ислам», которое было проведено в 2013 году, около 91% из числа респондентов, указали, что они относят себя к исламу [8, с.6]. Около 5% населения Кыргызстана относят себя к православным христианам, столь низкий процент православных объясняется тем, что именно православное население заметно сократилось в связи с массовым выездом из Кыргызстана граждан русской, украинской и белорусской национальностей. По данным социологического опроса среди студентов г.Бишкек, среди респондентов к протестантизму себя отнесли всего 0,5%, буддистами себя считают – 0,7%, католиками – 0,3% и атеистами – 1,3%. Более 90% опрошенных относят себя к исламу, что демонстрирует о сформированном самосознании людей в контексте идентификации своих духовных ценностей. Однако, насколько эта молодежь подвержена исламу, показали ответы на некоторые другие вопросы анкетирования. Так, по данным социологического исследования, пятикратного намаза придерживаются 11,2% студентов, 88,8% – не совершают его, на пятничный жума-намаз ходят около четверти опрошенных студентов, относящие себя к мусульманам, около трех четвертей - не посещают мечеть по пятницам, айт-намаз - соблюдают около одной пятой респондентов, а около 4/5 – не посещают. Около половины - не читали Коран, на арабском языке читают Коран – 21%, а переводной текст – 28,8%. В период Рамазана пост держат – 22,6%. Дополнительный намаз соблюдают только 7,1% респондентов. На вопрос, если вы считаете себя мусульманином или мусульманкой, то какой мазхаб исповедуете, полученные результаты продемонстрировали, что 54% респондентов не знают, что такое мазхаб, 28% - ответили, что они затрудняются с ответом на этот вопрос, 2,4% - отнесли себя к маликитскому мазхабу, 12,6% - считают себя приверженцами правовой школы имама Абу Ханифы, 0,9% - адептами ханбалитской школы, 1,5% - отнесли себя к шафиитской религиозной школе [7]. Следует указать, что подобная ситуация – итог низкой информированности молодежи об исламе, о том, что отличие ханифитского мазхаба от остальных трех заключается в том, что в нем огромное внимание уделяется взглядам на государственную политику, культуру народа и его традиции, а доведение основ религии осуществляется в упрощенном виде [8, с.21]. Более того, респонденты не осведомлены, что Духовное управление мусульман Кыргызстана официально представляет собой ханифитский мазхаб. Слабая работа в области религиозного образования и просвещения создает условия для внедрения радикализма в виде идей салафизма или иных чуждых идеологий. Это свидетельствует об актуальности профилактически-информационной деятельности соответствующих государственных структур в этой области и мусульманского духовенства.

В единственность Всевышнего веруют – 92,5%, затрудняются с ответом – 4,9%, не веруют – 2,6%; в пророческую миссию Мухаммеда верят 74,6%, затруднились с ответом – 21,9% и не согласились - 3,5% респондентов. Одним из основных догматических положений ислама является вера в божественное предопределение. Так, данное положение признают – 66,2%, а 17,4% - затрудняются ответить, 16,83% - не веруют в этот догмат [7].

В религиозоведческой науке выделяют следующие типы верующих: истинно верующие, для которых вера в Бога играет доминирующую роль в их поведении и жизни; верующие, для которых религия имеет второстепенное значение в жизни и слабо влияет на их поведение; а также колеблющиеся, для которых характерно отсутствие твердой религиозной веры и которые колеблются, когда касается выбора между атеизмом и религией, что детерминирует их поведение в жизни. Отвечая на вопрос – насколько вы религиозны, 10,7% респондентов считают себя очень религиозными, 64,2% - умеренно религиозными, 13,3% - мало интересующимися религией.

По статистическим данным, молодежь в Кыргызстане от 14 до 28 лет составляет около трети населения страны. Следует отметить, что у молодых людей формируются приоритетные жизненные ценности: получение образования, социализация в обществе, выбор профессии, формирование своего круга общения и духовных ориентиров и принципов. Так, по итогам

социологического исследования, основным источником получения религиозных знаний остаются книги, через них информацию получают - 32,2% респондентов, 31% - у священнослужителей, другими источниками являются: 19,3% - телевидение, 5% - интернет, 1,8% - газеты, 0,7% - радиопередачи. Результаты анкетирования свидетельствуют о том, что у молодых людей сложилось определённое мировоззрение о социально-религиозных отношениях. Чтобы мулла прочитал Коран в виде дуба обращаются - 15,8% респондентов, вообще не обращаются - 84,2%, самостоятельно делают дуба - 55,8%, носят оберег - 7%, не носят его - 93%, 10,2% - прибегают к поддержке усопших душ, посещают ясновидящих - 2,2%, ходят в святые места - 12%, верят в гороскопы - 20,2%, в благословение и проклятие старших - 64,4% опрошенных.

Как известно, семья представляет частичку социума, из которого создается государство. Из-за этого большую роль играет становление в семье нравственно-духовных приоритетов и ценностей. При этом религия имеет большое значение в качестве носителя культурной и исторической информации и представляет собой органический компонент современного мира, так как осуществляет три комплекса сакральных функций. В первую очередь, религия реализует духовное становление верующего, проявляющееся в осуществлении связи между человеком и Богом, в формировании гражданственности и религиозности, в насыщении индивида добром и позитивом. Во-вторых, при этом религия ориентирует на благотворительность и милосердие. В-третьих, что весьма важно религия имеет большой потенциал для нормализации экономических, политических и культурно-духовных процессов, межгосударственных и межэтнических отношений, разрешения глобальных противоречий цивилизации.

В плане семейных отношений религиозность молодежи оказывает существенное значение. Так, при вступлении в брак 61,6% респондентов - стараются учитывать религиозность будущего мужа или жены, 73% - будут совершать мусульманский обряд (нике), 75,1% - внебрачные сексуальные отношения относят к греху, а 12,4% - таковым их не считают. Воспитывать своих детей в контексте религиозных норм настроены - 49%, не намерены этого делать - 51%. Своему ребенку мусульманское имя дадут - 48,9% опрошенных, при рождении прочитать азан в уши своего ребенка считает необходимым - 57,5% респондентов.

Основными проблемами молодежи в современных условиях являются, во-первых, прогрессирующий процесс десоциализации в молодежной среде; поиск значительной массы молодежи своих перспектив зарубежом; процесс распространения среди молодых людей чуждых ценностей; криминализация части молодежи и радикализация религиозного сознания части молодежи и их вовлечение в деструктивные запрещенные религиозные структуры. Так, в процессе гражданского и социального взросления молодежь представляет собой наиболее уязвимую демографическую группу в плане чуждого влияния, чаще всего молодежь является беззащитной в контексте идеологического воздействия со стороны активистов религиозного терроризма и экстремизма. Молодые люди в борьбе за добро и справедливость, как правило, способны на различные крайности. Так, к примеру, следует отметить, что такие террористические и экстремистские структуры, как «Жайшуль Махди», «Хизб-ут-Тахрир» в основном состоят из молодежи. При анкетировании, отвечая на вопрос: относят ли они организацию «Хизб-ут-Тахрир» к экстремистским структурам, положительно ответили - 41,6%, затруднились ответить - 48,2% и дали отрицательный ответ - лишь 10,2%. Низкая религиозная информированность способствует радикализации молодежи, что свидетельствует о том, что без соответствующей профилактической разъяснительной деятельности почти половина молодежи может попасть под влияние экстремистских и радикальных течений ислама. Однако, определенная доля молодых людей озабочена религиозной ситуацией, так как 37,5% опрошенных оценивают нестабильную ситуацию в религиозной области. Как известно, существенную роль в воспитании молодежи могут играть духовные лица и имамы, ответы на многие вопросы молодежь может найти у священнослужителей в мечетях. Однако, часто молодые люди не получают удовлетворения от общения с духовными лицами, будучи убежденными в том, что имамы и муллы, проповедующие высокие духовные ценности, сами обязаны соответствовать этим идеалам. К примеру, отвечая на вопрос о влиянии проповедей представителей духовенства на улучшение их жизни, ответили «да» - 56,8% и «нет» - 15,7% опрошенных. Отвечая на вопрос о ношении хиджаба в высших учебных заведениях, 62,2% респондентов отметили, что они не возражают насчет ношения хиджаба, что дает основание, когда будет решаться вопрос о ношении хиджаба в вузах.

С учетом актуальности и важности итогов проведенного анкетирования, необходимо остановиться на ряде особо важных, с нашей точки зрения, аспектах данного исследования. Так, отвечая на вопрос о вмешательстве в политику религии, 29,2 % опрошенных - высказались «да», затруднились ответить – 25,7%, против ответили – 43,2%.

Таким образом, около 30% - не против вмешательства в политику религии, свидетельствуя о том, что заметная часть молодежи считает религию реальным механизмом решения проблемы. Отвечая на вопрос об их голосовании на выборах за представителя религиозных кругов, высказались положительно – 39,5%, что наталкивает на мысль о том, что часто сегодня молодёжь готова доверить власть религии, на их взгляд, богобоязненный политик будет справедливо и адекватно работать в интересах народа. Однако, и представители власти, поддерживаемые частью народа посредством позиционирования себя в качестве религиозной личности, могут активно политизировать религию, а затем использовать ее для достижения личных целей. 44,2% - затруднились с ответом, что свидетельствует о возникшем вакууме в данной области и отсутствии в стране идеологических ориентиров. Эти результаты показывают то, что ислам обладает потенциалом, претендующим на роль господствующей идеологии в Кыргызстане.

47,7% опрошенных высказались, что ислам в нашей республике должен соответствовать этническим особенностям, не согласными с этим мнением оказались – 22,83% опрошенных; 43,33% - отрицательно относятся к активности иностранцев, которые распространяют религию в нашей республике [8].

Все это свидетельствует о том, что область религиозного образования в современных условиях выходит на первый план в качестве одной из важнейших составляющих социального развития. Незрелость религиозного образования непосредственно влияет на национальную безопасность государства, формируя основу для радикализации социума, распространения чуждых и опасных для республики радикальных идей, а также религиозного экстремизма. Слабость институтов религии в сфере религиозного просвещения и образования населения требует государственной поддержки. Одной из важнейших функций государства должна стать забота о передаче культурных ценностей и «духовных богатств» с учетом этнических, региональных культурных ценностей народа из поколения в поколение.

Резюмируя результаты социологического исследования, можно предположить, что они могут повлиять на разработку и осуществление программ, которые ориентированы на укрепление нравственных и духовных основ социума, предупреждения конфликтов и укрепления гармоничных отношений между последователями разных конфессий, установления между ними атмосферы взаимной терпимости.

Отсутствие истинных религиозных знаний и невежество в вопросах религии приводит к экстремизму. Все, кто попадает в ряды преступников и экстремистов попадает из-за отсутствия должного воспитания и истинных религиозных знаний, и поэтому они становятся легкой добычей для преступного мира. И с этим надо бороться через образование и просвещение. Только лишь силовой метод борьбы не приводит к эффективному решению этой проблемы, нужно вести и идеологическую борьбу против этого явления, просвещать нашу молодежь, дать им истинные знания о религиях. Как показывает опыт других постсоветских стран, использование религиозных ценностей в нравственном воспитании, а также нахождение путей взаимодействия религии и школы в современных условиях дает наилучший эффект. Для этого необходимо введение в школы и другие учебные заведения республики предметов, дающих знания о религиях, таких как, «Религиоведение» или «История мировых религий».

В целях поддержки важнейшего направления внутренней политики – воспитание граждан через усвоение ими высоких моральных норм, традиций, традиционных семейных и общественных ценностей, здорового образа жизни, приобщение к системе общих человеческих ценностей, отражающих богатство, своеобразие и единство культур народов Кыргызстана, Президент Садыр Жапаров 2021 году подписал Указ «О духовно-нравственном развитии и физическом воспитании личности» [9].

Также Президент подписал указ о введении в школах страны с 2022-2023 учебного года нового предмета «История развития религий». Он пока будет преподаваться для учеников 9-го класса. Далее его могут ввести и для 7-8 классов [10].

Введения такого предмета в школах объясняют тем, что «в последние годы наблюдается осложнение социально-политической ситуации из-за роста религиозного экстремизма и радикализма как во всем мире, так и в Центральной Азии».

Также возросший интерес к религии, ее роли в истории, культуре и повседневной жизни Кыргызстана породил массовую потребность в объективных научных знаниях о религии. Эту потребность призвана удовлетворять система светского религиозноведческого образования в структуре школьного образования», — говорится в указе.

Преподавать новый предмет смогут только учителя не связанные с религиозными сектами и течениями. Также они должны иметь высшее теологическое образование и сертификат о прохождении повышения квалификации или переподготовки в области педагогики, психологии и методики преподавания.

В случае нехватки таких кадров предмет могут преподавать учителя истории после прохождения педагогической квалификации. Учителей к обучению нового предмета в школах допустят только после проверки МВД и ГКНБ.

При этом в школах страны уже несколько лет пытаются ввести предмет «История религиозной культуры». Его в рамках пилотного проекта в 2016 году ввели в 10 школах Кыргызстана, а в 2020 году — в 56.

Таким образом, акцентируя внимание на общечеловеческих ценностях, таких как: любовь к ближнему, сострадание, взаимопомощь, милосердие, бережное отношение к окружающей природе, почитание родителей и др.- ислам и христианство призывают к преодолению цивилизационных проблем путем создания ценностно-смыслового мира. При этом человек выступает одновременно в роли субъекта и объекта реформации, ядра нового мирового порядка, движущей силы цивилизационных перемен.

Накопленный веками воспитательный опыт мусульманской, христианской конфессий находит активное применение в области образования, воспитания и социальной работы, способствуя формированию и воспитанию нравственно зрелой, духовно развитой личности.

#### **Список использованной литературы:**

1. Осмонова Д.А. Духовно-нравственное состояние современного общества в условиях глобализации. – Материалы Международного форума «Проблемы духовного просвещения в изменяющемся мире: опыт межцивилизационного диалога на пространстве СНГ». – г. Москва, 2011г.
2. Братусь Б.С. Русская, советская, российская психология: конспективное рассмотрение. – М.: МПСИ: Флинта, 2000. – 88 с.
3. Дебольский Н.Г. Философские основы нравственного воспитания / Н.Г.Бражникова А.Н. Отношение современной молодежи к религии / А.Н. Бражникова // Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта. – 2011. - 9 (79).- С. 41-46.
4. Насритдинов Э., Эсенаманова Н. Религиозная безопасность в Кыргызской Республике. – Б., 2014. – С.64.
5. Концепция государственной политики Кыргызской Республики в религиозной сфере на 2014-2020 годы. Утверждена Указом Президента Кыргызской Республики от 14 ноября 2014 года № 203. – Режим доступа <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/68294>
6. Государственная политика в религиозной сфере и основные религиозные течения в Кыргызстане: метод. пособие / З.Д.Чотаев, З.А.Турсунбеков, Э.М.Жумакунов и др. – Б., 2015. – 90с.
7. Анализ результатов социологического опроса "Молодежь и ислам", Государственная комиссия по делам религии КР, 2014г.
8. Государство и религия: метод. пособие / под ред. О.А.Молдалиева. – Б., 2016. – 32с.
9. Кыргыз республикасынын маданият, маалымат, спорт жана жаштар саясаты министрлиги // [minculture.gov.kg/ ukaz prezidenta](http://minculture.gov.kg/ukaz prezidenta).
10. Кыргыз республикасынын маданият, маалымат, спорт жана жаштар саясаты министрлиги // [minculture.gov.kg/ ukaz prezidenta](http://minculture.gov.kg/ ukaz prezidenta).

ӘОЖ: 574

## ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ АДАМЗАТҚА ТИГІЗГЕН ӘСЕРЛЕРІ

А.Т. Абдрахманова

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
«Әлеуметтік психология» кафедрасының аға оқытушысы  
психология магистрі, [aigul\\_isafina@bk.ru](mailto:aigul_isafina@bk.ru)

**Аңдатпа:** Мақалада қорқыныш пен мазасыздықтың психологиялық табиғаты қарастырылады. Табиғи апаттардағы жеке тұлғаның қорқынышы мен мазасыздығын зерттеу психологиялық әдістер арқылы жүзеге асырылады. Мазасыздық деңгейін анықтау әдістері табиғи апаттарға ұшыраған кезде адамның эпидемиялық белсенділігін анықтауға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** катастрофа, табиғи апат, адаптивті ресурстар, психикалық жарақаттар, мазасыздық, стресс, қорқыныш.

**Аннотация:** В статье рассматривается психологическая природа страха и тревоги. Изучение страха и тревоги личности при стихийных бедствиях осуществляется с помощью психологических методов. Методы определения уровня тревожности позволяют выявить эпидемическую активность личности при воздействии стихийных бедствий.

**Ключевые слова:** катастрофа, стихийное бедствие, адаптивные ресурсы, психические травмы, беспокойство, стресс, страх.

**Abstract:** The article examines the psychological nature of fear and anxiety. The study of personal fear and anxiety in natural disasters is carried out using psychological methods. Methods for determining the level of anxiety allow us to identify the epidemic activity of a person under the influence of natural disasters.

**Keywords:** catastrophe, natural disaster, adaptive resources, mental trauma, anxiety, stress, fear.

Жер бетінде болып жататын табиғи апаттардың ішінен адамдарға қатты қорқыныш әкелетін, ол - жер қозғалысы. С.Т.Мустафаев, В.А.Смоляр, Б.В.Бурев өздерінің еңбектерінде жер сілкінісі – бірден, күтпеген кезде болатын жер дүмпуі, жер қыртысын кульминациялық құбылыс деп атап өткен. Осындай үрдіс белгілі аймақтарда айқындалған немесе айқындалмаған бірнеше жылға соқылуы мүмкін, адамның психикалық күйіне күшті әсер береді. Адам көбінесе жер сілкінісінен қорғанады. Өйткені, жер бетінде өмір сүргендіктен табиғи құбылыстардың осындай көріністерінен кейін адам үмітінің, өмір сүру әрекетінің бұзылуына жиі әкеліп жатады.

Жер бетінде жыл сайын үш жүзден бес жүз елуге дейін жер сілкіністері болып тұрады екен. Ең қатты болған жер сілкінісі ол Тынық мұхитында болған екен. Теңіз астында болатын жер сілкіністер кезінде теңіз бетіндегі толқындар көтеріліп, жақын қоныстанған ауылды мекендерді су басып қалуы мүмкін [1].

А.Б.Садыкова айып көрсеткендей, 4 баллдық жер сілкіністері болған кезде қандай болады?

Ғимаратта болған адамдар жер қозғалысын бірден сезінеді. Ал, далада жүрген адамдарға қатты сезінбеуі де мүмкін. Үйдегі ыдыстар, заттар қозғалып, тарсылдай бастайды.

7 баллдық жер сілкінісі кезінде ғимараттар қирайды, жарамсыз болып қалатын кездер жиі болады. Ғимараттарда, үйлерде болған адамдар бірден далаға шығуға асығады. Мұндай 7 баллдық жер қозғалыстары кезінде үйлердің қабырғалары жарылып, құлай бастайды. Өзендер мен теңіздердің толқындары көтеріліп, лайлы су жағадан асып мекендерді басып қалатын кездер де болады.

11 баллдық жер қозғалысы кезінде нағыз катастрофа болады.

Жақсы салынған құрылыстар, бөгеттер, теміржолдар, көлік жолдары, құбырлар толығымен жойылуда. Таулы аймақтар да өзгеріске ұшырайды. Әлеуметтік-психологиялық жер сілкінісінің адамның мінез-құлқына және оның табиғаттағы қарым-қатынасына әсері қалай көрінеді? Жер сілкінісі болған кезде, адам келесі сұрақтарға алаңдайды: адамдар қайда тұратынын біліп, неге сол жерде тұрады, жер қозғалысы неге олардың үйлерін бұзады? Осындай апаттардан кейін тірі қалғандар сол жерде тұрғын үй салуы керек [2].

Маманға сұрақ түсінікті: алғашқы адамдар апаттардың болатын ықтималдығы нөлге тең екені белгілі, тәжірибелік тұрғыдан ұрпақтан ұрпаққа дейін өмір сүруге болады. Адамдар өздері туып өскен туған жерлерінен кеткісі келмейді. Кету емес, туған жерінен алыстау психологиялық сипат. Туған үйден кету, егер бұл үй жер сілкінісінен құлап кетсе де, туған үйден біржола кету. Адамның табиғатқа деген көзқарасы әрқашан сұлулықтың негізі болды. «Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Табиғат адамды мейірімді, мақсатты, әдемі етіп тәрбиелейді. Ол денсаулық, шабыт пен шығармашылықтың қайнар көзі», - дейді П.И. Мариковский [3].

С.Арпабеков өмір тіршілік қауіпсіздігі еңбегінде: «табиғаттағы мұндай құбылыс, экологиялық дағдарыс екенін бәрімізге мәлім», - деді. Бұл табиғи апат. Адамзат табиғаты самал желдің қалыпты болуын, жаңбыр жауынның үнін, құстардың салған әнін, өзен ағысының сыңғырын ұнатады. Адам болып жатқан жер бетіндегі барлық табиғи құбылыстардан ләззат алады. Осындай апат жағдайдағы аумақтарда адамдардың тұруы, тұрғын үй кешендерінің құрылысы, өнеркәсіптің дамуы тұрақты құбылыс. Адаптивті ресурстарды қолдану арқылы адамның тіршілік етуі организмнің бейімділігінде дамиды. Адамдардың жер қозғалысы туралы алдын-ала білуі ғылыми тұрғыдан түсіндірілмеген.

Әр түрлі жағдайлар адамға жағымсыз психологиялық әсер ететінін бәріміз білеміз. Көп нәрсе адамның жеке басының ерекшеліктеріне, қолайсыз факторларға деген көзқарастың тұрақтылық дәрежесіне, өзін-өзі басқарудың жеке мүмкіндіктеріне байланысты. Ықтимал апаттар кезінде әрекет, әрі мінез-құлыққа өте үлкен жағымсыз әсерлер әкеледі. Ықтимал апаттарға дайын болған кезде адамдардың мінез-құлықтарының ұстамдылығы жағымды әсер етеді. Сондықтан ықтимал табиғи апаттарға субъективті-объективті құбылыс пайда болады. Бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігінде ықтимал табиғи апаттардың көптеген жағымсыз жағдайлары болады. Арменияда жер сілкінісінен кейін азаматтардың 90% - ы, дәрігерлер мен психологтардың айтуынша, алғашқы 4-9 күнде есінен адасып қалу болып жатады, яғни 38% есін жоғалтады.

Ықтимал табиғи апаттар адамзат денсаулығына ұзақ уақыт бойы білінуі мүмкін. Зардап шеккен әрбір адамдардың жарақаттары, бұзылыстары психоз ауруларын әкеледі, жүйке-психикалық реакцияға реактивті, психикалық жарақаттар психикалық белсенділіктің уақытша бұзылуынан туындайды. Әлеуметтік-психологиялық қысым мен адамның мінезіндегі айырмашылықтарға байланысты [4]. Табиғи жер қозғалыстары адамға әсері психикалық қысымға ие. Жер сілкінісі немесе қатты соғатын жел адамның психикасына қатты әсер етіп, әртүрлі қорқыныш пен үрей тудырады.

Біріншіден, алаңдаушылық пен қорқыныш мәселесі, экстремалды факторлардың адамның биологиялық тұжырымдамасындағы қабілеті мен функционалдық қызметіне әсері туралы негізгі және шолу жұмысы пайда болды. Келесі, «адами фактор» үздіксіз зерттеу, психикалық үрдістердің ерекшеліктері, кәсіптік міндеттер мазмұны және мамандығына байланысты техниканың күрделілігі, жауапты кәсіптердің жеке жағдайы мен қасиеттері, еңбек процесінің жай-күйі мен ұйымдастырылуы және тиімділіктің төмендігінің салыстырмалы рөлінің психологиялық себебі және еңбек қауіпсіздігі кәсіби жұмыс ұзақтығын қысқарту және психосоматикалық аурулардың алдын алу.

Үшіншіден, ол жалпы мазасыздықтан, табиғи апаттардағы (жер қозғалыс, су тасқыны), адамзат апаттарынан туындаған алаңдаушылық пен қорқынышты қарастырады. Г.С.Салливан мазасыздық ұғымын теориясы үшін іргелі деп санады. Мазасыздықтың пайда болуын және бұл процесі белгісіздікпен салыстырып, қажеттіліктердің қанағаттанбауынан болатын баланың күш-жігері бар екенін және анасы оны сенімсіздік түрінде сезінетінін атап өтуге болады. Сонымен бірге, Г.С.Салливан егер баланың басынан бастап тұлғааралық сенімділігі болса, онда мазасыздық дамымайды және балалар бір-бірінен мазасыздық деңгейімен ерекшеленетінін атап өтті. Оның пікірінше, жеке тұлғаны әлеуметтік жағдайдан тыс зерттеудің мағынасы жоқ. Адамдар мазасыздықты жою үшін қорғаныс және мінез-құлықты басқару тетіктерін пайдаланады. Бұл қорғаныс шаралары «мен жүйемін», «мен жақсымын», «мен жаманмын» [5].

Брунер өз еңбегінде: «психологиялық алаңдаушылық тудыратын жағдайлар кенеттен әртүрлі тұлғаларды білдіреді», деді. Атап айтқанда, бұған физикалық табиғаттың қауіптілігі, апатты құбылыстар, жер қозғалысы, қатты дауылды жел, су тасқыны т.б.жатады. Ұзақ және жиі қайталанып келетін қорқыныш күйзеліске душар болуы да мүмкін. Стрестік мінез-құлықтар әрбір адамның психологиялық ерекшеліктеріне қарай байланысты болады. Адамның өмірге қауіп төндіруі мүмкін әртүрлі әсерлерге, тітіркендіргіш әкелетін құбылыстарға қарама-қарсы тұруымен



болады. Бұл уақытша қарапайым тітіркендіргіштер белгілі бір жағдайларда стрессті тудырады. Бұл жерде ынталандырудың күші болмай, белгілі бір адамзат үшін рөлі маңызды, яғни өткен тәжірибе, әдеттер, бұрынғы болған жағдайлар, балалық шақты тәрбиелеу, ынталандыру жиынтығының ерекшеліктері өмір құндылықтары жүйесінің тұтастығының маңыздылығында көрінеді. Стресстік мінез-құлық жағдайлары біржақты емес, жағдайдан және объектінің, мәдениеттің, құндылықтар жүйесінің белгілі бір адамға деген қатынастан пайда болады.

Брунердің айтуынша, мазасыздық, қорқыныш - бұл адаптивті қабылдауға бөгет келтіретін уақытша ойлау, екінші жағынан кері әсерететін механизмінің дәл не болмаса дәл емес сигналы. Эмоционалды жағымсыз жағдайларды әрбір адам әртүрлі қабылдайды. «Эмоция» термині латын тілінен «emovere», француз тілінен «эмоция» сөзінен шыққан. Қазақ тілінде «тітіркену» деген мағынаны білдіреді. Біз қоршаған заттар мен құбылыстарға теріс көзқарастың сәулеленуі түсіндірудеміз. Эмоциялар-бұл әлемдегі шындықтың жүйке сәулеленуінің негізгі түрі. Адамның эмоциясы негізінен тіршілік ету ортасы мен әлеуметтік жағдайларға байланысты және дамудың тарихи жағдайларына байланысты [6].

Академик П.К.Анохин эмоция күйінің пайда болуын және оның ағзаның өміріндегі рөлін түсіндіру үшін биологиялық теорияны ұсынды. Эволюция үрдісінде болған әртүрлі бейімделу реакцияларын дарвиндік түсінуге, адамның өмір сүруіне және ұрпақтың жалғасуына басшылық етті. Эмоциялар-бұл организмнің қоршаған жағдайға толық бейімделуіне арналған реакциялар. Егер олар бұл рөлді орындамаса, олар табиғи сұрыпталуға төтеп бермей жоқ болады. Эмоция дененің ең қарапайым қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана емес, олар әртүрлі жағдайлар мен табиғи құбылыстарды және әрбір адамның мінез-құлқын ұйымдастырады.

Қандай кез болмасын барлық адамдар қорқыныш сезінеді. Егер ол саналы болса да, оны түрлі-түсті түрде көбейтуге болады. Барлық эмоциялардан қорқу қауіпті, қарқынды қорқыныш өлімге әкелуі мүмкін. Таңқаларлық емес, әрбір адам кейде өмірлерінің соңына дейін қорқынышпен өтуі мүмкін. Қорқыныш тек қатыгез емес, адамдардың ойларын, мінез-құлықтарын өзгертіп отыратын бағыт немесе сигнал болуы мүмкін. Эволюциялық-биологиялық тұрғыдан алғанда, қорқыныш-бұл қоғамдық байланыстарды нығайтатын қорғаныс. Қазіргі заманда өркениетті өмірде болып жатқан оқиғалардың, жағдайлардың болуы қорқыныш әкеледі. Табиғаттың негізгі құпиясы-мидың жұмысына негізделген субъективті мазасыздықтар пайда болады [7].

Адамның әлеуметтік ортасы - бұл адамның әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыратын және қалыптастыратын, белгілі бір жолмен, отбасынан, этносынан, мемлекетінен, қоғамынан ұйымдастырылған адамдардың жиынтығы. Адам сонымен бірге өз ортасының жаратушысы және өнімі болып табылады, өмірге физикалық күш береді, интеллектуалды, адамгершілік, әлеуметтік және рухани дамуды қамтамасыз етеді, сондықтан адамның қолайлы жағдайына негізгі құқықтарды пайдаланып, өмір сүру құқығына ие бола отырып, адам екі аспектімен табиғи ортаны қалыптастырады. Жаңа фактілердің жиынтығы Жаңа мәселелерді көруге, ойлануға және алға ұмтылуға әкеледі. Қолайсыз мінез-құлық жағдайындағы міндеттер: жағдайдағы адамда туындаған нақты күрделілік пен қауіпті жете бағаламау, ықтималдық дәрежесінің болмауы, абайсыздық, қиындықтарға тап болған кезде дайындықсыздық.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Мустафаев С.Т., Смоляр В.А., Бурев Б.В. Опасные геологические процессы на территории юго-восточного Казахстана. - Алматы, 2008.
2. Садыкова А.Б. Сейсмический режим территории Казахстана. – Алматы: Хай технолоджи, 2012. - 268 с.
3. Мариковский П.И. Можно предвидеть землетрясение? (на польском). - Братислава, 1989.
4. Арпабеков С. Өмір тіршілік қауіпсіздігі. - Алматы, 2004.
5. Салливан Г.С. Межличностная теория психиатрии. - США, 2015
6. Брунер, Джером С. Психология познания: За пределами непосредств. Информации. - Москва: Прогресс, 1977. - 412 с.
7. Анохин П. К. Эмоции. Большая медицинская энциклопедия, т. 35.- Москва, 1964. 339-341 стр.

ӘОЖ 378.147.88

## ЖОБАЛАР БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Ж.Е.Айнакулова

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, ai.janat@mail.ru  
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Мақалада жоба әдісі туралы тілді оқытудың технологиясы, презентация жайында баяндалған. Зерттеудің мақсаты тілді оқытудағы жобалау әдісінің тиімділігін айқындау. Оқытушының білімі үздіксіз болып табылады оның кәсіби-педагогикалық өзін-өзі жетілдіруге бағытталуын қалыптастыру, күрделі шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттің міндеттерін шешу үшін өзін дамытуы қажет, өйткені Жоба әдісі университеттің үлкен әлеуетіне ие. Зерттеудің нәтижесі білім алушылардың белсенділігін артуы болып табылады. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда Жоба әдісі әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолданыла бастады, өйткені ол әртүрлі салалардағы білімді мақсатпен біріктіруге мүмкіндік береді.

**Кілтті сөздер:** Жоба, әдіс, технология, презентация, қабілет, білім, кәсіби-педагогикалық жетілдіру.

**Аннотация:** В статье рассказывается о методе проекта, Технологии обучения языку, презентации. Целью исследования является определение эффективности метода проектирования в обучении языку. Образование преподавателя непрерывное формирование его направленности на профессионально-педагогическое самосовершенствование, для решения задач сложной творческой педагогической деятельности необходимо саморазвитие, так как проектный метод обладает большим потенциалом вуза. Результатом исследования является повышение активности обучающихся. В развитии творческих способностей студентов метод проекта стал широко применяться во многих странах мира, поскольку позволяет интегрировать знания в различных областях с целью.

**Ключевые слова:** проект, метод, технология, презентация, способности, знания, профессионально-педагогическое совершенствование.

**Abstract:** The article describes the project method, language teaching technology, presentation. The purpose of the study is to determine the effectiveness of the design method in language teaching. Teacher's education is the continuous formation of his focus on professional and pedagogical self-improvement, self-development is necessary to solve the problems of complex creative pedagogical activity, since the project method has great potential of the university. The result of the study is an increase in the activity of students. In the development of students' creative abilities, the project method has become widely used in many countries of the world abstract, as it allows to integrate knowledge in various fields with a goal.

**Keywords:** project, method, technology, presentation, abilities, knowledge, professional and pedagogical improvement.

Жоба әдісі ХХ ғасырдың 20-жылдарында АҚШ-та Джон Дьюидің философиялық-педагогикалық тұжырымдамасы аясында жасалды және педагогика мен психологиядағы гуманистік бағыттың принциптеріне негізделген. Осы уақытта оқытушылар мен философтар алған білімдерін практикада қолдану мақсатында баланың белсенді тәуелсіз ойлауының тиімді жолдарын іздеді. Сондықтан американдық оқытушылар балалардың белсенді танымдық және шығармашылық бірлескен іс-әрекетіне жүгінді жоғары оқу орындарының білімі бір жалпы мәселені шешуде балалардың белсенді танымдық және шығармашылық бірлескен іс-әрекеті. Мұндай мәселені шешу үшін әртүрлі салалардан білім қажет болды. Сондықтан бұл әдіс бастапқыда проблемалық деп аталды. Мәселе әдетте таза прагматикалық болды. Оның шешімі нәтижелерді нақты көруге мүмкіндік берді [1. 416.].

Проблемалық әдіске отандық дидактикада да көп көңіл бөлінді [2. 656.]. Бірақ біздің еліміздегі проблемалық әдіс жобалар әдісімен байланысты емес және технологиялық тұрғыдан пысықталмаған. Егер әдіс қандай да бір қызмет түрін орындау кезіндегі операциялар мен

әрекеттердің жиынтығы болса, онда технология (педагогикалық технологияны білдіреді)-бұл операциялар мен әрекеттерді нақты пысықтау, оларды орындаудың белгілі бір логикасы.

Педагогикалық ынтымақтастық, жобалар әдісі, көп деңгейлі оқыту сияқты формаларды қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру келесі принциптерге негізделген:

Жоба әдісінің мәні тәжірибеде көруге және қолдануға болатын нәтижеге практикалық бағытталған. Бұл әдісті игеру үшін студенттер білуі керек:

- өз бетінше ойлау;
- әр түрлі саладағы білімді қолдана отырып, мәселелерді анықтаңыз және шешіңіз,
- болжам жасау
- мәселені шешудің әртүрлі тәсілдерінің ықтимал салдарын қарастырыңыз.

«Оқытушының білімі үздіксіз болып табылады оның кәсіби-педагогикалық өзін-өзі жетілдіруге бағытталуын қалыптастыру, күрделі шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттің міндеттерін шешу үшін өзін өзгерту" [3.10 б.], өйткені Жоба әдісі педагогикалық университеттің үлкен әлеуетіне ие. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда Жоба әдісі әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолданыла бастады, өйткені ол әртүрлі салалардағы білімді мақсатпен біріктіруге мүмкіндік береді.

Қазақ тілінде жобаларды дайындау бойынша студенттерге арналған әдістемелік ұсынымдар (менің кәсіби саладағы белгілі тұлға (ғалым) жеке жобасының мысалында")

"Менің кәсіби саладағы белгілі тұлға (ғалым)" жобасының мақсаты студенттің коммуникативтік дағдыларын, белгілі бір тақырыпта шет тілінде хабарлама құра білу, шет тіліндегі ақпаратты талдай білу, ұсынылған тақырыбы бойынша зерттеу жүргізе білу, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, зерттеуді ұсыну болып табылады. Алдымен сіз әйгілі көрнекті тұлғаны таңдауыңыз керек нәтижелер кез-келген кәсіби саланың жетістіктері (математика, информатика, бейнелеу өнері және т.б.). Эмоционалды компоненттің болуы өте маңызды: бұл тұлға таңдануды, мақтаншты немесе кем дегенде қызығушылықты тудыруы керек. Кәсіби саланың таңдалған көрнекті тұлғасының өмірбаянын зерттеңіз. Осы мәліметтерді зерделеу кезінде осы тұлғаға белгілі бір көзқарас қалыптасуы керек, оны жобаның қорытындыларының бірі ретінде негіздеу қажет болады.

Жеке жобамен жұмыс нәтижесінде есептіліктің келесі нысандарын ұсыну қажет: баяндама және презентация.

Ол баспа түрінде ресімделеді және негізгі өмірбаяндық мәліметтерді қамтиды:

- презентацияның басында сөздіктің жаңа сөздердің болуы;
- тақырыптар, кілт сөздер немесе күндер түрінде ұсынылған негізгі өмірбаяндық мәліметтер
- заң атаулары, формулалар, шығармалар, картиналар және т. б. түрінде ұсынылған Кәсіби саладағы негізгі жетістіктер;
- презентация соңында презентация мазмұны бойынша сұрақтардың болуы.

Ауызша сөйлеу критерийлері:

1. баяндаманы оқу емес, белгілі тұлға туралы ауызша әңгіме;
2. сөздер мен терминдердің дұрыс айтылуы;
3. мазмұн сөйлемдерін құрудың грамматикалық дұрыстығы
4. презентациялар және оның мазмұны бойынша сұрақтар құру;
5. өз тұжырымдарының болуы және зерттелгенге деген көзқарастың көрінісі
6. презентациялар және оның мазмұны бойынша сұрақтар құру;
7. өз тұжырымдарының болуы және зерттелген материалға қатынасын білдіру.

Сабактарда жеке жобаны қорғау кезінде студенттер өз тобының басқа студенттерінің алдында презентация мазмұны бойынша ауызша әңгімемен бірге компьютерлік презентация ұсынады. Презентацияның басында студент презентация тақырыбын хабарлайды және тыңдаушыларды жаңа сөздер мен терминдермен таныстырады. Презентация соңында студент тыңдаушыларға презентация мазмұны бойынша сұрақтар қояды. Осылайша, тыңдаушылардың қызығушылығы сақталады, олардың назарын жандандырады және аудиторияның презентация мазмұнын түсінуін тексереді. Сондай-ақ студент оқытушыға презентацияның мазмұны бойынша баяндаманы баспа түрінде тапсырады. Тұсаукесерді дайындау және өткізу туралы толығырақ бірінші тараудан қараңыз.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Борытко Н.М. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагог-тәрбиешінің кәсіби гуманитарлық білім беру принциптері //ВГПУ жаңалықтары. - № 11. - 2012. Б.- 41-45
2. Давыдова С.А. Шет тілдерін оқытудың жобалық әдісі //мәдениетаралық коммуникация және тілдерді зерттеу мен оқытудағы заманауи технологиялар. БМУ-нің 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Минск, 2012. Б.-242
3. Краснова Г.А., Савченко П.А., Савченко Н.А. Оқу бағдарламаларының ұтымды интерфейсін құрудың жалпы тәсілдері// Ашық білім, №6, 2001. - Б.9-11 б.

ХТАМР 14.25.07

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ**

Г.Л.Абдрасилова

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, abdrasilova72@mail.ru

А.И.Абдрасилов

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, azat\_dihankol@mail.ru  
Тараз, Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Бұл мақала бастауыш мектепте мәтіндермен жұмыс жүргізудің ерекшеліктеріне арналған. Бастауыш мектептегі оқытылатын оқу пәндері арқылы оқушыларға мәтінді қабылдаттыру жолдары анықталған. Оқу пәндерінің тиімді құралдарының түрлері - әңгіме, ертегі, мысал т.б. көркем шығарма түрлерін оқыту жолдары қарастырылған. Бастауыш сыныптарда мәтінмен жұмыс жасау – сабақта өткізілетін әртүрлі жұмыстар жиынтығы көрсетілген: дыбыстармен жұмыс; сөздіктермен жұмыс; сөздік қорларын жетілдіру; тіл дамыту жұмыстары; ережемен жұмыс жасау; ауызша сөйлей білуге дағдыландыру т.с.с. Зерттеу жұмысының нәтижесінде ұтымды әдістемелік ұсыныстар жасалынған және де олар бастауыш сынып мұғалімдері өз тәжірибесінде, сабақ барысында қолдануларына ұсынылған.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып, оқушылар, мәтіндермен жұмыс, әдіс-тәсілдер.

**Аннотация:** Данная статья посвящена особенностям работы с текстами в начальной школе. Определены пути восприятия текста учащимися через изучаемые учебные предметы в начальной школе. Рассмотрены способы обучения видам художественных произведений: рассказ, сказка, пример и др., виды эффективных средств учебных предметов. Работа с текстом в начальных классах-представлен комплекс различных работ, проводимых на уроке: работа со звуками; работа со словарями; совершенствование словарного запаса; работа по развитию речи; работа с правилами; привитие навыков устной речи и др. В результате исследовательской работы разработаны рациональные методические рекомендации, которые рекомендованы для использования учителями начальных классов в своей практике, в ходе урока.

**Ключевые слова:** начальная школа, учащиеся, работа с текстами, методы и приемы.

**Abstract:** This article is devoted to the peculiarities of working with texts in elementary school. The ways of perception of the text by students through the studied subjects in primary school are determined. Methods of teaching types of works of art are considered: a story, a fairy tale, an example, etc., types of effective means of educational subjects. Working with text in elementary grades -a complex of various works carried out in the classroom is presented: working with sounds; working with dictionaries; improving vocabulary; working on speech development; working with rules; instilling oral speech skills, etc. As a result of the research work, rational methodological recommendations have been developed, which are recommended for use by primary school teachers in their practice, during the lesson.

**Keywords:** elementary school, students, working with texts, methods and techniques.

**Кіріспе.** Зерттеу жұмысының ең басты өзектілігі бастауыш мектепте қалыптасатын, оқушының кейінгі білім алуында оның іргетасы болатын оқу дағдысын қалыптастырумен байланысты болуында.

Педагогтар мен психологтардың зерттеулеріне қарағанда бастауыш сыныптарда әрең дегенде оқып үйренген бала кейінгі, жоғары сыныптарда одан да нашар оқиды екен. Баланың оқу үдерісі жылдамдығының баяулығы, оқуға қызығушылығының төмендігі немесе болмауы зияткерлік қызметінің де баяулап, төмендеуіне әкеліп соғады. Балалар берілген жаттығудың, есептің шарттарын баяу, жай, түсініксіз оқиды, орындамас бұрын оның мәнін, мәтінін ұмытып қалады. Бастауыш мектеп жасындағы балаларға түсініктері болу керек көптеген терминдер мен ұғымдар оларға белгісіз, қызықсыз және түсініксіз болып қалады. Өйткені баланың оқуға деген қызығушылығы төмен болады. Ең алғаш оқуға деген тұрақты қызығушылық отбасында қалыптасады және оның негізі – бала бойында бұрыннан оқу әдетінің болуы.

Қазіргі кезеңде оқыту технологияларын меңгеру қиын, күрделі, сонымен қатар ұзақ процесс.

Оқу ағарту жұмысын жаңаша қайта ойлау қабілетімізге және ізденестерімізге тікелей байланысты. Ахмет Байтұрсынов: «Ең әуелі мектепке керегі - білімді, педагогика мен әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім» - деген [1].

Бастауыш сыныпта оқитын оқушылардың шығармашылық қабілеттерін эстетикалық талғамын, сезімі мен көзқарасын, ой-өрісін, мәдениетін, кеңейтіп, өз ана тілдерінде сөйлеп, айнала - қоғам мен сөз өнеріне, өзін қоршаған ортадағы әдемілік пен сұлулықты сезінуге, өз бойларына сіңіре білуге тәрбиелеу барысында көркем әдебиет жанрының ролі орасан зор. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай жеке тұлғаның эстетикалық талғамын, мәдениетін қалыптастыруда бастауыш сынып оқушыларына арналған көркем әдеби шығармаларды пайдалану негізгі мәселелердің бірі болып табылады [2]. Мұндай жұмыстарды жасау - өте күрделі, ұзақ процесс, бұл оқушылардың бойында бір дегеннен қалыптасады деген сөз емес. Сол себепті, ол баланың алғаш дүниеге келген күнінен басталып жүргізілетін жұмыс. Мемлекетіміздің даму кезеңінде әрбір баланың жеке тұлғасын қалыптастыру жұмысының тиянақты түрде жолға қойылғаны бәрімізді қуантады.

Бұл өз кезегінде оқу сабақтарының, оның ішінде сол сабақтарды өту барысында пайдаланылатын мәтіндердің маңыздылығының өте жоғары екендігін көрсетеді. Ал кез келген мәтінмен жүргізілетін жұмыс, сол мәтінмен жасалатын жұмыс түріне, әдіс-тәсілге, ең бастысы сол мәтінді қалай оқуға келіп тіреледі. Сондықтан да оқушылардың мәтіндермен жұмыс жасаудағы және оны дұрыс қабылдайтын маңызды кезең, ол – мәтінмен тікелей жұмыс жасау, яғни оны оқу кезеңі болып табылады [3].

Бұған дейінгі тәжірибе көрсеткендей, оқу материалы одан әрі ұлғая түсетін орта және жоғары сыныптарда бастауыш сыныптарда нашар оқыған оқушылардың үлгерімі нашарлайды екен. Сондықтан да оқу жылдамдығы даму үдерісімен байланысты болады. Мәтіндерді, жалпы көп оқитын оқушылар, әрине, тез оқиды. Оқу кезінде жедел жады мен зейін тұрақтылығы жетіледі, ал осы екі көрсеткіштермен ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі тікелей байланысты. Сондықтан да оқу дағдысы бастауыш мектепте қалыптастырылуы қажет [4]. Бастауыш сыныптардағы оқуды өмірмен байланыстыра білу, білімді жүйелі, саналы және берік меңгерту, оқушылардың белсенділігін арттыру т.с.с. маңызды факторлардың мәтіндермен жұмыс жасау барысында ескерілмейтіндігіне байланысты туындайтын қарама-қайшылықтарғаназар аударып, зерттеу тақырыбымызды «Бастауыш сыныптарда мәтіндермен жұмыс жасаудың әдістері» деп таңдадық.

**Негізгі бөлім.** Зерттеу жұмысының мақсаты - оқушылар оқыған мәтіндерінің мазмұнын дұрыс қабылдап, ондағы берілген негізгі ойды жақсы ұғыну үшін, оқу сабақтарының мүмкіндіктерін арттырудың тиімді жолдарын анықтап, таңдап алу. Зерттеу барысында, бастауыш сынып оқушыларына оқу сабақтарында оқудың тиімді жолдарын анықтап, таңдап алу арқылы мәтінді қабылдайтын жұмыстарында едәуір жетістіктерге жетуге болады деген болжам жасауымыз.

Зерттеу барысында мынадай міндеттерді шешу көзделініп отыр:

- Бастауыш мектепте оқушыларға мәтінді қабылдайтынға байланысты орындалатын жұмыстардың ғылыми негіздерін ашу;
- Бастауыш сынып оқушыларының мәтінді қабылдауға психологиялық тұрғыдан даярлау жолдарын анықтау;
- Бастауыш мектептегі оқу сабақтарында мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік кешен даярлау.

Зерттеу әдістері ретінде - әңгімелесу, бақылау, сұрақ-жауап, сауалнама, тест, педагогикалық тәжірибені таңдадық.

Бастауыш сынып оқушыларына мәтінді қабылдаттыру жұмыстарға байланысты психологиялық, педагогикалық әдебиеттер, қоршаған ортаның ықпалы, ойлау мен сөйлеудің байланыстылығы туралы ұстанымдар мен қағидалар, іс - әрекет теориясы, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздеріне арқау болды.

Бастауыш мектептің табалдырығын алғаш рет аттағаннан бастап-ақ, оқыту, тәрбиелеу, даму процестерін бір-бірімен ұштастыра жүргізіп, ұстаздар қауымы өз шәкірттеріне дүниенің сан алуан сырларын ашып береді, оларды ілім-білімнің мол мұрасын терең меңгеруге, қоғамның белді, белсенді азаматы болуға баулиды, тәрбиелейді. Бұл тұрғыдан алғанда, бастауыш сыныптардағы оқу сабақтарының, әсіресе мәтінді қабылдаттыру жұмыстарының мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыра отырып, әдеби мұраларға, көркем мәтіндерге деген эстетикалық талғамын тәрбиелеу, рухани дүниесін кеңейту және байыту, ақыл-ойын және ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету [5].

- Аталған мақсатты іске асыру үшін оқу пәндерінің алдына төмендегідей міндеттер қойылады:
- бастауыш сынып оқушыларының мәтіндерді дұрыс, түсініп, шапшаң және де мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру;
  - бастауыш сынып оқушыларының көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылықтарын ояту;
  - бастауыш сынып оқушыларының шығарманың түпкі мазмұнын, мәнін түсінуін, эмоциялық тұрғыдан қабылдауын (кейіпкерлердің көңіл-күйіне ортақтасуын, күйіну мен сүйінуін т.б.) қамтамасыз ету;
  - оқушыларға берілген мәтіндердегі сөздер мен сөз тіркестердің, сөйлем мен сөйлеу үлгілерін үйретіп, олардың ана тіліміздегі сөз мағыналарының әртүрлілігіне, түрленуіне назарларын аудару;
  - оқушыларды берілген шығармадағы көркем бейненің ерекшеліктері мінездемесін аша білуге бағыттау;
  - оқушылардың ауызша, жазбаша байланыстырып сөйлеу дағдысын (өз ойын емін-еркін жеткізу, сауатты, мәнді және түсінікті жаза білу) дамыту;
  - оқушыларды өзіндік ой-пікірлерін айта білуге үйрету;
  - бағдарламада берілген көлемінде ғылым негіздерінен қарапайым білім беру;
  - оқушылардың әр сынып бойынша алған білімдері мен оқу дағдыларын, біліктерін жетілдіру, тілін одан әрі дамыта түсу;
  - сыни тұрғыдан пікір айтуға баулу;
  - балалардың бойына әдеби шығармаларда берілген үлгі негізінде қоғам игілігіне адалдықпен еңбек ету, адамгершілік, адалдық пен шыншылдық, кішіпейілділік пен ізгілік, имандылық қасиеттерін дарыту;
  - еліміздің теңдесі жоқ бай, көркем де сұлу табиғаты туралы шығармалармен танысу арқылы табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқай білуге, теңдесі жоқ сұлулық пен көркемдікті бағалай білуге, елін, жерін қадір тұтып, сүйуге тәрбиелеу т.б.

Оқуға арналған материалдар мәтін түрінде барлық сыныптарда оқу пәндерінде, «Әдебиеттік оқу», «Қазақ тілі», «Әліппе», «Дүниетану», «Жаратылыстану», «Өзін-өзі тану» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» тәрізді оқулықтарда беріледі. Бұл оқулықтар жаңа бағдарлама талаптарына сәйкес жасалынған. Оқулықтарға енген материалдарды тақырыбы және мазмұны жағынан екі үлкен топқа бөлеміз: көркем мәтіндер және ғылыми-танымдық мәтіндер [6].

Аталған бөлімдердің мазмұнында және оларды оқыту әдістемесінде өзіне тән ерекшеліктері болады.

Мәтін, ол бірнеше сөйлемдерден құралып, белгілі бір ойды және оқиғаны білдіреді. Мәтін оқушыларға мынадай түрлермен беріледі: әңгімелеу, пайымдау және сипаттау мәтіндері [7].

Әңгімелеу мәтнінде оқиғаны ретімен баяндалады. Мысалы: Арман бүгін сабақтан ерте келді.

Сипаттау мәтнінде бір нәрсенің бейнесін не табиғат көріністерін сипатталады. Мысалы: Көктемде күн жылынып, ағаштар бүр жарып, айнала жап-жасыл түске боялады.

Пайымдау мәтнінде оқиға немесе құбылыстардың себебі дәлелденеді. Пайымдау бір сөзбен алғанда болжам дегенді білдіреді. Мәтін арқылы оқушылардың тіл байлығы, сөйлеу деңгейі жетіледі, ой – өрісі дамиды. Мәтін қанша сөйлемнен тұрмасын, белгілі бір түйіні болады.

**Әдістері мен оны ұйымдастыру.** Бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша мәтіндермен жұмыстар өндірістік тәжірибе барысында 3-сыныптарда жүргізілді. Атап айтсақ, «Жанды табиғат» (1-тоқсан, 1-бөлім) бөлімі бойынша «Өмір кезеңдері туралы анықтамалық мәтіндерін оқу» тақырыбында өткізілген сабақты негізге алдық [8]. Сабақтың мақсаттары ретінде оқу бағдарламасына сәйкес төмендегі мақсаттар тандап алынды:

3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру

3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау;

3.2.1.1\* тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау;

3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету.

Үлестірме қағаздар, теңіз тасбақаларының бейнежазбасы, кестелер т.б. сабақтың ресурстары ретінде қолданылды. Сонымен қатар сабақта қауіпсіздік және денсаулық сақтау жағдайын назарда ұстап оқушылардың сынып ішінде қозғалысын дұрыс ұйымдастыру қажеттігі және оқушылардың оқу әрекетінің түрін жүйелі алмастырып, шаршамауы қадағаланды.

Сабаққа қажетті теориялық материалдаралдын-ала қарастырылып, меңгерілді. Яғни ғылыми стильде жазылған мәтіндердің екі түрі қарастырылады. Сабақ барысында қолданылатын сұрақтардың түріне байланысты оқушыларға түсініктеме берілді. Мысалы:

1. Жабық сұрақтар қойылғанда сұраққа қысқа, нақты жауап қайтарылатыны, нәтижесінде әңгіме одан әрі жалғаспайтыны түсіндіріледі.

2. Ашық сұрақтардың түсіндіруді, өзіндік көзқарастарын білдіруді талап ететіні және де бұл сұрақтардың жауап берушінің ерекше қызығушылық білдіру керектігін талап ететіндігі айтылады, әңгімелесушініңбен жақсы қарым-қатынас орнатуға көмектесетініне көз жеткізіледі.

Сабаққа қатысты ескертпелер:

Есте сақтау диктанты жүргізіледі - мәтінді түгел оқып болған соң оқушылар дәптерлеріне есте қалған сөздерін жазады.

«1 минуттағы ой» тәсілі қолданылады.

Мұғалім сабақтың тақырыбын айтады не бір сөз айтады. Оқушылар осы сөзді естігенде ойларына не түсті, соны 1 минут ішінде жазады. Сосын сол сөзді не үшін жазды түсіндіреді. Егер оқушылар сөздерінің ішінде ерекше сөздер болса, сол сөзді не үшін жазды, бұл тақырыпқа қандай қатысы бар екенін айтып беруі керек.

Бейнематериалмен жұмыс жүргізіледі.

Сабақ өтер күннен алдын оқушыларға дереккөздерден тасбақа туралы ақпараттарды тауып, жинақтауға тапсырма берген жөн. Ақпараттармен өзара алмасып, талдау жүргізілсе, сабақ мақсатының толықтай орындалуына мүмкіндік береді.

1. Бейнематериал көрсетіліп, ашық және жабық сұрақтар қатары беріледі.

2. Бейнематериал бойынша тірек сөздер белгіленеді, тізімін құрылады, таныстырады.

3. Оқушылар топтасып ақылдасады. Топ жауабын дайындайды.

4. Бір топ мүшелері бірінші сұраққа жауап береді. Қалған топтарға толықтыруға және нақтылау сұрағын қоюға мүмкіндік беріледі. Осылай келесі топтар жауап беруді жалғастырады.

5. Өзара кері байланыс беріледі.

Бейнематериал бойынша толықтыру жолдарын көрсетуге бағыт беріліп, оқушыларға қолдау көрсетіледі. Ең ұтымды деген жауаптардыты сыныппен бірге құрастыруға болады.

Мәтін мазмұны бойынша ақпараттарды кестеге түсіру жұмыстары жүргізіледі. Мәтіннің түрі: Ақпараттық. Процесс: Ақпаратты талдау және жалпылау.

«Синквейн» әдісі арқылы ақпаратты түйіндеу, күрделі ойларды бірнеше маңызды сөздермен, кең және қысқа сөйлемдермен жеткізу қабілетін дамытылады.

Көркем жазу жұмыстары бойынша кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу үлгісі тақтада көрсетіледі. Қолдауды қажет ететін оқушыларға дәптеріне үлгі көрсету, бастырып жазуға арналған материалдар ұсыну арқылы үйрету [9].

Тыңдалым мәтінімен жұмыстың ерекшелігі, оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту, қажетті ақпаратты, тірек сөздерді анықтауға, ашық және жабық сұрақтарға жауап беруге, өз ойын ортаға сала білуге дағдыландыру [10]. Топта даярлаған жауаптарын талқылау. Шағын топта идея

алмасып, топтың тірек сөздері мен қызықты мәліметін белгілеп (А4 немесе кез келген 1 бет қағазға) жазады. Топ жұмысын таныстырады.

1. Мұғалімнің мәтінді оқып беруі.
2. Тыңдаған мәтіннен тірек сөздерді теріп жазу.
3. Топта идея алмасу, өз тірек сөздер қатарын толықтыру. Топтың тірек сөздерін қағазға түсіру.
4. Топ тірек сөздерін таныстыру және сыныппен бірге ортақ тірек сөздерді белгілеу.

5. Ашық және жабық сұрақтарға жауап беру.

Тыңдалым материалынан мәлімет алу

1. Мәтінді қайта тыңдау. Қызықты, қажетті мәліметтерді түртіп алу.

2. Топта өз мәліметтерімен бөлісу. Таныстыру барысында бастапқы болжамын негіздеуге қажетті ақпарат алу.

Саралау жүргізіледі. Оқушыларға мүмкіндігіне қарай белгіленген уақыт аралығында, яғни 1 минут ішінде бірнеше жаңа мәліметті жазуды ұсыну.

Оқылым. Мәтінмен жұмыс.

1. Оқушыларға жеке оқуға «Теңіз тасбақасының өмірлік саяхаты» мәтінін тарату.

2. Мәтін түрі мен құрылымдық бөліктерін анықтау.

- Әңгімелеу (тірек сөздері етістік)
- Сипаттау (тірек сөздері сын есім)
- Пайымдау (көмекші сөзер: қыстырма сөздер, ой дәлелденеді)

Оқушылар мәтінді түсініп оқиды, мәтіннің түрін анықтайды, мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды.

Кестемен жұмыс.

1. Мәтін бойынша мәлімет алып, ой қорытындысын жасау.

2. Топ мүшелерімен ақылдасып, мәтін негізінде 1 ашық және 1 жабық сұрақ құрастыру.

3. Топта өзара ақылдасып болжам жасау, дереккөздерге сүйену арқылы бір-біріне сұрақтар қою және жауап беру. Сұрақтың қай түріне жауап бергенін анықтау.

4. Өзара кері байланыс беру.

5. Берілген сұрақтарға топта ақылдаса отырып, жауап жазу.

6. Топқа бірлесіп сыныпта таныстыру.

Саралау жүргізіледі. Оқушылардың оқу жылдамдығын және мәтіннің күрделілігін ескере отырып, әр топқа 1 сұрақтан бөліп беру.

Талқылау. Мәтіннің негізгі ойын анықтау мақсатында жетелеуші сұрақтар қою арқылы жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау. Оқушылардың әр тапсырманы орындау барысындағы жетістіктерін мадақтауға назар аудару. Оқушылар өзара бағалауды жүзеге асыру барысында бағалаудың әділдігін қамтамасыз етуге көңіл бөліну керек, бағалау дескрипторына негізделуін қадағалау қажет.

Сабак соңында оқушылар өзін-өзі бағалау кестесін толтырады.

Зерттеу жұмысымыздың барысы жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижелерінде көрініс тауып отырды. Ол үшін алдымен анықтау эксперименті жүргізілді. Анықтау экспериментінің мақсаты: Бастауыш сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша мәтіндермен жұмыс жасау барысында тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеге дейінгі қолдану көрсеткіштерін Кесте 1 - ден көруге болады.

Кесте 1

Тәжірибеге дейінгі көрсеткіш

Деңгейі	Бақылау тобы, %	Эксперимент тобы, %
Жоғары	30	29
Орта	30	32
Төмен	40	39

Тексеру экспериментінде мәтіндермен жұмыс жасауда, яғни бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым, айтылым, оқылым тілдік дағдыларын дамыту мақсатында мәтінді



дұрыс қабылдауға байланысты жұмыстар жүргізілді. Тексеру экспериментінің мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларына түрлі жанрдағы, түрлі стильдегі мәтін түрлерін белгіленген оқу мақсаттарына сәйкес оқыту кезінде қолданылатын мәтіндермен жұмыс жасаудың тиімді әдістерін анықтап, ұсыну. Тексеру нәтижесін Кесте 2 - ден көруге болады.


Кесте 2  
Тәжірибеден кейінгі көрсеткіш

Деңгейі	Бақылау тобы, %	Эксперимент тобы,%
Жоғары	31	35
Орта	28	32
Төмен	41	33


Бастауыш сыныптарда мәтінді қабылдауға байланысты жұмыстар оқылым тілдік дағдысын қалыптастыру жұмыстарымен ұштастырылып отырды. Ол үшін қазақ тілі сабақтарында көркем шығарманың бір түрі ғылыми-танымдық, ақпараттық мәтіндер қолданылды.

Өзіміздің осы бағыттағы жүргізілген тәжірибемізде оқыту әдістерінің тиімділерін іріктеп жиі пайдалануымыз көп нәтиже беруде. Әсіресе, біз баланың білімге деген қызығуын арттыратын жүйелі іс-әрекеттер ұйымдастыруға талпындық.

Жүргізілген эксперимент жұмыстары нәтижелерінің графикалық сызбаларын төмендегі суреттер арқылы көрсеттік (Сурет 1 және Сурет 2).



Сурет 1. 3 «ә» бақылау сыныбы тәжірибеден кейін



Сурет 2- 3 «а» эксперимент сыныбы тәжірибеден кейін

**Нәтижелер.** Көріп отырғанымыздай эксперимент жұмыстарының нәтижелері бойынша пайыздық көрсеткіштері анағұрлым жоғарылаған. Бұл жүргізілген жұмыстардың дұрыс бағытта болғандығын көрсетеді.

Оқу пәндерінің тиімді құралдарының бірі - әңгіме, ертегі, мысал т.б. көркем шығарма түрлерін оқыту. Олай болса сол шығармалар арқылы мәтінді қабылдау жұмыстарын ұйымдастыруды іске асырамыз [11].

Бастауыш сыныптарда мәтінмен жұмыс жасау – сабақта өткізілетін әртүрлі жұмыстар жиынтығынан тұрады: дыбыстармен жұмыс; сөздіктермен жұмыс; сөздік қорларын жетілдіру; тіл дамыту жұмыстары; ережемен жұмыс жасау; ауызша сөйлей білуге дағдыландыру т.с.с.

Мәтінмен жұмыс істеу төмендегідей кезеңдерден тұрады:

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жүргізілетін жұмыстар.
2. Мәтінді оқу барысында, яғни мәтінмен жұмыс жасау кезеңі.
3. Мәтінді оқып болғаннан кейінгі жүргізілетін жұмыстар.

Мәтін алдында жүргізілетін жаттығулар мен оларға сәйкес жұмыс түрлері төмендегідей бағытта жүргізіледі: біріншіден, тілдік тұлғалар мен сөйлем үлгілерін мәтін ішінде тану және айыра білу, сонымен қатар әртүрлі тілдің құрылымдық материалдарын меңгерту [12]. Мәтіндермен жұмыс жасаудың басты мақсаты баланы даму болғандықтан, оқу арқылы балалардың дамуына әсер ету үшін, біз өз сабақтарымызда әртүрлі әдістерді қолданып отырдық.

**Қорытынды.** Зерттеу жұмысының нәтижелері мен жасалынған қорытындылар бастауыш сыныптарда оқу сабақтарының сапасын жақсартуға, оқушылардың танымын арттыруға ықпал етеді. Зерттеу жұмысының нәтижесінде жасалынған әдістемелік ұсыныстар мен анықталған ұтымды әдіс - тәсілдерді бастауыш сынып мұғалімдері өз тәжірибесінде, сабақ барысында қолдануларына болады.

Оқу мақсаттарына сәйкес таңдап алынған мәтіндер оқушылардың білім деңгейіне сәйкес болуы керек.

Сабақ барысында өтілген мәтінді тек оқытумен шектелмей, сол мәтіннің тәрбиелік мәніне де назар аударылуы тиіс. Мәтін мазмұнына байланысты мақал-мәтелдер, өлеңдер мен қанатты сөздерді жазып отыратын қосымша дәптер арнауға болады [13]. Сонымен қатар, оқушылардың назарын алынған мәтіннің авторына аударуға да болады. Автордың өмірбаянына, шығармашылығына байланысты түрлі сұрақтар қою арқылы оқушыларды дереккөздермен жұмыс жасай біліуге дағдыландыруға болады. Жасалынған жұмыстың нәтижесі ретінде автор туралы буклеттер, рефераттар, хронологиялық таблицалар мен постерлер, сөзжұмбақтар мен презентациялар жасату маңызды болып табылады. Сонымен қатар оқушыларды шығармашылыққа баулу жұмыстары да назардан тыс қалмауы тиіс: өлең жаттау және оқу, ән тыңдау мен айту, мәтін желісі бойынша суреттер салу немесе сахналық қойылымдар. Бұл жұмыстарды іске асыруда әр мәтінге байланысты портреттер, суреттер, дидактикалық материалдар қолданған жөн [14].

Оқушыны қызықтыратын мәтіндерді дұрыс таңдауда оқушының қызығушылығын есепке алу, оны ұйымдастыру өте маңызды. Өйткені ол тікелей мұғалімге байланысты болады. Мұғалім өз сабағында түрлі әдіс-тәсілдерді қалай дұрыс, бір-бірімен үйлестіре отырып пайдалану керектігін алдын-ала ойластыруы керек. Әрине ол мынадай негізгі әдістерді қолданады: әңгімелесу, көрнекілік, техникалық құралдар қолдану т.б.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында сын тұрғысынан ойлау әдістерін қолданған өте тиімді: мәтінмен жұмысарқылы ой қозғау арқылы әсер етумен жүзеге асырылады. Қызығушылықты ояту кезеңіне қызмет ететін әдістер ретінде: “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. стратегияларын ұсынамыз. Бұл кезеңде оқушы өз білетінін еске түсіреді, айтады, қағазға жазады, қасындағы жұбымен бөліседі, топта талқылайды, сыныпта таныстырады.

Мағынаны тану кезеңінде оқушы жаңа білім жайлы ақпарат жинайды, яғни мәтіннен жаңа ақпараттар алады, тақырып бойынша түрлі жұмыс істеп, түрлі тапсырмалар орындайды [15]. Бұл кезеңде оқушының өз бетімен жұмыс жасауына, белсенділік көрсетуіне барлық жағдай жасалады. Ал тікелей мәтінмен жұмыс жасауға ықпал ететін әдістерге тоқталсақ, олардың бірі INSERT тстратегиясы. INSERT әдісі – оқығанын түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге төселдіреді. Бұл әдіс оқыған әңгіменің соңына тез жетуге, оқығанды есте сақтауға, мәнін жете түсінуге жол ашады. Сондықтан да, оқушылардың арасында оқуға жеңіл нәрсе деп қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Ал мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай формада ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі болып табылады.

Ой толғаныс кезеңі оқушыны өзіне, басқаға сын көзбен қарай отырып, баға беруге үйретеді. Оқушы өз ойын, өзі байқаған ақпараттарды өз сөзімен айта алады. Бұл кезеңде оқушылар бір-бірімен әсерлі күйде ой алмастырады, ой түйістіреді, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында өзгелердің әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Үйрену бұл сатысы – ойды қайта түйіндеп, жаңа өзгерістер жасай алатын кезең болып табылады. Өз кезегінде әр түрлі шығармашылық тұрғысынан ой түйістіру болашақтағы мақсатты құрылымға жетелейтіні сөзсіз.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларына оқу сабақтарында оқудың тиімді жолдарын анықтап, таңдап алу арқылы мәтінді қабылдаттыру жұмыстарында едәуір жетістіктерге жетуге болатындығына көз жеткізілді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жусупова Ж.А. Педагогикалық шеберлік: Оқулық. Алматы, 2011.- 316 бет.
2. Жұмабаева, Ә.Е. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Мәтін]: оқу құралы / Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова. - Қарағанды: "Medet Group" ЖШС, 2019. – 234 б.
3. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Мәтін]: Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі факультеттерінің студенттеріне арналған оқулық / С. Рахметова. - Алматы : Өлке, 2005. – 136 б.
4. Тұрдалиева Г.Ж. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі [Мәтін]: Оқу-әдістемелік құрал / Г.Ж. Тұрдалиева. - Астана: Фолиант, 2007. – 292 б.
5. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Мәтін]: Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі факультеттерінің студенттеріне арналған оқулық / С. Рахметова. - Алматы : Өлке, 2005. – 136 б.
6. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 56 б.
7. Қадырқұлов, Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Мәтін] : оқу құралы / Қ. Қадырқұлов. - Алматы : "Қазақ университеті", 2018. - 136 б.
8. <https://zharar.info/29977-qazaq-tilinen-sabaq-zhospary-3-synyp-i-toqsan-.html>
9. Жусанбаева, С.Б. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі [Мәтін]: оқу құралы / С.Б. Жусанбаева, Л.Т. Әлімтаева. - Алматы : "Қазақ университеті", 2020. - 210 б.
10. Рахметқызы С. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесінің негіздері [Мәтін] : Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған / С. Рахметқызы. - 2-ші бас. - Алматы : Атамұра, 2011. - 224б.
11. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті [Электрондық ресурс] : Оқу құралы / Д. Әлкебаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 214 б.
12. Мейірманқұлова, Т. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Мәтін]: Оқу құралы / Т. Мейірманқұлова. – Астана : Фолиант, 2010. - 168 б.
13. Оразбаева Ф. Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін] / Ф. Оразбаева. - Алматы : "Қазақ тілі", 2019. – 656 б.
14. 5. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі [Электрондық ресурс] : Оқу құралы / Б.М. Айтбаева, Г.Х. Абдрахманова. - Қарағанды : Medet Group, 2019. - 152 б.
15. 6. Уайсова Г.И. Қазіргі қазақ тілі негіздері [Электрондық ресурс] : Оқу құралы / Г.И. Уайсова. - Қарағанды : Medet Group, 2019. - 168 б.

ӘОЖ 519.21

**НАҚТЫ САНДАРДЫҢ ЖУЫҚТАП ЖІКТЕЛУІНІҢ ЖӘНЕ ФАРЕЯ ТІЗБЕГІНІҢ  
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

Т.Е.Барбол

№3 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі, [togjan.1496@mail.ru](mailto:togjan.1496@mail.ru)

Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

**Андатпа:** Бұл жұмыста нақты сандардың жуықталуының теориялық және практикалық қолданылуы қарастырылған. Мектеп курсындағы математика пәнін оқытуда жуықтау есептеулерінің анализ курсы беріледі. Сандар теориясының практикалық қолданылуында рационал бөлшектердің нақты сандарда жуықталуы маңызды болып табылады. Осы мақсатта лайықты бөлшектердің қолданылуы тиімді. Фарей тізбегінің көмегімен жуықталудың диаграммасын анықтау мүмкіндігі зор.

**Кілтті сөздер:** тізбек, қатар, үздіксіз тізбектей бөлшек, Горнер схемасы, жіктеу, Фарей тізбегі.

**Аннотация:** В этой работе рассматривается теоретическое и практическое использование приближение действительных чисел. В школьном курсе в обучение предмета математики даны курсы анализа приближенных вычисления. В практическом использовании теории чисел является

важным приближение действительных чисел рациональными дробями. Это очень удобно в использовании подходящих дробей. С помощью последовательности Фареи есть большая возможность определить диаграмму приближение.

**Ключевые слова:** цепь, последовательность, часть непрерывной цепи, схема Горнера, классификация, цепь Фарея.

**Annotation:** In the thesis, the theoretical and practical use of the approximation of real numbers is considered. In the school course in the teaching of the subject of mathematics are given courses of analysis of approximate calculation. In the practical use of number theory, it is important to approximate real numbers by rational fractions. It is very convenient to use suitable fractions. Using the Farei sequence, there is a great opportunity to determine the approximation diagram.

**Key words:** chain, sequence, part of a continuous chain, Horner's scheme, classification, Farey chain.

Енді нақты сандардың тізбектей бөлшектерге жіктелуін қарастырайық.

**Анықтама 1**  $\alpha$  нақты санының тізбектей бөлшекке жіктелуі деп

$$\alpha = a_0 + \mu a_1 + \mu a_2 + \dots$$

түріндегі бейнелеуін айтамыз.

Мұндағы  $a_0, a_1, a_2 \dots$  - бүтін сандардың шекті немесе шексіз тізбегі, сонда  $k \geq 1$  болғанда  $a_k \geq 1$  орындалады, ал шектік жіктеу жағдайында соңғы элементі  $a_s > 1$  болады.

**Теорема 1** Тізбектей бөлшекке жіктелуі мынадай түрге ие болсын:

$$\alpha = a_0 + \mu a_1 + \mu a_2 + \dots$$

Мына белгілеуді енгізейік:

$$\alpha' = a_s + \mu a_{s+1} + \dots$$

Сонда:

1)  $\alpha = a_0 + \mu a_1 + \dots + \mu a_{s-1} + \mu a'_s$ , яғни  $a'_s = a_s$  өзімен  $s$ -ші ретті  $\alpha$  санының толық жекелей жіктелуін сипаттайды;

2)  $a_s = [a_s]$  барлық  $s$  үшін.

Дәлелдеуі. 1) Шекті тізбектей бөлшек үшін бұл теңдік дұрыс. Үздіксіз тізбектей бөлшек жағдайын қарастырайық. Егер үздіксіз тізбектей бөлшектерге лайықты бөлшектердің  $a_s + \mu a_{s+1} + \dots$  шегі  $a'_s$ -ке тең болса, онда  $a'_s > 1$  болады және қосындының мен жекенің шегі туралы белгілі теоремаларға сәйкес:

$$\begin{aligned} \lim_{t \rightarrow \infty} (a_0 + \mu a_1 + \dots + \mu a_s + \mu a_{s+1} + \dots + \mu a_{s+t}) &= \\ &= a_0 + \mu a_1 + \dots + \mu a_{s-1} + \mu \lim_{t \rightarrow \infty} (a_s + \mu a_{s+1} + \dots + \mu a_{s+t}), \end{aligned}$$

яғни шынында да  $\alpha = a_0 + \mu a_1 + \dots + \mu a_{s-1} + \mu a'_s$ ;  $a'_s = a_s$  болады.

2) Егер шекті тізбектей бөлшек және  $a_s$  - оның соңғы элементі болса, онда  $a_s = \alpha_s = [a_s]$  болады.

Егер  $a_s$  соңғы элементі болмаса, онда

$$\alpha_{s+1} = \alpha'_{s+1} = a_{s+1} + \mu a_{s+2} + \dots > 1; 0 < \frac{1}{\alpha_{s+1}} < 1,$$

және бірінші бөлікте дәлелденгендей мына шарт орындалады:

$$\alpha_s = a_s + \frac{1}{\alpha_{s+1}}, \text{ сондықтан } \alpha_s = [a_s]$$

Мысалдар. 1) Тізбектей бөлшектің мәнін табу керек:

$$\alpha = 1 + \mu 4 + \mu 1 + \mu 4 + \dots,$$

мұндағы барлық ауыспалы элементтер сәйкесінше 1 және 4-ке тең.

Теорема 1 сәйкес мынаны аламыз:

$$\alpha = 1 + \mu 4 + \mu \alpha = 1 + \frac{\alpha}{4\alpha + 1} = \frac{5\alpha + 1}{4\alpha + 1}, 4\alpha^2 - 4\alpha - 1 = 0, \alpha = \frac{1 \pm \sqrt{2}}{2},$$

яғни  $\alpha > 0$  болғандықтан  $\alpha = \frac{1 + \sqrt{2}}{2}$  мәнін аламыз.

2) Тізбектей бөлшектің мәнін табу керек:

$$\alpha = 2 + \mu_2 + \mu_2 + \mu_1 + \mu_2 + \mu_2 + \mu_2 + \mu_1 + \dots,$$

мұндағы тізбектің барлық ауыспалы элементтері 2, 2, 2, 1 мәндеріне ие.

Теорема 1 сәйкес мынаны аламыз:

$$\alpha = 2 + \mu_2 + \mu_2 + \mu_1 + \mu\alpha, \alpha = \frac{P_3\alpha + P_2}{Q_3\alpha + Q_2}.$$

$n = 0, 1, 2, 3$  болғандағы  $P_n$  және  $Q_n$  мағыналарының кестесін құрайық:

	2	2	2	1
$P_n$	2	5	12	17
$Q_n$	1	2	5	7

сондықтан  $\alpha = \frac{17\alpha+12}{7\alpha+5}$ ,  $7\alpha^2 - 12\alpha - 12 = 0$  орындалады, және  $\alpha > 0$  болса, онда  $\alpha = \frac{6+2\sqrt{30}}{7}$ .

Мысал.  $\sqrt[3]{2}$  санының тізбектей бөлшекке жіктелуінің алғашқы алты элементін тап.

Шешуі.  $\alpha = \sqrt[3]{2}$  десек, онда  $x^3 - 2 = 0$  теңдеуінің жалғыз нақты түбірі,  $1 < \alpha < 2$ ,

сондықтан  $\alpha = 1 + \frac{1}{\alpha_1}$ ; теңдеуге  $\alpha$  мағынасын қоя отырып мына теңдікті аламыз  $(1 + \frac{1}{\alpha_1})^3 - 2 = 0$  немесе  $\alpha_1^3 - 3\alpha_1^2 - 3\alpha_1 - 1 = 0$ .  $\alpha_1$  үшін теңдеудің сол жағын Горнер схемасымен  $\alpha_1 - 3$  деңгейі бойынша жіктей отырып, мынаны табамыз:

$$\frac{1}{\alpha_2^3} + \frac{6}{\alpha_2^2} + \frac{6}{\alpha_2} - 10 = 0$$

бұдан

$$10\alpha_2^3 - 6\alpha_2^2 - 6\alpha_2 - 1 = 0$$

Енді бұл теңдеуден  $1 < \alpha_2 < 2$  екендігін табамыз, сондықтан  $\alpha_2 = 1 + \frac{1}{\alpha_3}$ . Дәл осы тәсілмен

$\alpha_3$  үшін төмендегі теңдеуді аламыз

$$3\alpha_3^3 - 12\alpha_3^2 - 24\alpha_3 - 10 = 0,$$

бұдан мынаны аламыз:

$$5 < \alpha_3 < 6, \alpha_3 = 5 + \frac{1}{\alpha_4}.$$

Теңдеу  $\alpha_4$  үшін мына түрге ие:

$$55\alpha_4^3 - 81\alpha_4^2 - 99\alpha_4 - 3 = 0,$$

бұдан біз мынаны табамыз

$$1 < \alpha_4 < 2, \alpha_4 = 1 + \frac{1}{\alpha_5}.$$

Теңдеу  $\alpha_5$  үшін мына түрге ие:

$$62\alpha_5^3 + 30\alpha_5^2 - 84\alpha_5 - 55 = 0,$$

сондықтан  $1 < \alpha_5 < 2$  екендігін табамыз.

Осылайша

$$\sqrt[3]{2} = 1 + \mu_3 + \mu_1 + \mu_5 + \mu_1 + \mu_1 + \dots$$

Енді **Фарей тізбегіне** тоқтала кетсек.

Фарей тізбегі дегеніміз шекті рационал сандардың ішкі жиындарының тобы болып табылады.

**Анықтама 2**  $n$ -ші ретті Фарей тізбегі бөлімі  $n$  санынан кіші немесе тең барлық оң қысқартылмайтын дұрыс бөлшектердің өспелі ретін көрсетеді:

$$F_n \stackrel{\text{def}}{=} \left\{ \frac{a_i}{b_i} : 0 \leq a_i \leq b_i \leq n, \quad \gcd(a_i, b_i) = 1, \quad \frac{a_i}{b_i} < \frac{a_{i+1}}{b_{i+1}} \right\}.$$

$n$ -ші ретті тізбегінен  $n + 1$ -ші ретті Фарей тізбегін төмендегі заңдылықтар бойынша алуға болады:

- 1)  $n$ -ші ретті тізбектің барлық элементтерін қайталаймыз.  
2)  $n$ -ші ретті тізбектің екі көрші бөлшектерінің қосындысы  $n + 1$ -нен үлкен емес сан берсе, онда бұл бөлшектердің арасына алымдарының қосындысы сәйкесінше бөлімдерінің қосындысына қатысты тең болатын медиантасын қоямыз.

Мысал.  $n$  үшін 1-ден 8-ге дейінгі Фарей тізбегі:

$$F_1 = \left\{ \frac{0}{1}; \frac{1}{1} \right\};$$

$$F_2 = \left\{ \frac{0}{1}; \frac{1}{2}; \frac{1}{1} \right\};$$

$$F_3 = \left\{ \frac{0}{1}; \frac{1}{3}; \frac{1}{2}; \frac{2}{3}; \frac{1}{1} \right\};$$

$$F_4 = \left\{ \frac{0}{1}; \frac{1}{4}; \frac{1}{3}; \frac{1}{2}; \frac{2}{3}; \frac{3}{4}; \frac{1}{1} \right\};$$

$$F_5 = \left\{ \frac{0}{1}; \frac{1}{5}; \frac{1}{4}; \frac{1}{3}; \frac{2}{5}; \frac{1}{2}; \frac{3}{5}; \frac{2}{3}; \frac{3}{4}; \frac{4}{5}; \frac{1}{1} \right\};$$


$$F_6 = \left\{ \frac{0}{1}; \frac{1}{6}; \frac{1}{5}; \frac{1}{4}; \frac{1}{3}; \frac{2}{5}; \frac{1}{2}; \frac{3}{5}; \frac{2}{3}; \frac{3}{4}; \frac{4}{5}; \frac{5}{6}; \frac{1}{1} \right\};$$

$$F_7 = \left\{ \frac{0}{1}; \frac{1}{7}; \frac{1}{6}; \frac{1}{5}; \frac{1}{4}; \frac{2}{7}; \frac{1}{3}; \frac{2}{5}; \frac{3}{7}; \frac{1}{2}; \frac{4}{7}; \frac{3}{5}; \frac{2}{3}; \frac{5}{7}; \frac{4}{5}; \frac{6}{7}; \frac{1}{1} \right\};$$

$$F_8 = \left\{ \frac{0}{1}; \frac{1}{8}; \frac{1}{7}; \frac{1}{6}; \frac{1}{5}; \frac{1}{4}; \frac{2}{7}; \frac{1}{3}; \frac{3}{8}; \frac{2}{5}; \frac{3}{7}; \frac{1}{2}; \frac{4}{7}; \frac{3}{5}; \frac{5}{8}; \frac{2}{3}; \frac{5}{7}; \frac{4}{5}; \frac{6}{7}; \frac{7}{8}; \frac{1}{1} \right\};$$


**Қасиет 1** Егер  $\frac{p_1}{q_1} < \frac{p_2}{q_2}$  - Фарей тізбегіндегі екі көрші бөлшек болса, онда  $q_1 p_2 - q_2 p_1 = 1$  болады.

Фарей тізбектері мен бөлшектері негізінен Фарей диаграммасын құрау мақсатында пайдаланылады. Фарей диаграммасы негізінен доғалық және тор (радиалды) болып келеді. Доғалық диаграмма дегеніміз биіктіктері Евклид кеңістігі бойында орналасса, ал қабырғалары жарты шеңбер пішінінде жартыжазықтық бойында орналасқан графтың көрінісі. Доғалық диаграммалар негізінен қозғалмалы регистрдің жағдайын визуалды түрде көрсету үшін қолданылады.



сурет 1

Тор диаграммалар доғалық диаграммамен салыстырғанда екі не одан көп остерден тұруы мүмкін. Негізінен тор диаграммалар торлы заттарды және өрмекші торын еске түсіреді. Атауы да сол себепті тор диаграмма. Торлы диаграмманың артықшылығы - ол бір уақытта бірнеше бір-бірінен тәуелсіз биіктіктердің статистикалық құрылымдарын сипаттайды.



сурет 2

Жуықтау есептеру алгебра курсының кейбір айшықты емес тұстарымен жақсы танысуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге олардың кемшіліктері мен артықшылықтарын тануға, қазіргі рационал бөлшектерді жуықтауды есептеуде, түрлі амалдарды орындауда тиімді екендігі байқалды.

Фарея тізбегі математика курсындағы қызықты көптеген жаңалықтармен танысуға, белгілі бір графикалық әдістерді пайдалануға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Арнольд В.И. Цепные дроби.- Москва: МЦНМО, 2001.
2. Бухштаб А.А. Теория чисел.- Москва: Просвещение, 1966.
3. Богомольный А. Ряды Фарея и система Шрент-Брокот.- Москва: Наука,1977.
4. Столл Р.С. Логика. Аксиоматические теории: Множества.-Москва: Наука, 1968.
5. Икрамов Х.Д. Задачник по линейной алгебре.- Москва: Наука, 1975. – 319б
6. URL: [www.wikipedia.com](http://www.wikipedia.com)
7. URL: <http://www.west.libn.uk//1456>
8. URL: [http://www.dickson.com//history\\_of\\_the\\_theory\\_of\\_numbers](http://www.dickson.com//history_of_the_theory_of_numbers)

ӘОЖ 371

## САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ

Г.Қ.Аскарбаева

Берікқара орта мектебінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
сабақты зерттеу бойынша мектеп тренері  
[gulia-askarbaeva@mail.ru](mailto:gulia-askarbaeva@mail.ru)

Е.Н.Тулеев

Берікқара орта мектебінің директоры, [eralytuleev@yandex.kz](mailto:eralytuleev@yandex.kz)  
Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

**Аңдатпа:** Бұл мақалада мектеп мұғалімдерінің сабақты зерттеу бойынша біліктілігін арттыру жұмыстарының жүргізілуі туралы мектеп тәжірибесі ұсынылған. Мақала бүгінгі күні өзекті мәселеге арналған, білім беру процесінің сапасын сауатты басқару үшін мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, сабақты зерттеуді ұйымдастырып өткізу туралы айтылады. Бұл мақалада сабақты зерттеудің маңыздылығы мен қажеттілігі қарастырылады.

**Кілтті сөздер:** сабақты зерттеу, зерттеу топтары, зерттеу тақырыбы, педагогтардың кәсіби білімін жетілдіру, бақылушылар, деректер, сұқбат.

**Аннотация:** В данной статье представлен школьный опыт проведения работы по повышению квалификации учителей школы по исследованию урока. Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме, о совершенствовании педагогического мастерства учителя для грамотного управления качеством образовательного процесса, организации и проведении исследования урока. В этой статье рассматривается важность и необходимость исследования урока.

**Ключевые слова:** исследование урока, исследовательские группы, тема исследования, повышение профессиональных знаний учителей, наблюдатели, данные, беседа.

**Annotation:** This article presents the school experience of carrying out work to improve the skills of school teachers in the study of the lesson. The article is devoted to the current problem of improving the pedagogical skills of the teacher for competent management of the quality of the educational process, organization and conduct of the study of the lesson. This article discusses the importance and necessity of lesson research.

**Key words:** lesson research, research groups, research topic, professional development of teachers, observers, data, conversation.

Әлем бір орында тұрмайды және күн сайын өз жаңалықтарын әкеледі, сондықтан білім беру жүйесінде біздің оқушыларымызға өз бетінше шешім табуға және олардың алған білімдерін өмірде қолдануға, жаңа биіктерге жетуге мүмкіндік беретін өзгерістер орын алуда. Бірақ бүгінгі оқушылар ертең табысты адамдар және сұранысқа ие мамандар болуы үшін біз мұғалімдерді өзгертуіміз керек. Білім беру мазмұнын жаңарту әр мұғалімнен оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін талап етеді және мұғалімдердің алдына білім беру процесінің сапасын сауатты басқару үшін өзінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру басты мақсатын қояды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мұғалімдердің кәсіби шеберлігін үнемі және үздіксіз арттыру қажет. Берікқара орта мектебінде сабақты зерттеу мен жеке іс-әрекеттегі зерттеу бойынша мұғалімдерге бірнеше жылдан бері "Сабақты зерттеу" республикалық бағдарламасы негізінде педагогтардың біліктілігін арттырудың мектеп курсы әзірленді. Оның мақсаты "Сабақты зерттеу тәсілін қолдану арқылы оқыту процесін жетілдіру" болды. Курста төмендегі тақырыптар бойынша оқыту сабақтары мен коучингтер өткізілді:

- Сабақты зерттеу үдерісімен танысу.
- Сабақты зерттеу тәсілінің қадамдары.
- Зерттеудің тақырыбын анықтау.
- Сабақты бірлесіп жоспарлау. Сабақ өткізетін мұғалімді белгілеу.
- Сабақты қадағалау тәсілдері.



- Мұғалімдердің сабақты қадағалау құралдары (оқушыларды бақылау парақтары т.б.)
- Оқушылармен сұхбаттасу.
- Сабақтан кейінгі талдау.
- Сабақ туралы рефлексия.
- Талдау және рефлексия негізінде қорытынды шығару.
- Қорытындының негізінде жетілдіруді қажет ететін салаларды немесе сабақты зерттеу үдерісінің келесі кезеңін анықтау.
- Нәтижелерді жариялау

Бұл оқу сабақтарының міндеттері: мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, білім беру процесінің сапасын тиімді басқару, жетілдіру, педагогтердің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі, белсенді зерттеу және тәлімгерлік қызмет, кәсіби дағдыларды қалыптастыруға көмектесу.

Біз курстан не күттік? Біздің мектептің барлық мұғалімдері (90-100%) құрастырылған бағдарлама бойынша оқытылады, педагогтардың көпшілігі (60-70%) алған білімдерін іс жүзінде қолданады, ал олардың кейбіреулері (10-20%) болашақта жас мамандарға тәлімгер бола алады деп күткен едік.



Осы курстарда оқуды аяқтағаннан кейін біз неге келдік? Әр мұғалім оқыту практикасы, сабақты бірлесіп жоспарлау процесін зерттеді және талқылады, олар оқушылардың санаттары үшін сәттілік критерийлерін көрсететін сабақ жоспарын жасады және сабақ барысында бақылау жүргізілетін оқушылар анықтады. Өз әзірлемелерін қорғады және басқалардың жұмысын бағалады. Бұл курстағы сабақтар бізге не берді? Мұғалімдер оқыту мен оқытудағы тәсілдерді өзгерту керек деген қорытындыға келді. Өз пәндері бойынша бірқатар сабақтар өткізді, олар бірлесе отырып сабақ жоспарларын құрастырды, сабақта қарастырылған материал жас деңгейіне сәйкес келе ме, барлық кезеңдерде әдіс-тәсілдерді бірге таңдап ойластырылды. Сабақ материалын әзірлеу және жұмыстарды бақылау арқылы әріптестер өз жұмыстарын бағалай алды, жұмыстың оң және теріс жақтарын жаңа тәсілдермен көру, ал кейбір әріптестер тәлімгерлер рөлінде өздерін керемет көрсетті, рефлексияны үйренді, өз жұмысының нәтижелерін дұрыс бағалады және нақты, қол жеткізілген мақсаттарды қойды.

Біздің мектептің мұғалімдерімен "Сабақты зерттеу" әдісі курстан кейінгі кезең аясында мұғалімдерге үздіксіз білім берудің тиімді әдісі екендігін көрсетті. Неліктен? Өйткені, бұл білім туралы емес, білім беру әдісі. Бұл әдіс іс-әрекеттің нақты практикалық нәтижесі, бұл сіздің іс-әрекетіңізді арттыруға мүмкіндік береді. Мұғалімдер бір-бірімен неғұрлым көп қарым-қатынас жасаса, соғұрлым олар тиімдірек жұмыс істейді.

Мектепте сабақты зерттеуді іс- тәжірибеге енгізу үшін төмендегідей қадамдар пайдаланылды.

1-қадам. Педагогтардың зерттеу топтарын құру. Топ мүшелерінің оңтайлы саны: 3-4 адам. Егер жобамен 3-4 мұғалім айналысса, онда олардың әрқайсысы мұғалім ретінде қатысады. Командаға мектеп әкімшілігінен сарапшы ретінде бір орынбасарды немесе мектеп директорын қостық. Мұғалімдер пәндер бойынша емес, қызығушылықтары бойынша таңдалады. Өйткені біздің мектепте кейбір пәндер бойынша бір ғана мұғалім бар.

2-қадам. Алдын ала кездесу: ережелер мен құндылықтарды үйлестіру, тақырып пен бірінші сабақты таңдау. Сынып бойынша психолог, социолог, сынып жетекші, пән мұғалімі жүргізген зерттеулерге сәйкес деректерді талдап, проблемаларды анықтау маңызды. Топтың әр мүшесіне көмектесетін және барлық шешімдерді жазатын модератордың болғаны жөн. Алдымен топтың әр мүшесін мазалайтын ортақ мәселені таңдау керек және міндеттерді бөлу керек:

Сабақты зерттеу үдерісінің тақыбырын таңдау [1]:

Сыныбыңыздағы оқушылар туралы ойланыңыз.

Үміттеріңіз:

Оқу жылының соңында бұл оқушыларыңыздың бойында қандай қасиеттердің болғанын қалайсыз?

Шынайы ахуал:

Олардың қазіргі жағдайын тізімдеп жазыңыз.

Проблемалар:

Ойыңыздағы мен шынайы жағдайды салыстырыңыз. Бәрінен бұрын қандай проблемаларды жойғыңыз келеді?

Зерттеу тақырыбы: (ұзақ мерзімді мақсат)

Оқушының қандай қасиеттерін дамытқыңыз келетінін жазыңыз.

Зерттеуіңіздің тақырыбы: (ортақ тақырып таңдалады)

3-қадам. Бірінші кездесу: № 1 сабақты жоспарлау. Топ мүшелері сабақтың мақсаттарын белгілейді, әр түрлі үлгерімі бар үш топтың оқушыларын сыныптан таңдайды, олардың әрқайсысы үшін критерийлер, сабақтың кезеңдері, сабақтан кейін оқушылармен сұхбаттасу сұрақтары туралы кәсіби сұқбат жүргізеді, оқушылардың іс-әрекеттері мен реакцияларын болжауға тырысады. Зерттеу сабағын өткізген кезде сабақта қадағаланатын оқушыларды немесе оқушылар тобын белгілеп алу маңызды. Бұл сабақ барысында оқушылардың ойлау дағдылары қаншалықты дамып, олардың нені үйренгенін аңғарып, оған түсініктеме беруге жеңілдірек болады.

4-қадам. № 1 сабақты өткізу. Бір мұғалім сабақ өткізеді, топтың қалған мүшелері қатысады және бақылайды. Келесі сабақтарды топтың басқа мұғалімі өткізеді, қалған мұғалімдер бақылайды. Сабақ соңында қатысқан мұғалімдер таңдалған үш топтың оқушыларымен сұхбаттасады.

Сабақты өткізетін мұғалімнің міндеті [2]:

- Зерттеу сабағын өткізуші мұғалім бірлесіп әзірлеген сабақ жоспарына сүйенеді. Мұғалім оқушыларға бақылаушы мұғалімдерді таныстыра алады, алайда сабақ барысында ол әріптестерімен қарым-қатынас жасамауға тиіс.
- Қадағалаушы мұғалімдердің міндеті:
- Сабақ кезінде басы артық әңгімені азайту қажет.
- Сабақтың қалай басталып, қалай жүргенін және қорытындысында не болғанын түсіну үшін бүкіл сабақ бойы сыныпта болған дұрыс.
- Оқушыларға тақтадағы немесе мұғалімнің басқа жерлерге жазған жазбаларын немесе көрнекі материалдарын көруге кедергі келтіруге болмайды.
- Оқушылармен қарым-қатынасты барынша азайту керек.
- Оқушыға бірнәрсені үйретуден немесе оларға көмек көрсетуден аулақ болу керек.

Сабақтан кейінгі пікірталасты жазу нысаны

	Бақылау- дағы 1- оқушы	Бақылау- дағы 2- оқушы	Бақылау- дағы 3- оқушы
Оқушы қаншалықты алға ілгеріледі? Бұл жеткілікті ме? Сыныптағы басқа оқушылар ше? Осы көрсеткішті олардан да көруге бола ма?			
Қай әдіс оларға дамуға көмектесті немесе кедергі жасады? (мүмкін екеуі де болған шығар). Қандай күтпеген жағдайлар орын алды?			
Әрбір оқушыға оқуын жақсартып, алға ілгерілеуге көмектесу үшін келесі жолы оқыту әдісінің қай аспектісін(лерін) түзетуге болады?			
Келесі жолы қандай әдіс-тәсілдерді қолданып көрмекшісіз?			

Оқушының сөздерін жазуға арналған парақ

Сабақтың кезеңі	Оқушының пікірі/ әңгімесі	Маңызы/мәні

5-қадам № 1 сабақты талқылау топ жиналады (әдетте бірінші сабақ өтетін күні) және талдау жүргізеді. № 1 сабақ бойынша қорытындылар негізінде № 2 сабақ жоспарланады.

6-қадам. Жобаның екінші және үшінші циклдары. Бірінші сабаққа ұқсас № 2 және № 3 сабақтар өткізіледі және талқыланады.

7-қадам. Қорытындылау. Топ жоспарлау мен бақылау нәтижелерін салыстырады, қорытынды жасайды. Әдетте, зерттеу нәтижесі мектепте немесе мектептен тыс іс-шарада ұсынылады. Егер презентация мектептен тыс жерде болса, онда мектептегі жобаның мәртебесі, әрине, жоғарырақ көрінеді.

Айта кетейік, "Сабақты зерттеу" технологиясын қолдану жолындағы ең көп тараған кедергі — мұғалімдер уақытының тапшылығы. Әрине, өз сабақтарында жоғары жүктеме кезінде әріптестердің сабақтарына қатысуға, оларды жоспарлауға қатысуға күш пен уақыт бөлу қиын. Алайда, бірлескен жобаның нәтижесі, өткір мәселелерді шешу болашақта уақыт пен еңбек шығындарын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді. Бүгінгі күні «Сабақты зерттеу»- бұл циклдік үздіксіз процесс, мектепте мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнамалар мұғалімдердің 92% сабақты зерттеу әдісінің тиімділігін атап көрсетті. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 5 зерттеу топтары құрылып, мектепте сабақты зерттеуді жүйелі жүргізіп, нәтижелі жұмыстар атқарды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасы: Тренерге арналған нұсқаулық. - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018.

ӘОЖ 75.31

### **БАЛАЛАР - ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ СПОРТТЫҚ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Р.Т.Алимбеков

Тараз гуманитарлық-техникалық колледжінің мұғалімі,  
Тараз қ. Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Еліміздегі балалар және жасөспірімдер спорт мектептері қазіргі таңда барлық қалаларда, аудан, облыс орталықтарында жұмыс істейді. Көптеген спорт мектептерінің бөлімшелері (филиалдары) ауылдарда оқушылармен жаттықтыру жұмыстарын жүргізеді. Балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің негізгі мақсаты – оқушылармен жаттықтыру, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, спорт түрлері бойынша жоғары жетістіктерге жету.

**Кілтті сөздер:** спорттық мамандану, эстафета, жаттығу.

**Аннотация:** Детские и юношеские спортивные школы в нашей стране в настоящее время работают во всех городах, районах, областных центрах. Отделения (филиалы) многих спортивных школ проводят тренировки со воспитанниками в селах. Основной целью спортивной школы для детей и подростков является подготовка и воспитание учащихся и достижение высоких спортивных достижений.

**Ключевые слова:** спортивная специализация, эстафета, тренировка.

**Annotation:** Children's and youth sports schools in our country currently operate in all cities, districts, regional centers. Branches (branches) of many sports schools conduct training sessions with pupils in the villages. The main goal of the sports school for children and adolescents is the preparation and education of students and the achievement of high sports achievements.

**Key words:** sports specialization, relay race, training.

Ертерек спорттық мамандану идеясы акселерация теориясына, спорттық және көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау жарыстарының табыстарына негізделеді. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін жас спортшыларды даярлаудың бағдарламасы қайта қаралып, жаттықтыру жүктемелерінің үдемелілігі мен көлемі арттырылды. Соңғы он бес-жиырма жыл ішінде дүние жүзінде спорттың көптеген түрлері бойынша құрама командалар мүшелерінің жасару бағыты байқалады. Спорттағы жасару үрдісінің өзіндік мақсатқа айналуы жаттығудың арнайы құралдарын, сонымен бірге ағзаның кейбір қызметтерінің қажетсіз өзгерістеріне және балалардың морфологиялық және психикалық дене дайындығына сәйкес келмейтін жүктемелерді уақытынан бұрын қолдануға әкеледі.

Жоғары спорттық нәтижелерге жету үшін ертерек мамандануға ұмтылу дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келеді, жан-жақты даму, еңбек қызметіне даярлау мен сауықтыру секілді оның негізгі қағидаларының бұзылуына әкеледі. Жаттықтырушы жұмысының сапасы, оның құқы, еңбек жалақысы, әдетте оның оқушыларының спорттық табыстарымен бағаланады. Сонымен бірге қазіргі ғылыми жетістіктер және таңдаулы жаттықтырушылардың тәжірибесі спорттық мамандануда жағымсыз әсерлер болмайтындай балалардың спорттық даярлығының жүйесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және жақсы денсаулық ең азаматтық тәрбиелілікті, жан-жақты дене даярлығының негізінде табыстардың оңтайлы түрде өсуін қамтамасыз етеді. Дене тәрбиесінің жалпы міндеттерінен тыс балалардың спорттық даярлығының міндеттері – спортпен айналысуға тұрақты қызығушылықты қалыптастыру, сол арқылы қозғалыс белсенділігін арттыру, бос уақытты дұрыс ұйымдастыру және «Үлкен» спорт үшін резерв даярлау.

Оқушылардың спорттық даярлығы Президент сынамалары бойынша жұмыстармен және жаттығудың сыныптық-сабақтық жүйесімен сабақтастықпен сипатталатын белгілі бір ұйымдық құрылымының ауқымында жүзеге асырылады. Ол сыныптан тыс және мектептен тыс дене тәрбиесі жұмыстарында жүргізіледі. Жалпы білім беретін I-XI сынып оқушылары дене тәрбиесінің кешенді бағдарламасы (сыныптар тобы) бойынша үйірмелік сабақтар үшін спорттың қолайлы түрлерін анықтайды. Мысалы, VIII сыныптарда гимнастикадан, жеңіл атлетикадан, үстел теннисінен, волейболдан, баскетболдан, бадминтон және туризмнен жаттығулар өткізілуі мүмкін.

Мектептегі үйірмелік сабақтардың негізгі мақсаты балалардың жан-жақты дене даярлығына бағытталады. Арнайы даярлыққа жаттығу уақытының тек 10-15 пайызы ғана бөлінеді. Мысалы, спорттың күрделі үйлесімділігі түрлерінде шыдамдылыққа тәрбиелейтін спорт түрлеріне қарағанда, қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға көңіл көп бөлінеді. Үйірмелік сабақтарда дене тәрбиесінің мұғалімі спорт мектептеріндегі сабақтар үшін оқушыларды бастапқы іріктеуден өткізеді. Спорт мектептерінің жаттықтырушылары мен онда жаттығушы оқушылар мектеппен тығыз байланыс орнатады: спорт жарыстарын ұйымдастыру және өткізуде мұғалімге көмектеседі, өз сыныбының намысы үшін барлық жарыстарға қатынасады, сынып дене шынықтыру ұйымдастырушысының қызметін орындайды.

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде бастапқы даярлық және оқу-жаттығу топтары қалыптастырылады. Жас спортшыларды даярлауда жұмыстың жоғары деңгейіне жеткеннен кейін спорттық жетілдіру топтары құрылады. Егер ондай топтардың саны екеуден кем болмаса, онда балалар және жасөспірімдер спорт мектебі (клубы) олимпиадалық резервтегі арнайы спорт мектебіне айналдырылуы мүмкін. Ол құрылғаннан кейін бір жыл өткеннен соң мектепте: оқу-жаттығу, спорттық жетілдіру және жоғары спорт шеберлігі топтары құрылуы керек.

Жаттығушылардың жас деңгейі бірыңғай болмайды және даярлық топтары спорттың түріне, жаттығушылардың дамуына, олардың дайындығы мен қабілетіне байланысты. Мысалы, спорттық және көркем гимнастикадан, мәнерлеп сырғанаудан бастапқы даярлық топтарына 6 жастағы балалар, жеңіл атлетика, волейбол, коньки спортына 9 жастан қабылданады. Жеке жағдайларда белгіленген жасты екі жасқа арттыруға рұқсат етіледі.

Бастапқы даярлық топтарының ерекше міндеттері – спортпен айналысуға белсенді қызығушылық туғызу, жаттығушылардың дене қасиеттерін кешенді дамыту. Сабақтың жүйелілігі мектептегі аптасына 3 рет болатын міндетті дене тәрбиесі сабақтарын спорт мектебіндегі 2-3

жаттығу сабақтарымен байланыстырумен жүзеге асырылады. Бір жаттығу сабағының ұзақтығы екі академиялық сағаттан аспауы керек. Жаттығулардың мазмұны жаттығушылардың үйлесімділік қабілеттерін дамытуға, оларда қозғалыс біліктілігі мен дағдыларының әр түрлі қорын жасауға басым назар аударылып құрылады. Мұны мойындамау, жоғары сыныптарда күрделірек жаттығуларды үйренуге жағымсыз әсер етеді.

Спорттық техниканы игеру, әдетте, дайындық және жанама жаттығуларды кең пайдалана отырып, жеңілдетілген жағдайда жүргізіледі. Мысалы, жеңіл атлетикалық түрлерде жеңілдетілген құрал-жабдықтар, аласа кедергілер және т.б. пайдаланылады. Пайда болған қателерді түзетуге көп көңіл аударылады.

Жасөспірімдерде шапшаңдық қабілеттерінің дамуы 15-19 жастарда жоғары деңгейге (немесе спорттық жетілдіру топтарындағы жаттығу кезеңінде) жетеді. Оларды дамыту үшін жаттығуларды орындау арасында (қайталау және жарыстық әдістер) демалыс жасай отырып, шапшаңдығы жөнінен соған жақын жаттығуларды қолдану ұсынылады. Шапшаңдық қабілеттерін дамыту үшін жаттығу ауырлығының мөлшері, ересек спортшылардың жүктеме көлемінің шамамен төрттен үштен аспауы, ал жылдамдықты дамыту үшін жаттығу күндерінің саны екі аптадан аспауы қажет. Әдетте жоғары шапшаңдықпен бірыңғай жаттығуларды жиі қайталау жасөспірімдік шақтың өзінде-ақ, «шапшаңдық кедергісінің» пайда болуына әкеледі. Бұл жағымсыз құбылыстан құтылу үшін жаттығуды өзгерту, жаттығудың әр түрлі құралдары мен әдістерін алмастырып отыру ұсынылады. Циклді түрлерде шапшаңдық қабілеттерін дамыту құралдарына – қысқа қашықтықта шапшаңдықты арттыру, сөреден жедел шығу, гандикаппен жүгіру, эстафеталар; спорт ойындарында доппен, шайбамен жылдам, қысқа қозғалыстар жасау (ауысу), ойын кезіндегі әрекеттерді жоғары шапшаңдықта орындау және т.б. жеке бәсекелестікте жекпе-жек, жеке қимылдардың бөліктерін жедел орындау жатады. Сонымен бірге секіргенде, жылдамдығы жоғары қозғалыстар жасағанда салмағы кедергі келтірмейтін ауырлықтармен жаттығу жасау пайдалы болмақ.

Психикалық даярлықтың жетекші міндеттері: біріншіден, спорттық жетілуге деген тереңдетілген қызығушылық, екіншіден, моральдық-ерік қасиеттерін одан әрі қарай тәрбиелеу, үшіншіден, тұрмыс-тіршілікке даярлық құрал есебіндегі спорттық қызметке саналы көзқарасты қалыптастыру болып табылады.

Жаттығулар әдістері. Жасөспірімдер мен қыздарды жаттықтыру әдістері спорттың түрі, жынысының, жасының ерекшеліктерін, жаттығушының дайындық деңгейін, қойылған міндеттерді ескеріп қолданылады.

Жаттығулардың ауыспалы әдісі жұмыстың қарқындылығының өзгеруімен сипатталады. Әр түрлі үдемелі жүктемелерді қатал шектеумен алмастыру жаттығушы ағзасындағы қалыпқа келтіру процестері үшін қолайлы жағдайлар жасайды, спортшылар дайындығының өте төменгі деңгейі жағдайында арнайы шыдамдылықты дамытуға жәрдемдеседі. Ауыспалы әдіс әдетте дайындық кезеңінде қолданылады.

Жаттығулардың ойын әдісі жаттығу барысында маңызды орын алады және жас спортшыларды даярлаудың барлық кезеңдерінде қолданылады.

Жаттығудың жарыстық әдісі бақылау жаттығулары түрінде арнайы жарыс кезінде негізгі жаттығуларды немесе басқа қозғалыс қимылдарын орындаумен сипатталады. Оның көмегімен арнайы шыдамдылық дамытылады, спортшы дайындығы деңгейіне бақылау жасалады. Әдіс дайындық және жарыстық кезеңдерде қолданылады.

Оқушылардың спорттық жарыстарын ұйымдастыру оқу-тәрбие процесінің негізгі бөліктерінің бірі болып табылады. Олар мектепшілік, аудандық, қалалық, облыстық және т.б. болып бөлінеді.

Жарыстың жалпы міндеттері балаларда дене жаттығуларымен айналысуға деген белсенді қызығушылықты тәрбиелеу болады.

Жарыстың күнтізбесі оған дайындалу мерзімін есептей отырып, дене тәрбиесінің мектептегі бағдарламасымен келісіледі және жарыс бүкіл оқу жылы бойы тең өткізілетіндей есеппен жасалады. Әдетте, күз айларында жеңіл атлетикадан, туризмнен, бағытты анықтаудан, дала жарысынан, үстел теннисінен; қыс айларында гимнастика бойынша, акробатика, ату, шаңғы спортынан және конькимен жүгіруден; көктемде жүзу, жеңіл атлетика, туризм, дала жарысы бойынша өткізіледі.

Сынып ішілік жарыстар сыныптың күшті спортшыларын анықтау үшін Президент сыналасы және мектептің оқу бағдарламасындағы жаттығулар түрлері бойынша өткізіледі. Ер балалар мен қыздар арасындағы қорытынды жарыстар, спорттың жазғы түрлері бойынша спорт ойындарынан жасөспірімдердің республикалық спартакиадасы және қысқы түрлері бойынша жарыстар болады. Бұл жарыстардың міндеттері ірі халықаралық жарыстарға қатынасу үшін елдің құрама командасының құрамына спортшылар даярлау және іріктеу өткізуді, спорттық резерв даярлауды спорт мектептері жұмыстарының тиімділігін арттырудан көрінеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Е.Қ.Уанбаев. Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері. - Алматы, 2001.
2. Е.Қ.Уанбаев, Ф.Ж.Уанбаева. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. - Өскемен: ШҚМУ Баспасы, 2006.

ӘОЖ 371

### **SMART ПЕДАГОГТЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**

Б.А.Амангелді

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Математика мұғалімдерін даярлау бағдарламасы студенті

С.Ж.Бупетаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
аға оқытушы, магистр

**Аңдатпа:** Бұл мақалада SMART педагогтардың құзіреттіліктерін арттыру мақсатында жаңа технологиялардың қазіргі қоғамға әсері, жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті және де жалпы цифрлық материалдардың біріне толық түсіндірмелер айтылған. Сонымен қатар болашақ педагогтерге пайдалы боларлық ақпарат «**Plickers**» бағдарламасының жалпы сипаттамасын, оның маңызын, әрі бірнеше әдіс-тәсілдерінің бірін қолданылуын үйретіп, оның тиімділігі мен оқушылардың қызығушылығына қаншалықты әсер ететіні туралы айтамыз.

**Түйінді сөздер:** Педагог, ақпараттық мәдениет, цифрлық құзіреттілік, цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары, бағдарламалар, «**Plickers**», ғаламдық ақпарат жүйесі.

**Аннотация:** В целях совершенствования способностей учителей SMART в данной статье дается всестороннее объяснение влияния новых технологий на современное общество, информационную культуру личности и цифровые материалы в целом. При этом мы научим общей характеристике программы «**Plickers**», ее важности и использованию одного из нескольких методов, а также расскажем о ее эффективности и степени, в которой она влияет на интерес учащихся.

**Ключевые слова:** Педагог, информационная культура, цифровая компетентность, цифровые технологии, цифровые образовательные ресурсы, программы, «Пликеры», глобальная информационная система.

**Annotation:** in order to improve the abilities of SMART teachers, this article provides a comprehensive explanation of the impact of new technologies on modern society, the information culture of an individual, and digital materials in general. At the same time, we will teach the general characteristics of the «**Plickers**» program, its importance, and the use of one of several methods, and tell about its effectiveness and the extent to which it affects the interest of students.

**Key words:** Educator, information culture, digital competence, digital technologies, digital educational resources, programs, Plickers, global information system.

Қазіргі уақытта біздің елімізде Қазақстанда цифрлық экономиканы дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған бірқатар бастамалар жүзеге асырылуда, бұл елдің бәсекеге

кабілеттілігін, азаматтардың өмір сүру сапасын арттырады, экономикалық өсу мен ұлттық егемендікті қамтамасыз етеді.

Цифрлық экономика үшін білікті кадрлар қажет. Ал оларды дайындау үшін білім беру және кәсіптік даярлау жүйесін тиісті түрде жаңғырту, білім беру бағдарламаларын цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес келтіру, оқу қызметінің цифрлық құралдарын кеңінен енгізу және оларды ақпараттық ортаға тұтас енгізу, азаматтарды өмір бойы – кез келген уақытта және кез келген жерде жеке оқу жоспары бойынша оқыту мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.


Цифрлық құзыреттілік-білім, білік, жауапкершілік және мотивация жүйесі ретінде тиісті құзыреттерді игеру негізінде өмірдің әртүрлі салаларында (ақпараттық орта, коммуникация, тұтыну, техносфера) жеке тұлғаның инфокоммуникациялық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы мен қабілеті.

Бүгінде білім беру саласында аралас білім беру мәселесі, яғни онлайн және офлайн оқыту арақатынасының әсері белсенді түрде талқылануда. Ғалымдар «офлайн білім беруді онлайн білім беруге алмастыру емес, классикалық диалог пен білім беру жүйесінде заманауи цифрлық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері арасындағы ақылға қонымды арақатынас маңызды» екендігін атап өтуде. Сондықтан, мұғалімдер әртүрлі онлайн-платформалармен жұмыс істейді: Microsoft Teams, Zoom, Miro, Choister, Googl dos, Wrike, МЭШ, Discord, Skype және т.б.[1].

Солардың ішінде **Plickers** бағдарламасымен таныстырамыз:


Бұл бағдарламаның ерекшелігі – оқушылардың назарын аудара алатындай креативтілікке толы бағдарлама, уақыт үнемдеп түрлі-түрлі қызықты ойындар мен викториналарды, сұрақ-жауаптар мен әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар бұл бағдарламаны тек ағылшын, орыс тілінде ғана емес, өзіміздің ана-тіліміз қазақ тілінде де қолдана аламыз. Ендеше **Plickers** бағдарламасымен сіздерді таныстырып өтейік:

Google Chrome-ның іздеу аймағына **Plickers** деп жазамыз, сонан соң бірінші тұрған сайтқа кіреміз:




Сурет 1.

Сайтқа кірген соң, тіркелу немесе кіру батырмасын басып, электронды почта мен жеке құпия сөзімізді енгізу арқылы жеке кабинетімізді ашамыз:




Сурет 2.

Жаңа сынып (новый класс) батырмасын басу арқылы **Pickers** бағдарламасында сыныптың тізімін енгіземіз:




Сурет 3.




Сурет 4.

Сыныптың аты-жөнін толық енгіземіз:



Сурет 5.


Келесі бетке өткенде сыныптың аты-жөніне сай өздерінің коды жазылып тұрады:




Сурет 6.

Ойынымызға қажет әр оқушының штрих коды файл ретінде жүктеледі, ол үшін келесі батырмаларды басыңыз:






Сурет 7.




Сурет 8.




Сурет 9.

New Set батырмасын басып, тесттік сұрақтарды құрастыра аламыз.



Сурет 10.


Сұрағымызды жазып болғасын, 4жауап нұсқасын жазып шығамыз, сұрағымыздың дұрыс жауабын жасыл түспен белгілейміз нұсқасына жазамыз:



Сурет 11.


Ең соңында, барлық сұрақтарды құрастырып біткен соң орындалды (завершить) батырмасын басып, ойынымызды аяқтаймыз:

Телефонға Пликерс бағдарламасын жүктеп, өз аккаунтымызға кіреміз:



Сурет 12.

Құрастырған сұрақтарымызды ойын түрінде көру үшін «бастау» батырмасын басамыз: Әр оқушының өзіне сай штрихкодты парағын таратып, телефонға сканерлеп кімнің дұрыс жауап бергенін біле аламыз, оны бізге процентпен көрсетеді:



13-сурет

Пликерс бағдарламасы біздің уақытымызды үнемдеу үшін қажет бірден-бір бағдарлама болып табылады. Себебі бұрында тест жұмысын алғанда оны тексеріп отыру біраз уақытты талап ететін. Ендігі кезек Plickers бағдарламасымен тиімдірек бола түспек. Осы қосымшадағы штрихкодтарды да оқушыларға таратып, тестті осы бағдарламамен алу оқушыларға да қызықты болары сөзсіз. Бағдарламаны пайдалану, қолдану оңай. Барша педагогтарға өз көмегін тиіссе, сіздер үшін қуаныштымыз демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. К.Д.Бузаубакова, А.С.Амирова, А.А.Маковецкая Цифрлы педагогика.-Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж», 2022.
2. Интернет ресурстары Plickers сайты

ӘОЖ 159.9:94(574)

ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ЭТНОСТАР МЕН ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АДАПТАЦИЯСЫ

Г.С.Бекбаев

Тараз гуманитарлық техникалық колледжі  
тарих магистрі

А.М.Мамбетова

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
психология магистрі  
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Мақалада депортацияланған этностар мен этникалық топтардың психологиялық адаптациясы, этникалық бейімделуі қарастырылған, этникалық бейімделу ұғымдары - аккультурация, ассимиляция, әлеуметтік консенсус, сегрегация, интеграция, сепаратизм, маргинализация ұғымдары талданған.

**Кілтті сөздер:** этнос, этникалық бейімделу, толеранттылық, психологиялық бейімделу, аккультурация, ассимиляция, әлеуметтік консенсус, геноцид, сегрегация, интеграция, сепаратизм, маргинализация

**Аннотация:** В статье рассматриваются вопросы психологической адаптации и этнической адаптации депортированных этносов и этносов, анализируются понятия этнической адаптации - аккультурация, ассимиляция, социальный консенсус, сегрегация, интеграция, сепаратизм, маргинализация.

**Ключевые слова:** этнос, этническая адаптация, толерантность психологическая адаптация, аккультурация, ассимиляция, социальный консенсус, геноцид, сегрегация, интеграция, сепаратизм, маргинализация

**Annotation:** In the article, the issues of psychological adaptation and ethnic adaptation of deported ethnic groups and ethnic groups are considered, the concepts of ethnic adaptation are analyzed - acculturation, assimilation, social consensus, segregation, integration, separatism, marginalization.

**Keywords:** ethnos, ethnic adaptation, tolerance psychology, acculturation, assimilation, social consensus, genocide, segregation, integration, separatism, marginalization.

Қазақстандағы түрлі этностардың өзара біртұтас тату қарым-қатынастарының қалыптасуына қазақ халқының ұлттық ментальділігі және рухани байлығы – толеранттылығының ықпалы зор болды. Толеранттық (лат. tolerantia - төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге және идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті[1]. Толеранттылық – жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдерінің құқығы мен бостандығына негізделген демократиялық принциптердің бірі, қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің жоғары деңгейінің көрсеткіші. Толеранттылық өркениетті мемлекетке тән психологиялық феномен. Түрлі этностардың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлық тұрғысынан кемелденуі – этносаралық толеранттылықтың айқын көрінісі болып табылады.

Түрлі әлеуметтік, этностық топтар арасындағы және мемлекетаралық қатынастардағы келісімге қол жеткізу – кез-келген мемлекеттің басты мәселелерінің бірі. Бұл әлеуметтік үрдіс «консенсус» (лат. тіл. Consensus - келісім, ынтымақ, жарастық) терминімен түсіндіріледі. Қоғамдық

келісім – саяси және әлеуметтік дамудың барлық формасында қоғам үшін қажетті. Қоғамдық келісімнің қалыптасуы, даму және нығаю заңдылықтары бір мемлекеттегі түрлі ұлт өкілдерінің әрқелі тарихи жағдаймен этникалық бейімделуі нәтижесінде жүзеге асатын ұзақ уақыттық әлеуметтік қатынастар арқылы анықталады.

Этникалық бейімделу (лат. adaptatio-бейімделу) – этникалық топтардың (қауымдастықтардың) өзгерген табиғи және әлеуметтік-мәдени ортаға белсенді бейімделу процесі[1,2]. Этникалық бейімделудің негізгі тәсілі-жаңа әлеуметтік-этникалық ортаның нормалары мен құндылықтарын (мәдени-тілдік, экономикалық-мәдени, саяси, моральдық, тұрмыстық және т. б.), мұнда қалыптасқан этносаралық өзара әрекеттесу формаларын (ресми және бейресми байланыстар, мінез-құлық стилі, отбасылық және көрші қатынастар және т. б.) қабылдау. п.), сондай-ақ пәндік қызмет нысандары (мысалы, жұмысты немесе отбасылық міндеттерді кәсіби орындау тәсілдері).

Этникалық адаптация - этникалық топтардың (қауымдастықтардың) жаңа немесе өзгерген табиғи және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу үдерісі. Этникалық бейімделудің негізі – жаңа әлеуметтік-этникалық ортаның құндылықтарын (мәдени, тілдік, экономикалық, саяси, адамгершілік, күнделікті және т.б.) қабылдаудан басталады.

Көші-қон процесінде адам жаңа ортада тиімді өзара әрекеттесу үшін өзінің әлеуметтік және этникалық ерекшелігін өзгерту қажеттілігіне тап болады. Өкінішке орай, барлық мигранттар жаңа этникалық ортада өздерінің этникалық ерекшеліктерін тиімді бейімдеуге, өзгертуге қабілетті емес. Мұндай себептерге мигранттың жасынан, оның әлеуметтік деңгейі мен білімінен бастап, мигранттың жеке психологиялық сипаттамаларына дейінгі көптеген факторлар әсер етеді. Мигрант бұрынғы өмір салтынан бас тартуға, басқа әлеуметтік нормаларды, ережелер мен мінез-құлық тәсілдерін қабылдауға мәжбүр болады. Басқа адамдармен әлеуметтік, экономикалық және психологиялық қатынастардан бастап, өз отбасындағы қатынастарға дейін өзгереді. Өзгерістердің маңызды бөлігі – өзге мәдениетті қабылдау, яғни басқа тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, нормалар мен құндылықтар.

Аккультурация (лат. adkultura - білім, даму) – қандай да бір халықтың мәдениеті жоғары дамыған басқа бір халықтың мәдениетін толық немесе жартылай қабылдауы нәтижесінде болатын мәдени өзара ықпалдасу[2]. Аккультурация - бұл мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара әсер етуі, материалдық мәдениеттің, әдет-ғұрыптар мен нанымдардың өзгеруі, әртүрлі әлеуметтік-мәдени жүйелердің тікелей байланысы мен өзара әсерінен болатын процесс.

Аккультурация, ассимиляция және этникалық бірегейлену мен тұтастану процестерінің әрқелкілігіне қатысты қарастырылады. Аккультурация үдерісі екі түрлі жағдайда қалыптасады:

1. Саяси өктемдік жоқ жағдайдағы өзара қарым-қатынасқа түскен мәдениеттердің бір-бірінің құндылықтарын еркін қабылдауы;
2. Әскери немесе саяси басым топтың бағыныңқы мәдениетке өз құндылықтарын нысаналы және күшпен танытуы[3].

Көптеген зерттеулердің нәтижелері мәдени бейімделу үдерісінің жағымды қалыптасуы мәдениеттердің ұқсастық дәрежесіне байланысты. Мысалы, Кеңес үкіметі кезіндегі Қазақстанға арнайы депортацияланған этностар мен этникалық топтардың өзара мәдени ұқсастықтары көп болды. Депортацияланған ұлттардың өзара сәтті бейімделуіне көптеген басқа факторлар әсер етті, себебі Қазақстандағы ортақ географиялық орта, мәдени құндылықтар депортацияланған ұлттарға таңсық емес еді. Бірақ мәдениеттер арасындағы ұқсастық дәрежесін қабылдау әрдайым жеткілікті бола бермейтінін де ескеру қажет. Объективті мәдени қашықтықтан басқа, оған көптеген басқа факторлар әсер етеді.

Жалпы мәдениаралық байланыстың салдары үшін жалпы төрт категория бар:

- геноцид, яғни қарсы топтың жойылуы;
- ассимиляция, яғни басым топтың әдет-ғұрыптарын, сенімдерін, нормаларын біртіндеп ерікті түрде немесе мәжбүрлі қабылдау;
- сегрегация, яғни топтарды бөлек дамыту курсы;
- интеграция, яғни жаңа маңызды негізде біртұтас қауымдастыққа бірігу кезінде топтардың мәдени бірегейлігін сақтауы.
- сепаратизм, топ пен оның мүшелері өз мәдениетін сақтай отырып, басқалармен байланыс орнатудан бас тарту;

- маргинализация - топ пен оның мүшелері мәдениетін жоғалтқан, бірақ жаңа мәдениетпен тығыз байланыс орнатпауы[3].

Этностардың өзара әрекеттесуінде ұлттық психологиямен тығыз байланысты өзекті мәселенің бірі – ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер. Әрбір ұлттың әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, салт-жораларын ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде сақталатын, әрбір ұлттың мәдениетінде, тұрмысында ажырамас элементтер жиынтығы болып қалыптасады. Дегенімен де, заманауи өзгерістерге байланысты халықтардың тұрмыс-тіршіліктік деңгейінің дамуына сәйкес дәстүрлер де ауысады, түрленеді немесе тіптен жойылады.

Түрлі ұлт өкілдерінің мұқтаждығын өтеу, ұлтаралық қарым-қатынас аясында үйлесім орнату ұлтаралық бірегейліктің негізі. Қазақстанда жүзеге асырылып отырған ішкі саясаттың ұтымды жолы - қазақстандықтарды түрлі діни конфессияларға деген толеранттылыққа тәрбиелеу. Ұлттардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қорғауға байланысты жүзеге асырылатын шаралар халықаралық стандарттарға сай жүзеге асырылып отыр.

Қазақ халқы Кеңес Одағы тарапынан аштық пен репрессияның тауқыметін барынша көп көрген елдің бірі. Түрлі деңгейлік тарихи тауқыметті бастан кешірген қазақ халқы әрбір ұлт өкілдерінің еркін бейімделуіне зор ықпал жасады. Қазақ халқы депортацияланған түрлі ұлт өкілдерін өзіндік қонақжайлықпен, емен-жарқындылықпен қарсы алды. Осы уақытқа дейін жалғасын тауып келе жатқан интеграция үрдісі, яғни жаңа маңызды негізде біртұтас қауымдастыққа бірігу кезінде өзге ұлттардың мәдени бірегейлігін сақтау ісі – Қазақстан халқы ассамблеяларының құрылуынан айқындалады[4].

Қазақстан қоғамында этностар мен этникалық топтардың өзара ынтымақтастық пен халықтар достығының дамуы республикамыздағы діни конфессиялар мен ұлттар, ұлыстар арасындағы қарым-қатынастардағы отандас халықтардың шынайы достық әрекетімен ұласып отыр. Татулығы жарасқан, бір шаңырақ астында бірге өмір сүріп келе жатқан өзге ұлт өкілдері қазіргі таңда өздерін «қазақстандықпыз» дегенді мақтанышпен айтады.

«Қоғамдық келісім – Қазақстанның тұрақтылығы мен көркейіп дамуының негізі. Бұл - ойдан шығарылған формула немесе саяси қалып емес, бұл - біздің ішкі саясатымыздың өзегі. Бұл үрдіс әрдайым нақты да көрнекті әрекеттермен толығып отыруы керек», бұл қағиданы Қазақстандағы түрлі ұлт өкілдері өзіндік еркін таңдау жолымен ұстануы қажет.

Қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылықтың негізінде қалыптасқан Қазақстандық қоғамдық келісім ережелері «Қазақстанның ел бірлігі доктринасында» көрінісін тапты. Ел бірлігі доктринасында «Бәріміз, бір Отанның ұлдары мен қыздарымыз. Ал Еліміздің Тәуелсіздігі – қазақстанда тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан түрлі ұлт өкілдерінің орындалмаған арманы, Қазақ халқының ерен еңбегінің, ерлігінің және ерік-жігерінің, төзімділігі мен сабырлығының нәтижесі. Заманауи өркениетті Қазақстанды дамыту - біздің басты құндылығымыз[5]. Осы ұстаным түрлі ұлт өкілдерінің басым құндылықтарына айналды. Осы өзара келісімді татулықты жоғалтпау үшін қазақстандық әлеуметтанушы ғалымдардың алдындағы міндет ретінде бұл салаға әрдайым талдау жасау міндеті тұр. Объективті ғылыми зерттеулер ұлтаралық келісімді қатынастарда байсалды мемлекеттік саясат жүргізуге, түрлі көп ұлтты қазақстандық қоғамда этносаралық қатынастардың аясындағы жанжалдық жағдаяттардың алдын алуға, жоюға және осы жағдай орын алған мезетте оны табысты шешуге ықпалын тигізеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Т.Г Стефаненко. Этнопсихология: Учебное пособие. – М.: Проект, 2000.
2. В.Г.Крысько. Этническая психология.: Учеб. Пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 320 с.
3. Қ.Б.Жарықбаев, О.К.Аймағанбетова Этнопсихология.- А,2001.
4. З.Қабылдинов. Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді.- 2014.
5. С.М.Сыздықов, С.В.Селиверстов., Ж.С. Сыздықова., Н., Джаферсой, З.Е.Қабылдинов Н.Назарбаевтың еуразиялық идеясы және түркі кеңістігі: Ұжымдық монография.- Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 404 б.

ӘОЖ: 371

### САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ- МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОҚИТУ МЕН ОҚУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ТӘСІЛІ

А.М.Бердимбетова

Байзақ ауданы Берікқара орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі  
[berdimbetova87@bk.ru](mailto:berdimbetova87@bk.ru)

М.Х.Акимова

Байзақ ауданы Берікқара орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі  
[madina.akimova.90@mail.ru](mailto:madina.akimova.90@mail.ru)

**Аңдатпа:** Lesson Study – мұғалімдердің білімін қалыптастыру және оқыту мен оқуды жетілдірудің ең тиімді тәсілі. Мақалада сабақты зерттеу әдісін қолдана отырып оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру және оқыту мен оқуда ынтымақтастықта жұмыс жасай білуіне оң әсерін тигізу. Сабақта тиімді әдіс – тәсілдерді пайдаланып, оқушылардың ұжымдық, жұптық және жеке жұмыс істеуге, сыни ойлау қабілетін қалыптастыру.

**Түйінді сөздер:** дағды, сыни ойлау, төңкерілген сабақ, көшбасшы, оқушы үні.

**Аннотация:** Lesson Study— наиболее эффективный способ формирования знаний учителей и улучшения преподавания и обучения. В статье использование метода изучения урока положительно влияет на формирование знаний и умений учащихся и умение работать в сотрудничестве в обучении и обучении. Эффективным методом на уроке является формирование у учащихся критического мышления, умения работать коллективно, в парах и индивидуально, используя приемы.

**Ключевые слова:** умение, критическое мышление, перевернутый урок, лидер, голос ученика

**Annotation:** Lesson Study is the most effective way of forming teachers' knowledge and improving teaching and learning. In the article, using the method of studying the lesson, to have a positive effect on the formation of knowledge and skills of students and the ability to work cooperatively in teaching and learning. An effective method in the lesson is the formation of critical thinking ability of students to work collectively, in pairs and individually, using methods.

**Keywords:** skill, critical thinking, flipped lesson, leader, student voice.

Баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденеді. Сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасайды. Қазіргі қоғамда белгілі бір жетістіктерге қол жеткізу үшін алған білімнің сапалы да жүйелі болғаны дұрыс. Сондықтан алған біліммен шектелмей үнемі ізденіс үстінде болып, үздіксіз даму жолдарын қарастыру - бүгінгі маманға қойылып отырған ең негізгі және өзекті талаптардың бірі болып табылады. Осы талаптарды негізге ала отырып, өз тәжірибемізде, атап айтқанда, сабақты зерттеу үдерісінде іске асырудамыз. Сабақты зерттеуді жүргізудегі мақсатымыз – оқушының білім сапасының көтерілуіне, оқыту мен оқуда ынтымақтастықта жұмыс жасай білуіне оң әсерін тигізу. Осы мақсатта мектебімізде сабақты зерттеу үдерісі жүзеге асырылды. Берікқара орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Бердимбетова А.М., биология пәнінің мұғалімі Акимова М.Х., математика пәнінің мұғалімі Илмуратов Т.Б., химия пәнінің мұғалімі Керимкулова А.А мұғалімдерімен бірлесе отырып алдымен сыныпты таңдадық. Lesson Study тобы өзара келісе отырып 8 сыныпқа зерттеу сабағын жүргізуді жоспарладық. Сыныпта –19 оқушы, қыз бала –10, ер бала –9. Сыныпта оқу озаты –3, екпіндісі –8. Жалпы білім сапасы - 58%-ды құрайды. Сыныптың білім деңгейі мен сыныптың белсенділігі, жарыса оқу деңгейі орташа. Сондықтан осы сыныпта тиімді әдіс-тәсілдерді оқыту арқылы сыныпта оқу мен оқыту үрдісінде белсенді, бәсекелестік атмосфера тудыру болды. Сонымен қатар оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қызығушылығын ояту, білім сапасын көтеру. Пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, зерттеу сұрағын былай деп алдық. «Оқушылардың жоғары дәрежелі сұрақ қою дағдыларын қалай дамытамыз?» Зерттеу сабақтарымызда біз сыныптағы барлық оқушыларды А,В,С деңгейіне бөліп алдық. Бұлай бақылау бізге тиімді болды. Себебі сыныптағы барлық оқушылар бақылаушылардың назарында болады. Мұнда А деңгейдегі оқушы–сабақты өте жақсы оқиды, өз ойын еркін жеткізе алады. В деңгейдегі оқушы–сабақта үлгерімі жақсы, белсенділік аса

танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап береді. С деңгейдегі оқушы–деңгейі төмен, сабаққа қызуғушылығы жоқ, сылтау тауып сабақтан қалуға тырысып отырады.

Топ отырысында бақылаушылар үшін төмендегі жаднаманы дайындап алдық:

- Бақылаудағы оқушылардың сабақ кездеріне таңдаған әдісті меңгеру деңгейі, жұмысқа кірісуі қалай болды? Оқушының әрқайсысы қандай прогреске қол жеткізді?

- Басқа оқушылар осы әдісті қалай қабылдады?

Сабақты оқыту мақсатына алынған тәсілдің тиімділігі қандай болды? Енгізіліп жатқан әдіс қалай көмектесті немесе кедергі келтірді? Қандай тосын оқиғалар болды?

Биология пәні. Сабақтың тақырыбы: «Адамның асқорыту жүйесінің құрылысы». Оқу мақсаты:

8.1.2.3 - адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру.

Таңдалынып алынған әдіс-тәсілдерім «Триггерлік суреттер», «Ойлан-бөліс-жұптас», «Tarsia», «Фрейер моделі», «Даналық ағашы».

Сабағымда тақырыпты ашу үшін алған әдістерім өте сәтті болды. Өйткені оқушылар оқыған мәліметтерді саралап, талқылап, оған байланысты көзқарастардың түсінгендерін, берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылады, бір ойдың екінші рет қайталанбауы, өмірімен байланыстыра білді. Бір-бірімен жұптасқан оқушылар өз жұмыстарының ойын жеткізу барысында өзге оқушының пікірін жеткізе алды. А деңгейіндегі оқушыларды сараптай келе олардың өте шапшаң, тез қабылдағыш, қызығушылықтары жоғары оқушылар екенін байқадым. Берілген тапсырманы уақытында орындау, проблеманы шешу - оқушы үшін маңызды болып саналатын іс әрекеттердің бірі. Сабақта берілген әр тапсырма оқушы үшін құнды болып саналады, топта жұмыс істегенде де қызығушылық танытып, әртүрлі сұрақтар қойып, қорытынды ой-пікірлерімен, дәлелдерімен көзге түсе білді. Оқушы өз ортасында, топтағы оқушылармен бірігіп жұмыс жасай отырып, бірін-бірі тыңдауды, бір-бірінің пікірімен санасуды үйренді. Оқушылар өте жоғары деңгейде өзіне берілген тапсырманы қорғай білді. Сабақ соңынан А деңгейіндегі оқушылар «кері байланыс» парағын толтырып, өзінің ойын еркін жазып, бүгінгі сабаққа қандай ұсынысы бар екенін білдірді. «Триггерлік суреттер», «Ойлан-бөліс-жұптас», «Tarsia», «Фрейер моделі», «Даналық ағашы» әдістері бұл оқушылар үшін тиімді болды. Көшбасшылық қасиеттерін одан ары ашты. В деңгейіндегі оқушыларды сараптай келе олардың бұрын өзбегінше жұмыс жасауға қиналатын, достарының көмегімен және мұғалімнің қадағалауымен зейін қойып оқитынын және жазатынын байқадым. Бұл сабақта топтық, жұптық жұмыстар нәтижесінде басқа оқушылармен қарым-қатынас жасай білді. Топпен бірлесіп, ынтымақтасып жұмыс жүргізуді, бірлесіп жұмыс істеуді үйренді. Топта белсенділігі артты. Сабақтың басында белсенділік танытпағанмен сабақ ортасына қарай, әсіресе топтық, жұптық жұмыстарда өзін еркін сезінді. Тобындағы оқушыларға көмектесіп отырды. Сабақтың басында «Ойлан-бөліс-жұптас», «Фрейер моделі» әдістерінде В оқушылары ұяңдық танытты. Тек мұғалім сұраған кезде жауап берді. «Триггерлік суреттер», «Даналық ағашы» әдістері В оқушыларына тиімді болды. Ұяңдықты ұмытып белсенділігі артты, коммуникативтік дағдылары дамыды. Бақылаудағы С деңгейдегі оқушылар тез қабылдай алмайтын және қызығушылығы төмен, жылдам орындай алмайды, ойланып отырып жазады. «Триггерлік суреттер», «Tarsia» әдістері С деңгейіндегі оқушыларға тиімді болды. Топта жұмыс істегенде қызығушылық танытып, әр түрлі сұрақтар қоя алмады, тек жанындағы оқушының көмегімен орындады. Қорыта айтқанда қолдау мен көмек керек. «Даналық ағашы», «Фрейер моделі» әдістері С деңгейіндегі оқушылар үшін тиімсіз болды. С оқушы топтық жұмыста сыныптастарының көмегіне сүйенеді, жеке жұмыстарда қолдау мен көмек қажет етеді.



Сурет 1.



Сурет 2.

Қазақстан тарихы сабағы. Сабақтың тақырыбы: «Ахмет Байтұрсынұлы-«ұлт ұстазы»». Сабағымның оқу мақсаты:

8.2.2.2 Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау.

Lesson Study зерттеу сабағын төңкерілген сабақ ретінде алдық. Сабақтағы таңдап алынған әдіс тәсілдерім- «Өрмекші торы», «Фотобокс», «Tarsia», «Сикырлы қоржын» болды. Үй тапсырмасын «Өрмекші торы» арқылы сұрадым. «Өрмекші торы» әдісінде барлық оқушылар қамтылады. А деңгейдегі оқушылар өрмекшінің торын өзіне алғанда барлық мәтінді дұрыс айтты. В деңгейдегі оқушыларда өздерінің дайындығына қарай жауап берді. С деңгейдегі оқушылар өз ойын толық ашық айталмай қысылды, бірақ жауап берді. «Фотобокс» әдісінде оқушылар топпен жұмыс жасады. 1-ші топ оқушылары пленкадағы суреттер бойынша мәтін құрады. 2- топ пленкадағы жылдарды қатыстырып мәтін құрады. Топта А деңгейдегі оқушылар өздерінің көшбасшылығын көрсетті, тапсырманы дұрыс орындады. В деңгейдегі оқушылар топтық жұмыста өздерін жақсы ұстап, жақсы жұмыс жасады. Ал С деңгейдегі оқушылар топта ат салысып, ойын білдіріп, белсенді болғанымен қорғауға келгенде ойын толық жеткізе алмады. Келесі тапсырмада «Tarsia» әдісін қолдандым. «Tarsia» әдісі бойынша оқушылар өз жұптарымен сұрақтардың жауаптарын дұрыс анықтап пирамида құрастырды. Жұптық жұмыста А деңгейдегі оқушылар тапсырманы дұрыс орындады және өзінің жұбына көмек беріп отырды. В деңгейдегі оқушылар жұптық жұмыста тапсырмаға белсенді қатысты. С деңгейдегі оқушыларым жұптық жұмыста тапсырма орындаған да өз жұбының көмегіне жүгінді.



Сурет 1.



Сурет 2.

1-ші және 2-ші суретте оқушылар «фотобокс» әдісі арқылы топтық жұмыс орындап жатыр.

Зерттеу сабағынан соң оқушылар арасында талқылау жүргіздік. Яғни оқушы үнін жүргіздік. Біз барлық оқушылармен емес, тек бір топтағы оқушыларды ғана алып қалып, оқушылармен сұқпат жүргіздік.

- Саған сабақта бәрінен де не ұнады?
- Сені нені үйрендің?
- Бұрын істей алмағандарыңнан қазір нені істей аласың?
- Оқытудың қай бөлігі сен үшін барынша тиімді болды?
- Егер дәл осы сабақ басқа сабақта өткізілетін болса, нені өзгертер едің?
- Неліктен бұл бөлігін өзгертер едің?
- Қалай ойлайсың еркін түрде әңгіме жүргізген ұтымдыма, жоқ әлде тәртіп сақтаған тиімдіме?
- Жұптасып ой бөлісу және өз жұбыңның пікірі мен ой-тұжырымын жеткізу барысында өз бойыңда қандай дағды қалыптастырдың?-деген оқушыларға қойылды.

Оқушылардың жауабын тыңдап болғаннан кейін, топтағы ұстаздар егер осы сабақтарды қайта өткізер болсақ нені өзгертер едік? Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдістерін қаншалықты тиімді пайдалана білдік? Осы іс-әрекеттер оқушының ойлауына қаншалықты ықпал етті? -деген сұрақтарды өзімізге қойдық. Түсінгеніміз мұғалім әр сабақ сайын өз іс-әрекетін талдау арқылы жіберген қателіктерін ескере отырып түзейді. Осы сабақты қайта өтер болсақ, кері байланыс арқылы оқушылардың пікірін біліп, сабағымызды оқушыларға ұнайтын әдіс-тәсілдер мен ойын түрлерін қосып жоспарлаймыз.



Қорыта айтқанда сабақта таңдап алынған әдіс-тәсілдеріміз тиімді болды. Өйткені сабақта қамтылмай қалған оқушылар болған жоқ. Әсіресе С деңгейдегі оқушыларымызға тиімді болды. Сыныптың сабақ үлгерімі 58%-дан 65%-көтерілді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық
2. Пит Дадли Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері
3. Пит Дадли Lesson Study UK [www.lessonstudy.co.uk](http://www.lessonstudy.co.uk) Lesson Study: нұсқаулық

UDC:371

### APPROACHES TO UNDERSTANDING AND RESEARCHING THE DEVELOPMENT OF SOFT SKILLS IN FUTURE IT SPECIALISTS

Marzhan Bekbolat

PhD student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

[marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz](mailto:marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz)

Kazakhstan, Turkistan

**Annotation:** In the present paper, it is investigated approaches to understanding and researching the soft skills development process in future specialists in the information technology field in the context of higher education. The study showed that the number of publications in the field of study increased recently showing the importance of the investigated topic. However, despite the growth in the number of publications it was found that there was a lack of studies systematizing the approaches necessary for understanding and researching the soft skills development process in the future IT specialists in the context of higher education. Thereby this review paper aimed to systematically analyze articles related to the topic in order to identify the research gaps in the topic of interest.

**Keywords:** Soft skills, IT specialists, competency, higher education, Industry 4.0

**Аңдатпа:** Бұл жұмыста жоғары білім контекстінде ақпараттық технологиялар саласындағы болашақ мамандардың икемді дағдыларын дамыту үдерісін түсіну және зерттеу тәсілдері зерттеледі. Зерттеу соңғы уақытта осы саладағы жарияланымдар санының арқанын көрсетті. Алайда, жарияланымдар санының өсуіне қарамастан, жоғары білім контекстінде болашақ IT мамандарының икемді дағдыларын дамыту үдерісін түсіну және зерттеу үшін қажетті тәсілдерді жүйелейтін зерттеулердің жеткіліксіздігі анықталды. Сондықтан бұл шолу жұмысы зерттеу саласындағы олқылықтарды анықтау үшін тақырыпқа қатысты мақалаларды жүйелі түрде талдауға бағытталған.

**Кілтті сөздер:** Икемді дағдылар, IT мамандары, күзiреттiлiк, жоғары білім, Индустрия 4.0

**Аннотация:** В настоящей статье исследуются подходы к пониманию и исследованию процесса развития мягких навыков у будущих специалистов в области информационных технологий в контексте высшего образования. Исследование показало, что в последнее время увеличилось количество публикаций в области исследования, что свидетельствует о важности исследуемой темы. Однако, несмотря на рост числа публикаций, было выявлено отсутствие исследований, систематизирующих подходы, необходимые для понимания и исследования процесса развития soft skills у будущих ИТ-специалистов в контексте высшего образования. Таким образом, этот обзорная статья был направлен на систематический анализ статей, связанных с темой, с целью выявления пробелов в исследованиях по интересующей теме.

**Ключевые слова:** Soft skills, ИТ-специалисты, компетенции, высшее образование, Индустрия 4.0

The introduction of the Fourth Industrial Revolution also known as Industry 4.0 changed many aspects of our life including education. These changes are forces that shape today’s educational system, identify priorities and necessary skills to develop in future specialists [1]. Researches reveal that in the professional reality of the 21st century, there is a need for the development soft skills to achieve personally significant goals [2]. Thereby, soft skills that are considered as a set of non-specialized skills that allow the subject to be successful in establishing and maintaining interpersonal interaction in professional and non-professional areas of life and activity are being a big point for a discussion among researchers.

According to the "Concept for the development of science of the Republic of Kazakhstan for 2022 - 2026" approved by the Higher Scientific and Technical Commission, information, communication and space technologies and research in the field of education and science are among the priority areas for the development of science for 2022 - 2024 [3]. Given that, this article aims to investigate approaches to understanding and researching the soft skills development process in future specialists in the information technology field in the context of higher education. This work was guided by following research question:

- What are the soft skills necessary for the future specialist in the information technology field and how to develop them?

A systematic review, which is a type of research synthesis that is usually carried out to find an answer to a particular question or questions by analyzing the relevant literature in order to further advance the research in the field [4], was applied to find answers to the above mentioned questions. The PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) statement, which is one of the most popular systematic literature review search strategies [5], was utilized to perform an extensive literature search. The following keywords were used to conduct both manual and electronic search from the selected journals: “Higher education”, “Soft skills”, and “IT specialists”. The combination of keywords with following formulation "soft skills" AND ("information technology") OR ICT) was used to search the relevant literature. The search was limited to the papers published since 2018 as the articles published earlier than 5 years will not be considered as up-to-date in the field of education. The inclusion and exclusion criteria selected to this study are listed in Table 1.

Table 1.

Inclusion and exclusion criteria

<b>Inclusion criteria</b>	<b>Exclusion criteria</b>
Directly related soft skills	Study is irrelevant to soft skills in ICT field
Related to soft skills in education	Not peer-reviewed
Peer-reviewed	Not written in English
Written in English	Duplicate papers
Published after 2018	Article is not accessible online

The article should meet all inclusion criteria and should not match any of the exclusion criteria in order to be included in this systematic review.




Figure 1. A diagramic representation of review process

The initial search resulted in 1040 articles from Google Scholar search engine and only 30 papers from IEEE Xplore. After removal of duplicates, not full-text articles and not peer-reviewed papers 497 articles were passed to record screening step. 339 articles were removed after title screening and 112 articles were excluded after abstract assessment as non-relevant research if the work is not about development of soft skills in higher education or not related to information technologies field. Only 12 papers were included in this review after detailed full-text assessment of the remaining 46 articles, refer to Figure 1.

The list of the soft skills important for ICT specialists were determined based on the analysis of the articles, and results are given in Table 2.

Table 2.

Analysis of the articles

Reference	What soft skills were indicated to be necessary for the future specialist in the information technology field?
[6]	Problem-solving, logical thinking, teamwork and time management. The debating was found to be the least desirable skill for future professional

[7]	Communication skills, teamwork, critical thinking
[8]	Honesty, cooperation, communication, self-control and analytical thinking
[9]	Teamwork, communication, results orientation, and adaptibility to changes
[10]	Communication, teamwork, organizational skills, interpersonal skills, and self-learning
[11]	Communication skills, interpersonal skills , lifelong learning skills, management skills, problem solving skills
[12]	Interaction, articulation and interpersonal skills
[13]	Communicatio, problem solving, and initiative skills
[14]	Communication, problem solving, collabaration, creativity and critical thinking
[15]	Communication, ability to apply knowledge in practice, ability to self-learning, teamwork
[16]	Critical analysis, problem-solving, communication, self-managemnt, investigation, and teamwork
[17]	Teamwork, communication with stakeholders, presentation, negotiation, and innovation

Based on the above we can conclude that skills like communication skills, teamwork, critical and logical thinking skills are important for the future information technology professional. The result of this theoretical analysis does not exactly match with survey which we conducted in [18], about the soft skills necessary to develop in future specialists among the bachelor students of the ICT educational programs of the International Kazakh-Turkish University named after Kozha Ahmet Yasawi. The survey showed that skills like time-management, leadership, creativity, etc. are important to students.

This can be because of the differences in concept of soft skills taught in different higher educational institutions. In [19] authors conducted a survey on the soft skills competences of the young ICT professionals and results showed that to the gap in perception soft skills directly depends on the higher educational instructions from where the participants were graduated. This finding indicates that the process of development should undertook during the higher education period.

The quickly changing adaptation of the new technologies dramatically changed most aspects of the science related job market and IT is one of the fields that underwent a transformation in the perspective of requirements put on the job seekers. The analysis of the articles on the topic showed that among with the technical skills the competence in the form of soft skills is one of the most important factors determining employability of the specialists in the ICT sector within the paradigm of Industry 4.0. Actually some of the findings noted the prevalence of the soft skills, that can be transferred from one sphere to another, over the hard skills. According to the results of the review in order to effectively develop soft skills in students from the information technology sector, firstly, there should be a determined list of criteria on how to assess them on competency of these non-technical skills. Secondly, there is a need to build a systematic method on how to develop soft skills and how to add it to the current curriculum. Thirdly, it was found that higher education institutions play a critical role in this process of developing soft skills.

**list of used literature:**

1. Mitsea, E., Drigas, A., & Mantas, P. Soft Skills & Metacognition as inclusion amplifiers in the 21st Century. // International Journal of Online and Biomedical Engineering (IJOE). - 2021. 17(04), 121. <https://doi.org/10.3991/ijoe.v17i04.20567>
2. Touloumakos, A. K. Expanded yet restricted: A mini review of the Soft Skills Literature. Frontiers in Psychology. 2020. 11. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2020.02207>
3. The concept of the development of science of the Republic of Kazakhstan for 2022-2026, approved by the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated May 25, - 2022 No. 336. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000336>

4. Munn, Z., Peters, M. D., Stern, C., Tufanaru, C., McArthur, A., & Aromataris, E. Systematic Review or scoping review? guidance for authors when choosing between a systematic or scoping review approach. // BMC Medical Research Methodology. - 2018. 18(1). <https://doi.org/10.1186/s12874-018-0611-x>
5. Sarkis-Onofre, R., Catalá-López, F., Aromataris, E., & Lockwood, C. How to properly use the Prisma statement. // Systematic Reviews. - 2021. 10(1). <https://doi.org/10.1186/s13643-021-01671-z>
6. Schipper, M., & van der Stappen, E. Motivation and attitude of computer engineering students toward Soft Skills. // 2018 IEEE Global Engineering Education Conference (EDUCON). - 2018. <https://doi.org/10.1109/educon.2018.8363231>
7. Alvarez-Rodriguez, F. J., & Aguilar Vera, R. A. Assessment of digital graduation competences for programs degrees in Computing and information technology under the society 5.0 paradigm. // IEEE Revista Iberoamericana De Tecnologias Del Aprendizaje. - 2022. 17(2), 208–214. <https://doi.org/10.1109/rita.2022.3167006>
8. Arifin, V., Razi Mohamed Jalaldeen, M., Kartiwi, M., & Marziana Abdullah, L. Investigation of it competence and readiness of it students facing the Industrial Revolution 4.0. // 2020 8th International Conference on Cyber and IT Service Management (CITSM). - 2020. <https://doi.org/10.1109/citsm50537.2020.9268899>
9. Succi, C., & Canovi, M. Soft skills to enhance graduate employability: Comparing students and employers' perceptions. // Studies in Higher Education. - 2019. 45(9), 1834–1847. <https://doi.org/10.1080/03075079.2019.1585420>
10. Stal, J., & Paliwoda-Pękosz, G. Fostering development of soft skills in ICT curricula: A case of a transition economy. // Information Technology for Development. - 2018. 25(2), 250–274. <https://doi.org/10.1080/02681102.2018.1454879>
11. Hanim Md Pazil, A., & Che Razak, R. Perspectives of Asian employers on graduates' soft skills: A systematic review. // Universal Journal of Educational Research. - 2019. 7(11), 2397–2405. <https://doi.org/10.13189/ujer.2019.071117>
12. Tseng, H., Yi, X., & Yeh, H.-T. Learning-related soft skills among online business students in Higher Education: Grade level and managerial role differences in self-regulation, motivation, and Social Skill. // Computers in Human Behavior. - 2019. 95, 179–186. <https://doi.org/10.1016/j.chb.2018.11.035>
13. Dogara, G., Saud, S. M., Kamin, Y. bin, Hamid, M. Z., & Nordin, M. S. Developing soft skills through project based learning in technical and Vocational Institutions. // International Journal of Engineering and Advanced Technology. - 2019. 9(1), 2842–2847. <https://doi.org/10.35940/ijeat.a9803.109119>
14. Veldhuis, M., Koning, M., & Stikkolorum, D. A quest to engage computer science students: Using dungeons & dragons for developing Soft Skills. // The 10th Computer Science Education Research Conference. - 2021. <https://doi.org/10.1145/3507923.3507927>
15. Anicic, K. P., & Buselic, V. Importance of generic skills of ICT graduates—employers, teaching staff, and Students Perspective. // IEEE Transactions on Education. - 2021. 64(3), 245–252. <https://doi.org/10.1109/te.2020.3034958>
16. Hall, J. L., & Rao, A. Non-technical skills needed by cyber security graduates. // 2020 IEEE Global Engineering Education Conference (EDUCON). - 2020. <https://doi.org/10.1109/educon45650.2020.9125105>
17. Cico, O. The impact of it bootcamp on student learning - experience from ICT enabled experiential-based course. // Lecture Notes in Business Information Processing. - 2019. 430–435. [https://doi.org/10.1007/978-3-030-33742-1\\_37](https://doi.org/10.1007/978-3-030-33742-1_37)
18. Bekbolat M., Berkimbaev K., Niyazova G. Ikemdi dagdylar – bolashaq aqparattyq-kommunikaciialyq tehnologiialar mamandarynyn basekege qabiletiligin arttyru kepili [Soft Skills as a Guarantee of the Growth of Competitiveness of Future Specialists in Information and Communication Technologies] // Iasui universitetinin habarshysy. – 2022. – No3 (125).– B.141–153. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.12>
19. Singh Dubey, R., & Tiwari, V. Operationalisation of soft skill attributes and determining the existing gap in novice ICT Professionals. // International Journal of Information Management. -2020 50, 375–386. <https://doi.org/10.1016/j.ijinfomgt.2019.09.006>

ӘОЖ 37.77:371

## ОТБАСЫДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ

А.С.Берденова  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
аға оқытушы, магистр  
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Мақалада отбасы, мектеп пен мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше тәрбиешілер тобын құрайтыны айтылады.

**Тірек сөздер:** эгоцентризм, рухани әлем, сыни көзқарас, микро орта.

**Аннотация:** В статье говорится о том, что семья, школы и дошкольные учреждения, детско-юношеские объединения, улица, средства массовой информации - все они образуют особую группу воспитателей, оказывающих формирующее воздействие на развитие личности.

**Ключевые слова:** эгоцентризм, духовный мир, критическое мышление, микросреда.

**Annotation:** The article says that the family, schools and preschools, children's and youth associations, the streets, the media - all of them form a special group of educators who have a formative impact on personal development.

**Keywords:** egocentrism, spiritual world, critical thinking, microenvironment.

Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан жас ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға етіп, қалыптастыру заманы болып табылады. Жеке тұлға қалыптасуына объективті және субъективті жағдайлардың ықпалымен әлеуметтік деңгейде қарым-қатынас жасауына макро және микро жағдай себепші болады. Макрожағдай қоғамдағы қарым-қатынас, қоғамдық сана формалары, ал микро жағдай қарым-қатынасқа түсетін ортасына байланысты (отбасы, ұжым, топ, құрбылары, мектеп). Жас ұрпақ тәрбиесі, жастардың рухани дамуына байланысты қамқорлық-қоғамның маңызды мәселелерінің бірі.

Қарым-қатынасты зерттеген ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін, ұғымына төмендегідей анықтама беруге болады:

Қарым- қатынас мәдениеті дегеніміз-адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табуды айтамыз.

Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасу деңгейін, оның сапасын өлшеп көрсету өте қиын. Өйткені тек қана іскерлік, қолданбалы, тәжірибелік мәселелердің тиімді шешілгені қарым-қатынастың барысында барлық қатынасқан субъектілері үшін оң жағдайда жүргенін көрсетуі мүмкін. Сондықтан іс-шаралар нәтижесі гуманистік, адамгершілік қасиеттерді сақтау негізінде, басқаларға психологиялық қысым, зорлық көрсетпей жүргізу бағытында болғанда ғана қарым-қатынас мәдениеті сақталғаны анық байқалады.

Отбасы, мектеп пен мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше тәрбиешілер тобын құрайды.

Отбасының негізгі міндеті – белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыру. Отбасы қоғамдық, топтық және жеке адамдық қажеттіліктерді қанағаттандырады. Қоғамның әлеуметтік ұясы бола отырып, отбасы біраз ең маңызды қажеттіліктерді, соның ішінде халықтың санын ұдайы жанартып отыру қажеттілігін де қанағаттандырады. Сонымен қатар отбасы, әлбетте, өзінің мүшесінің жеке бастық қажеттіліктерін де, сондай-ақ жалпы отбасылық қажеттіліктерді де қанағаттандырып отырады.

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез – құлықтарды меңгере бастайды. Дәстүрлі отбасылар сияқты кеңейтілген отбасылар да әлеуметтік жүйе болып табылады, онда әрбір отбасы мүшесі басқа мүшелеріне тікелей және жанама түрде ықпал ете алады. Отбасы жағымды ата –аналар бірлестігінің бір –бірін қолдаушы ата-аналар құрай алатын болса, балалар неғұрлым жақсы тұрады.

Е.Т.Соколова бала мен ана арасындағы қарым-қатынасқа көңіл аудара отырып, тәрбиелеудің келесі стилдерін бөледі:

1. Қызметтестік: қарым-қатынаста шеттетілгендердің алдындағы қолдаушы тұжырымдар басым болады. Анасы баласын белсенділікке итермелейді;
2. Оқшаулану: отбасында ортақ шешімдер қабылданбайды; бала оқшауланып, ата-анасымен өз ішкі әлемі жайлы бөліскісі келмейді;
3. Бәсекелестік: қарым-қатынас қарсы тұрумен, сыни көзқараспен байқалады;
4. Жасырын қызметтестік: серіктестер эгоцентризм танытады, ортақ шешімдердің мотиві іскерлік емес, ойындық болып табылады.

Сол сияқты, баламен өзара қарым-қатынас стилдерін талдаудағы әртүрлі бағыттарды қарастыра отырып, үш құрамдас бөлікті айтуға болады: эмоциялық, танымдық және мінез-құлықтық.

Танымдық – бала бейнесі мен ерлі-зайыптылардың тәрбиедегі роліне қатысты ата-аналық нұсқаулар мен үміттерге негізделеді. Сонымен қатар бұл құрамдас бөлек ата-аналардың баламен қарым-қатынасқа түсе білу тәсілдері жайлы түсініктерді де қамтиды.

Ата-ананың көңіл – күйі балаға үлкен әсер етеді. Себебі олар балаға дербес еркін адам болып өсуіне, өзін өмірге дұрыс бейімделуіне ата-ана мен бала арасындағы достық қатынастың қалыптасуына кесірін тигізеді. Сондықтан бала өз дербестігі үшін күресуге әрекеттенеді де көптеген ұрыс-керістің, күйзелістің себепкері болады.

Бала тәрбиелеу мен оның мүмкіндігін ұштастыру бір бірінен бөлінбейтін қағидалар. Баланы қандай адам ретінде көргісі келетін ата-аналар мен мұғалімдер тәрбиелеу мен оның қабілетін дұрыс ұштастыра алғанда ғана өз дегеніне жете алады. Бірақ баланың ішкі жан дүниесімен, мүмкіндігімен санаспай, тек өзім қалаған адам жасаймын деп оны жанды қуыршаққа айналдырмау керектігін ұмытпаған жөн.

Отбасы тәрбиесінде қолданатын әдістер – бұл өнеге-үлгі, бірлікті іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдау және оны қорғау.

Баланың жан-жақты дамуына отбасы үлкен әсер етеді. Ата-аналардың өзара қарым-қатынасы, балаларға деген қатынасы, жалпы алғанда отбасы ішілік жағдай – міне осының барлығы өскелең ұрпаққа толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына, әке және ана болу үшін таптырмайтын тәжірибе мектебі болып саналады.

Баланы жеке адам ретінде қалыптастырудың тиімділігі оның әр алуан әрекет түрлеріне – ойынға, оқуға, еңбекке қарым-қатынас жасауға белсене қатысуына байланысты. Демек, мұндай әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру, оған пайдалы бағыт беру, оған қызықты, шығармашылық сипат беру қажет. Қазіргі уақытта психологтар мен педагогтар баланың жеке басындағы қасиеттерінің негізгі оның алғашқы жылында-ақ қаланады деген пікірді дәлелдеді. Жаңа туған нәрестеде көптеген қабілеттердің нышаны ғана болады. Бала өмірінің алғашқы жылдарында сол нышандарды дамытуға қолайлы жағдайлар болмаса немесе ол үшін әрекет жасалмаса, кейін оларды жүзеге асыру қиынға түседі.

Жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан отбасылық қарым-қатынас баланың тұлғалық-психологиялық дамуының ғана емес, оның шығармашылық қабілеттерімен іскерліктерінің дамуының қайнар көзі болып табылады. Сондықтан отбасыда баланы жан-жақты дамытудың тиімді ережелері:

- баланы бар қалпында сүйу, құрметтеу қажет;
- балаға әсер ететіні жай ғана сөз емес, оның қалай айтылғаны, шын көңілден шыққандығы маңызды;
- балалармен қарым-қатынас оның жас ерекшелігіне сәйкес болуы маңызды, сонда ғана үлкен мен кіші арасында дау-дамай туындамайды;
- баланың не айтатынының түсініп алған жөн, асығыс қортынды жасамау қажет;
- жазаны келеңсіз әрекеті үшін қолдануға үйренген жөн, баланың намысына тиіп, қорламау;
- бала жөнінде басқалар айтқан сын пікірден қортынды жасаудан бұрын, баланың өзімен әңгімелесіп себебін анықтап, кейін шешім қабылдау қажет;
- балаға үйрететінді алдымен өзің үйреніп алу қажет;
- өз балаңызға «жоқ» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріп көріңіз, содан қортынды шығарыңыз;

- бала ата-анасына түгелдей тәуелді. Ата-анасының өз өміріне ықыласпен араласқанын ұнатады;
- балаламен өмір, тұрмыс жөнінде сұхбаттасып тұрған жөн.

Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлғаралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды. Қарым – қатынас барысында екі немесе бірнеше психологиялық жүйе, рухани әлем және ой – пікір, сана – сезім, мінез – құлық, қылық – жорықтар арасында келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыстық, талас – тартыс, қарама – қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады.

Отбасы қарым – қатынасында, олардың ішінен келісім, өзара түсіністік, бірінің екіншісіне бойұсынуы, бірінің екіншісін құптауы сенімді қарым – қатынасының қазіргі кездегі отбасы ерекшеліктері әр тұлғаның мейлі балалары, мейлі ересектері болсын, ақпарат байлығы болып, өзара қарым – қатынас осы мағлұмат алмасу кезінде өте тығыз орнығуы ықтимал. Өзара мағлұмат алмасу отбасы мүшелерінің рухани кемелденуіне алып келсе, мұндай отбасының болашағы бар. Отбасы мүшелеріне қарым – қатынас арқылы біріктіретін, өзара туысқандық байла-ныстарын нығайта түсетін аса маңызды саланың мақсаты. Отбасының материалдық қамсыздандыру мақсатындағы бірлесіп еңбек ету, нәтижесінде ортақтасу, бөлісу. Мұндай қарым – қатынас алдымен, отбасы иелері әке мен шеше ортасында түсі-ністікпен орнаса, соның өзі балаларға өнеге болатыны өмірден белгілі.

Қарым – қатынас барысындағы біреудің екінші бір адамға әсерін, не болмаса өзара қарым – қатынас нәтижесіндегі сипатта болғанымен, ішкі тетіктері (механизмдері) адамның психикалық ахуалына, сезімі, ой санасына, қылық жорығы, жүріс – тұрысына тікелей, жанама, сөз арқылы әсер ету болып саналады. Кішкентай жеткіншекке ұжым өміріне қатысқаны, басқалармен бірге болуы, біртіндеп жасөспірімдік кезеңде құрбы-құрдастарының оны қабылдауы, топқа өзін қажет деп сезінуі, онда бір бедел мен құрметке жетуі аса маңызды. Ұжымда статустың төмен болуы баланы алаңдатады,қобалжу сезімі пайда болып,өз-өзіне сенімсіз,ерік-жігері әлсіз күйде яғни бір сөзбен айтқанда оның топтағы өзін-өзі бағалауы төмендейді.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында іскерлік қарым-қатынасты (функционалдық-рөлдік) ұйымдастыру арқылы оқушылардың бір-бірімен тіл табысқыш, ұйымшыл, басқалардың пікірімен санасу және сыйлау қабілетін қалыптастырады.

Түйіндей келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы балып танылады демекпіз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология (оқуқұралы) Алматы 2001.
2. Т.И.Жүндібаева Отбасы педагогикасы /оқулық /Алматы: Экономика, 2014.
3. Галагузова И. Г. Социальная педагогика: Курс лекций: Учебное пособие для студ. высших.уч. завед. /под ред. М. А. Галагузовой. –М.:Гуманист. Изд.центр ВЛАДОС, 2003.
4. Мудрик А. В. Социальная педагогика. Учебник для педагогических вузов /под. ред. В. А. Сластенина - М., 2000
5. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаева Р. М. Педагогика: Оқу құралы. Алматы, 2002.



ӘОЖ: 2362

## СЮЖЕТТІК-РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУ

Р.А.Бигабылова

Нұрхат-Нұрзат бөбекжай бақшасының басшысы, [nugimanova-61@mail.ru](mailto:nugimanova-61@mail.ru)

Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

**Аңдатпа:** Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда сюжеттік-рөлдік ойынның ерекшелігі туралы қарастырылған. Осы тақырып негізінде зерттеген ғалым-педагогтардың да ой-тұжырымдары, зерттеулері берілген. Сонымен қатар сюжеттік-рөлдік ойынның түрлері мен құрылымдық компоненттері де келтірілген. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде балаларды тәрбиелеуде сюжеттік-рөлдік ойынды дұрыс таңдау арқылы балаларымызға дұрыс бағыт-бағдар бере аламыз анық.

**Кілтті сөздер:** сюжеттік-рөлдік ойын, қиял, бағыт-бағдар, ойын, мотивация

**Аннотация:** В данной статье рассматривается специфика сюжетно-ролевой игры в развитии дошкольников. На основе данной темы даны выводы, исследования и ученых-педагогов. Также перечислены виды и структурные компоненты сюжетно-ролевой игры. Очевидно, что при воспитании детей в дошкольных учреждениях мы можем дать нашим детям правильное направление, правильно выбрав сюжетно-ролевую игру.

**Ключевые слова:** сюжетно-ролевая игра, фантазия, ориентация, игра, мотивация

**Annotation:** This article discusses the specifics of the plot-role-playing game in the development of preschoolers. On the basis of this topic, conclusions, studies and scientists-teachers are given. The types and structural components of a story-role-playing game are also listed. Obviously, when raising children in preschool institutions, we can give our children the right direction by choosing the right story-role-playing game.

**Keywords:** plot-role-playing game, fantasy, orientation, game, motivation

Балалық шақ - бұл әрқайсымыздың өміріміздегі ең бақытты кезең, өйткені дәл осы кезеңде адамның мінезінің негізі қаланады, оның басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдылары дамып, қалыптасады. Кез-келген бала балалық шағында не қаласа соны істегісі келеді, ал ол оны шынайы жасауға тырысады. Қандай ата-ана болмасын бала тілегіне, қалауына қарсы тұруға болмайды, бір нәрсе жасағысы келсе де, болашақ арманында кім боламын десе де ата-ана тарапынан, бауырлары тарапынан жақсы қолдау білдіру керек. Осы жастағы балалар барлық өмірлік сәттерді, жағдайларды ойын түрінде көрсетеді. Ойын арқылы бала ересектер әлеміне енеді, рухани құндылықтарды игереді және алғаш рет ұжымдық ойлау сабағын үйренеді.

Сюжеттік-рөлдік ойындар мектеп жасына дейінгі балаларға тән ойындар болып табылады және олардың өмірінде маңызды орын алады. Сюжеттік-рөлдік ойынның айрықша қабілеті - оны балалардың өздері жасайды, олардың ойын әрекеттері айқын тәуелсіз және шығармашылық сипатта болады. Қай бала болмасын өз қиялы арқылы, ой-арманын жүзеге асырып, өз идеясын жүзеге асыруға тырысады.

Сюжеттік-рөлдік ойындар негізінен мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі қорын құрайтыны сөзсіз. Ал оның құрамына құрылыс-конструктивтік, қойылымдар сондай ақ басқа да ойындардың элементтері кіруі мүмкін.

Енді осы сюжеттік ойындар туралы ғалымдардың зерттеулеріне тоқталар болсақ, психолог Д.Б.Элькониннің пікірінше рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойыны деп аталатын ойын дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде, арнайы түрде жасалған ойын жағдайында үлкендердің іс-әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті, деп өз зерттеуін ұсынған болатын.

Ал ғалым Л.С.Выготский сюжеттік-рөлдік ойындардың негізі жорамал немесе ойша елестету жағдаяттар, онда бала өзіне үлкеннің рөлін алады да, өзі жасаған ойын жағдайында ойын

амалдарын орындайды деп өз анықтамасын ұсынған болатын. Сюжеттік-рөлдік ойындардың көзі – балаларды қоршаған әлемдегі заттар, адамдар, табиғат, өздерімен үлкендердің өмірі мен әрекеттері екендігі белгілі.

Ғалым А.В.Запарожец ойын, ертегі сияқты, бала күнделікті әсер шеңберінен шығып, адамзат ұмтылысының және ерлік іс-әрекеттерінің неғұрлым кең әлеміне ене отырып, оны өзі бейнелейтін адамдардың санасы мен сезіміне кіруге үйретеді деп көрсеткен болатын.

Жалпы ойын мектеп жасына дейін болсын, мектеп кезінде болсын бала өміріне маңызды орын алады, сондай ақ өзіндік іс-әрекетінің басым түрі болып есептеледі. Сюжеттік-рөлдік ойын барысында амалдарды түсіндіру, адамдар арасындағы байланысты, қарым-қатынасты бағдарлау, сондай ақ ойын барысындағы алғашқы дағдылар дамып, қалыптасады.

Еркін сюжеттік ойын - бұл мектеп жасына дейінгі бала үшін ең қызықты ойын, ойында бала субъективті еркіндік сезімін, оған бағынатын заттарды, әдістерді, қатынастарды сезінеді және мұндай әсерлер мектеп жасына дейінгі баланың өнімді іс-әрекетінің басқа түрлерінде көрінбейді. Сюжеттік ойын баладан нақты өнімді талап етпейді. Онда бәрі «сол күйінде» болады. Бала ересектердің кез-келген ісімен сәтті айналыса алады, кез-келген жағдайға кіріп, қалаған оқиғаның кейіпкері бола алады. Бұл мүмкіндіктер баланың педагогикалық әлемін кеңейтеді, оған жағымды эмоционалды әсер береді.

Рөлдік ойындардың тағы бір көзі - балалардың ортасы. Рөлдік ойындар балалардың ұйымдастырылған және тәуелсіз іс-әрекетінің әртүрлі түрлеріне енеді және олардың дамуы мен тәрбиесінде өте маңызды. Рөлдік ойындардың өзіндік ерекшеліктері бар, олар өз қатысушыларының тәуелсіздігін, шығармашылығын көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, рөлдік ойындардың басты ерекшелігі - оларды балалардың өздері жасайды, ойын әрекеті айқын және шығармашылық сипатта болады. Д.Б.Элькониннің пікірінше, рөлдік ойынның өзі креативті балалардың өздері ойын тақырыбын таңдайды, оның даму жолын анықтайды, рөлдерді қалай ашуға, ойынды қалай пайдалану жолдарын анықтайды. Басқаша айтқанда, рөлдік ойында балалар құбылыстарды, қатынастарды белсенді және әр түрлі көрсетеді. Оның ерекшелігі балалардың қабылдау ерекшеліктерімен, белгілі бір фактілер мен құбылыстарды саналы түрде түсінуімен, тәжірибе мен тікелей сезімнің болуымен немесе болмауымен байланысты.

К.Д.Ушинский рөлдік ойындардағы ең бастысы - баланың өз көзқарасын, атқаратын рөлін түсінуін, оқиғаға қатысуын нақты көрсетуі екенін атап өтті. Рөлдік ойындардың шығармашылық табиғаты мынада, оларда жүзеге асырылатын ой бар, оның орындалуы баланың қоршаған әлемге әсерін көрсету қабілетін дамытумен байланысты. Сюжеттік-рөлдік ойындар ойын қызметінің келесі негізгі белгілерімен сипатталады: эмоционалды қанықтылық, қызығушылық, тәуелсіздік, белсенділік, шығармашылық, бәсекеге қабілеттілік, ынтымақтастық. Рөлдік ойындардың сипатына байланысты - бұл бейнелеу әрекеті, бірақ алынған білім, әсер бала өзгертеді, жеке сипат береді және өзінің жеке тәжірибесін қоса отырып, өзі туралы ойлайды. Рөлдік ойындар ойын қызметінің жетекші түрі болып табылатындығын айта отырып, оның мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі маңыздылығын атап өту қажет. Рөлдік ойындардың даму маңызы әр түрлі. Ойында бала айналасындағы әлемді біледі, ақыл-ой операциялары, сезімдер, ерік-жігер жетіледі, құрдастарымен қарым-қатынас қалыптасады, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі тану орнатылады. Ойынның педагогикалық маңыздылығы туралы Р.И.Жуковская, Н.К.Крупская, С.И.Карпова, А.С.Макаренко, А.П.Усова, Д.Б.Эльконин және басқа педагогтар мен психологтар жазған болатын.

Сонымен қатар Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев және Д.Б.Эльконин сюжеттік-рөлдік ойынның психикалық дамудағы маңызын ашып берген болатын. Олардың пайымдауынша сюжеттік-рөлдік ойын барысында жеке тұлғаның мотивациялық сұраныстық саласын дамиды. Атап айтар болсақ, балада мазмұнына қарай іс-әрекеттердің жаңаша мотиві туындайды, яғни тез өсіп үлкен болғысы келеді және солардың мақсат-міндеттерін орындағысы келеді. Үлкендермен қарым-қатынас барысында өз орнының шектеулі екендігін біліп және сол адамдардай сияқты болуды армандай бастайды. Сюжеттік-рөлдік ойында таным-түсініктердің жаңа психикалық формасы пайда болады, тікелей қалау түріндегі мотивтен қоғамдық көзқарас бейнесіндегі мотивтерге көшу деп белгіледі. Л.Венгер, В.Давыдов, Д.Эльконин сынды психологтардың зерттеулеріне сүйенсек сюжеттік-рөлдік ойындардағы сананың символикалық қызметі қалыптасады, ал сол заттардық орнына алмастыратын заттарды пайдаланудан тұрады деген тұжырым жасайды.

Л.Венгер рөлдік ойындардың маңыздылығын қалыптастыруда балалардың қабілеттері басқа адамның пікіріне, олардың көзімен заттарға қатысты екенін көрсетті. Зерттеушілер еркін

процестерді дамыту үшін рөлдік ойынның маңыздылығын анықтауға көп көңіл бөлген болатын. Л.Выготский сұраныстың аффективті саласы тұрғысынан еркін тәртіпті қалыптастыруды қарастырды. Оның пікірінше, баланың негізгі тілектерін қанағаттандыру үшін-үлкендер сияқты әрекет ету, өз тәртібін ережелерге бағындыру. Ережелерді сақтау – мектепке дейінгі мекеме балаларының жалпы әсерлерін орындау құралы. А.В.Запорожец зерттеуі бойынша мектеп жасына дейінгі баланың бос жадының сапалық және сандық көрсеткіштері, белгілі бір әрекеттерді сақтау, рөлдік ойын жағдайында күрделі қозғалыстарды орындау үлкендердің тікелей тапсырмаларын орындау жағдайларына қарағанда әлдеқайда жоғары екенін көрсетті. Ғалымдардың зерттеулері бойынша сюжеттік-рөлдік ойындар ойын мотивациясының ерекшеліктеріне байланысты болатын танымдық және ерікті процестердің дамуы, ең алдымен, баланың өзі қабылдаған рөлді орындауымен байланысты.

Ал ғалым В.Давыдов бойынша ойында бір заттың қызметі бұл қызметтерді атқармайтын, екіншіден затқа көшіру қабілеті дамиды. Осы елестету қасиетінің арқасында ғалымның ойынша, балалар ойында заттар, символикалық амалдарды пайдаланады. Сондай-ақ сюжеттік-рөлдік ойындардың баланы дамытуда жоғарыда аталған маңызынан басқа тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін маңызды екендігін С.Карпова, Н.Крупская, А.Макаренконың пайымдауларында айтылған. Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы балалар моральдық нормаларды және тәртіп ережелерін меңгереді. Сонымен, сюжеттік-рөлдік ойын – мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті екендігі белгілі. Ол мектеп жасына дейінгі бала ойынының негізгі қорын құрайды. Балалардың шығармашылық ойынының бұл түріне іс-әрекет ретіндегі ойындардың ерекшеліктерінің барлығы тән.

Ойын кез-келген баланың іс-әрекетінің негізгі түрі болып саналады. Барлық әрекеттерге тән ойынның да өз құрылымы бар. Ойынға іс-әрекет құрылымының барлық компоненттері тән. Оны келесі 1-кестеден көруге болады.

Кесте-1

Ойынның құрылымдық компоненттері

№	Құрылымдық компоненттер
1	Мотив
2	Мақсат
3	Жоспарлау
4	Орындау құралдары
5	Ойын амалдары
6	Нәтиже

Сюжеттік-рөлдік ойындар шығармашылдық болса да, өзінің ерекшелігін құрылымдық компонентерге жүктейді. Ғалым Т.А.Куликова өз зерттеулерінде сюжеттік-рөлдік ойынның сюжет, мазмұн, рөлдер, ойын амалдары деп аталатын құрылымдық компоненттерін анықтаған. Ойынның сюжеті кез-келген мектепке дейінгі шақтағы балалардың өмірдегі қарым-қатынасын, айналасындағы адамдармен іс-әрекет барысындағы белгілі бір амалдардың, оқиғалардың бейнесі.

Жалпы ойынның сюжеті әр-түрлі. Олар:

- Тұрмыстық ойындар: жанұя, балабақша;
- Адамдардың кәсіби еңбегін көрсететін ойындар: аурухана, дүкен, шаштараз, мұғалім;
- Қоғамдық ойындар: автобус ішінде, саябақтағы кездесулер.

Сюжеттік-рөлдік ойынның айрықша ерекшелігі ойынның негізгі ойы орындалатын елестету жағдаяттардың болуы. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық дамуы мен тәрбиеленуінің барлық жағына әсер етеді. Оның ерекше құрылымы болады. Төменде сюжеттік-рөлдік ойындардың түрлері тоқталып, мақсатын анықтасақ.

«Киім дүкені» ойыны.

Мақсаты: ойын барысында өз рөлдерін дұрыс ойнай білуге баулу. Сатушы әр-түрлі киімдердің түрлері туралы баяндайды.

«Шаштараз» ойыны.

Мақсаты: балаларға шаштараз ойынын таныстыра отырып, шаштарын әрдайым әдемі етіп жүруге баулу. Қыздарға шаш өрудің әр-түрлі үлгісін көрсету. Әдемілікке, ісемдікке баулу.

«Отбасы» ойыны.

Мақсаты: балаға отбасы мүшелерін таныстыру. Олардың қызметтерін айту, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету.

Қай ойынды алмасақ та балалар өз рөлдерін дұрыс ойнауына бағыт-бағдар беру.

Рөл сюжеттік ойынның негізгі діңгегі болып саналады. Ойын барысында рөлді балаға беру арқылы бала санасына өзін қандай да бір адаммен теңестіру жүзеге асады, ал бала сол арқылы сол адамның әрекетін, жақсы істерін рөлдік образға кіріп орындауға әрекет жасайды. Соған байланысты амалдар жасап, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Ойын барысында ережелерді балалар өздері қояды, ал кейбіреулерінде үлкендердің көмегімен іске асады, яғни ойынның тәртібі мен ережесін сүйене отырып реттейді.

Қорыта келе мектеп жасына дейінгі мекемелерде балаларды тәрбиелеуде сюжеттік-рөлдік ойынның алар орны ерекше. Балалардың жас, жеке ерекшелігін ескере отырып қажетті ойын дұрыс таңдалса, ол кез-келген балаланың жан-жақты дамуына, ортада өздерін дұрыс ұстауына, мәдениетті болуға баулиды. Сонымен қатар ойынның сюжеті бойынша ойындар дұрыс таңдалса, бала болашағына бағыт-бағдар беру мәселесі де, өскенде кім боламын деген сұраққа да бағыттау мәселесі де, өздерін кез-келген ортада мәдениетті, еркін ұстауына да өз септігін тигізери анық.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Джайнабекова Г. Сущностная характеристика игровой деятельности.- Алматы, 2001.
2. Жаппасов Ж.С. Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін дамытуда ойын түрлерін қолдану // Тілашар. Логопед. - 2018. -№4.
3. Меңдаяқова Қ.М. Мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамытуға қолданылатын қатысымдық-ойын әдісі.
4. Шылмурзаева А.С. Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде дидактикалық ойынның маңызы // Бастауыш мектеп. - 2017. -№ 11-12.
5. Михайлова З.А. Мектепке дейінгі балаларға ойын тапсырмалар. – М., 2001.
6. Керімбаева Р.Қ.бастауыш мектепке дидактикалық ойындарды пайдалану. – Тараз, 2007.

УДК:373.1

#### **СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В УПРАВЛЕНИИ ШКОЛОЙ**

М.С. Бисенгалиева

директор средней школы №16 им Д.Карбышева  
[bisengalieva.m@mail.ru](mailto:bisengalieva.m@mail.ru)

Д.Р.Мадибаева

Таразский региональный университета им М.Х. Дулати  
магистр права, старший преподаватель  
[dana8205@mail.ru](mailto:dana8205@mail.ru)

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются основные тенденции в управлении системами образования, проводится анализ связей управления и успешности решения задач обеспечения качества образования. Рассмотрены проблемы и противоречия реально существующих моделей управления образовательными системами.

**Ключевые слова:** управление образовательными системами, качество образования, модели управления, парадигма.

**Андатпа:** Бұл мақалада білім беру жүйелерін басқарудың негізгі тенденциялары қарастырылады, Білім беру сапасын қамтамасыз ету міндеттерін басқарудың байланыстары мен

шешудің сәттілігі талданады. Білім беру жүйелерін басқарудың нақты қолданыстағы және іске асырылатын модельдерінің проблемалары.

**Кілтті сөздер:** білім беру жүйесін басқару, білім сапасы, басқару үлгілері, парадигма.

**Annotation:** This article examines the main trends in the management of education systems, analyzes the links between management and the success of solving problems of ensuring the quality of education. The problems and contradictions of actually existing and implementing models of management of educational systems, conditions under which management could become a factor of continuous improvement of the quality of education are considered

**Key words:** education system management, education quality, management models, paradigm.

Будущее человечества зависит от существующих систем образования. Молодые поколения, получившие образование в современных системах образования, будут формировать мир в ближайшем и далеком будущем. То, как получают образование дети и молодежь, имеет далеко идущие последствия. Образование играет ключевую роль в стремлении человечества создать лучший мир. Качественное образование подготовит эффективных специалистов по поиску и решению проблем, которые будут справляться с вызовами, которые ставит жизнь и будущее.

Образование - это динамичный и инновационный процесс. На протяжении всей истории он подвергался влиянию различных социальных и научных разработок и был подвержен изменениям и инновациям, которые привели к его нынешнему виду. Важность подготовки плана обучения для повышения эффективности образовательных учреждений и определения необходимых стратегий для того, чтобы иметь возможность применять эти планы, возрастает с каждым днем. Ожидается, что подготовленные образовательные планы будут способствовать устойчивому развитию школы. В этом контексте необходимы управление, изменение и улучшение организационных условий; участие в принятии решений; а также стратегии обучения путем надлежащей оценки организационной культуры. Здесь самая большая роль ложится на школьных руководителей.

Разработка видения и миссии, подготовка и реализация планов и стратегий развития школы, улучшение организационного климата, создание сообществ, испытывающих чувство принадлежности к учебному заведению, поддержание открытых каналов коммуникации, расширение и обеспечение координации, развитие навыков критического мышления, новаторство и, прежде всего, управление изменениями можно рассматривать как компетенции, ожидаемые от школьных лидеров двадцать первого века. В современном мире, где происходят перемены руководители быстро отдают предпочтение онлайн-методам, которые облегчат более быструю адаптацию учреждения к окружающей среде для удовлетворения меняющихся потребностей общества. В этом направлении особенности образования, которое появилось в качестве нынешней образовательной парадигмы, приведут системы образования ближе к центру жизни. Ожидается, что в этом центре будет школьная культура и ценности, которые включают изменения таким образом, чтобы они могли адаптироваться к обществу. Можно утверждать, что образование имеет структуру, которая поддерживает скоординированную работу, заменяя культурное понимание конкуренции культурным пониманием сотрудничества

Можно утверждать, что традиционные подходы к управлению делают упор на функциональность, а не на социальную перспективу. Функционально-иерархическое управление было выражено в качестве базовой парадигмы управления почти 200 лет. Классическая система управления может удовлетворить потребности, когда рынки, продукты и технологии меняются медленно. Стремительная глобализация стала одним из наиболее поразительных аспектов нового столетия, особенно после стремительного развития информационных технологий за последние два десятилетия. То слабые стороны и ограничения системы постепенно проявились с глобализацией и технологическими инновациями. Парадигма управления, принятая администратором, эффективна в преодолении этих ограничений. В тех случаях, когда администраторы принимают современную парадигму управления, считается, что трудности и ограничения, связанные с адаптацией к инновациям, преодолеваются легче.

Процесс управления школьными изменениями сегодня довольно сложен. Руководители школ играют важную роль, поскольку они несут ответственность за управление и реализацию этого сложного процесса. Поскольку управление изменениями состоит из планов постановки целей, направленных на улучшение заранее определенных стандартов, утверждается, что исследования по

реформированию системы образования в последние два десятилетия были сосредоточены на краткосрочном планировании. Однако краткосрочное планирование должно быть включено в рамки долгосрочного планирования, которые поддерживают стратегическое развитие школы, скажем, на период 3-5 лет.

Ожидается, что планирование и структурирование образования в контексте инноваций будут более эффективными до тех пор, пока будут учитываться эти координационные центры.

Современные представления о структурировании инноваций основаны на суждении о том, что школы являются сложными социальными институтами и что реструктуризация школ требует рассмотрения социальных систем.

Внедряя новые материалы, образовательное учреждение делает инновации частью самого себя. Образовательные сообщества работают над созданием открытого климата с помощью политики и структур, которые поддерживают участие членов сообщества, преподавателей, студентов, семей и более широких членов сообщества. Аналогично, создание модульных типов технологий, которые позволяют всем заинтересованным сторонам получить доступ к обучению станет возможным, если политика в области образования позволит такие инновации. В этом контексте, если мы хотим улучшить школы и окружающую среду, их следует рассматривать как сложные образования, состоящие из взаимосвязанных и взаимодействующих частей. Эта точка зрения показывает ошибочность обвинения в недостатке образования какого-то одного фактора. Что еще более важно, было продемонстрировано, что реформирование образования путем манипулирования только одним или двумя элементами системы бесполезно. Реформы возможно, будет невозможно добиться успеха до тех пор, пока они не начнут соответствовать политическим договоренностям и социальным, технологическим и экономическим реалиям. В этой связи можно было бы заявить, что успешная реализация реформ зависит от согласованности политики с реалиями. Реализация реформ представляется более применимой в современных парадигмах управления, которые открыты для инноваций, по сравнению с традиционными парадигмами управления.

Проводимые реформы в сфере образования направлены на улучшение качества обучения и обучения, повышение профессиональной квалификации учителей и формирование у обучающихся навыков выживания, а не только знаний. Для меня очень важны курсы для 9-месячных директоров школ, которые проводятся на тему «Лидерство и управление школой».

Мы обнаружили, что руководители школ являются лидерами, которые могут принимать обоснованные решения, обеспечивать преподавательское руководство, которое должно помогать всем учащимся добиваться успеха в школе, и формировать общую школьную среду. Согласно данным TALIS (Teaching and Learning International Survey), учителя сообщают, что их убеждения в своих способностях к обучению (самооценке) укрепляются, когда они участвуют в принятии решений в своих школах. TALIS (Teaching and Learning International Survey) - международное исследование учительского корпуса по вопросам преподавания и обучения, которое является масштабным и авторитетным международным сопоставительным исследованием школьной образовательной среды, условий профессиональной деятельности и развития учителей. Кроме того, TALIS сообщает об увеличении степени удовлетворенности руководителей школ своей работой, что дает их сотрудникам возможность участвовать в принятии решений. XXI век-изменился мир, изменились и система образования, и требования к нему. Регулярно проводятся курсы повышения квалификации, которые вносят большой вклад в профессиональное развитие и компетентность учителей и руководителей школ. Есть много способов и тренингов, чтобы стать успешным директором школы. Например, методы Питера Друкера, который считает, что для того, чтобы стать успешным лидером, в первую очередь необходимо научиться управлять собой, потому что «способность управлять различна для всех людей, но те, кто может управлять собой, их действия и решения успешно управляют другими».

Таким образом, руководитель школы является ключевым лицом в сфере образования, определяющим успешность реализации происходящих изменений в сфере образования. Школа-большая и сложная структура, успешная деятельность которой осуществляется в результате качественного образовательного процесса и высокопрофессионального труда педагогического коллектива, в том числе руководящих кадров. Данная успешная деятельность создает большие возможности для инновационного развития школы от ее традиционной деятельности.

Список использованной литературы:

1. Бондаревская Е.В. Парадигма как методологический регулятив педагогической науки и инновационной практики // Педагогика.- 2007.- № 3.
2. Анализ мировых тенденций развития научно-образовательной деятельности: аналит. обзор / Е.В. Вашурина, Н.В. Дронбусова, Я.М. Евдокимова, И.А. Майбуров. - Екатеринбург, 2006.
3. Виноградов В.Н., Прикот О.Г. Управление инновационным развитием университета: проектные технологии.- СПб., 2009.

ӘОЖ 376.1

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРЕТІН ПЕДАГОГТЕРГЕ  
АРНАЙЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУ**

А.С. Байбосынова

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
«Білім берудегі шетел тілдері» кафедрасының менгерушісі

Айттех Г.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
7М0804(z) - «Арнайы және әлуметтік педагогтерді даярлау» магистранты  
[Gulnara.alibekovna@gmail.com](mailto:Gulnara.alibekovna@gmail.com)

**Аңдатпа:** Мемлекетімізде келешекте қалыпты деңгейдегі балалар мен ерекше балалар тең дәрежеде толыққанды өмір сүруге, еңбекте, шығармашылықта және жеке өмірде максималды жетістіктерге жетуге негіз болатын бірдей мүмкіндіктер жасаудағы басты бағыттардың бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Осыған байланысты жоғары мектептің басты міндеттерінің бірі - инклюзивті мектептерге арнайы педагогтарды кәсіби дайындау. Бұл міндетті іске асыру үшін, инклюзивті оқыту технологияларын жетік меңгерген, психологиялық және эмоцияналдық тұрғыдан дайын, ерекше баланың диагнозымен таныс, кез-келген дискриминациялау түрін болдырмай, алдын алып, ерекше балаларға мейірімділік пен сүйіспеншілік таныту арқылы әлеуметтік ортаға қосу жолдарын меңгерген арнайы білікті мамандар даярлау қажет.

**Кілтті сөздер:** Инклюзия, әдіс, әдіснама, арнайы педагог, ерекше балалар, көмек көрсету.

**Аннотация:** В нашем государстве одним из главных направлений в создании равных возможностей для особых детей, для достижения максимальных успехов в труде, творчестве и личной жизни является инклюзивное образование. В этой связи одной из главных задач высшей школы является профессиональная подготовка специальных педагогов к инклюзивным школам. Для реализации этой задачи необходимо подготовить квалифицированных специалистов, которые в совершенстве владеют технологиями инклюзивного обучения, эмоционально и психологически подготовленных, осведомленных диагнозом особого ребенка, владеющими методами внедрения в социальную среду посредством проявления доброты и любви к особым детям, избегая и предотвращая любую форму дискриминации.

**Ключевые слова:** Инклюзия, метод, методология, социальный педагог, особенные дети, оказание помощи.

**Annotation:** In our state, inclusive education is one of the main directions in creating equal opportunities for special children to achieve maximum success in work, creativity and personal life. In this regard, one of the main tasks of higher education is the professional training of special teachers for inclusive schools. To implement this task, it is necessary to train qualified specialists who are proficient in inclusive learning technologies, emotionally and psychologically prepared, informed by the diagnosis of a special child, who know how to introduce into the social environment through kindness and love for special children, avoiding and preventing any form of discrimination.

**Keywords:** Inclusive education, method, methodology, social pedagogue, special children, assistance.

Қазақстандық білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың заманауи кезеңі кез- келген бала үшін сапалы мектеп білімінің қолжетімділігіне, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алуға, зерттеу және шығармашылық қасиеттерін дамытуға, өмір бойы оқуға мүмкіндік береді. Адам құқықтары ҚР Конституциясының 30-бабы, «ҚР-дағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы» және «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдарының нормаларына сәйкес сақталады, олардың ұлтына, тіліне, жынысына, әлеуметтік және денсаулық жағдайына қарамастан республиканың барлық азаматтарының жалпы орта білім алуына тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған. [1]

Балаларды инклюзивті ортада оқытуды ұйымдастыру процесінде, жалпы білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде екі аспектіні ескерген жөн. Біріншісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына жауап беретін, білім беруді жалғастыруға және кәсіп алуға тең құқықтарға кепілдік беретін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға (зияткерлік мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоспағанда) мүмкіндік беретін базалық білім беру бөлімшесін қолдау талабымен байланысты. мектепте оқу. Екінші аспект ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуетін дамыту үшін білім беру жағдайларын бейімдеудің өзектілігіне, олардың жеке-типологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың білім беру және тәрбиелеу сапасына әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторларды есепке алу қажеттілігіне негізделген.

Ерекше білім алуға мұқтаждығы бар балаларға білім берудің мақсатының бірі – ортаға әлеуметтендіру және өзін-өзі жетелей алуы, мына бір қарқынды көз ілеспес заманда өмір сүре білу, қажеттігінше білім алу.

«Барлығына арналған білім» жалпыға бірдей білім беру парадигмасының құрамдас бөлігі болып табылатын инклюзивті білім беру барлық балалардың мектепке келуіне және де олардың интеллектуалды немесе физикалық қабілетітеріне, әлеуметтік, мәдени, діни, этникалық, нәсілдік жағдайына қарамастан құрдастарымен бірге оқуға мүмкіндік беретін тұғыр болып табылады[2].

Демек, инклюзивті білім деп адамның тұлғасына қатысты кез келген кемсітушілікті болдырмайтын, барлық адамға теңдей ара-қатынас жасайтын, бірақта ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға ерекше жағдай жасайтын идеологиялық негіз.

Инклюзивті білім берудің 8 қағидасы жайлы атап өтсек:

1. Адам баласының жетістіктері мен қабілеті оның құндылығына байланысы жоқ;
2. Әр бір адам ойлауға және сезінуге қабілеті бар;
3. Әр адам өз ойын жеткізуге және тыңдалуға құқылы;
4. Адам адами қарым-қатынасқа зәру;
5. Білім- білім беруші мен білім алушы арасындағы арнайы қарым-қатынас;
6. Әр адам өз қатарының қолпаштауы мен достық қарым-қатынасын қажет етеді;
7. Әр оқушының жетістікке жетуі – қолынан келетін мүмкіншілігі;
8. Адам баласының жан-жақтылығы өмір аясын кеңейтеді. [3]

Қазіргі кезде инклюзивті білім беру – білім берудің трансформациясы . Бұл жерде бала мектептің қалыпты балаларға қоятын талаптарына емес, мектеп баланың қажеттілігіне қарай бейімделу қажет. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеусіз және олардың білім беру қажеттіліктерін ескермеусіз, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың инклюзивті білімі туралы айту орынсыз.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар үшін оқытудың тағы бірнеше түрі қолданылады- олар: арнайы мектеп - интернаттар, қашықтан оқыту, үйде оқыту, жалпы білім беретін мектептердегі түзету сыныптары.

«Білім туралы» заңға сәйкес ерекше білім мұқтаж ететін балалар санатына - денсаулығында қиындықтары бар балалар жатады. Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің Инклюзивтік және арнайы білім басқармасының басшысы Әйгерім Кудеринова ұсынған соңғы статистикасына жүгінсек.Бүгінгі таңда ерекше балаларымыздың 161 000- нан асады екен. Айта кетсек:

- Психикалық дамуы тежелген балалар 50 000-нан асады;
- Сөйлеу қабілеті бұзылған балалар 47 000-нан асады;
- Көру қабілеті нашар балалар – 8 004;



- Есту қабілеті нашар балалар – 3 857;
- Ақыл-есі кем – 25 045;
- Тірек-қимыл аппаратының бұзылсы бар балалар – 18 841;
- Аутизм – 5 193;
- Құлағы естімейтіндер – 2 054;
- Соқыр балалар – 313.

Ескеретін жайт, ерекше білімге мұқтаж балалардың шамамен 50 пайызы ерте жастан қолға алынса оңалтылуы мүмкін.

Осындай үлкен статистикадан шығарылатын қорытынды, ерекше балаларды ерте жастан анамнезын дұрыс толыққан жинап, диагнозын айқын анықтап, барынша ерте, мақсатты түрде оңалтуға көмек қолын созу.

Инклюзивті білім беруді енгізудің негізгі проблемалары;

- Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне жауап беретін технологияларды пайдалану, ақпараттық білім беру инфрақұрылымының, бағдарламалық қамтамасыз етілуінің аздығы және техникалық құралдардың болмауы;
- Ата-аналардың дені сау баласының инклюзивті сыныпта ерекше баламен бірге оқу барысында назарсыз қалады еген қауіпі;
- Педагогтің психо-эмоционалдық тұрғыдан ерекше балалармен жұмыс жасауға дайын еместігі.
- Қарапайым балалардың ерекше балаға деген дискриминациясы, жағдайды одан әрі ушықтыруды, ерекше балалардың оқуға деген ығна қызығушылығын жоқ қылуына алып келуі және де т.б.

Біз білетін ерекше балалардың оқу талабы да ерекше, дегенмен балаларды оқшаулап арнайы интернаттармен шектелсек, балаларда әлеуметтік ортамен қарым-қатынас жасауға деген үлкен қорқыныш үрей пайда болады.

Жоғарыда көрстілген мәселелердің шешіміне әрине, ата-аналарға келетін болсақ сыныпта "ерекше" балалардың болғаны үшін олар өз балаларының назардан тыс қалмауын қалайды. Мысалы, ата-аналар көбінесе баласынан басқа балалардан бөлінбеуін немесе жазу мен оқу процессінде назардың аздығынан үлгерімі төмендеп қалмасын деген қауіпін білдіреді. Бұл тұрғыдан, біз ата-аналардың бұрыс ойын дұрыс бағытқа бұруымыз қажет. Оларға баланың инклюзивті сыныпта екенін және барлық оқушыларға қойылатын мақсаты пен міндеттің баршаға ортақ екенін түсіндіру қажет.

Егерде балалар тарапынан ерекше балаларды кемсітушілік байқалса. Балаларға рөлдік ойындар ойнату керек. Айта кетсек, егер сыныпта көру қабілеті бұзылған бала болған жағдайға, ол баланың ерекше жағдайын сезініп түсіну үшін қарапайым баланың бір көзін жауып жүргізу, осы орайда балаға ерекше баланың күнделікті сезетін қолайсыздығын сезіндіру қажет. Осындай практикалық жағдайларды пайдаланып қарапайым балалардың ерекше балалардың жәй-күйін ұғынып, олардың қандай сезімде болғаны жайлы сұрау, егер бала өзін өте қолайсыз жағымсыз әсерде болғанын жеткізсе, топтағы ерекше баланың бұл қалыпты күйі бұл күйді ол күнделікті сезінетіндігі жайында атап өтіп оның мұндай ерекшелігіне баланың ешқандай қатысы, кінәсі жоқтығын атап айту қажет. Осындай тәжірибелерден соң балалардың арасында түсіністік орналады.

Ерекше балаларды әлеуметтендіріп, өз жас ерекшеліктеріне байланысты білім бере алу бұл үлкен еңбек, табандылық пен шыдамдылықтың жемісі болмақ. Бұл мақсатта ерекше балаға деген сенім, сүйіспеншілік пен мейірімділікті көрсетіп, педагог, ата-ана және арнайы мамандар бірлесіп қол жеткізетін күрделі де игі іс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/constitution](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution)
2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы (2019.01.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51032460#pos=0:0](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032460#pos=0:0)

3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2019.19.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30119920#pos=1;-99](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920#pos=1;-99)
4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2018.02.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) //
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы – “Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін жаңартылған оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша Әдістемелік ұсынымдар”. [https://baq.kz/inklyuzivti-bilim-kazakstanda-erekshe-balalar-kalay-bilim-alady\\_244410/](https://baq.kz/inklyuzivti-bilim-kazakstanda-erekshe-balalar-kalay-bilim-alady_244410/)

ӘОЖ: 371

### САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ-БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

А.Н. Берметова

№ 2 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі [ainurbermetova@yandex.kz](mailto:ainurbermetova@yandex.kz)

Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

**Аңдатпа:** Бұл мақалада мектеп мұғалімдерінің сабақты зерттеу бойынша мұғалімдердің тәжірибесі ұсынылған. Мақала бүгінгі күні өзекті мәселеге арналған, білім беру процесінің сапасын сауатты басқару үшін мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, сабақты зерттеуді ұйымдастырып өткізу туралы айтылады. Бұл мақалада сабақты зерттеудің маңыздылығы мен қажеттілігі қарастырылады.

**Кілтті сөздер:** сабақты зерттеу, бірлескен орта, командалық жұмыс, кері байланыс, жоспарлау, тәжірибе алмасу, сенім.

**Аннотация:** В данной статье представлен опыт школьных учителей по исследованию урока. Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме, речь идет о повышении педагогического мастерства учителя, организации учебного занятия для грамотного управления качеством образовательного процесса. В данной статье рассматривается важность и необходимость изучения урока.

**Ключевые слова:** изучение урока, среда сотрудничества, работа в команде, обратная связь, планирование, обмен опытом, доверие.

**Annotation:** This article presents the experience of school teachers in the study of the lesson. The article is devoted to the actual problem today, it is about improving the pedagogical skills of a teacher, organizing a training session for competent management of the quality of the educational process. This article discusses the importance and necessity of studying the lesson.

**Key words:** lesson learning, collaborative environment, teamwork, feedback, planning, experience sharing, trust.

Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында бүгінгі заман талабы кәсіби шеберлік деңгейі жоғары, педагогика мен психологияны терең меңгерген шығармашылық әлеуеті жоғары мұғалімді қажет етеді. Бұл өз кезегінде оқыту үдерісінде мұғалімнің зерттеушілік қызметінің рөлін арттырады. Сыни тұрғыда ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, кәсіби шебер мұғалім алдына қойған мақсатына үнемі іздену және өзін-өзі дамыту арқылы жетеді. Ізденістің ең бір елеулі де, маңызды да, дәлелдемесі болатын, тәжірибе болып қалатын, адамды дамыта түсетін жұмыс – зерттеу жұмысы. Зерттеу арқылы көп мәселенің шешімін тауып, жетістікке жетуге болады. Мұғалімнің зерттеушілік құзыреттілігі - кәсіби дамудың бір жолы. Зерттеушілік құзыреттілік өз бетінше жаңа білім жүйесін алу және меңгеруде саналы түрде дайындықтан көрінетін қасиет деп сипаттауға болады. Сонымен қатар ойлау процесі мен зерттеушілік белсенділіктің даму деңгейін көрсетеді: мәселені анықтау және оларды шешу жолдары туралы болжамдар құру, міндеттер қойып, оларды шешуді негіздеу. Зерттеу ортасына оқу материалының мазмұнын білу, зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізу жайлы білім, зерттеудің ғылыми әдістерін білу сияқты қажетті білімдер

тобы жатады. Зерттеу жүргізу іс-әрекетсіз мүмкін емес. Зерттеу жұмысында зерттей алу біліктілігі маңызды: яғни ғылыми ізденіс жүргізу, зерттеудің мазмұнын, мақсатын, логикасын, бағдарламасын жасау, тиімді әдістерді таңдап алу және қолдану, оның нәтижесін өңдеу, ғылыми тұрғыдан талдау, қорытынды жасау. Сабақты зерттеу бойынша өз тәжірибеме тоқталып кетейін.

Білім сапасын көтеруді қажет ететін немесе қандай да бір проблеманы бірігіп шешуді қажет ететін сынып таңдалады. Сабақты зерттеу үшін пән және зерттеу сабағына қатысатын кем дегенде 3 пән мұғалімінен, мектеп психологы, сынып жетекшісінен тұратын топ құрылды. Зерттеуді жүргізу үшін бір бағыттағы (гуманитарлық немесе жаратылыстану) пән иелері, сондай-ақ бір сыныпта сабақ беретін әр түрлі бағыттағы негізгі пән иелері бірлесіп жұмыс жасады. Зерттеуге қатысушы мұғалімдер өзара пікірлесіп, сауалнама қорытындыларын талдай келіп, зерттеу сабағының тақырыбын анықтады. Проблемасы анықталған соң, біріге отырып жоспар құрылып, сабақты зерттеуге алғашқы қадам жасалды. Оқу үлгерімі әр түрлі деңгейдегі (А,В,С) оқушылары белгіленіп, күтілетін нәтижелер анықталды. Бірлесе отырып сабақ жоспарланып, оқу үлгерімі әр түрлі деңгейдегі (А,В,С) оқушыларына бақылау парағы жасалды.(А,В,С) оқушыларының білім деңгейін бақылау үшін жауапты адамдар белгіленді. Сабақты зерттеу кезеңі үш циклдан өтті.тұрады. Алғашқы сабақтың жоспарын бірінші циклды өткізуші мұғалім сабақты зерттеу тобымен жоспарлап, өткізді.Бақылаушы мұғалімдер, үш деңгейдегі оқушыларды, олардың сабақтағы жетістік деңгейлерін бақылап, жазып алып отырды. Арнайы бақылау парағы жасакталды. Әрбір цикл аяқталған соң, түрлі деңгейдегі оқушылардан сабақ бойынша сұхбат алынды. Сабақты бірлесе талқылап, артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, келесі циклді жоспарлауға кірістік. Осылайша 3 цикл қайталанып отырды. Тәжірибемен бөлісу кезеңінде сабақты зерттеуге қатысушы мұғалімдер тобы қорытынды отырысын өткізді. Сабақ өткізген мұғалімдер өздерінің сабақтары , ондағы қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігін, А,В,С деңгейлі оқушылардың жетістік деңгейі туралы рефлексивтік есеп дайындады. Оқуды жақсартуға бағытталған нақты ұсыныстарын жеткізді. Осы 3 цикл нәтижесінен әр пән бірлестігі қолданылған тиімді әдіс – тәсілдерді анықтап, өнім шығарды. Мысалы: бастауыш сынып мұғалімдері «Галерея» әдісі арқылы оқушылардың білімін арттыруға мүмкіндік бергеніне көз жеткізді. «Галерея» әдісін сабақты әр кезеңінде өткізуге болатындығын, АВС оқушыларының білім деңгейін көтеруге мейлінше септігін тигізгендігін анықтады. С деңгейіндегі оқушы осы әдісті қолдану барысында өз ойын , пікірін айтып белсенділік танытты. «Галерея» әдісі 3 циклда да жүргізіліп отырған соң, оқушылар осы әдістің оңтайлы жағын анықтады. Сұхбат алу барысында АВС деңгейіндегі оқушылар «Галерея» әдісі ұнағаны жайында өз пікірлерін білдірді. Зерттеу кезеңдері толық аяқталып, қорытындыланған соң зерттеу нәтижелері мен өнім мектептегі әдістемелік кеңесте , әдістемелік бірлестігінде қарастырылып, ақпарат көздеріне жіберуге ұсыныс жасалды.

Сабақты зерттеу барысында артықшылықтары, кемшіліктері бар екеніне көзіміз жетті. «Lesson Study» тәсілі сабақтардың сапасына оң әсерін тигізетінін байқадық. Бірлескен оқу ортасында мұғалімдер мен оқушылардың тұрақты қолдауы мен іс-әрекеттері арқылы, оқушылар белсенді сыни тұрғыдан ойлауға тартылады. Жұптық, топтық, командалық жұмыс барысында орнайтын ынтымақтастық арқылы мұғалім мәдениетін көтеруге ықпал етті. Оқушының білім алуға деген көзқарасы өзгерді. Сыныптағы сабақ берген мұғалімдердің жаңа технологияларды меңгере отырып, сабақтың әдіс-тәсілдерін өзгертті. Өзгеру барысында оқушы мен мұғалім арасындағы көзқарас өзгерді. Сабақты жоспарлау барысында мұғалімдер ынтымақтаса, бірлесе отырып жұмыс жасауға қалыптасты. Сабақты талдау, жоспарлау, рефлексия жасай білу, кері байланыс беру дағдылары арта бастады. «Сабақты зерттеу» тәсілі оқу үрдісінде оқушылардың қызығушылығын оятуға, белсенділігін арттыруға, оқушыларды терең зерттеуге, мінсіз оқушы тәрбиелеуге, мұғалімнің шеберлігін арттыруға, бір –бірімен іс- тәжірибе алмасуға өте тиімді әдіс екендігіне көз жеткіздік. Бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарларын бірігіп жасау деген бұрын болмаған еді. Ал қазір жағымды ынтымақтастықта бірлесе, оқыту мен оқу үдерісінде туындаған кемшіліктерді бірге жоюға, зерттеуге ат салысудамыз. Ең бастысы бір-бірімізге деген сенімділігіміз арта түсті. Ал оқушылар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

- өз бетінше шешім қабылдау,
- мәселені шешудің бірнеше нұсқасын табыңыз;
- себеп-салдарлық байланыстар орната білу;
- топта жұмыс істей білу;
- ортақ міндеттерді шешу кезінде топта өзара көмек көрсету қабілеті;

- өз көзқарасын қорғай білу;
- көмекке келу мүмкіндігі
- бағалау іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастырады және коммуникативтік дағдыларын дамытады;
- монологиялық сөйлеу дағдылары;
- сөйлеу кезінде сенімді ұстай білу;
- сөйлеу кезінде әр түрлі көрнекілік құралдарын қолдана білу;
- қойылған ашық, жо, ары деңгейдегі сұрақтар қою және жауап беру қабілеті.

Үдеріс барысында сәтсіз жақтары да болмай қалған жоқ. Оған дәлел мұғалімнің сабақты жетік түрде талдай алмауы, керекті деректерді тиімді жинай алмауы. Оқушылардың жоғары ойлау дағдысының төмендігі, сұрақ қою дағдысының жетіспеушілігі, ойын еркін жеткізіп, ойын жүйелі айтудан қиналуы сәтсіз жақтары деп есептейміз. Сабақты зерттеу барысында мұғалімдер өздерінің әрекеттерін талдаған кезде дағдының жетіспеушілігінен сабаққа рефлексия жасауы өз деңгейінде болмай жатты. Енді алдыңғы уақытта сабаққа қатысу барысында мұғалімнің рефлексия жасау дағдысын дамыту керек деген ойдамын. Мұғалімдердің айтуынша, ашық сабақ беріп, қобалжып, жалғыз бірнеше адамның сынына қалғаннан, бірлесе отырып, жетістікке жету және одан әрі зерттеу арқылы анықталған кемшілікті жою оңай екен. Сөзімді қорыта келе, төмендегідей нәтижеге зерттеу жұмысының дұрыс жүргізілуі, команданың дұрыс құрылуы және бірлескен ортада сеніммен жұмыс жасауымыздың арқасында жеттік.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ошақбаева А.А. Сабақты зерттеуді қалай сапалы жүргізуге болады: Әдістемелік ұсыным. - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.- 34 б.

ӘОЖ 378.147

#### **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

К.Д.Бузабакова

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

п.ғ.д., профессор, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі [klara\\_1101@mail.ru](mailto:klara_1101@mail.ru)

Тараз қ. Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің бір-біріне тәуелді үш негізгі компоненттерін ашылды: жалпы пайдаланушылық құзыреттілік; жалпы педагогикалық құзыреттілік; пәндік-педагогикалық.

Сондай-ақ, мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері анықталынды.

Зерттеу АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жобасы аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылды.

**Кілтті сөздер:** қашықтан оқыту, цифрлық құзыреттілік, жалпы пайдаланушылық құзыреттілік, жалпы педагогикалық құзыреттілік, пәндік-педагогикалық құзыреттілік, цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру деңгейлері.

**Резюме:** В статье выявлены три основных взаимобусловленных компонента цифровой компетентности будущих педагогов в условиях дистанционного образования в Республике

Казахстан: общепользовательская компетентность; общепедагогическая компетентность; предметно-педагогическая компетентность.

Также в статье определены уровни сформированности цифровой компетентности будущих учителей в условиях дистанционного обучения.

Исследование AP09259497 в рамках грантового проекта «Совершенствование системы педагогического образования в новой реальности Казахстана: технологические аспекты формирования цифровых компетенций будущих педагогов при дистанционном обучении РК» финансируется Министерством Образования и науки РК.

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, цифровая компетентность, общая педагогическая компетентность, предметно-педагогическая компетентность, уровни сформированности цифровой компетентности.

**Abstract:** The article defines the importance of pedagogical competence of the future teacher in the digital environment in the conditions of distance education in the Republic of Kazakhstan, professional competence, technological competence. The article also reveals the features of the concepts of «digital literacy» and «digital competence» and their meaning differs.

The research AP09259497 within the framework of the grant project «Improving the system of pedagogical education in the new reality of Kazakhstan: technological and methodological aspects of the formation of digital competencies of future teachers in distance learning of the Republic of Kazakhstan» is funded by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** distance learning, digital competence, digital literacy, technological competence, professional competence.

Жаңа ғасырда мектеке дейінгі білім беру, жалпы орта білім беру, орта кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдары ұсынатын білім барған сайын цифрлық сипатқа ие болуда.

Білім беру және басқа ақпаратты цифрландыру (цифрландыру) деп аталатын цифрлық түрге көшіру педагогикалық цифрлық құзіреттілік қарым-қатынас, дағды, қарым-қатынас, технологияларды, оқыту теориясын, пәнді, контекстпен оқытуды, сондай-ақ олардың арасындағы қарым-қатынасты дәйекті түрде қолдану қабілеті ретінде қарастырылады. Бұл құзіреттілік педагогтің тәжірибесі артқан сайын дами береді [1].

Н.Ю.Гончарова, А.И.Тимошенко және т.б. ғалымдар цифрлық құзіреттілікті білім беру міндеттерінің кең ауқымын шешу үшін педагогикалық қызметте заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өз бетінше пайдалануға дайын болатын қабілеттілік деп түсіндіреді [2].

Цифрлы білім беру ресурстарын пайдалану арқылы болашақ педагогтердің цифрлық құзіреттіліктерін қалыптастыруда МООС (Massive open online course) онлайн курстардың орны ерекше.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде ашық онлайн курстарды дайдалану кеңінен талқылануда. Мәселен, Швецияның көптеген оқу орындары мұндай курстарды енгізді және оқытудың басым бөлігі онлайн режимінде жүзеге асырылады, ал онлайн курстардағы студенттер саны үнемі өсіп келеді [3].

Студенттік топтар арасында айырмашылықтар бар, мысалы, бүкіл бағдарламаға онлайн жазылудың орнына студенттер белгілі бір құзыретті тереңірек дамыту немесе ағымдағы жұмысын сақтай отырып, қосымша кәсіби білім алу мақсатында тәуелсіз курстарды таңдай алады.

Осылайша, цифрландыру жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін университет оқытушыларына жаңа сұрақтар мен міндеттер жүктейді [4].

Сонымен қатар, барлық білім беру жүйелерінің негізгі міндеті – кең ауқымды іскерлік пен дағдыға ие адамдарды дайындау.

Цифрлық құзыреттілік саласына маңызды үлес қосқан, эмпирикалық тестілеуді пайдалану арқылы цифрлық құзыреттілік теориялық моделін жасаған Р.Дж. Крумсвиктің зерттеуіне сүйенсек, «цифрлық сауаттылық» термині халықаралық деңгейде кеңінен қолданылғанымен, «цифрлық құзыреттілік» ұғымы бұрынғысынша қолайлы термин болып табылады, өйткені ол кеңірек және тұтас мағынаға ие, ал техникалық дағдылар осы күрделі цифрлық құзыреттіліктің бір бөлігі ғана. Ал цифрлық құзыреттілік – бұл болашақ педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кәсіби контексте жақсы педагогикалық (дидактикалық) түсінумен және

оның оқу стратегиялары мен білім алушылардың цифрлық базасы үшін маңыздылығын ұғыну мен ұштастыра пайдалану қабілеті» [5].

1-суретте А.А.Картукованың зерттеуіне сүйене отырып, болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің бір-біріне тәуелді үш негізгі компоненттерін ашылды: жалпы пайдаланушылық құзыреттілігі; жалпы педагогикалық құзыреттілік; пәндік-педагогикалық [6].



Сурет 1. Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолданылатын технология азды-көпті ашық болуы керек. Болашақ педагогтердің цифрлы білім беру стратегиясын анықтау кезінде білімге деген көзқарасты өзгертудің педагогикалық салдарларына назар аудару маңызды.

Сондай-ақ, цифрлы технологияның адам дамуындағы рөлі және ақпарат көздерін сыни тұрғыдан бағалау қабілеті бойынша этикалық сұрақтарды ескере отырып, цифрландырудың қоғамға әсеріне назар аудару керек.

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту екі бағытты, бір жағынан практикалық білім және екінші жағынан өзіндік рефлексияны зерттеу барысында жүзеге асады: түсіну; пайымдау; сындарлы ойлау; ізденіс; жаңашылдық.

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту түсіну сатысына жеткенде, технология олардың оқыту тәжірибесіне кешенді кіріктіріледі және соңғы кезеңге жеткенде, білім берудегі инновацияларды жасау және енгізу қабілеті, олар АКТ-ны пайдалана отырып педагогикалық және дидактикалық жаңалықтарды дамыта алады.

Онлайн курстар арқылы болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру кәсіби контексте цифрлық технологияның көмегімен педагогикалық процесті жоспарлау, ұйымдастыру, басқару, дамыту, жетілдіру қабілеті болып табылады.

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі цифрлық технологиялар қолданылатын кәсіби контексте педагогикалық жұмыстың барлық түрлерін қамтиды: микроденгей (өзара әрекеттестік деңгейі); мезоденгей (курс деңгейі); макроденгей (2-сурет).



Сурет 2. Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі практикалық білімді де, концептуалды білімді де, сонымен қатар гносеологиялық мағынада да қамтиды.

Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі цифрлы платформаларды меңгеру арнайы біліммен тікелей байланысты және цифрлы ресурстарды пайдалана алу да маңызды. Қандай ресурстар бар екенін, оларды қалай пайдалануға, біріктіруге және өзгертуге болатынын біле отырып, олардың ұтымды және теріс жақтары туралы ақпаратқа ие бола отырып, болашақ педагогтер оқу материалдарын саналы түрде таңдай алу, оқу процесін басқару, кері байланыс жасай алу және т.б. құзыреттіліктерді игереді.

Осыған байланысты цифрлы технологияларды білу өзекті және маңызды. Цифрлы технологиялар ескі педагогикалық идеялардың жаңа арнасы ғана емес, цифрлы технологиялар қоғамымызды, жастардың қандай жағдайда тәрбиеленетінін, нені және қалай оқытатынын түбегейлі өзгертті. Цифрлы технологиялар педагогикалық теорияларға да әсер етті. Сандық құралдарға бағытталған педагогикалық теориялардың күнделікті өзара әрекеттесуден бастап жаһандық қарым-қатынастарға дейінгі өмірдің барлық салаларында жоғары сұранысқа ие болуы кездейсоқ емес.

Педагогикалық цифрлық құзыреттілікке жету үшін белгілі немесе жаңа ұғымдарды түсіну жеткіліксіз, қазіргі зерттеулерден хабардар болу және қандай цифрлық технологиялар, цифрлық платформалар бар екенін білу қажет. Дағдылар да қажет, мысалы, мұндай технологияларды тәжірибеде қолдана білу, болашақ педагогтермен үнемі кездесіп тұру және оларға білім берудегі жетістіктерге жету үшін нақты қолдау көрсету.

Педагогикалық цифрлық құзыреттілігі бар және оны оқу процесінде белсенді түрде пайдаланатын болашақ педагогтер цифрлы ортағы цифрлық практикалық білімін тезірек жетілдіреді, білім алушыларға кәсіби қолдау көрсете алады, жаңа цифрлы контенттер жасай алады және т.б.

Қорытындылай келе, қазіргі кездегі басты мәселе болашақ педагогтердің цифрлық дағдыларының сапасын арттыру кезек күттірмейтін мәселе, сол себепті болашақта цифрлы орта болашақ педагогтердің практикалық құзыреттілігін жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындауымыз қажет.

Педагогикалық цифрлық құзиреттілікке ие болу болашақ педагогтерге бар педагогикалық құндылықтар, өздерінің теориялық, кәсіби білімдері мен игерілген цифрлы дағдылары арасындағы теңгерімді табуға мүмкіндік береді.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Jorgen From. Pedagogical Digital Competence-Between Values/ Knowledge and Skills//Higher Education Studies. 2017.-Vol. 7, № 2.
2. Гончарова Н.Ю., Тимошенко А.И. Информационно-коммуникационная компетентность педагога как интегративный показатель профессионализма в современных условиях //Н.Ю.Гончарова, А.И.Тимошенко// Сибирский педагогический журнал. – 2009. – № 3. – URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/informatsionno-kommunikatsionnaya-kompetentnost-pedagoga-kak-integrativnyy-pokazatel-professionalizma-v-sovremennyh-usloviyah>.
3. The transition from distance to online education: Perspectives from the educational management horizon/ European Journal of Open, Distance and E-Learning. Söderström / T. Söderström, F. Jörgen, J. Löfqvist, A. Törnkvist // From, Löfqvist,&Törnquist.2012. URL: [https://www.researchgate.net/publication/279443430\\_The\\_transition\\_from\\_distance\\_to\\_online\\_education\\_Perspectives\\_from\\_the\\_educational\\_management\\_horizon](https://www.researchgate.net/publication/279443430_The_transition_from_distance_to_online_education_Perspectives_from_the_educational_management_horizon).
4. European Commission. Recommendation of the European Parliament and of the Council Official of the key lifelong learning competences // Journal of the European Union. 30 December 2006/L394. – P. 10–18.
5. Krumsvik R. A. Digital competence in Norwegian teacher education and schools / R. A. Krumsvik // Högre Utbildning. – 2011. – № 1 (1). – P. 39–51.
6. Картукова А.А. Цифровая образовательная среда как фактор профессионального развития педагога/А.А. Картукова//Цифровая образовательная среда: новые компетенции педагога: сборник материалов участников конференции. Санкт-Петербург: Международные образовательные проекты, 2019. – С. 8– 11.

ӘОЖ: 371

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ БІЛІМ**

С.Ж. Бупетаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, аға оқытушы, магистр [aizo2010@mail.ru](mailto:aizo2010@mail.ru)

А.Ж Бупетаева

№47 орта мектебі, Тараз қ. Қазақстан Республикасы

**Аннотация:** Мақалада Ахмет Байтұрсыновтың бала оқыту, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденгендігі, «Оқу құралы», «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты еңбектерінде көтерген мәселелері жайлы сөз болады. Ана тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавиті, терминдер, қазақ тілін оқытудың жайы, әдістемесі туралы көптеген еңбектері туралы айтылады.

**Кілтті сөздер:** тіл, оқыту, еңбектер, сауаттану, ұлт, өнер, мақала, тіл білім, ағартушылық, оқыту

**Аннотация:** В статье рассказывается о деятельности Ахмета Байтұрсынова в области воспитания детей, совершенствовании воспитательной работы, о проблемах, поднятых в его работах «Оқу құралы», «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш». Обсуждаются многие работы о природе и особенностях родного языка, арабского алфавита, терминах, месте и методике обучения казахскому языку.

**Ключевые слова:** язык, учение, произведения, грамотность, нация, искусство, статья, языкознание, образование, учение.



**Annotation:** The article tells about the activities of Akhmet Baytursynov in the field of children's education, improvement of educational work, and the problems raised in his works «Оқу құралы», «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш».. Many works on the nature and peculiarities of the native language, the Arabic alphabet, terms, places and methods of learning the Kazakh language are discussed.

**Key words:** language, teaching, works, literacy, nation, art, article, linguistics, education, teaching.

Ұлт ұстазы, қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынұв өзінің барлық саналы өмірін елінің білім-ғылымының дамуына, мектептегі ағартушылық істің қалыптасып, дамуына, өркендеуіне бағыштады. Ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытты, оқыта жүріп оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында талмай ізденді. Сонымен қатар «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», ана тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавиті, терминдер, қазақ тілін оқытудың жайы, әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазады және сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады./1/

Қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына сарқылмас күш жұмсаған ең алғашқы «Әліпби» оқулығының авторы, қазақтың тілі мен әдебиетін де зерттеген ғалым, ағартушы. Өз халқының сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген өз заманындағы бірегей тұлға ретінде артындағы ұрпаққа танылды. Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында бірқатар кедергілері мен қиындықтары болғанын білеміз және араб әліпбиін пайдаланған күллі түркі халқы ортақ орфографиялық заңдылыққа бағынған болатын. Осы жайында ұлт ұстазы көп еңбек етті. «Қырық мысал» еңбегінде отаршылдықтың зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін нақты жеткізген.

«Оқу құралы» еңбегі қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі болып саналса, «Тіл құралы» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Ол ұлтына, қазақ халқына, еліне қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин былай деген: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл»/2/.

Байтұрсынұвтың «Оқу құралы» қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппенің маңыздылығы сол оқытудың жаңа әдістерін бейнелеу тұрғысынан жазылған еңбек. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан маңызды оқулық ретінде бағаланып, әлі күнге дейін құнын жоймаған.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек», - деп мәселені нақтылап қояды. Оқытқанда баланы ана тілі-қазақ тілінде оқыту керек деп санайды. Ал «орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек... Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе, орысша да білу қажет», - деп түйеді. Бұдан біз бала алдымен ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен жеке тұлға болып қалыптасуы керектігін көрсеткенін және соны ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан дұрыстығын анықтағанын байқаймыз.

Ахмет Байтұрсынұв қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл-құрал» атты оқулығы фонетикаға, морфологияға, синтаксиске арналған бөлімдерден тұрды. «Тіл-құрал» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы және бұл оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл-құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу болып саналады. Бұл еңбектің құндылығы сол тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Мұнда ұстаз тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырған. Мысалы, қазақ тіліндегі зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. ұлттық терминдер осы еңбекте көрсетіліп, жазылды. Сондай-ақ ұлт ұстазы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік еңбектерін артына мұра етіп қалдырды.

А.Байтұрсынұв қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ағартушы. Өз оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдері қазіргі кездегі қазақ тілін оқыту әдістемесі үшін құнды, өз маңызын жойған жоқ.

Еліміздің батыры Бауыржан Момышұлы ана тіліміз туралы былай деген: «Біздің ана тіліміз – біздің халықтық қадір-қасиетіміз бен мемлекеттілігіміздің мәні, тот баспайтын өзегі. Ана сүтімен сіңірген ана тілімізді білмеу – барлық ата-бабаларымызды, бүкіл тарихымызды ұмыту дегенді білдіреді»/3/.

Ұлт ұстазының шығармашылығын ақтара саралай отырып өз уақытын, бар күш-жігерін оқу-ағарту ісіне, елінің сауаттануына, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған тіл білімін, әдебиетін зерттеу қызметіне арнағаны байқалады. Ахмет Байтұрсынов өз кезеңіндегі барлық маңызды жәйттерді сөз еткен. «Қазақ өкпесі» деген мақаласында: «Ата жолдасы — надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі де надандықтың кесапаты», - деп күйіне жазған ұстаз халқын оқу-білімге, мәдениетке тартуға көп еңбек еткені белгілі. «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек», -деп оқытушы, мұғалімдерге талаптар қояды да, ары қарай осы талаптарды орындағанда қазақ мұғалімдерінің де, балаларының да ұтатын тұстарын: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі — бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» деп анықтап тайға таңба басқандай нақтылайды.

Ахмет Байтұрсынов өз еңбектерінде оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөлді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді: тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимин жоқ», деп қазақ мектептерінің сол кездегі жай-күйін, оқу жылының, оқулықтардың жоқтығын, мұғалімдердің тапшылығын, оқытатын программаның жоқтығын күйіне жазады.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қалдырған рухани және білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен, күшін жоймайтын күрделілігімен де ерекшеленеді.

Қорыта келгенде айтарымыз, Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларының негізгі идеясы ел болашағын бүгінгі күнде жай сөзбен тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың үлгі өнегесіне, өнегеге негіздеудің қажеттігі. Бүгінде А.Байтұрсыновтың еңбектерін оқу-тәрбие процесінде ұтымды пайдаланып отыру - әр мұғалімнің басты мақсаты, әрі борышы болмақ. Ұлт ұстазының еңбектерінен нақты үзінділер келтіре сөйлеп, балалар бойында теңеу, салыстыра сөйлеуге деген қызығушылықтарын, құштарлықтарын оятуға жаттықтыруға болатындығы анықталған. Ұлт ұстазының еңбектері ел болашағын имандылыққа, мейірімділікке, ізгілікке, адамгершіліктің ақ жолына тәрбиелеуде табыла бермейтін аса бағалы құрал демекпіз. Елін, жұртын, халқын оқу-білімге, мәдениетке шақыруда көп еңбек етіп, қазақ балалары үшін ғибратқа тола еңбектер қалдырған, тіл білімінің негізін қалап кеткен А.Байтұрсынов мұрасы өшпек емес.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.- 509 б.
2. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса. – Алматы, 2009.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағлылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер) –А.: «Ана тілі» баспасы, 1992. - 448 Б.
4. Ахметтану бастамалары: Оқу-әдістемелік құрал. –Қ.: «Болашақ» баспасы, 2005. – 207 б.
5. «Қазақ» газеті. Алаш азаматтарының рухына бағышталады. Бас ред. Ә. Нысанбаев. құраст: Ү.Субханбердина. С.Даунтов, К.Сахов.-Алматы: Қазақ энцикл. 1998.-560 б.
6. Қазақ прозасы: Хрестоматия.-Алматы: Ғылым, 2001.-Т. 2.-672 б.
7. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2236>

ӘОЖ: 371

## ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫ

С.Ж.Бупетаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
аға оқытушы, магистр, [aizo2010@mail.ru](mailto:aizo2010@mail.ru)

Ә.Абулхаир

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
математика білім беру бағдарламасының 2 курс студенті  
[abulkhairovaasel@mail.ru](mailto:abulkhairovaasel@mail.ru)

**Аңдатпа:** бұл мақалада қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасын «Педагогика» пәнінен берілген бағыттар бойынша топтастырылып, оқу-тәрбие үрдісінде қолдану жолдары ашып көрсетіледі. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасы толығымен зерделеніп, шығармашылығы талданып, қазіргі жас ұрпаққа тәлім берер жақтары топтастырылды. Қазіргі цифрлық ақпарат қоғамы сол Алтынсарин негізін қалап кеткен білім беру жүйесінде қанат жаюда.

Кілтті сөздер: педагог, тәрбие, адамгершілік, еңбек, қайырымдылық, мейірімділік, тәрбиелеу, оқу, оқыту, бала, сауаттану

**Аннотация:** В данной статье педагогическое наследие первого казахского просветителя-педагога Ы.Алтынсарина сгруппировано по направлениям, данным в дисциплине «Педагогика», и раскрыты способы его использования в образовательном процессе. Всесторонне изучено педагогическое наследие Ы. Алтынсарина, проанализировано его творчество, сгруппированы аспекты, которым можно научить молодое поколение. Современное цифровое информационное общество расправляет крылья в системе образования, основанной Алтынсариним.

**Ключевые слова:** педагог, воспитание, нравственность, труд, благотворительность, доброта, образование, учеба, учение, ребенок, грамотность.

**Annotation:** In this article, the pedagogical heritage of the first Kazakh educator Y. Altynsarin is grouped according to the directions given in the discipline "Pedagogy", and the ways of its use in the educational process are disclosed. The pedagogical heritage of Y. Altynsarin, his work is analyzed, aspects that can be taught to the younger generation are grouped. The modern digital information society is spreading its wings in the educational system founded by Altynsarin.

**Key words:** teacher, upbringing, morality, work, charity, kindness, education, study, teaching, child, literacy.

Әр елдің, халықтың өз даму жолында жарық жұлдыздай болып өз ұрпағына бағыт-бағдар сілтеген, сөйтіп, сол ұлттың, елдің, халықтың тарихында есімдері ерекше аталатын зор тұлғалар болатыны анық. Соның бірі де бірегейі –ағартушы, қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсарин.

Ы.Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты:

- өзінің бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүниенің ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнады;
- ағартушы тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді;
- шығармаларында қазақ халқының сол өз заманындағы яки ХІХ ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға арнады.

Ол қазақ балаларын, жастарын оқытып-тәрбиелеу ісіне ең басты мәселе деп қарады. “Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық еш нәрсе жоқ”- деп ой түйді /1/.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан балаға жастайынан дұрыс тәрбие беруге үн қосушы бірінші қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин. Балаға жастайынан дұрыс тәрбие беру мәселесі қазіргі таңдағы педагог-ғалымдардың көңіл аударып, айрықша көтерген мәселелерінің бірі болды.

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда Ы.Алтынсариннің шығармаларын «Педагогика» пәні бойынша көрсетілген тақырыптар бойынша жинақтадық. Алтынсарин шығармаларын жинақтай, топтай отырып, тәрбиелік мәнін ашуға тырыстық.

Рет саны	Тақырыбы	Шығармалары	Тәрбиелік мәні, сипаттамасы
1	<b>Қазіргі жағдайдағы білім берудің басымдылық рөлі</b>	«Кел,балалар, оқылық...» Бір Аллаға сиынып, Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге, Ықыласпен тоқылық. Істің болар қайыры Бастасаңыз аллалап. Оқымаған жүреді Қараңғыны қармалап. Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық. Оқысаңыз , балалар, Шамнан шырақ жағылар, Тілегенің алдыңнан Іздемей-ақ табылар. Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық. Мал дәулеттің байлығы, Бір жұтасаң жоқ болар, Оқымыстың байлығы, Күннен-күнге көп болар, Еш жұтамақ жоқ болар.	«Қазақ хрестоматиясы» атты тұңғыш оқулығын «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңімен ашып, онда жастарды оқуға, талаптанып талпынуға, білім алуға шақырады. Оқысандар, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан Іздемей –ақ табылар. Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық,- деп оқудың пайдасын балалардың санасына сіңіреді. Бұл өлеңде бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым -білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей -жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. Ыбырай жастардың білімді адам болудағы мақсат, міндеттері –халқына пайдасын келтіру, өнер-білім меңгерудің арқасында өз елін «тастан сарай салдырған», от пен суды пайдаланып, «отынсыз тамақ пісірген, теңізде кеме жүргізген» мәдениетті елдердің қатарына жеткізу деп біледі.
2	<b>Педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы</b>	«Атымтай жомарт» әңгімесі	Атымтай жомарт бай болса да отын жарып, су тасудан ешбір қашпаған көрінеді. Мұның себебін сұрағандарға мынадай уәж келтіріпті: Өуелгісі, әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті <b>өне бойы</b> әдет етсең, <b>көңілге</b> жел кіргізеді, сол <b>желіккен көңілмен өзімнен</b> терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай. кемшілікке жәрдем беруді ұмытармын деп <b>қорқамын</b> . Екіншіден, бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, <b>мұның</b> кемшілік емес <b>екенін</b> біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін. Үшіншіден, күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға сатып алып жесем де

			бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады <b>екен</b> . Тәртіншісі: <b>құдай</b> тағаламның берген дәулетін <b>өзімсініп</b> тиісті орындарына <b>жаратпай, көбісін</b> өзім <b>ішіп-жеп, өзім</b> тұтынсам, берген иесіне күнәһар болармын деп қорқамын"деген екен. Міне, тәрбиелік мәні өте жоғары, берері көп, қарапайым мысал.
3	<b>Жеке тұлға тәрбиенің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасуының факторы</b>	«Бақша ағаштары»	Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.
4	<b>Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны, отбасы тәрбиесінің негіздері</b>	«Шеше мен бала» «Азған елдің билері» «Бәріміз бір адамның баласымыз»	« <b>Шеше мен бала</b> » деген Ы.Алтынсариннің өлеңнің бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық, психологиялық маңызы өте зор. Бұл өлеңдері жасөспірім балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, өнегелі болуға тәрбиелейді. Орыс классиктерінің де (М.Ю.Лермонтов, Некрасов т.б) шығармаларында да осы сарында жазылған өлеңдер жиі кездесетіндігі жұртшылыққа мәлім. Мәселен, «Бәріміз бір адамның баласымыз», «Аразбол, кедей болсаң ұрлықпенен», «Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға», «Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған», «Ағайын жат болады алыс болса», «Асылы залымдардың лайланды», «Әй достарым!», «Әй, жігіттер!», «Азған елдің хандары», «Азған елдің қожасы», «Азған елдің молдасы», «Азған елдің билері», «Азған елдің байлары», «Береке кеткен елдерде», «Азған елдің адамына» деген өлеңдері жастарға айтқан өсиеті. Бұл өлеңін Ы. Алтынсарин «Бәріміз бір

			<p>адамның баласымыз» деп бастағанда, ол қазақ жастарының ынтымақшыл бірлікте болуға шақырғандығын көреміз. Осы өлеңдерінде автор халық әдебиеті мұрасының негізінде ұлттық тәрбие дінгегі ата-бабалардың рухани мұраларының сабақтастығын сақтаудағы тәрбиенің бір жолы қазақтың халық әдебиеті арқылы дамытуды көздегендігі сезіледі.</p>
5	<p><b>Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің формалары мен құралдары</b></p>	<p>«Бай баласы мен жарлы баласы»</p>	<p>Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады»-деген ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Сондай-ақ тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білуі мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді де ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жазған. Міне, кезінде аса көргендікпен көпшілікке ұсынған осы ұғым тұжырымдары қазір де мұғалімдердің қажетіне жарап жүр. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, «бағып-қағып үлкен мән бер бала тәрбиесіне» жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен парапар. «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызда дарып, сіңеді»-деп тұжырым жасайды.</p>
5	<p><b>Қазіргі мектептегі білім мазмұнының ғылыми негіздері</b></p>	<p>«Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зеректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп»</p>	<p><b>Әңгімелерінде балаларды білім алуға, зерек болуға үгіттеді.</b> Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтасымен оқудың, зиректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Ресейге белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерде де автор білімді дәріптеді. Бірсыпыра әңгімелерінде жастарды еңбексүйгіш болуға, ұқыптылыққа дағдылануға шақырады. Бұл тақырыпқа арналған әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» тағы басқа шығармаларынан көруге болады.</p>

Алтынсарин қазақ балаларын оқуға шақырумен, үндеумен қатар адамгершілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке, жолдастыққа, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, табандылыққа, елін сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі

болып шығуға үндейді. Ол шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнерлі азамат болуға, жаман, қисық, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды.

Қазіргі жаңа ақпараттық қоғамда Ы.Алтынсарин салып кеткен білім беру жүйесі цифрлық жүйеге қосылып, цифрлық қоғамның бөлшегіне айналуға.

Ы.Алтынсарин өз заманының ағартушысы. Оның қазақ балаларына жасаған іс-әрекетінен қазақ халқының сауаттануын, мәдени-экономикалық дамуын, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көксеген біртуар асыл азаматты көреміз.

Ойымызды қорытындылай келе, қазіргі жаңа Қазақстандағы білім беру ісінің дамуына Ыбырай Алтынсарин мұрасының қосқан үлесі мол демекпіз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Р.Мұсаев Ы.Алтынсариннің ұстаз тұлғасы туралы идеяларының маңызы //Қазақстан Мектебі.-2009.-№3. - 42-46 б.
2. Ғ.Бижанова, А.Тәуекелова. Ыбырай мұраларын дамыта оқыту //Қазақстан Мектебі.-2006.-№5.- 52-56 б.
3. Ы.Алтынсарин өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер.- Алматы: Жазушы, 1998.
4. Ә.Сыздықов, Ы.Алтынсариннің педагогикалық ағартушы қызметі.- Алматы: "Мектеп".

ӘОЖ 371

#### **ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ «LEARNINGAPPS» ПЛАТФОРМАСЫ**

С.Ж. Бупетаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
аға оқытушы, магистр

А. Қанатбек

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Математика мұғалімдерін даярлау бағдарламасы студенті

**Аңдатпа:** Бұл мақалада бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіндегі әдістер, оларды қолданудағы оқушы қызығушылығының артуы, әртүрлі платформаларды оқушылардың жасерекшеліктеріне қарай қолдана білу және оқушы жауабы нәтижесін көре алу негізделеді. Математика сабақтарында осы платформаларды қолдану арқылы әдістерді ұтымды пайдалану жолдары көрсетіледі. Сондай-ақ мұғалімнің цифрлық құзіреттілігінің оқушы біліміне әсері сипатталады.

**Кілтті сөздер:** цифрлы қоғам, цифрлы педагогика, платформа, цифрлық құзіреттілік, заманауи педагог, әдіс-тәсілдер, технология, LearningApps» платформасы, білім, білік, дағды.

**Аннотация:** Эта статья основана на том, как использовать интересы студента в текущей системе образования, возможность использовать различные платформы для делегирования студентов и увидеть результаты ответа студента. Математические классы включают способы улучшения методов с использованием этих платформ. Также описывает влияние цифровой компетентности учителя на обучение студентов.

**Ключевые слова:** цифровое общество, цифровая педагогика, платформа, цифровая компетентность, современный учитель, методы, технология, платформа LearningApps, знания, знания, навыки.

**Annotation:** This article is based on how to use the student's interests in the current education system, the ability to use various platforms to delegate students and see the results of the student's response. Mathematical classes include methods for improving methods using these platforms. Also describes the impact of the digital competence of the teacher on students' education.

**Key words:** digital society, digital pedagogy, platform, digital competence, modern teacher, methods, technology, LearningApps platform, knowledge, knowledge, skills.


Қазіргі таңдағы мұғалімнің шеберлігі, әдіс-тәсілдері қандай болуы қажет деп санайсыз? «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп, табуға үйретеді» дегендей заманауи ұстаз болмасаң оқушының назарын аударып, қызығушылығын арттыру қиындық тудырады. Қазіргі уақыт сол заманмен қатар ақпараттық технологиялар дамыған уақыт. Күннен күнге әртүрлі әдістер мен ойындар арқылы қызықтыратын жаңашыл дүниелер бірінен бірі жарысып шығуда. Өзіміздің ізденген және өз тәжірибемізден өткен, өзіміз пән сабақтарында қолданып жүрген әдіс-тәсілдеріміздің бірі «LearningApps» платформасын ұсынып отырмыз.

1. Гугл платформасына «кіріп іздеу» бөліміне сайтымыздың атын жазамыз:



Сурет 1.

2. Нәтижесінде шыққан бірінші сайтымызға кіреміз:



Сурет 2.

3. Сайтымызға кіргеннен кейін тіркелу батырмасы арқылы платформаға тіркелеміз:



Сурет 3.

4. Өзіміздің жеке мәліметтерімізді енгізіп тіркеуді аяқтаймыз:



Сурет 4.



5. Бізге тіркеуден өткеннен кейін осындай бет ашылады, барлық жаттығулар мәзірін таңдаймыз.



Сурет 5.

6. Бұл бетті таңдағаннан кейін бізде көптеген мәзірлер шығады. Әр болашақ педагог өзінің мамандығы бойынша пәнді таңдап керекті шаблондарын қолданса болады. Мен болашақ математика мұғалімі болғаннан кейін математика мәзірін таңдаймыз.




Сурет 6.

7. Математика бөліміне кірдік. Балалардың көзіне түсетін неше түрлі шаблондар шыға келді. Бұл сайтта әртүрлі мектеп бағдарламаларына арналған жаттығулар шаблондары қамтылған. Егер де өзіңіз жасамаймын дайын ойынды аламын десеңіз де болады, өзіңіз жасағыңыз келсе жаңа жаттығу мәзірін таңдап өзіңіздің ойыныңызды құрастыруға болады.



Сурет 7.

8. Жаңа жаттығулар бөліміне кіріп біз бос шаблондарды ала аламыз, қиялымызға байланысты түрлі ойындар, көрнекіліктер шығара аламыз:



Сурет 8.

9. Ұнаған бос шаблонды алайық.



Сурет 9.

10. Өзіміздің сұрақтарымызды еңгізу үшін жаңа жаттығу жасау бөліміне кіреміз:



Сурет 10.

11. 1. Әдісіміздің тақырыбын жазамыз.

2. Жалпы түсінік жазуға болады бірақ ол маңызды болып саналмайды, ол өзіңіздің қарауыңызға қарай.

3. Бұл жерде енді біз сұрақтарымызды енгізсек болады. Бір жақсы тұсы сіз сұрағыңызды көріп тұрғандай видео, аудио, сурет арқылы қойсаңыз болады. Сол секілді жауаптарын да солай алсақ болады. Өте тиімді және есте қалады.



Сурет 11.

12. Осылай сұрақтарды еңгізіп ары қарай жүреміз. Бұл ойында сұрақтар саны 15 сұрақтан артық болмауы керек.



Сурет 12.

13. 1.Бұл бөлімде сұрақтардың орналасу ретін таңдасақ болады, яғни біз енгізген бойынша немесе кездейсоқ кезекпен.

2. Қатысушылардың рейтингтері дұрыс балға қарауы немесе кім бірінші жауап беруіне байланысты екенін таңдасақ болады.

3. Қосымша мәліметтер жазсақ болады бірақ бұл жол маңызды болып саналмайды.

Осылай ойынымызды аяқтап, алдын ала қатеміз жоқ екеніне көзіміз жеткеннен кейін сақтау батырмасымен әдісімізді сақтаймыз.



Сурет 13.



Сурет 14.

14. Дайын болған ойынды «менің жаттығуларым» мәзірінен көре аламыз.



Сурет 15.

15. Көріп тұрғанымыздай біз бұл ойынды ссылақ арқылы тарата аламыз.  
<https://learningapps.org/watch?v=pvo5stbyk23> осы сайтқа кіріп дайын ойынымызды көре аламыз.

Дайын болған ойынымызға басамыз:



Сурет 16.

16. Дұрыс жауапты таңдаған сайын біздің атымыз алға жылжи береді. Бұл ойынды жалпы өзіңіз ғана ойнай аласыз немесе 5-6 адамдармен де ойнауға болады. Осылайша сұрақтарды тапсырып ары қарай өте береміз.



Сурет 17.

17. Ойынымыз мәресіне жетті, жеңімпаз алдын қойылған критерийлерге сәйкес автоматты түрде анықталатын болады.



Сурет 18.



Сурет 19.

18. Осылайша аттардың анимациясымен сұрақтарды қызықты етіп жеткіздік. Бұл платформа тек бұнымен ғана шектелмейді тағы да басқа көптеген функциялармен қамтылған.

Сөзімізді қорытындылай келе, қазіргі мұғалім – бұл ең алдымен ізденістегі мұғалім, ол өз мамандығының басты міндетін жақсы түсініп, атқаратын, зерттеуші, бала жанының бағбаны, ізденуші маман, шын мәнінде бүгінгі болашақ педагог, ертенгі мұғалім үлкен күшке, білімге, цифрлық құзіреттілікке ие маман демекпіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика. - Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж», 2022.
2. «LearningApps» платформасы
3. Bilimger.kz республикалық білім портал сайты
4. <https://learningapps.org/watch?v=pvo5stbyk23>

ӘОЖ 37.035.6

## ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА – ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Қ.Бөлеев

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
п.ғ.д., «Жалпы педагогика» кафедрасының профессоры [boleyevk@gmail.com](mailto:boleyevk@gmail.com)  
Тараз қ. Қазақстан Республикасы

**Андатпа:** Мақсаты: қазақ халқының ұлттық құндылықтары негізінде болашақ мұғалімді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дарлау; міндеті: барлық педагогикалық мамандықтар дайындайтын оқу орындарының оқу жоспарына «Қазақ этнопедагогикасы» пәнін ендіріп, оны жүйелі оқыту; зерттеу нәтижелері: мақала тақырыбы бойынша автордық жарық көрген еңбектері; қысқаша тұжырым: «Қазақ этнопедагогикасы» оқу пәнін оқыту арқылы болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау қазіргі цифрлы ортада педагогикалық кадрларды дайындаудың заманауи тенденцияларына сәйкестігі.

**Кілтті сөздер:** Жаңа Қазақстан, ұлттық құндылықтар, қазақ этнопедагогикасы ғылымы, ұлттық тәрбие беру.

**Аннотация:** Цель: подготовка будущих учителей к национальному воспитанию учащихся на основе казахских национальных ценностей; задача: внедрить в учебный план педагогических вузов дисциплину «Казакская этнопедагогика», обучая ее систематически; результат исследования: опубликованные работы авторы по теме доклада; краткая концепция: казахская этнопедагогика как основа подготовки будущих учителей к национальному воспитанию учащихся соответствует современной тенденции подготовки педагогических кадров в цифровой среде.

**Ключевые слова:** Новый Казахстан, национальные ценности, казахская этнопедагогика, национальное образование.

**Annotation:** Purpose: preparation of future teachers for the national education of students on the basis of Kazakh national values; task: to introduce the discipline "Kazakh ethnopedagogy" into the curriculum of pedagogical universities, teaching it systematically; result of the study: published works by the authors on the topic of the report; brief concept: Kazakh ethnopedagogy as the basis for preparing future teachers for the national education of students corresponds to the modern trend of training teachers in the digital environment.

**Key words:** New Kazakhstan, national values, Kazakh ethnopedagogy, national education.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.Тоқаев халыққа Жолдауында «Жаңа Қазақстан - әділетті Қазақстан» құруды бүкіл елге міндеттеді. Қазақ ғалымдыры тарихшылар, экономистер, саясаткерлер, заңгерлер, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, дінтанушылар, психологтар сол міндетті шешу мақсатында зерттеулер жүргізіп, өз пікірлерін айтуда. Ал мен педагог ретінде «Жаңа Қазақстанді» құрудағы жаңа ғылым саласы – қазақ этнопедагогикасы ролін көрсетпекпін.

Жаңа Қазақстан құру ұзақ және өте қиын үрдіс. Оны құруды алдымен бүгінгі таңда елімізде кеңінен орын алып отырған кеңестік дәуірде пайда болып, егемендік кезеңде айрықша күшейіп кеткен төмендегідей қайғылы қасіреттер мен құбылыстарды бірте-бірте жою және олардың алдын алып болдырмауды анықтаудан бастау керек:

1. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары болып саналатын қазақ тілін, қазақ тарихын, қазақ мәдениетін, қазақтың салт-дәстүрлерін, ислам дінін білмейтін көптеген жастар мен ересек адамдар, әсіресе ең өкініштісі, сол ұлттық құндылықтарымыздың тәрбиелік мәнін ашып, халқымыздың бойына дарыта алмай отырғанымыз;

2. Қазіргі қазақ отбасында ата-ана бала тәрбиесімен айналысуды қойды. Қазақ отбасылық тәрбиесі дәстүрлік сипатта жүзеге асырылмауда. Халық даналығы «Баланың жаман болмағы үйінен, Жігіттің жаман болмағы биінен», ұлы Қорқыт ата айтқан: «Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан өнеге алмаған қыз жаман» өсиеті іске аспауда, яғни ұлымыз әкеден тағылым алмай, онымен төбелесуде, ал қызымыз анасының өнегесін көрмей, оны ұруда, сондай-ақ қазақ

отбасындағы зорлық-зомбылық: өткен жылы елімізде 37 000 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды;

3. Елімізде қазір некенің бес түрі пайда болды: заңды неке, азаматтық неке, жатжұрттық неке, ұлтаралық неке, біржыныстық неке. Ал заңды некенің 52% ажырасуда; еліміздегі 20% отбасы азаматтық некеде, олардың жылына 5000-нан аса некесіз балалар дүниеге келуде; 15 пен 25 жас аралығындағы қыздарымыздың тең жартысы шетелдіктерге тұрмысқа шығуға даяр, бір жылда 9000-нан аса қазақ қыздары шетелдіктерге тұрмысқа кетуде; ұлтаралық неке мен біржыныстық неке көбейе түсуде. Сондай-ақ елімізде 25 жастан асқан 250 000-нан аса тұрмыс құрмаған «кәрі қыздар», 175 000-нан аса «сұр бойдақ» жігіттер бар. Егер оған жесір қалғандар мен ажырасқандарды қоссақ, ол көрсеткіш 2-3 есе артады;

4. Қазақ отбасының негізі, қамқоршысы, басты тәлімгерлері – ата-аналар мен әжелер туыстарын, балалары мен немере-шөберелерін сағынып, көздерінен қанды жас ағып «қарттар үйлерінде» жылап-еңіреп отыр. Қазір еліміздің әр қаласында 2-3 қарттар үйлері бар. Олардың 32000-нан аса аталар мен әжелер, олардың 40%-ның бала-шағалары бар, 60-70% қазақтар: Халықтың «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» даналығын ұмыттық;

5. Елімізде жұмыссыздар, жайбасар жалқаулар, бедеулер, бойдақтар, жезөкшелер, қызтекелер мен еркекшоралар көбейе түсуде. Мысалы, 73 600 жұмыссыз жастар, жайбасар жалқаулар 500 000-нан аса, қазақ жастары арасында 30%-дан аса жастар бедеулік кесапатына ұшыраған, 100 000-нан жезөкшелер сауналарда, моншаларда, мейрамханалар мен сағаттық, бір тәуліктік пәтерлерде арам ақша тауып «қызмет» етуде, қызтеке ұлдар, еркекшора қыздар мен келіншектер өздерін ашық жариялай бастады;

6. Елімізде тастанды, жетім және қиын балалар көбеюде. Мысалы, күн сайын, апта сайын, ай сайын қазақ қыздары мен келіншектері нәрестелерін есік алдына, жол бойына, әжетханаларға, қоқыстарға тастап кетуде, жеңіл көліктерден лақтырып жіберуде. Қазір елімізде 34 000-нан аса жетім балалар, әр қалада 2-3 балалар үйлері, 1-2 қылмыс жасаған балалар колониялары, мектептерде әр сыныпта 3-5 қиын балалар бар, жастар арасында қылмыстың қаулауы: аптасына 2000-2500 қылмыс жасалуда;

7. Қазақ жастары зиянды әдеттерге үйір. Мысалы, ересектерді санамағанда, әр 10 оқушының үшеуі темекі шегеді, төртеуі ішімдік ішеді, әсіресе жастардың нашақорлыққа салынуы. Осындай әдеттердің салдарының елімізде ақыл-ойы мен дене жағынан жетілмеген ұрпақтар көбеюде;

8. Еліміздегі тәрбие беру мекемелері балабақшаларда тәрбиешілерілердің сәбилерді ұрып-соғуы, орта білім беретін мектептердегі төбелес, әлімжетімдік, қыз балалардың екі қабат болып, түсік тастауы, мұғалімдер беделінің төмендеуі, оқушы мен мұғалімнің төбелесуі, ата-аналардың мұғалімдерді қорлауы, мектепке оқушының қаруланып барып, қатарластарын жарақаттау орын ала бастады;

9. Арнайы кәсіби орта және жоғары оқу орындарында сапалы білім, саналы тәрбие берілмеуде, заман талабына сай мамандар даярлау сын көтермейді. Өйткені сол оқу орындарының оқытушылары мен оқытушы-профессорларының еңбек-ақысы өте төмен, зейнеткер ғалымдар қорлануда, олар қорғансыз, студенттер сабаққа келмейді, «жансыз оқытушылар» бар, магистратура мен докторантурада сабақ болмайды, олардағы оқу жүктемелерін оқытушылар өтірік орындайды. Жаһанданудан қалмау керек деп, Болонье үрдісімен оқыту тәрбие ісін жүзеге асырауға мүмкіндік бермеуде;

10. Жас ұрпаққа және жастар тәрбиесіне шетелдік ақпарат құралдарының, ғаламтордың, ұялы телефондардың және телеарналардың әсері мен ықпалы өте қиын болып тұр. Сол құралдарда төбелес, атыс-шабыс, алаяқтық, жезөкшелік, порнография, зиянды әдеттерді көрген жас балалар мен жастар қатыгездікке, көргенсіздікке, жезөкшелікке, жаман іс-әрекеттерге баруда;

11. Елімізде саясат, экономика, әлеуметтік жағдай дағдарыстардың салдарынан ұшырауда, содан келіп халқымыздың тұрмысы нашарлап, өмір сүруі қиындауда, кейбіреулер психологиялық дағдарыстан биіктентен құлап, асылып қалуда.

Айтылған қайғылы қасіреттер мен құбылыстар қазіргі кезде елімізде 40-тан аса тәрбиесіз балалардың пайда болуына себепкер болып отыр: жетім бала, тастанды бала, қиын бала, сатылатын бала, сатылған бала, анасыз бала, әкесіз бала, атасыз бала, әжесіз бала, надан бала, сауатсыз бала, қаңғыбас бала, ұры бала, темекі шегетін, ішкілік ішетін, нашақор балалар, теледидар, ғаламтор және смартфон тәрбиелеген балалар, қылмыскер бала, ақыл-ойы мен дене жағынан жетілмеген бала, т.б.

Сонда ойланайықшы! Жоғарыда анықталған қайғылы қасіреттер мен құбылыстардан құтылудың және оларды болдырмаудың қандай жолдары бар? деген өте қиын сұраққа жауап іздеуге тура келеді. Бұл сұрақтың нақты және дұрыс ғылыми жауабын, этнопедагогика ғылымы тұрғысынан беру керек. Ол бүкіл қазақ халқына - ұлттық тәрбие беру.

Енді ұлттық тәрбие деген қандай тәрбие? Жеке тұлғаға ұлттық тәрбие қалай берілуі керек? деген сұрақтарға тоқталайын.

«Ұлттық тәрбие», оны жүзеге асыру мәселелері әлемдік педагогика әлі нақты ғылыми шешімін таппаған проблема. Бұл проблемада Батыс және Шығыс ғалым-педагогтары екі түрлі пікірде. Батыс елдерінің көпшілігінде ұлттық тәрбиеге көңіл бөлінбейді, онда ұлттық құндылықтар ескерілмейді. Ал Шығыс елдерінде ұлттық тәрбие халықтардың ұлттық құндылықтары арқылы тұрақты жүзеге асырылады. Мысалы, жапон педагогикасында «ұлттық тәрбие – жапон халқының дәстүрінде», Қытай педагогикасында «ұлттық тәрбие – Конфуций ілімінде», мұсылман елдерінде «ұлттық тәрбие – құран арқылы имандылық тәрбие беруде». Ал орыс педагогикасында, мысалы академик А.К. Колоченконың «Психология және технология воспитания» атты монографиялық оқу құралын ұлттық тәрбиеге мынадай анықтама берген: «Национальное воспитание – это формирование отношения к своей нации» делінген [1, 223 б.].

Қазақ педагогикасының тарихында ұлттық тәрбие және оны жүзеге асыру туралы ең алғаш сөз айтқан қазақтың ұлы ағартушы-педагогі Мағжан Жұмабаев. Ол өзінің 1922 жылы Орынбордан шығарған «Педагогика» атты оқу құралында ұлттық тәрбие, оның ерекшеліктері мен оны жүзеге асыратын ата-ана мен мұғалім екенін «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіліктен келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [2, 16-17 бб.] деп, ойын айтқан. Мен ұлттық тәрбие, оны жүзеге асыру және ұлттық тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді дайындау проблемасымен 30 жылдан аса айналысып: «Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның бойына ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін және ислам дінін дарыта отырып, оның ұлттық мінез-құлқын, ұлттық санасын, ұлттық намыс және ұлттық дүниетанымын қалыптастыру» деген анықтама бердім [3, 8 б.]. Ұлттық тәрбие алған адам парасатты, адамгершілігі жоғары, иманжүзді, ақылды, білімді, еңбекқор, ақыл-ойы мен дене жағынан жетілген, ұлтжанды азамат болып қалыптасады.

Ендігі мәселе ұлттық тәрбиені қалай жүзеге асыру керек? Әлемдегі әр халықтың адам тәрбиелеу туралы халықтық педагогикасы бар. Халықтық педагогика ұғымына педагог ғалымдардың түрлі түсініктемелері мен анықтамалары берген. Оларда халықтық педагогиканы сол халықты құрайтын ұлттардың ұлттық құндылықтарымен байланыстырады. Ал «қазақтың халықтық педагогикасы деп тұтастай ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асырылатын халықтың тәжірибесі мен білімінің жиынтығы» [3, 7 б.]. Халықтық педагогиканы зерттейтін ғылым саласын чуваш педагогі академик Г.Н. Волков 1974 жылы шығарған монографиясына «Этнопедагогика» деп атап, дүниежүзілік педагогикада жаңа ғылым саласының негізін қалады [4]. Ал қазақ педагогикасы ғылымының тарихында профессор Қ.Жарықбаев өзінің «Революцияға дейінгі Қазақстанда педагогикалық ой-пікірлердің дамуында» [5] атты 1976 жылы шығарған оқу-әдістемелік құралында: «Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы» деп, этнопедагогика ғылымының негізін қалды. Бүгінгі таңда қазақ этнопедагогикасы - ғылым ретінде өз статусын алды. Меніңше «Қазақ этнопедагогикасы деп қазақтың халықтық педагогикасын зерттейтін жаңа ғылым саласын айтамыз. Ал қазақтың халықтық педагогикасы оның ұлттық құндылықтары. Сондықтан қазақ этнопедагогикасы – қазақ халқына ұлт-тәрбие берудің негізі» [3, 7 б.].

Сонымен, жаңа Қазақстанды құру мақсатында қазақ халқына ұлттық тәрбие беру үшін қазақ этнопедагогикасы ғылымының зерттеу нысаны халқымыздың сан ғасырлық қалыптасқан ұлттық құндылықтары арқылы қазіргі тәрбиесіз қоғамды қайта тәрбиелеу қажет. Сол қоғамның мүшелеріне ұлттық тәрбие беруді жүзеге асыратын негізінен ата-аналар, тәрбиелешілер, мұғалімдер және жоғары педагогикалық оқу орындарының оқытушы-профессорлары. Сондықтан болашақ тәрбиешілер мен пән мұғалімдер оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындайтын оқу пәні "Қазақ этнопедагогикасы" деп аталып, мұғалімдер дайындайтын оқу орындарының оқу жоспарына ендірілуі керек болды. Бұл мәселені 1992 жылы ҚР Оқу Министрлігі "Халық педагогикасы мен психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде қолданылуы" атты ғылыми-практикалық

конференцияда "Қазақ халқының этнопедагогикасы" [6] атты бағдарламамды Қазақстанның жоғары педагогикалық оқу орындарының оқу жоспарына ендіріп, оқыту бойынша шешім қабылдап, "Этнопедагогика" пәні оқытыла бастады. Содан бері ол бағдарламам жетілдіріліп, бірнеше бағдарламалар жасалынды. Олардың авторлары елімізге белгілі ғалым-этнопедагог профессорлар Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, З.Әбілова, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Қ.Табылдиев, А.С. Мағауова. Олардың бағдарламаларына сай "Этнопедагогика" пәні бойынша 41 оқу құралдары шығарылды. Мысалы, Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің "Қазақ тәлім-тәрбиесі", К.Қожахметованың «Этнопедагогика», Қ.Табылдиевтің "Қазақ этнопедагогикасы", С.Ұзақбаеваның "Этнопедагогика" оқулықтарын айтуға болады [7]. 2010 жылдан бері барлық педагогикалық мамандықтарын даярлайтын жоғары оқу орындарында Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университетінде "Ұлттық тәрбие" кафедрасы ашылып, оның ғалымдары дайындаған "Этнопедагогика" типтік бағдарламасы, оған сай үш тілде шығарылған "Этнопедагогика" оқулығымен оқытылуда [8]. Өкінішке орай, айта кетейін: соңғы 3-5 жылда кейбір оқу орындарында "Этнопедагогика" пәнін оқытуды тоқтатыпты. Басында ол пән оқу жоспарында нігізгі, кейін таңдау пәні болып енді, ал қазір ол пән түбімен жоқ, оның орнына қажетсіз пәндер ендіріліп, болашақ мұғалімдерді мектепке барғанда оқышуларға ұлттық тәрбие беруге дайындауды керек емес деп санаған болу керек. Енді ол пәнді тез арада бұрынғы орнына қойып, тұрақты оқытуды жалғастыру қажет.

Сонымен, баяндаманың қорытындысы ретінде төмендегідей ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасауға болады:

1. Ұлттық тәрбие - ұлттық құндылықтар арқылы жеке тұлғаның ұлттық мінез-құлқын, ұлттық санасын, ұлттық намысын және ұлттық дүниетанымын қалыптастыру;
2. Қазақстанның білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарымыз: қазақ тілін, қазақ тарихын, қазақ мәдениетін, қазақ салт-дәстүрлерін, исламтануды мәселелерін жүйелі оқыту;
3. Қазіргі қазақ отбасыларында дәстүрлі тәрбие беру үшін мектептерде ата-аналарға арнап "Қазақ отбасылық тәрбиесі" атты курстар өткізу;
4. Балабақша сәбилерін, орта білім беретін және кәсіби білім беретін оқу орындарына арнап "Қазақстан Республикасында жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің Кешенді бағдарламасын" жасау, оны тәрбие үрдісіне ендіру;
5. Қазіргі қазақ мектептерінің мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындайтын жаңа «Қазақ этнопедагогикасы» атты оқу бағдарламасын, соған сай оқулық және «Қазақ этнопедагогикасы» пәнінің оқытудың әдістемелік құралын шығару;
6. Елімізде ұлттық тәрбие беруді мемлекеттік деңгейде шешу, ол үшін, оны Парламентте арнайы қарастырып, «Ұлттық тәрбие - ұлттық идея» атты заң қабылдау керек.

Сонымен, елімізде жаңа Қазақстанды құру үшін ұлттық құндылық-тарымыз арқылы халқымызға жаңа ұлттық тәрбие беруді жүзеге асыруымыз керек, яғни «Жаңа Қазақстанға – жаңа ұлттық тәрбие» берілуі тиіс.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Колоченко А.К. Психология и технология воспитания. – Санкт-Петербург: КАРО, 2006. – 416 с.
2. Жұмабаев М. Педагогика. Оқулық. - Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
3. Бөлеев Қ. Қазақ этнопедагогикасы - ұлттық тәрбие берудің негізі. Оқу құралы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2008. – 160 б.
4. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары: Чувашское книжное издательство, 1974. – 376 с.
5. Жарикбаев К.Б. Из истории развития педагогической мысли в дореволюционном Казахстане. – Алма-Ата: РУМК, 1978. – 96 с.
6. Бөлеев Қ. Қазақ халқының этнопедагогикасы. Бағдарлама – Жамбыл: ЖПИ, 1992. – 17 б.; Қазақтың халық педагогикасы. Әдебиеттер көрсеткіші. –Жамбыл ЖПИ, 1991. – 30 б.
7. Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Қазақ этнопедагогикасы. Библиографиялық көрсеткіш (1922-2012 жж.). – Тараз: ТарМУ, 2013. – 73 б.
8. Піралиев С.Ж., т.б. Этнопедагогика. Типтік бағдарлама. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 22 б.; Піралиев С.Ж., т.б. Этнопедагогика. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 500 б.



ӘОЖ 372.46

## ТИІМДІ СӨЙЛЕУ ӘСЕРІ

Г. Т. Еспенбетова  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы [gvlnur84@mail.ru](mailto:gvlnur84@mail.ru)  
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Мақалада коммуникация кезінде сөйлеу түрі, тілді үйрену кезінде сөйлеу тиімді тәсілдерін игерудің әдістері жайында баяндалған. Зерттеудің мақсаты жалпы сөйлеудің мағызы туралы баяндау. Зерттеудің нәтижесі сөйлеудің түрлерін анықтау арқылы тіл үйренудің ерекшелігін айқындау. Сөйлеу әсері қарым-қатынастың тиімділігі болып табылатын ғылым. Бұл белгілі бір коммуникативті жағдайда адамға сөйлеу әсерінің қолайлы, барабар әдісін таңдау, әңгімелесушіге және қарым-қатынас жағдайына байланысты сөйлеу әсерінің әртүрлі әдістерін дұрыс үйлестіре білу туралы ғылым. Тиімді сөйлеу әсерінің ережелері мен әдістерін зерттеу және осы ақпаратты танымал ету бүгінгі күннің ең маңызды міндеті болып табылады.

**Кілтті сөздер:** сөйлеу, тіл, әдіс, коммуникативті жағдай, тиімді сөйлеу, коммуникация, ереже, ақпарат.

**Аннотация:** В статье рассказывается о типе речи при коммуникации, методах овладения эффективными приемами речи при изучении языка. Цель исследования-рассказать об общих особенностях речи. Результатом исследования является определение специфики изучения языка путем определения видов речи. Речевое воздействие наука, предметом которой выступает эффективность общения. Это наука о выборе подходящего, адекватного способа речевого воздействия на личность в конкретной коммуникативной ситуации, об умении правильно сочетать различные способы речевого воздействия в зависимости от собеседника и ситуации общения для достижения наибольшего эффекта. Изучение правил и приемов эффективного речевого воздействия и популяризация этих сведений важная задача сегодняшнего дня.

**Ключевые слова:** речь, язык, метод, коммуникативная ситуация, эффективная речь, общение, правила, информация.

**Annotation:** The article describes the type of speech in communication, methods of mastering effective speech techniques in language learning. Speech impact is a science, the subject of which is the effectiveness of communication. The purpose of the study is to tell about the general features of speech. The result of the study is to determine the specifics of language learning by determining the types of speech. This is the science of choosing a suitable, adequate way of speech influence on a person in a specific communicative situation, about the ability to correctly combine various ways of speech influence depending on the interlocutor and the communication situation to achieve the greatest effect. The study of the rules and techniques of effective speech influence and the popularization of this information is the most important task of today.

**Keywords:** speech, language, method, communicative situation, effective speech, communication, rules, information.

Қазіргі уақытта қазіргі қоғамда тиімді қарым-қатынас туралы ғылым белсенді түрде қалыптасуда. Ол іргелес ғылымдардың тұтас кешенін біріктіреді-дәстүрлі жүйелік лингвистика, коммуникативті лингвистика, психолингвистика, прагматингвистика, риторика, дискурсивті лингвистика, сөйлеу стилі мен мәдениеті, психология, бұқаралық коммуникация теориясы, жарнама, персоналды басқару, әлеуметтану, қоғаммен байланыс, мәдениеттану, этнография, Конфликтология және т. б. бұл интегралды ғылым әдетте сөйлеу әсері.

Тиімді қарым-қатынас туралы ғылым ретінде сөйлеу әсері бар тиімді қарым-қатынастың кейбір ережелері мен әдістері және осы әдістерді үйрете бастады. «Д.Карнегидің қазіргі сөйлеу әсері туралы ғылымның қалыптасуына қосқан үлесін жалпылауға болады:

1. Ол адамдардың қарым-қатынасында белгілі бір ережелер мен заңдар бар екенін көрсетті.
2. Кейбір ережелер сақталса, қарым-қатынасты тиімдірек ететінін көрсетті.

3. Ересек адам өзінің қарым-қатынасын үйрену және ойлау процесінде олардың қарым-қатынасының тиімділігін арттыра алатынын дәлелдеді.

4. Ересектерге сөйлеу әсерін үйрету әдісін ойлап тапты: өмірден көрнекі жағдайларды айту және олардан тиімді қарым-қатынас ережелерін шығару» [1.41б.].

Осылайша, сөйлеу әсері қарым-қатынастың тиімділігі болып табылатын ғылым. Бұл белгілі бір коммуникативті жағдайда адамға сөйлеу әсерінің қолайлы, барабар әдісін таңдау, әңгімелесушіге және қарым-қатынас жағдайына байланысты сөйлеу әсерінің әртүрлі әдістерін дұрыс үйлестіре білу туралы ғылым. Тиімді сөйлеу әсерінің ережелері мен әдістерін зерттеу және осы ақпаратты танымал ету бүгінгі күннің ең маңызды міндеті болып табылады.

Сөйлеу әсерінің негізгі әдістері

«1. Дәлелдеу

Дәлелдеу-кез-келген тезистің дұрыстығын растайтын дәлелдер келтіру. Дәлелдеу кезінде дәлелдер логика заңдарына сәйкес жүйеде ойластырылған түрде келтіріледі.

2. Сендіру

Сендіру-бұл сұхбаттасушыға шындықтың дәлелденгеніне, тезистің орнатылғанына сенімділік беру. Сендіру логиканы да, эмоцияны да, эмоционалды қысымды да қолданады.

3. Көндіру

Көндіру-бұл негізінен эмоционалды түрде әңгімелесушіні оның көзқарасынан бас тартуға және сіздің көзқарасыңызды қабылдауға шақыру-дәл осылай, өйткені сіз оны шынымен қалайсыз. Сендіру әрқашан жеке мотивтерді қолдана отырып, өте эмоционалды, қарқынды түрде жүзеге асырылады.

4. Ант беру

Ант беру-бұл кез-келген дәлелді айналып өтіп, өтінішті табандылықпен қайталап, эмоционалды эмпатияға, концессияға шақыру арқылы эмоционалды түрде бір нәрсе сұрау. Ант беру әңгімелесушінің эмоционалды эмпатиясына және оның ұзақ уақыт бойы эмоционалды емдеуге қарсы тұра алмауына арналған.

5. Ұсыныс

Шабыттандыру-бұл әңгімелесушіні жай ғана сіздің сөзіңізге сенуге, оған айтқаныңызды қабылдауға шақыру-ойланбастан, сыни тұрғыдан ойланбастан. Ұсыныс күшті психологиялық, эмоционалды қысымға, көбінесе сұхбаттасушының беделіне негізделген.

6. Мәжбүрлеу

Мәжбүрлеу дегеніміз-адамды оның еркіне қарсы бірдене жасауға мәжбүрлеу. Мәжбүрлеу әдетте дөрекі қысымға немесе дөрекі күш көрсетуге, қауіп-қатерге негізделген»[2.32б.].

Сөйлеу әсерінің осы әдістерінің қайсысы тиімді? - Алғашқы бесеуі (бірақ әрқайсысы белгілі бір жағдайларда тиімді). Сөйлеу әсері, тиімді және өркениетті қарым-қатынас туралы ғылым ретінде, мәжбүрлеусіз жасауға және әртүрлі қарым-қатынас жағдайында адамға сөйлеу әсерінің қалған әдістерін біріктіруге үйретеді.

Коммуникативті сәтсіздік.

Коммуникативті суицид

«Көбінесе қарым-қатынас процесінде біз сөйлеу әсерінің дұрыс емес әдістерін таңдаймыз, кіммен сөйлесетінімізді ескермейміз, жанжалсыз қарым-қатынас ережелеріне төтеп бермейміз, нәтижесінде коммуникативті сәтсіздіктер пайда болады»[3.11б.].

Коммуникативті сәтсіздік-бұл қарым-қатынастың теріс нәтижесі немесе қарым-қатынастың аяқталуы, әңгімеде қойылған мақсат ақпарат қажет болмаған кезде, ол тыңдаушыларды тітіркендіреді, оның аудитория алдында пайда болуы жағымсыз және т.б. мұндай спикерді, әрине, тыңдамайды.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Борытко Н.М. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагог-тәрбиешінің кәсіби гуманитарлық білім беру принциптері //ВГПУ жаңалықтары. - № 11. - 2012. - 41-45 б.
2. Чиркова Е.И. Невербальные средства коммуникации при обучении иностранному языку.- Москва, 2009, Б-32
3. Капитонова Т.И., Московкин Л.В., Щукин А.Н. Методы и технологии обучения русскому языку как иностранному.- Москва, 2014. - Б.9-11.

ӘОЖ 37.013

## ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Р.С.Елубаева

п.ғ.к., доцент

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,  
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Мақалада білім алушылардың қызығушылығын арттырып, қажетті дағдыларды қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы және қашықтан оқыту процесінде қолдануда ескерілуі тиіс факторлар мен сабақ барысында пайдалану тиімділігінің жайы сөз болады.

**Кілтті сөздер:** технология, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттық сауаттылық, білім технологиясы, ақпараттық мәдениет.

**Аннотация:** В статье говорится о значении информационно-коммуникационных технологий в повышении интереса обучающихся и формировании необходимых умений, факторах, которые следует учитывать при их использовании в процессе дистанционного обучения и эффективности их использования на уроках.

**Ключевые слова:** технология, информационно-коммуникационные технологии, информационная грамотность, образовательные технологии, информационная культура.

**Abstract:** The article talks about the importance of information and communication technologies in increasing the interest of students and the formation of the necessary skills, the factors that should be taken into account when using them in the distance learning process and the effectiveness of their use in the classroom.

**Key words:** technology, information and communication technologies, information literacy, educational technologies, information culture.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген кезеңде ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілет-қарымын, талантын дамыту білім беру мекемелерінің негізгі міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару педагогтердің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір білім алушының қабілетіне қарай сапалы білім беруді, оны дербестікке, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруге ауқымды бетбұрыс жасалып, қолдануға бейімделуі қажет.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі негізгі міндет – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы өскелең ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға бейімделу – қашықтан оқытуда оңтайлы да қолайлы оқыту бағытына сәйкес жаңа оқу құралдарын, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ресурстарды меңгеру.

Ал қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы болып табылады.

Қашықтан оқыту форматына бейімделу процесі әр адамда жекелей жүреді. Әр адам өз өмірінде бірнеше рет бейімделу процесі арқылы өтеді. Бейімделу сыртқы және ішкі өзгерістермен байланысты. Қашықтан оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды неғұрлым тиімді пайдалану үшін білім алушыларды жұмыс істеуге дайындау және жаңа жағдайларға бейімдеу қажет.

Ғылыми әдебиеттерде бейімделу тұжырымдамасының көптеген анықтамалары бар. Көрнекті тұлға В.Н.Грибов: «студенттің бейімделуі – бұл жеке тұлғаның салыстырмалы түрде тұрақты немесе үнемі өзгеріп тұратын университеттік білім беру жағдайларына бейімделуі ғана емес, сонымен бірге адамның сыртқы ортаны өзінің жеке мүдделеріне, бейімділігіне, қасиеттеріне белсенді бейімдеудің неғұрлым күрделі, сирек кездесетін процесі» десе, Т.Г.Анисимова:

«бейімделу – адамның қоршаған ортаның әлеуметтік және физикалық талаптарына бейімделу және онда ішкі ыңғайсыздық сезінбестен және қоршаған ортамен қақтығыспай сәтті жұмыс істеу қабілеті» – деген ойды алға тартады [1].

Жалпы қашықтан оқыту екі компонент арқылы жүзеге асады:

- оқытуды басқару;
- өз бетімен білім алу.

*Сонымен қатар, қашықтан оқытуды ұйымдастырудың формаларын төмендегідей қарастыруға болады:*

*Оффлайн режиміндегі оқыту (асинхрондық)* – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

*Онлайн режиміндегі оқыту (синхрондық)* – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта, бір мезгілде оқу үдерістерін бастау және белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

*Вебинар* – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

XXI ғасыр ақпараттық технология ғасыры болғандықтан, оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – уақыт талабы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [2].

Осы орайда, педагогтің негізгі мақсаты – сабақтың сапасын көтеру, түрін жетілдіру, білім алушылардың қызығушылығын арттыру, олардың өздігінен ізденуін және болашақ өмірлеріне қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Осы мақсатқа жетудің жолы – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық, кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Сондай-ақ, онлайн сабақ кезінде педагог пен білім алушы арасын байланыстыратын негізгі құрал болып табылады.

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім жүйесінде қолданудың маңызды факторы негізгі қозғаушы күші – адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық әлеуетін дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы қажет.

*Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қашықтан оқыту процесінде қолдануда төмендегідей факторлар ескерілуі тиіс:*

- техникалық-материалдық база;
- қолданбалы бағдарламалық құралдардың мектеп пәндері бойынша бар болуы;
- педагогтің ақпараттық сауаттылығы және ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейі;
- мультимедиялық, электрондық оқулықтардың мазмұндық сапасының анықталуы;
- білім алушылардың білім сапасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерінің ықпалы.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сәйкес дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты әдіс-тәсілдер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады.

Жаһандану кезеңіндегі ақпараттық сауаттылықты «білім технологиясы» деп айтуға болады. Әрине, бұл адамның шеберлігіне байланысты:

- ✓ белгілі бір мәселені шешу үшін ақпараттық жеке қажеттілікті ұғыну;
- ✓ маңызды сұрақтар қою арқылы ақпаратты іздеу стратегиясын жүргізу;
- ✓ берілген тақырыпқа сәйкес ақпаратты таба білу;
- ✓ табылған ақпаратты сұрыптау, талдау;
- ✓ ақпараттың сапасын, шынайылығын бағалай білу;
- ✓ осы ақпаратқа өзіндік көзқарасты қалыптастыру.

Бұл дағдылар «ақпараттық сауаттылық» ұғымымен анықталады, сондықтан бұларды негізгі көрсеткіш ретінде қарастыра аламыз.

*Сондай-ақ, сабақ барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігін төмендегідей қарастыруға да болады:*

- білім алушының өз бетінше іс-әрекеті;
- аз уақытта мол білім алып, уақытты үнемдеуі;
- білім, білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруі;
- қашықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып үдерістерімен түрлі тәжірибе нәтижелерін көру мүмкіндігі және т.б.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды көбірек пайдалану арқылы оның тиімділігін көруге болады.

Қорыта айтқанда, сабақ барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың маңызы білім алушылардың шығармашылық шабытын шыңдап, ой-өрісін, дүниетанымын, ғылыми көзқарасын кеңейтуге және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Бапаева М.К. Даму психологиясы: Оқулық. – Алматы: 2014. – 440 б.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007. 27 шілде

ӘОЖ: 371

#### **ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫ**

А.Ж.Жекенова

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

«Математика мұғалімдерін даярлау» мамандығының студенті, [jekenovaa.03@mail.ru](mailto:jekenovaa.03@mail.ru)

С.Ж. Бупетаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

аға оқытушы, магистр, [aizo2010@mail.ru](mailto:aizo2010@mail.ru)

**Аңдатпа:** Бұл мақалада бейнетаспаның беретін мүмкіндіктері жайлы қысқаша айтылады, әрі бейнетаспа арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятуға болатыны түсіндіріледі. Интернет ресурсында бейнені қалай монтаждауға болатыны, интернет ресурстарының көмегімен қандай нәтижеге жетуге болатыны ашып көрсетіледі.

**Кілтті сөздер:** Цифрлы құзіреттілік, бейнетаспа, монтаждау, мүмкіндіктер, сайт, қысқарту, біріктіру, проект, дыбыс өзгерту, сурет, жүктеу.

**Аннотация:** В этой статье кратко рассказывается о возможностях видеокассет и объясняется, как можно использовать видеокассеты, чтобы пробудить интерес учащихся к уроку. Как отредактировать видео на интернет-ресурсе, и каких результатов можно добиться с помощью упомянутых интернет-ресурсов, будет раскрыто.

**Ключевые слова:** цифровая компетенция, видеозапись, редактирование, функции, сайт, вырезание, объединение, проект, изменение звука, изображение, загрузка.


**Annotation:** This article briefly talks about the possibilities of videocassettes and explains how you can use videocassettes to arouse students' interest in the lesson. How to edit a video on an Internet resource, and what results can be achieved with the help of the mentioned Internet resources, will be revealed.

**Key words:** digital competence, video recording, editing, features, site, cut, merge, project, sound change, image, upload..

Цифрлы білім беру платформалары – электронды оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Бейнетаспа арқылы сабақты түсіндірудің оқушыларға пайдасы зор. Себебі, оқушыға бейне арқылы көріп оны түсіну оңай болады, әрі есінде ұзақ уақытқа дейін нақты сақталады. Мұғалімнің ауызша айтқанына қарағанда, тақырыпқа қатысты түрлі аниматорлық бейнетаспа, тікелей жүргізілген бейнетаспа арқылы көрген қызығырақ, әрі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятады. [1].


Енді сіздерге осы бейнетаспаны қалай қысқартуға, қалай әуендер қосуға болатынын, оған сурет қосуға және бейнетаспаның үстіне бейнетаспаны қалай қоятынын көрсетпекпіз. Қазіргі таңда цифрлық құзіреттіліктердің жоғарғы деңгейінде дамығанына байланысты бейнетаспаны монтаждауға болатын бірнеше сайттар мен программалар бар. Сіздерге компьютермен бейнетаспа жасауға өте қолайлы, ыңғайлы, әрі тегін түрде жасайтын [online-video-cutter.com](https://online-video-cutter.com) сайтпен қалай жұмыс жасауға болатынын көрсетеміз.

Ең алдымен [online-video-cutter.com](https://online-video-cutter.com) сайтын әлеуметтік желіден іздеп кіреміз.




Сурет 1.

Сайтқа кіргенде бірден алдымыздан 1-суреттегідей терезе ашылады. Бұл сайтта жұмыс істемес бұрын алдымен электрондық почтамыз арқылы тіркелеміз.



Сурет 2.

Тіркеліп болдық, енді біз кез-келген бейнетаспамызды монтаждай аламыз.





Сурет 3.

Терезеге назар аударатын болсақ, ең алдыңға қатарда бейнетаспаға монтаждауға қатысты түрлі нұсқалар берілген, нақтырақ айтатын болсақ:


- бейнетаспаны монтаждауға;
- запись экрана жасауға;
- бейнетаспаны біріктірге;
- бейнетаспаға әуен қосуға;
- бейнетаспаны қысқартып, қажет емес бөлігін алып тастауға;
- бейнетаспаға суреттер қосуға;
- бейнетаспаның кез-келген бөлігіне сөздерді немесе мәтіндерді енгізуге болады.


Бір айта кететіні біз бұл өзгерістерді жеке-жеке кіріп орындаймыз. Бұның пайдасы сіз әрқайсысына жеке кіру арқылы кішігірім қателіктерді де түзетуге мүмкіндік аласыз.



Сурет 4.


Нақтырақ түсіну үшін бейнетаспаны монтаждауға кіріп түсіндірейік. Проект құру батырмасын басамыз. Сол уақытта алдымыздан жұмыс үстелі ашылады. Суреттен көріп тұрғандарыңыздай бейнемонтажға арналған экран берілген, яғни сіз ол тұстан бейнетаспаңызға арналған өлшемдерді таңдай аласыз. Жұмысты одан әрі жалғастыру үшін файлды енгізу батырмасын басамыз, жаңа терезе ашылып, жүктеу қажет файлды сол беттен іздеп, ашу батырмасын басамыз.






Сурет 5.

Бейнетаспамыз ашылды. Зер салып қарасақ, бейнетаспамыздың жоғарғы жағында бейнетаспаның ұзақтық уақыты берілген. Сол тұстан бейнетаспамыздың біркелкі немесе бастапқы бөлігіне «текст» батырмасын басу арқылы сөз немесе мәтін енгізуге болады. Мысалы менеджмент сөзін бейнетаспаға қосуды шештік. Керек сөзімізді жазып болған соң сол сөздің шрифттерін, түсін өз қалағанындай өзгертуге, үлкейтуге немесе кішірейтуге және кез-келген бөлігіне әртүрлі уақытқа қоюға болады.








Сурет 6.

Бұл суреттерден көріп тұрғандарыңыздай бейнетаспа бетінің өлшемін «масштаб» батырмасын басу арқылы кішірейтуге немесе үлкейтуге болады. Оны жүзеге асыру үшін пайыздық (%) өлшем бірлікті қолданамыз. Пайызымыз қаншалықты үлкен болған сайын, бейнетаспада жақын, әрі үлкейтіліп көрсетіледі. Ал келесі суретте бейнетаспа бетін көлбеу түрде орналастыруға болатынын көреміз. Бұл процесс «поворот» батырмасы арқылы іске асады.




Сурет 7.

Келесі бізде әуен немесе түрлі дыбыстарды дұрыстауға болады. Нақтырақ айтатын болсам:


- дыбыстарды кесуге;
- дауыстарды бәсеңдетуге немесе басым қылып шығаруға;
- дыбыс жылдамдығын өзгертуге;
- дауыс тонын өзгертуге;
- дауысты кері қылып қосуға;
- дауыс жаздыруға;
- бірнеше дыбыстарды бір дыбысқа жинауға болады.

Дауыс дұрыстауға да бейнетаспаға кіргендей, керек операцияны таңдап, түзетуге қажет дыбысты енгіземіз.




Сурет 8.

Бұл бізде дауысты дұрыстауға арналған жұмыс беті. Суреттен көргендеріңіздей «эквалайзер» операциясын таңдау арқылы, дауыстың әр уақыттағы тондарын түзетуге болады, одан кейінгі суретте дыбыс жылдамдығына қатысты түзетулерді қалай енгізуге болатыны көрсетілген. Назар салып қарасаңыз, астыңғы бөлігінде тасбақа мен қоянның суреті бейнеленген. Түсінгендеріңіздей белгі қаншалықты тасбақаға жақын болған сайын дауыста соншалықты баяу орындалады, ал қарсы беттегі қоянға жақындатқан сайын дыбыстарыңыз да сол құрлым жылдамырақ ойнайтын болады.



Сурет 9.

Сайттың тағы бір ерекшелігі «PDF» форматында берілген барлық файлдарды, суреттерді, бейнетаспаларды, кестелерді, түрлі дыбыстар мен әуендерді, сайт кодтарын жеке-жеке өз файлдарында ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, мағлұматтар мен ақпараттарды Word программасында, кестелерді Excel программасында, суреттерді JPG форматта, сайттарды HTML программасында ашу.



Сурет 10.

Бейнетаспаны монтаждап болған соң немесе дыбысты өңдеп болған соң «сохранить» батырмасын басу арқылы дайындап, түзеткен дайын жобамызды жүктейміз. Дайын жоба автоматты түрде «загрузки» бөлімінде сақталады.



Сурет 11.

Қорытындылай келе, қазіргі XXI ғасырда цифрлық құзіреттілігі дамыған болашақ педагогтар үшін бейнетаспа монтаждай алуының орасан зор үлесі бар. Осы бейнетаспа арқылы оқушыларға тақырыпты түсіндіру жеңіл әрі қызықты бола түседі демекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Цифрлы педагогика: Оқулық/ К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. Тараз, 2022. -314б.
2. online-video-cutter.com
3. Y2mate.com сайты

ӘОЖ: 371

**ОТБАСЫЛЫҚ МИКРОКЛИМАТТЫҢ БАЛАҒА ӘСЕРІ**  
(ата –аналарға арналған тренинг)

Б.Б.Жолдасбаева

Жамбыл ауданы, Б.Кейкиев атындағы орта мектебінің  
педагог-психологі, [bakyt7069@mail.ru](mailto:bakyt7069@mail.ru)

**Мақсаты:** Ата-аналармен ашық, жайлы қарым-қатынас атмосферасын орнату, ата-аналарға бала тәрбиесі жөнінде, әрі отбасында жақсы микроклиматтың болуына ықпал ету.

Барысы:

Психологтың кіріспе сөзі

I. «Карнавал» сәлемдесу жаттығуы.

II. «Төртбұрыш- төрт таңдау» тренинг

«Қызыққа толы, ғибратты мәліметтер» айдары

III. «Қорқыныштан арылу» тренинг

IV. «Өзіме қуаныш сыйлау үшін не жасай аламын?» жаттығуы

V. Физикалық және эмоционалды стрессті жеңілдетуге көмектесетін релаксация жаттығулары.

VI. Қорытындылау.

**Психолог:** Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар. Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. Отбасы – барлығының басы, баланың жеке басының жан-жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас нәтижесінде адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгісі қалыптасады. Ал әке мен шеше, ата мен әже, әпке мен ағалар баланың ең алғашқы тәрбиешілері.

«Бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс-әрекетінің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дәрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз, осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз» деп А.С.Макаренко айтқандай бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес. Ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан халық өмір есігін енді ғана ашқан бөбек тәрбиесін бесіктен бастаған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата-аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескерте отырып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруда кенестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10-сөзінде: «Әуелі балаңды өзің алдайсың: әне, оны берем, міне, мұны берем деп, баста балаңды алдағаныңа мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды сынайды.

Ата- ана әр түрлі, олардың ұрпақ тәрбиесіне көзқарасы да сан алуан. Кез келген мәселе дұрыс қарым-қатынас жасай алмаудың себебінен туындайды. Сол отбасында тәрбиеленіп жатқан балаға да кері әсерін тигізеді. Әрбір ата-ана өз отбасында жайлы орта құрып, алаңдаушылық тудыратын жағдайлардан сақтап, балаларына қолдау көрсетіп, дұрыс қарым-қатынас құра алу дағдысын қалыптасыра білуі керек.

**I. «Карнавал» сәлемдесу жаттығуы.**

Топтық сәлемдесу көңілді болуы үшін әр түрлі тілдерде сәлемдесу сөздерін қолдануға болады.

Қатысушылардың әрқайсысы көршілерін оң және сол жақта кез-келген жерде қарсы алуы керек. Шет тілінде (good morning, guten Morgen, bonjour және т.б.) деп. Қыздыруға үлкен қарқын беру үшін тапсырманы барлығы бір уақытта орындай алады.

Сәлемдесуді айтпас бұрын, көршіңізбен байланыс орнату керек және оған қарап жылы жымыңыңыз.

Содан соң топ мүшелері еркін режимде аудиторияны аралап, бір-бірімен амандасады. Бас изесіп, сәлемдесуді айтады.

Әр елдің сәлемдесу сөзі жазылған карточкалар қатысушыларға алдын ала таратылады.

АҚШ, Ұлыбритания: "Good morning"; "Hi".

Италия: "Buon giorno".

Испания: "Buenos días".

Франция: "Bonjour".

Эстония: "Teg".

Литва: "Labas rytas".

Израиль: "Shalom".

Гавай: "Aloha".

Үндістан: "Namaste".

Нәтижесінде: Қатысушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, бір-бірін жақын тартып, алда жаттығуларда еркін қарым-қатынас жасауларына жол ашады.

## **II. «Төртбұрыш- төрт таңдау» тренинг**

Тренинг бөлмесі бұрыштармен қамтылған болуы керек. Жаттықтырушы әр бұрышқа "таңдау" жазылған А4 парағын орналастырады. Баламалар бейтарап заттарға да, оқу тақырыбына да қатысты болуы мүмкін:

Түстер: қызыл, сары, көк, жасыл.

Геометриялық фигуралар: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, трапеция.

Жыл мезгілдері: қыс, көктем, жаз, күз.

Табысты саясаттың негізгі қасиеттері: ақыл, ар-намыс, ар-ождан, харизма.

Қай бала ең "қиын": қиың, тыныш, жабық, агрессивті.

Әрбір қатысушының міндеті – таңдаған ұстанымның жанына барып, неге дәл сол балама (альтернатив) қызықтырғанын қатысушыларға айту. Қосымша міндет — кім онымен бір топта болғанын есте сақтау.

Ойын тағы үш рет қайталанады, әр жолы жүргізуші парақтарға жаңа баламаны жазып отырады. Төрт кезеңнен кейін топ шеңберге жиналады, тренер қатысушылардан тренинг барысында кіммен бір бұрышта жиі болғанын, кіммен мүлде болмағанын; топтағы әріптестерінен не білді; олардың тарапынан ұсынылған аргументтер таң қалдыра алды ма деп сұрайды. Тапсырманы қиындату үшін және интрига қалыптастыру үшін қатысушыларға аралық этап ұсынуға болады. Тренер төрт баламаны атайды, дегенмен қатысушылар жарты-бір минутқа онымен бір топта кім болатынын немесе жалпы топтар қалай бөлінетінін табу мақсатында қимылсыз күйге енеді. Дұрыс табылғандардың саны соңында талқыланады; ең интуитивті қатысушы сыйлыққа ие болады.

Интуитивті адам өзінің эмоцияларын түсініп қана қоймай, айналасындағы адамдардың эмоцияларын сезінеді. Ол достарының, отбасы мүшелерінің немесе бейтаныс адамдардың ішкі жағдайын " оқи " алады. Сонымен қатар, адамдар жоғары интуитивті адамға ашылуға және сенуге дайын.

## **«Қызыққа толы, ғибратты мәліметтер» айдары**

Егер балаңыз немесе қызыңыз өмірдегі қарапайым жағдайлардың бәрінен де айналасынан жау тауып, ұрыс-керіске дайын тұрса, ата-ана қайткенде де ертерек шара қолдануға тырысулары керек. Мұндай балаға сұлы, қарақұмық ботқасын, қызылша қосылған тағамдарды пісіріп беруге болады. Балаңыздың мінезінде өзгеріс пайда болады. Бойында сабырлылық, байсалдылық қасиеттері қалыптасады.

Ашуланшақ балалардың бойында ашу қайдан пайда болады деп ойлайсындар? Мінез кемшілігіне ішетін астың да тигізер әсері бар. Жартылай дайындалған тағамдардың құрамында (Е 251 мен Е250) нитраттары көп кездеседі. Нитраттар колбасада, сосискада, қақталған тағамдарда және ет консервілерінде кездеседі. Адам ағзасында нитраттардың шамадан тыс жиналған алғашқы белгілері – ашушандық пен себепсіз агрессияға әкеліп соғады.

Күні кешегіге дейін тіл алғыш бала 12 жасқа толғанда бойында қырсықтық пайда болады. Тіпті өзінің қырсықтығынан жақын адамдарын ренжіткенін де байқамай қалады. Неліктен? Олай болу себебі фосфорлы – кальций зат алмасуының бұзылғандығының әсері. Ол үшін балаға жұмыртқа, ірімшік, котлет, бифштекс, етсіз борщ, бұқтырылған капуста тағамдары болса да жеткілікті.

**III. «Қорқыныштан арылу»** (баяу музыканың үнімен өткізіледі.)

**Уақыты: (5-мин.)**

Ал қазір сәл бой жазып алайық, ол «**қорқыныштан арылу**» деп аталады. Бұл бой жазуымыздың мақсаты, қорқынышты, мазалануды алу, күйзеліс жағдайына дайындалу болып табылады.

Ынғайланып отырыңыз, еркін дем алыңыз, көздеріңізді жұмыңыздар және көз алдарыңызға елестетіңіздер, сіздер жасыл алаңда, ашық күннің астында дем алып отырсыздар... Аспанда күн шуағын шашып тұр және осы нұрдың шашуының бөлігі сізге тиді ... Оның шуақтары сіздің басыңызды жұмсақ және еркелетіп қыздырады, денеңізге кіреді, ол өн бойыңызға төгіледі, осының бәрі сіздің қорқыныш пен топшылама, барлық жағымсыз ойларыңызбен сезіміңіз, сіздің ренішіңіз және мазасыздануыңыздың бәрі ериді, оның бәрі тазартылған жарықпен толтырылады.

Барлық таза емес бөліктеріңіз қараңғы түнге айналып, оны жұмсақ жел тез қуады, ол сіздің денеңізді тастап кетеді. Сіз қорқыныштан арылдыңыз, сіз тазардыңыз, сізге жарық түсті және сіздің көңіліңіз көтерілді, жүрегіңізді қуаныш кернеді.

**Талдау:**

Тренингтен қандай әсер алдыңыз?

Әр қайсысы алған әсерлерімен бөліседі.

**IV. «Өзіме қуаныш сыйлау үшін не жасай аламын?»** жаттығуы

Әдістері: күлкі, қалжың;

- жақсы нәрселер туралы ойлар
- бұлшық еттерді босаңсыту;
- суреттерге, қымбат заттарға, гүлдерге қарау;
- жоғарыдағы күштерге ойша жүгіну;
- күн сәулесіне шомылу;
- су процедуралары;
- таза ауада демалу;
- кітап оқу, фильмдер тамашалау;
- қошемет, жақсы тілек, мақтау айту.

Өзін – өзі реттеу әдістері:

тыныс алу ( жүйке жүйесі орталықтарының өршуін төмендету, релаксацияларға мүмкіндік береді).

**V. Физикалық және эмоционалды стрессті жеңілдетуге көмектесетін релаксация жаттығулары.**

**№ 1 жаттығу «Релаксация»**

1. Тік тұрыңыз, аяғыңызды иық енінен бөлек қойыңыз, салмақты екі аяғыңызға біркелкі түсіріңіз.

2. Қолыңызды төбеге қарай созыңыз, саусақтарыңызды жайыңыз. Күнге және т. б. сияқты жағымды нәрсеге қол жеткізетіндігіңізді елестетіп, жоғарыға көтеріліңіз.

3. Бүкіл аяққа төмен түсіңіз. Бір уақытта қолыңызды босаңсытыңыз, бірақ төмендетпеңіз, содан кейін шынтақтарды баяу төмендетіңіз.

4. Шынтақтарыңызды екі жаққа жайыңыз, қолдарыңыз бен білектеріңізді алақанның артқы жағы беттің екі жағында болатындай етіп "тастаңыз".

5. Қолдарыңыз екі жаққа еркін "құлап" кетсін. Иықтарыңызды төмендетіңіз, бірақ итермеңіз, босаңсыған қолдарыңыздың салмағын сезініңіз.

6. Жоғарғы денеңіздің еркін құлап кетуіне жол беріңіз, денені толығымен босаңсыту керек, қолдар мен бастар еркін "ілулі", мойын босаңсыған.

7. Аздап тізені бүгіңіз, аяқ толық босаңсыған болуы тиіс.

8. Сезініңіз, арқа қалай созылады, аздап бүгілген аяқпен тербеліңіз.

9. Арқаңыздың не сезгеніне назар аударыңыз, содан кейін бастапқы позицияны алыңыз.

**№ 2 жаттығу «Кернеуді домалату»** напряжение

Ыңғайлы отырыңыз немесе көлденең позицияны алыңыз. Оң қолыңызды созыңыз. Оны біртіндеп босансытып, кернеуді сол қолыңызға аударыңыз. Содан кейін кернеуді сол аяққа, оң аяққа, төменгі арқаға, асқазанға және т. б. бүкіл денеге кезекпен аударыңыз. Жаттығудың соңында сіз өзіңізді толығымен демалғандай сезінесіз.

**№ 3 жаттығу «Тыныс алуды күшейту»**

- Бастапқы ұстаным - тұру, аяқтар иық енімен бірдей;
- Дем шығарғаннан кейін біз бірден дем аламыз, алақанымызды алақанымызбен иық деңгейіне көтереміз. Қолдар жұдырықпен қысылып, тыныс алу кезінде қолдар шынтақтарда тез бүгіледі (иыққа жұдырықпен);
- Қолдар өте баяу, кернеумен олар бұрынғы күйіне оралады (алақандары иық деңгейінде жоғары көтеріледі);
- Дем шығару кезінде қолдар баяу төмен түседі.

Тыныс алу жаттығуларының басында бір иілудің циклы орындалады-қолды кеңейту. Содан кейін бір тыныс алу кезіндегі цикл саны 2-3-ке дейін артады. Жаттығу демалу үшін кішкене бос орындармен 3 рет жасалады, адам екі бүктеледі оның барысында қолдар төмен түседі.

**Соқыр және бағыттаушы "жаттығуы"**

Бұл классикалық жаттығу-мұзжарғыш. Сонымен, бұл жаттығу тобындағы алғашқы шиеленіс пен сенімсіздікті керемет түрде жояды, тренингке қатысушылар арасында жылы, сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

"Соқыр және бағыттаушы" жаттығуы тренингке қатысушыларды басқа адамдарға деген сенім тақырыбын зерттеуге және талқылауға жақсы әкеледі. Тренинг қатысушыларына өз өмірлеріндегі сенім деңгейін арттыруға, адамдарға көбірек сенім артуға болатынын, өмірде біз жиі "сенбейтімізді" көруге көмектеседі.

Сенім – қалжыратпай, шаршатпай, шалдықтырмай биік армандарға жетелеп, зор шабыт сыйлап, жүрекке жалындаған ыстық шынайы махаббат, бойға сергектік беретін, сарқылмастай күш – қуат құятын, ерік – қабілетінді бағыттап, болмысыңды билейтін серпінді, құдыретті ұлы күш.

Осы күш бала тәрбиелеу барысында Сіздердің бойларыңыздан табылсын!

**Рефлексия.**

- Сізге тренинг ұнады ма?
- Тренингте сіз үшін қандай жаңалық болды?
- Өзіңізге қандай пайдалы кеңестер алдыңыз?

ӘОЖ: 05.02.23; +17.00.06

**БИОНИКА ІЛІМІН ДИЗАЙН САЛАСЫНА ЕНГІЗУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫ.**

Г.Е.Жантеева

Казахская национальная академия искусств имени Т. К. Жургенова  
кандидат биолог наук, [Raika\\_1972@mail.ru](mailto:Raika_1972@mail.ru)

**Аңдатпа:** Бұл мақалада бионика сияқты пәнаралық ғылымның дизайн саласына енгізу жайлы айтылған. Бионика - бұл табиғат идеяларына және осы идеяларды жетілдірілген техниканың көмегімен нақты өмірге енгізуге негізделген ғылым. Көптеген адамдар кибернетиканың бұл саласы қандай екенін әлі білмейді. Мен өз жұмысымда сізге осы ғылым туралы, онымен не байланысты және неге ол бүкіл әлем тұрғындары арасында онша танымал емес екенін айтамын.

**Кілтті сөздер:** Бионика, биодизайн, дизайнер, 3D визуализация, матрица.

**Аннотация:** В статье рассматриваются о влиянии бионики на творческое развитие студентов дизайнерской профессии.

**Ключевые слова:** Бионика, биодизайн, дизайнер, 3d-визуализация, матрица

**Annotation:** The article discusses the influence of bionics on the creative development of students of the design profession.

**Keywords:** Bionics, biodesign, designer, 3d visualization, matrix

Технологияның көз ілеспес жылдамдықпен дамуы адамзат үшін бұрын фантастика болған, қиял саналған құрылғыларды қазіргі уақытта қолданысқа енгізіп жатыр. Мүмкін, біз болашақта түстерді «ести» аламыз немесе электр өрістерін «сезінеміз». Тіпті матрица фильміндегідей миға жаңа ақпарат жүктей аламыз. Бионика адамзаттың келбетін өзгертеді. Біз технологияға тәуелді болған сайын, мүмкіндіктеріміз қазіргі уақыттан күннен күнге артуда. Атап айтсақ, көзге бейнекамераларды орнату, биіктіктен секіру және жылдамырақ жүгіру қабілеттерін жетілдіру, тіпті электронды құрылғыларды адам санасының күшімен басқару, тағысын тағы таңғаларлық мүмкіндіктер іске асуда. Биониканың басты міндеті — тірі табиғаттың құрылу принципін зерттей отырып, биологиялық жүйелерді техникада пайдалану.

Бионика - бұл бірінші кезекте ғылыми, содан кейін ғана шығармашылық бағыт бола алатын сала болып табылады. Сәулетке қатысты ол ғимараттарды жобалау және салу кезінде тірі ағзалар құрған тірі ағзалар мен нысандарды ұйымдастыру қағидаттары мен әдістерін пайдалануды білдіреді.

Қазіргі заманғы бионика математикалық модельдеу, есептеу және 3d-визуализациялау үшін бағдарламалық қамтамасыз етудің кең спектрін қолдана отырып, жаңа әдістерге негізделеді. Оның негізгі міндеті тірі организмдердің тіндерін қалыптастыру заңдарын, олардың құрылымын, физикалық қасиеттерін, осы білімді сәулетте жүзеге асыру мақсатында конструктивтік ерекшеліктерін зерделеу болып табылады. Тірі жүйелер оңтайлы сенімділікті қамтамасыз ету, энергия мен материалдарды үнемдеу кезінде ыңғайлы нысанды қалыптастыру қағидаттары негізінде жұмыс істейтін конструкциялардың мысалы болып табылады. Биониканың негізі де - осы принциптер болып табылады.

Бионикалық стиль тұрғын үй-жайларда да, қызмет көрсету, әлеуметтік және мәдени мақсаттағы үй-жайларда да интерьердің дизайнына үлкен серпін алып келді. Биониканың көптеген мысалдарын қазіргі заманғы саябақтардан, кітапханалардан, сауда орталықтарынан, мейрамханалардан, көрме орталықтарынан және басқа да көптеген салалардан көруге болады. Сәулет жағдайындағы сияқты, интерьердің бионикасы кеңістікті ұйымдастыруда, үй-жайларды жоспарлауда, декорда, жиһаз бен аксессуарлардың дизайнында табиғи формаларды пайдаланады.

Соңғы онжылдықта бионика жаңа дамуға айтарлықтай серпін әкелді. Бұл заманауи технологиялардың алып және жоғары деңгейіне көшуімен және бұрын болмаған дәлдікпен шағын табиғи конструкцияларды көшіруге мүмкіндік беруімен байланысты. Қазіргі заманғы бионика негізінен табиғи ұқсастықтарды көшіретін жаңа материалдарды, робототехниканы және жасанды органдарды әзірлеумен тығыз байланысты.

Табиғат инженерлер мен ғалымдарға технологиялар мен идеяларды алу үшін шексіз мүмкіндіктер ашып беруде. Бұрын адамдар өздерінің алдында тұрған нәрселерді көре алмайтын, бірақ қазіргі заманғы техникалық құралдар мен компьютерлік модельдеу қоршаған әлемнің қалай қалыптасқанын анықтауға және одан кейбір бөлшектерді өз қажеттіліктері үшін көшіруге көмектеседі. Табиғи мотивтерді, жасанды және табиғи өсімдіктерді пайдалану - бионика стиліне тән жарқын сипат[2].

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесін дамыту кәсіби кешенді зерделеу процесінде дизайнер-студенттер алатын білім сапасына ерекше назар аударуды талап етеді. Жоғары оқу орындары мамандарды іргелі практикалық даярлауды көздейді, бұл ретте кәсіптік оқытудың үздіксіз оқыту нақтылығы маңызды болып табылады.

Дизайн ілімі білім берудің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде формаларды модельдеу арқылы студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту болып табылады. Бионика - биология мен инженерлік жобалау арасындағы шекаралық ғылым, алайда оны дизайнер ілімінде пайдалану заңды. Биологиялық нысандарды дамыту заңдылықтары композициялық құрылымдарды әзірлеуге ұқсас және нысандар мен функциялардың бірлігіне негізделеді. Дүние жүзінде тірі табиғат формаларын әзірлеудің қазіргі кезеңінің ерекшелігі - бүгінде тірі табиғаттың тек формальды жақтары ғана игеріліп қоймай, тірі ұрпақ пен заттық әлемнің даму заңдары арасындағы терең байланыстар орнатылуында болып отыр.

Мақаланың мақсаты - бионика элементтерінің табиғи аналогтардың формалды қасиеттерін зерттеу процесінде дизайнер студенттердің шығармашылық, кәсіби ойлау қабілеттерін қалыптастыруға әсер ету дәрежесін анықтау. Жаңа дизайн объектісін жасау процесінде студент-

дизайнердің максималды мәнерлілікке және ақпараттық мазмұнға қол жеткізе отырып, кескіндерді манипуляциялау қабілеті жетекші рөл атқарады. Кез келген композициялық құрылымды құру үшін шығармашылық көріністі адамның тіршілік әрекеті процесінде алынған тәжірибе ғана пайдалана алады. Жоқ нәрсені ойлап табу мүмкін емес. Осылайша, дизайнның барлық объектілері - бұл айшықты, қайта құрылған, синтезделген табиғи аналогтар. Биоморфологиялық, биомеханикалық және бионикалық заңдылықтарды зерделеу студент-дизайнерге табиғи объектілерді құру әдістерін пайдалануға мүмкіндік береді. Олар табиғи объектілердің жұмыс істеу тәсілдері; заттың, энергияның және ақпараттың орнын ауыстыру және қайта өңдеу функцияларын жүзеге асыратын әр түрлі заттық-техникалық жүйелерді құру үшін организмшілік процестер, сондай-ақ сан алуан биологиялық нысандар мен құрылымдарды эстетикалық қабылдау және игеруі болып табылады[3].

Қазіргі уақытта табиғат объектілерінің қалыптасу ерекшеліктерін зерделеу негізінде жекелеген дизайн-тұжырымдамалары мен әзірлемелері белгілі. Ең жарқын мысалдардың бірі ретінде итальяндық дизайнер Л. Коланидің (1928, Берлин) шығармашылығын санауға болады. Оның эскиздері - теңіз жануарларын - кит, дельфиндерді суреттеу. Жаңа бағытты сипаттау үшін ол «биодизайн» терминін енгізді. Биодизайн - биоәйелер негізінде биотехниканы неғұрлым оңтайлы жобалауды іске асыратын бионика тармақтарының бірі және сонымен қатар дизайн ағымы болып табылады.

Оқу формасын қалыптастыру процесінде студент көлемді композицияларды құру проблемаларымен жиі кездесіп келеді. Қойылған міндеттерді шешу үшін баламаларға жүгіну қажеттілігі туындайды: олар қоршаған кеңістіктің құрамдары мен құрылымдарын талдау, адекватты форманы іздеу, пішін мен функцияны үйлестіру, объектінің пропорционалды кеңістіктік бағдарын іздеу. Осылайша бұрын бар қоршаған ортадан өзгеше қоршаған ортаны қабылдау мен бейнелеуді қамтитын шығармашылық ойлаудың танымдық функциясы іске асырылады. Әр түрлі қасиеттердің - құрылыстың, фактуралардың, пропорциялардың қоршаған орта жағдайымен үйлесімділігі биоформаларды ажыратады, олардың эстетикалық сипаттамаларын білдіреді.

Студент-дизайнер нысанның қандай да бір өзіне тән ерекшеліктерін: құрылыстылықты, қысымды, екпінділікті, төзімділікті, қуаттылық, әлсіздік, көтеріңкі, бірқалыпты, беріктік, қозғалмаушылық, қатаңдықты, тыныштықты ажырата көрсете алады.

Модельді құру барысында қоршаған ортаға байланысты негізгі сыртқы қасиеттер анықталады[4].

Бионика элементтерінің дизайнер студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыруға әсер ету дәрежесін талдау биониканы қалыптасуда кеңінен қолдану қажеттілігін көрсетті. Биоорганизмдердің формалды қасиеттерін зерделеу білімді, практикалық дағдыларды жинақтауға ықпал етеді, орындалған практикалық міндеттердің деңгейін арттыруға қызмет етеді.

Биодизайн бізді қоршап, өмірдің барлық жақтарын қамтып өтеді. Табиғаттағы формалық білім беру заңдарын зерделеу және олардың қасиеттерін әзірленетін модельдерге көшіру нақты жобалық тапсырманың оңтайлы шешілуіне ықпал етіп қана қоймай, студенттердің кәсіби ойлауын, олардың инновациялық қызметке қабілеттілігін дамытады.

Бионика қағидаттарын пайдалану негізінде жобалау процесі қойылған міндетті шешуді оңтайландырады, тірі табиғатты түсіндіруге жаңа, субъективті тәсілді табу үшін мүмкіндіктер ашады.

Бионика ресурстарды, мысалы, материалдар мен энергияны үнемдеуге көмектеседі, құрылыстың беріктігі мен ұзақ мерзімділігі айтарлықтай ұлғайған кезде шығындарды азайтуға ықпал етеді. Бионикада экологиялық таза материалдар, сондай-ақ адамдар үшін қауіпсіз құрылыс конструкциялары мен экоүйлер пайдаланылады. Мұнда барынша танымал ағаш, бамбук, тері, жүн, зығыр және мақта пайдаланады[5].

Қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін студенттерге білімді өз бетінше меңгерудің жақсы дағдыларын беру қажет. Мамандандырылған курсты оқу кезінде студенттер бионикаға деген қызығушылықтарын жоғалтпауы керек. Оқытушы үшін бұл қызығушылықты сақтау, оны нығайту, студенттерге болашақ маман иесі болуына көмектесу өте маңызды.

Заманауи оқытушы оқу процесін жүргізуде барлық пәндерді біріктіретіндей ортақ қасиеттер жиынтығы болуы керек. Оқытушы тағы бір құзыреттілікке ие болуы керек – ол инновациялық режимде жұмыс істей білу.

Қорыта келе, бионика тұжырымдамасы жаңа емес. Мысалы, 3000 жыл бұрын қытайлықтар жәндіктерден жібек жасау әдісін қабылдауға тырысты. Бірақ XX ғасырдың соңында бионика екінші



тыныс алды, заманауи технологиялар миниатюралық табиғи құрылымдарды бұрын-соңды болмаған дәлдікпен көшіруге мүмкіндік береді. Сонымен, бірнеше жыл бұрын ғалымдар өрмекшілердің ДНҚ - сын талдап, жібек тәрізді тордың жасанды аналогын - кевларды жасай алды. Бұл материалда мен қазіргі биониканың бірнеше перспективалық бағыттарын айттым және табиғаттан қарыз алудың ең танымал мүмкіндіктерін мысал келтірдім.

Соңғы онжылдықта бионика жаңа дамуға айтарлықтай серпін әкеледі. Себебі қазіргі заманғы технологиялар гига және нано деңгейге ауысады және миниатюралық табиғи құрылымдарды бұрын-соңды болмаған дәлдікпен көшіруге мүмкіндік береді. Қазіргі бионика негізінен табиғи аналогтарды, робототехниканы және жасанды мүшелерді көшіретін жаңа материалдарды әзірлеумен тікелей байланысты.

Ғылыми-техникалық прогресс қазіргі уақытта кез келген ауқымдағы ғимараттар мен құрылыстарды салу кезінде бионикалық конструкцияларды қолдану мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Ғимараттарды тұрғызу кезінде ресурстарды үнемдеу, баламалы энергия көздері мен енгізілетін органикалық материалдар экологиялық дағдарыс туындаған жағдайда басымдыққа ие болады[5].

Осылайша, қоршаған ортадағы бионикалық дизайн кешенді күрделі жобаларды іске асыруға және сәулет, биоинженерия, космонавтика, протездеу және тағы басқа салаларда жаңа мүмкіндіктер алуға көмектесе отырып, кең қолданыста болады. Сондықтан қарқынды дамып келе жатқан бұл бағыт сәулетшілер мен дизайнерлердің ойын шындап жаңа туындылар әкелуіне бірден бір себепші болады.

Табиғат тікелей инженерлер мен ғалымдарға технологиялар мен идеяларды алуға шексіз мүмкіндіктер ашады. Бұрын адамдар мұрындарының алдында не бар екенін көре алмады, бірақ қазіргі заманғы техникалық құралдар мен компьютерлік модельдеу қоршаған әлемнің қалай жұмыс істейтінін аздап түсінуге көмектеседі және одан кейбір бөлшектерді өз қажеттіліктері үшін көшіруге тырысады. Сондықтан да бионика негіздері пәні тек дизайн саласында ғана емес қазіргі заман талабына сай келетін бірден бір таптырмас жан жақты ілім. Бұл саланы мүмкіндігінше терең зерттеп, зерделеу қажет. Заманауи дизайн мамандығының студенттері қазіргі технологияның шарықтау шағында жан жақты қалыптасуы керек. Бионика негіздері пәнін қажетті ілім деп есептеймін және барлық дизайнер маман иелерінің оқу бағдарламасына енгізу керек деп ойлаймын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ажнина Е. Бионика: природа знает лучше! – Как / Е. Ажнина [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.kak.ru>.
2. Жирарден Л. Бионика / Ж. Жирарден. – М.: «Мир», 1971. – 85 с.
3. Моделирование в биологии, пер. с англ., под ред. Н. А. Бернштейна, М., 1963.
4. И.И.Гармаш Тайны бионики.-Киев, 1985.
5. Литнецкий И. Б. Беседы о бионике. – М.: Наука, 1968. – 123 с.

ӘОЖ: 371

#### **ОБНОВЛЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ РАБОТЫ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА**

А.Т.Жумагулова  
Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати  
магистр, старший преподаватель

А.А.Антонов  
магистрант 1 курса 7М01804 – «Подготовка специалистов по социальной  
и специальной педагогике»  
г. Тараз Казахстан

**Аннотация.** В данной статье автор рассматривает тему обновленного содержания работы социального педагога, основные изменения в работе социального педагога, вызванные изменением

социально-экономической ситуации в обществе. Также обсуждаются новые задачи, возникающие перед социальным педагогом в современном обществе. Автор подробно рассматривает концепцию работы социального педагога в современных условиях и выделяет основные направления его деятельности.

Автор подробно описывает примеры практической работы социального педагога, которые позволяют читателю лучше понять суть его работы. В заключении автор подводит итоги и делает вывод, что работа социального педагога является неотъемлемой частью образовательной системы и важным фактором в повышении качества жизни в обществе.

**Ключевые слова:** обновлённое содержание, социальный педагог, педагогика, роль социального педагога.

**Аннотация.** Бұл мақалада автор әлеуметтік педагог жұмысының жаңартылған мазмұнының тақырыбын, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруінен туындаған әлеуметтік педагог жұмысындағы негізгі өзгерістерді қарастырады. Сондай-ақ, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік педагог алдында туындайтын жаңа міндеттер талқылануда. Автор қазіргі жағдайда әлеуметтік педагог жұмысының тұжырымдамасын егжей-тегжейлі қарастырады және оның қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды.

Автор оқырманға өз жұмысының мәнін жақсы түсінуге мүмкіндік беретін әлеуметтік мұғалімнің практикалық жұмысының мысалдарын егжей-тегжейлі сипаттайды. Қорытындылай келе, автор қорытындылайды және әлеуметтік педагогтың жұмысы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі және қоғамдағы өмір сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады деген қорытынды жасайды.

**Түйінді сөздер:** Жаңартылған мазмұн, әлеуметтік педагог, педагогика, әлеуметтік педагогтың рөлі.

**Abstract.** In this article, the author examines the topic of the updated content of the work of a social pedagogue, the main changes in the work of a social pedagogue caused by a change in the socio-economic situation in society. The new tasks facing the social pedagogue in modern society are also discussed. The author examines in detail the concept of the work of a social pedagogue in modern conditions and highlights the main directions of his activity.

The author describes in detail examples of the practical work of a social pedagogue, which allow the reader to better understand the essence of his work. In conclusion, the author summarizes and concludes that the work of a social pedagogue is an integral part of the educational system and an important factor in improving the quality of life in society.

**Keywords:** updated content, social pedagogue, pedagogy, the role of a social pedagogue.

Современное общество ставит перед социальным педагогом все новые и новые вызовы. Изменения в социально-экономической сфере, трансформации в семье и образовательной среде, а также рост социальной напряженности и ухудшение здоровья населения требуют от социального педагога обновления содержания своей работы и использования новых подходов в своей деятельности. Сегодня социальный педагог является не только педагогом, но и социальным работником, который решает широкий круг задач, связанных с развитием, социализацией и поддержкой детей и молодежи.

В рамках обновленного содержания работы социального педагога можно выделить несколько основных направлений.

1. Работа с детьми и молодежью в различных социальных контекстах.

Социальный педагог ведет работу с детьми и молодежью в различных социальных контекстах: в школе, в детском доме, в трудной жизненной ситуации, на улице и т.д. В рамках данного направления социальный педагог работает на развитие личности ребенка, помогает ему развиваться, адаптироваться к новым условиям, преодолевать трудности и достигать успеха.

2. Работа с родителями.

Социальный педагог также работает с родителями, помогая им развиваться как родителям, становится лучше, более осведомленными и ответственными. Важным аспектом работы социального педагога с родителями является поддержка их психологического благополучия, помощь в решении семейных конфликтов, а также развитие у них навыков воспитания.

### 3. Работа с образовательными учреждениями.

Социальный педагог работает с образовательными учреждениями, помогая развивать эффективную систему работы по социализации детей и молодежи. Он сотрудничает с учителями, педагогами и другими специалистами, которые занимаются работой с детьми и молодежью

Кроме того, современные социальные педагоги должны обладать знаниями и навыками в области информационных технологий, так как это позволит им работать более эффективно. Но главным изменением в обновленном содержании работы социального педагога является акцент на индивидуальном подходе к каждому человеку. Это означает, что социальные педагоги должны быть готовы работать с людьми, учитывая их индивидуальные потребности и особенности. Новое содержание работы социального педагога также подразумевает более тесное взаимодействие с другими специалистами в области социальной работы. Социальные педагоги должны быть готовы работать в команде с другими социальными работниками, психологами, медицинскими работниками и другими специалистами, чтобы обеспечить комплексное и эффективное решение проблем. Также обновленное содержание работы социального педагога включает в себя большую ответственность перед клиентами и обществом в целом. Социальные педагоги должны быть готовы работать с клиентами, учитывая этические и правовые аспекты работы. Они должны также быть готовы к постоянному профессиональному развитию и обучению, чтобы оставаться в курсе последних тенденций и разработок в области социальной работы. Работа социального педагога является ответом на изменяющиеся потребности и вызовы общества и является важным шагом в развитии профессии социального педагога.

Исходя из этого, социальный педагог должен уметь:

Работать с многокультурной средой. В современном обществе люди из разных культур и национальностей сосуществуют вместе, и социальный педагог должен уметь работать с каждым человеком независимо от его культурных особенностей. Он должен уметь создавать доверительные отношения с людьми, уважать их культуру и традиции, понимать их потребности и интересы.

Работать с молодежью. Молодежь – это главная целевая группа социального педагога. Современные молодые люди отличаются особыми потребностями, интересами и проблемами, и социальный педагог должен уметь работать с ними в этом контексте. Он должен уметь создавать привлекательные образовательные программы и мероприятия, которые будут интересны молодежи и помогут им решать свои проблемы.

Работать с людьми с ограниченными возможностями. Люди с ограниченными возможностями – это отдельная категория населения, которая нуждается в особой заботе и внимании. Социальный педагог должен уметь создавать условия, которые позволят им принимать участие в общественной жизни, получать образование и развиваться.

Работать в команде. Социальный педагог часто работает в команде с другими специалистами, такими как психологи, социальные работники и другие. Он должен уметь эффективно взаимодействовать с коллегами, делиться своим опытом и знаниями, и создавать вместе с ними общую стратегию работы.

Использовать современные технологии. Современные технологии являются неотъемлемой частью жизни людей, и социальный педагог должен уметь использовать их в своей работе. Он должен уметь создавать виртуальные образовательные программы, пользоваться социальными сетями и другими инструментами, которые позволят ему эффективно работать с людьми.

Обновленное содержание работы социального педагога включает в себя несколько аспектов:

Концептуализация. В современных условиях социальный педагог должен обладать не только практическими знаниями и навыками, но и теоретическими знаниями. В связи с этим, усилилось внимание к формированию у социальных педагогов системы профессиональных знаний и компетенций, которые включают в себя педагогические, психологические, социологические, юридические и др. аспекты. Это позволяет социальному педагогу решать широкий круг задач, связанных с социальной работой.

Новые технологии. С развитием информационных технологий, социальный педагог должен уметь использовать новые технологии в своей работе. В частности, это относится к ведению электронных журналов и баз данных, применению онлайн-консультирования, а также к использованию специализированного программного обеспечения.

Междисциплинарность. Социальный педагог в своей работе должен учитывать не только педагогические, но и социологические, психологические и медицинские аспекты. Это позволяет

ему более глубоко понимать проблемы, с которыми сталкиваются дети и подростки, и более эффективно решать их.

Системность и комплексность. Современные задачи социальной работы с детьми и подростками требуют комплексного и системного подхода. Социальный педагог должен учитывать все аспекты социальной ситуации ребенка или подростка и предлагать комплексные меры по ее решению.

Индивидуальный подход. Социальный педагог должен учитывать индивидуальные особенности каждого ребенка или подростка и строить свою работу на основе индивидуального подхода.

Активная жизненная позиция. Социальный педагог должен обладать активной жизненной позицией, быть открытым для новых идей и направлений, активно внедрять инновационные технологии и методики.

Важно понимать, что социальный педагог – это не только специалист, работающий с людьми, но и профессионал, постоянно совершенствующий свои знания и умения, чтобы оказывать наиболее эффективную помощь. Важным аспектом работы социального педагога является также налаживание взаимодействия с родителями или законными представителями детей, которые находятся в сложной жизненной ситуации. Они могут оказывать влияние на ребенка и его поведение, поэтому социальный педагог должен уметь работать с ними, в том числе и в кризисных ситуациях. Также важной задачей социального педагога является профилактика социальных проблем, связанных с несформированностью у детей социальных навыков и умений, неуспеваемостью в учебе, низкой самооценкой и другими проблемами, которые могут стать причиной социальной и личностной дезадаптации ребенка в будущем.

В современных условиях социальный педагог должен быть готов к работе с новыми технологиями и использованию информационных ресурсов, которые помогут оптимизировать его работу и улучшить результаты. Например, в настоящее время широко используются различные электронные системы мониторинга и контроля, которые позволяют получать оперативную информацию о состоянии ребенка и эффективности проводимых мероприятий.

Заключая вышеприведенное, можно отметить, что современное обновленное содержание работы социального педагога нацелено на предоставление комплексных услуг, направленных на социальную адаптацию детей и молодежи, а также помощь в решении социальных проблем и конфликтов. В рамках нового подхода к работе социального педагога, основными задачами являются выявление потребностей детей и молодежи, оказание им помощи в процессе социальной адаптации, поддержка их в развитии и достижении успеха в учебе, формирование навыков самоуправления и самоорганизации, а также профилактика социальных проблем и конфликтов.

В целом, обновленное содержание работы социального педагога направлено на создание благоприятной социальной среды для детей и молодежи, обеспечение их полноценного развития и успешной социальной адаптации в современном мире. Важно понимать, что эта работа требует постоянного внимания и усилий со стороны всех участников образовательного процесса, и только так можно достичь успехов в работе социального педагога.

#### **Список использованной литературы:**

1. Курманбаева Л.М. "Современное содержание работы социального педагога в условиях школьной инклюзии" 2019г
2. Батырбекова Н.Х., Канатова А.М., Иманкулова М.С. "Профессиональные компетенции социального педагога в условиях модернизации образования" 2021г
3. Дуйсенова Ж. "Основные подходы к определению содержания работы социального педагога" 2018г
4. Колесникова А.Н. "Социально-педагогическая работа с детьми, нуждающимися в психолого-педагогической помощи в условиях современной школы" 2019г
5. Курантай Н.Ш. "Социально-педагогические технологии в работе социального педагога с детьми, нуждающимися в психолого-педагогической помощи" 2017г
6. Нургалиева Г.А. "Особенности работы социального педагога в условиях современной школы" 2021г.

ӘОЖ 14.29.29

**СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ ДАМЫМАУЫ БАР (2 – 3 ДЕҢГЕЙ) 4 – 5 ЖАСТАҒЫ  
БАЛАЛАРДЫҢ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУ ЖҰМЫСЫН  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

А.М. Олжабаева

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
«7М01902 – Арнайы педагогика» мамандығының 2 – курс магистранты, [assemelc@gmail.com](mailto:assemelc@gmail.com)

Ә.Қ. Сүлеймен

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
«6D010500 – Дефектология» мамандығының докторанты [asel.s\\_5@mail.ru](mailto:asel.s_5@mail.ru)  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Бұл мақалада сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар (2-3 деңгей) 4 -5 жастағы балалардың артикуляциялық моторикасын дамыту бойынша түзете – дамыту жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылды. Мақала аясында жүргізілген зерттеудің мақсаты – сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар (2-3 деңгей) 4 -5 жастағы балалардың артикуляциялық моторикасын дамыту бойынша түзете – дамыту жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін саралау, тиімділігін сынақтан өткізу. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін әдебиеттерге теориялық зерттеу жүргізу, зерттеуге қатысушылардың артикуляциялық моторикасының бастапқы даму деңгейін анықтау және балалардың артикуляциялық моторикасын дамыту бойынша түзете – дамыту жұмысының мазмұнын құру міндеттері қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде бастапқы және кейінгі нәтижелердің арасында динамиканың болғандығы байқалып, біз ұсынған түзету мазмұны тиімді деген тұжырымға келдік.

**Кілтті сөздер:** сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, артикуляциялық моторика, үйлесімді қимылдар, еркін қозғалыс, жалпы моторика.

**Аннотация:** В данной статье рассмотрены особенности организации коррекционно – развивающей работы по развитию артикуляционной моторики у детей 4-5 лет с общим недоразвитием речи (2-3 уровень). Цель проведенного в рамках статьи исследования – дифференциация особенностей организации коррекционно-развивающей работы по развитию артикуляционной моторики у детей 4-5 лет с общим недоразвитием речи (2-3 уровень), апробация эффективности. Для реализации данной цели были рассмотрены задачи проведения теоретического исследования литературы, определения начального уровня развития артикуляционной моторики участников исследования и составления содержания коррекционно – развивающей работы по развитию артикуляционной моторики детей. В результате исследования было отмечено наличие динамики между исходными и последующими результатами, и мы пришли к выводу, что предлагаемое нами корректирующее содержание является эффективным.

**Ключевые слова:** общее недоразвитие речи, артикуляционная моторика, гармоничные движения, свободное движение, общая моторика.

**Annotation:** This article discusses the features of the organization of correctional and developmental work on the development of articulatory motor skills in children 4-5 years old with general speech underdevelopment (level 2-3). The purpose of the research carried out within the framework of the article is to differentiate the features of the organization of correctional and developmental work on the development of articulatory motor skills in children 4-5 years old with general speech underdevelopment (level 2-3), to test the effectiveness. To achieve this goal, the tasks of conducting a theoretical study of the literature, determining the initial level of development of articulatory motor skills of the study participants and compiling the content of correctional and developmental work on the development of articulatory motor skills of children were considered. As a result of the study, the presence of dynamics between the initial and subsequent results was noted, and we came to the conclusion that the corrective content proposed by us is effective.

**Keywords:** general underdevelopment of speech, articulatory motor skills, coordinated movements, free movement, general motor skills.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балаларды дамыту мәселесі арнайы педагогика мен психология ғылымдары үшін елеулі мәселеге айналып отырғаны сөзсіз. Себебі, аталған бұзылыстың сөйлеу тілінің бұзылыстары арасындағы кең тарағаны және деңгейі бойынша ауыр түрі екендігін ескеретін болсақ, тақырыпты зерттеу үнемі өзекті болмақ.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалар қалыпты есту мен интеллект жағдайындағы сөйлеу тілінің барлық жағының бұзылысымен сипатталатын сөйлеу тілінің кемістігі [1].

Бүгінгі әдебиеттерде сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 4 негізгі деңгейлері қарастырылады. Олар бір – бірінен бұзылыстың көріну тереңдігі мен деңгейі бойынша өзара айырмашылықтарға ие. Біз зерттеу жұмысында сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар 2 – 3 деңгейіндегі 4 – 5 жастағы балалардың зерттеу нысаны ретінде қарастырдық.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар 2 – деңгейдегі балалар жеке сөздерді, қарапайым фразаларды айта алады. Алайда, сөздік қорының жеткіліксіз болуымен, грамматикалық құрылым бұзылыстарының күрделілігімен және байланыстырып сөйлеу тілінің өте төмен деңгейде қалыптасуымен ерекшеленеді. Сөздік қорындағы сөздердің басым бөлігі тұрмыстық деңгейде болып, жаңа сөздерді түсінуі мен белсенді сөздікке енгізуі белгілі бір қиындықтармен жүреді [2].

Ал, сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 3 – деңгейінде балалардың сөйлеу тілінде едәуір прогресс байқалады. Атап айтқанда, балалар бірнеше сөйлемдер арқылы баяндай алады. Сөздік қорында енетін барлық сөз таптары мен сөздердің саны жағынан да алдыңғы екі деңгейге қарағанда даму сипатына ие болады.

Аталған екі топтың өзара ұқсастықтарына келер болсақ, 2 және 3 топтағы балалардың басым бөлігінде артикуляциялық аппараттың бұзылыстары тән болып келеді.

Артикуляциялық аппарат – жұтқыншақ, дауыс қатпаршалары, тіл, таңдай, ерін, тіс пен жақты қамтитын мүшелер жүйесі. Аталған мүшелер жүйесінің сөйлеу тілінің дамуында негізгі мәнге ие болатынын ескеретін болсақ, оның дамуындағы кез – келген бұзылыс сөйлеу тілінің дамуының артта қалуына алып келеді [3].

Бұл мәселені зерттеу мақсатында зерттеу жұмысы ұйымдастырылды. Зерттеу жұмысына сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар 15 бала қатысты. Алдымен балалардың артикуляциялық аппаратының дамуының ағымдағы жағдайын бағалау үшін бірнеше әдістер қолданылды [4]:

1. «Менімен қайтала»
2. «Кім жылдам?»
3. «Ұтқыр қимылдар»


Зерттеу жұмысының нәтижелері мен көрсеткіштеріне келер болсақ, бастапқы тексеру кезінде мынадай нәтижелер алынды:

Кесте 1

Зерттеу әдістерінің бастапқы нәтижелері

Әдіс атауы	Жоғары	Орташа	Төмен
Менімен қайтала	0	40	60
Кім жылдам?	0	33	67
Ұтқыр қимылдар	0	33	67

Анықталған сандық көрсеткіштер бойынша диаграмма сипаты төмендегідей болды:



Сурет 1. Зерттеудің бастапқы нәтижелері

Аталған мәселені шешу үшін артикуляциялық аппаратты дамыту бойынша түзету жұмысы ұйымдастырылды. түзету жұмысының мазмұнына артикуляциялық жаттығулар, массаж, өзіндік массаж, Су – Джок терапиясы тәрізді әдістер енгізілді.

Ең алдымен балалар артикуляциялық жаттығуларды жеңіл орындау үшін ауыз аппаратының құрылысымен танысып, олардың қимылдары туралы ақпарат алды. Онда балалар еріннің қимылы, таңдайдың қимылы, тістердің қабысуы туралы бейне роликтер тамашалап, бейнелік – визуалды түрде танысу жұмысы өтті.

Әрі қарай, артикуляциялық жаттығулар тізбегі орындалды. Осы жерде айта кететін маңызды жайт артикуляциялық жаттығуларды жасау кезінде балалар міндетті түрде логопедке қарама – қарсы отыруы қажет. Осы арқылы ол еліктеу қызметін іске қосады және дұрыс орындауға деген мүмкіндігі артады. Сабақтар барысында біз артикуляциялық жаттығулардың 5 б түрін орындаттық және оған 5 – 10 минут көлемінде уақыт бөлдік. Түзете – дамыту жұмысының аясында «Терезе», «Тістерді тазалаймыз», «Тосап», «Қамыр илейміз», «Түтікше» және т.б түрлерін өткіздік [5].

Сонымен қатар, сабақ фрагменті ретінде массаж және өзіндік массаж бағыттарын да қарастырдық. Массаж түрлеріне ерінге, бет бұлшықеттеріне, мойын, шеке тұсы мен иық аймақтарын қамтитын массаж қимылдары жасалды. Массаж барысында қимылдар толқынды, үзілмелі және шымшымалы қимылдар жасау арқылы жасалатын техникалар қолданылды. Алғашқы 2 аптада массаж ұйымдастырылса, балалардың бет бұлшықеттерінің кернеуі қалыпқа келе бастағанда балалар өз бетінше массаж жасап үйренеді. Бұл балалардың массаж жасауына деген жеке дағдыларды қалыптастырумен қатар, олардың өз – өзіне күтім элементтерін де қатар қалыптастырады.

Сабақ фрагментінің келесі бір бөлігі ретінде су – Джок терапиясын да қарастыруға болады. Су – джок құралы арқылы бет бұлшықеттері мен ерін бұлшықеттерін ынталандыруға болады. Тікеншелі беті арқылы бұлшықеттерге жасалатын массаж түрі баланың қан айналымын жақсартып, кернеуді бәсеңдетуге ықпал етеді [6; 7].


Сонымен, жоғарыда аталған әдістер мен оны қолдану ерекшеліктерін зерттеу тобында сынақтан өткізе отырып, қорытынды тексеру жұмысын өткіздік. Онда мынадай нәтижелер алынды:

Кесте 2

Қорытынды зерттеу нәтижелері

Әдіс атауы	Жоғары	Орташа	Төмен
Менімен қайтала	0	67	33
Кім жылдам?	0	60	40
Ұтқыр қимылдар	7	60	33

Анықталған сандық нәтижелердің негізінде төмендегі диаграмма ұсынылады:



Сурет 2. Қорытынды зерттеу нәтижелері

Суреттен көріп отырғандай, бастапқы және қорытынды нәтижелерді салыстыра келе, жүргізілген әдістерді тиімді деп санауға негіз бар. Барлық әдістер бойынша балалардың даму деңгейінде прогресс анықталып, динамика байқалды.

Зерттеу тобына алынған балалардың зерттеу экспериментінің соңында артикуляциялық аппараты қимылдарының үйлесімдігі артып, қозғалғыштығы дамыды және кернеу деңгейі оңтайландырылды.

Қорыта айтқанда, балалардың артикуляциялық моторикасын дамыту кешенді әдістерді қарастыра отырып ұйымдастырғанда тиімді болмақ.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Андрущенко Т.Ю. Коррекция психологического развития младших школьников на начальных этапах обучения. / Вопросы психологии, №1, 2001. – 146 б.
2. Левина Р.Е. Основы теории и практики логопедии. - М., 2018. – 70 б.
3. Борякова Н.Ю. Практикум по коррекционно-развивающим занятиям. -М., 2004. – 12 б.
4. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. Преодоление общего недоразвития речи. - М., 2017. – 179 б.
5. Волкова Л.С. Логопедия. М., 2017. – 127 б.
6. Филичева Т.Б., Чевелёва Н.А., Чиркина Г.В. Основы логопедии. – М.: Просвещение, 2016. – 127 б.
7. Гришпун Б.М. О принципах логопедической работы на начальных этапах формирования речи у моторных алаликов. М.: 2018. – 36 б.

ӘОЖ 342.813

#### **БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГТЕРІНІҢ БИЗНЕС-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУ**

А.С.Оразбаева

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
2-курс магистранты, [aizhan.ozarbaeva2017@mail.ru](mailto:aizhan.ozarbaeva2017@mail.ru)  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Андатпа:** Бұл мақалада болашақ бастауыш мұғалімінің оқу- тәрбие үрдісі ғана емес, бизнес-инновациялық, кәсіпкерлік қызметтерді ұйымдастыру қасиеттері талданады. Сондай-ақ студенттер арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесін арқылы жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейінгі жоспарлары мен жобалары анықталады. Мақаланың негізгі мақсаты- болашақ бастауыш сынып педагогтерінің кәсіпкерлік құзыреттілігінің, бизнес-инновациялық білім беруінің теориялық және практикалық негіздерін талдау.

**Түйін сөздер:** педагог, бизнес-инновациялық қасиеттер, бастауыш сынып педагогі, құзыреттілік, кәсіпкерлік құзіреттілік

**Аннотация:** В данной статье анализируется не только учебно - воспитательный процесс будущего учителя начальных классов, но и свойства организации бизнес-инновационной, предпринимательской деятельности. Также среди студентов проводится анкетирование, по результатам которого определяются планы и проекты после окончания вуза. Основная цель статьи- анализ теоретических и практических основ предпринимательской компетентности, бизнес-инновационного образования будущих педагогов начальных классов.

**Ключевые слова:** педагог, бизнес-инновационные качества, педагог начальных классов, компетентность, предпринимательская компетентность

**Abstract:** This article analyzes not only the educational process of a future primary school teacher, but also the properties of the organization of business innovation, entrepreneurial activity. Also, a survey is conducted among students, according to the results of which plans and projects are determined after graduation. The main purpose of the article is to analyze the theoretical and practical foundations of entrepreneurial competence, business innovation education of future primary school teachers.



**Keywords:** teacher, business-innovative qualities, primary school teacher, competence, entrepreneurial competence

Кәсіпкерлік экономика мен қоғамның қозғаушы күші болып табылады. Кәсіпкерлікке оқыту қоғамда кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыруға, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар құруға және шығармашылық әлеуетті және бар білім мен дағдыларды тиімді пайдалануға ықпал етеді. Жас ұрпақтың кәсіпкерлік құзыреттілігін қалыптастыру тұрақты даму мен әлеуметтік прогрестің маңызды шарты болып табылады. "Кәсіпкерлік құзыреттілік" ұғымы ғылыми әдебиеттерде көптеген анықтамалармен ұсынылған.

Кәсіпкерлікті дамытудың теориялық мәселелері белгілі шетелдік (Дж. Тиммонс, И.Кирцнер, Ф. Хайек, Р. Хизрич және т. б.) және орыс (А. В. Бусыгина, В. М. Власова, С. И. Грядова, М. Г. Лагуста, И. К. Шевченко және т. б.) ғалымдары. Білім беру саласындағы кәсіпкерлік қызметтің жай-күйі мен даму перспективалары Н.М. Громова, С. В. Жаркова, Т. К. Михалкина, Т. А. Милгуй, Ю. Л. Матлак және т. б. еңбектерінде зерттеу тақырыбы болды.

А. А. Чернявский аймақтанушы бакалаврдың кәсіпкерлік құзыреттілігін пәннен тыс сипатқа ие, әлеуметтік құндылықтарға негізделген, білімді, дағдыларды, жобалық қызметке қабілеттілікті және жеке кәсіби қасиеттерді, соның ішінде әлеуметтік жауапкершілікті, рефлексияны біріктіретін жалпы мәдени құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады ... [1].

Еуропалық парламент өз ұсыныстарында "іскер студенттің" ауқымды сипаттамасын ұсынды. Кәсіпкерлік бойынша оқыған студент бола білуі керек [2]:

1. Қызмет мүмкіндіктерін көре білу және инфрақұрылымды, еңбек нарығын жақсы білу;
2. Кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің этикалық қағидаларын ұстану;
3. Жоспарлау, ұйымдастыру, басқару, жетекшілік ету, өкілдік ету, талдау, ақпараттандыру, бағалау және есепке алу;
4. Ұйымды ұсыну және келіссөздер жүргізу;
5. Өз бетінше және ұжымда жұмыс істеу;
6. Жағдайды бағалау, күшті және әлсіз жақтарын анықтау, тәуекелге бару;
7. Бастаманы өз мойнына алу, озық әрекет ету, жеке және қоғамдық өмірде, сондай-ақ жұмыста тәуелсіз және инновациялық болу;
8. Басқаларды ынталандыру және мақсаттарға жетуге ынталы болу.

Қазіргі мұғалімнің бизнес-инновациялық қасиеттерінің мәнін талдау кәсіпкерлік саласындағы педагогикалық университеттің түлектеріне қойылатын талаптарды анықтауға және мұғалімнің кәсіпкерлік қасиеттері ретінде біз белгілеген қасиеттердің тізімін анықтауға, сондай-ақ олардың көрінісін қарастыруға мүмкіндік береді (1-кесте).

Кесте 1

Болашақ мұғалімнің бизнес-инновациялық қасиеттері [3]

<b>Қасиет</b>	<b>Мұғалімнің кәсіпкерлік қызметіндегі көрінісі</b>
<i>Ұйымдастырушылық қасиеттері: кәсіпкерлік; бастамашылық; тәуекел; шешімділік; белсенділік; тәуелсіздік</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру қызметін ұйымдастыру, ілгерілету жөніндегі қызметті жоспарлау және қол жеткізу;</li> <li>- білім беру өнімдерін жасау бойынша қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалану және жұмысты уақытында дұрыс бөле білу;</li> <li>- оқу фирмаларын, мектеп кәсіпкерлігінің басқа да нысандарын ұйымдастыру;</li> <li>- өз жобалары мен инновацияларын іске асыру кезінде практикалық қызметке бастама жасай білу;</li> <li>- әріптестер тобында жұмыс істеу және топтық жұмысты ұйымдастыру қабілеті.</li> </ul>
<i>Шығармашылық қасиеттер: шығармашылық; тапқырлық; жаңашылдық</i>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- іскерлік қарым-қатынас, этикет және іскерлік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін кәсіпкерлік мәдениеттің басқа да құрамдас бөліктерінің нормаларын сақтау;</li> <li>- серіктестер тарапынан да, білім беру қызметін тұтынушы тарапынан да жағымды тартымдылықты дамыту.</li> </ul>

<p><i>Коммуникативті сапалар: байланыс; коммуникабельділік; қарым-қатынас</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалімнің имиджін құру, презентация көрсету</li> <li>- қабілеттерін көрсету;;</li> <li>- адамдарды өзіне орналастыру және айналасындағыларға әсер ету қабілеті;</li> <li>- дауларды шеше білу, қарсылықтарды еңсеру, толеранттылық таныту.</li> </ul>
<p><i>Басқарушылық қасиеттер: көшбасшылық; жауапкершілік; принциптілік; ықпал ету; өзіне деген сенімділік</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қатысатын адамдар тобын басқара білу;</li> <li>- кәсіпкерлік жағдайларда мінез-құлық стратегиялары мен тактикаларын әзірлеу;</li> <li>- жобалық қызметті басқару;</li> <li>- білім беру процесінің ұйымдастырылуы мен сапасын басқару қабілеті;</li> <li>- білім беруде көшбасшы, табысты менеджер бола білу;</li> <li>- өкілеттіктерді беруді тиімді ұйымдастыру қабілеті.</li> </ul>

Студенттердің кәсіпкерлік қасиеттерін қалыптастыру үшін интерактивті оқытуды көптеп енгізу керек. Мысалы ұйымдастырушылық қасиетті дамыту үшін: іскерлік және рөлдік ойындар, кейстер, пікірталастар, модерациялар, жобалар, жаттығулар жасау; шығармашылық қасиеттерді жетілдіруге: шығармашылық тапсырмалар, жобалар, жаттығулар, іскерлік ойындар. Коммуникативті: тренингтер, жаттығулар, рөлдік ойындар, пікірталастар, модерациялар, тесттер, психометриялық жаттығулар, презентациялар ұйымдастырса, ал басқару қасиетіне: іскерлік ойындар, кейстер, бизнес-модельдеу, кәсіпорынды басқару бойынша компьютерлік бағдарламалар қолданған жөн болады.

Комарова И. мен брнеше авторлардың пікірі бойынша бизнес инновациялық, яғни кәсіпкерлік құзыреттілік адамның идеяларын жүзеге асыру қабілеті деген болатын. Бизнес-инновациялық қасиеттерге келесілерді кіргізген: шығармашылық, инновацияға дайын болуы, тәуекелді қабылдауға дайын болуы, мақсатқа жету үшін жобаларды жоспарлау және басқару мүмкіндігі [4].


Студенттердің бизнес-инновацияға деген қызығушылығын және кәсіпкерлік құзыреттілік туралы бастапқы түсінік деңгейлерін анықтау үшін Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде сауалнама алған болатынбыз. Сауалнама келесідей сұрақтарды қамтыды:

1. «Бизнес-инновация» терминінің мағынасын түсінесіз бе?
2. Мемлекетіміздегі кәсіпкерлік курстар мен мүмкіндіктер туралы естігенсіз бе?
3. Болашақта білім орталығын ашқыңыз келе ме?

Сауалнама Google Disk арқылы 43 студенттен алынды, оның ішінде:

«6B01302 – Бастауыш білім беру бизнес инновациямен» мамандығының 1 және 2 курс студенттері, «6B01303 – Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен» мамандығының 1 курс студенттері, «6B01304 - Бастауыш білім көптілділікпен» 3 курс студенттері. Сауалнама ресми түрде 2023 жылдың ақпан айында онлайн форматта жүргізілді. Сауалнамаға қатысу ерікті және анонимді болды.


**«Бизнес-инновация» терминінің  
мағынасын түсінесіз бе?**



Сурет 1. Студенттердің бизнес-инновация туралы түсінік деңгейі

Сауалнама нәтижелерін талдау студенттердің «бизнес-инновация» және кәсіпкерлік туралы ойларының әлі де нақты емес екені анықталды, бұл жоғарыда келтірілген көрсеткіштердің дәлелі. Алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің «кәсіпкерлік», «кәсіпкерлік құзіреттілік» ұғымдарының мәнін түсіну үшін көп еңбектенуі қажет екенін көрсетеді.


### **Мемлекетіміздегі кәсіпкерлік курстар мен мүмкіндіктер туралы естігенсіз бе?**



Сурет 2. Кәсіпкерлік курстары мен мүмкіндіктер туралы естуі

Бұл кәсіпкерлік курстары туралы жаналықтардан тысқары қалмауын, студенттердің ізденімпаздығын анықтауға да себеп болып отыр. Студенттер сауалнамасына қарағанымызда олардың кәсіпкерлікке қызығушылығы және мемлекеттік мүмкіндіктер туралы білетіндігін аңғарамыз.

### **Болашақта білім орталығын ашқыңыз келе ме?**



Сурет 3. Студенттердің жоғары оқу бітіргеннен кейінгі жоспарлары

Сауалнамаға қатысқан студенттердің көп бөлігі өз мамандықтары бойынша, атап айтқанда 57% бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеуді жоспарлайды, ал 24% жеке бизнеспен айналысуды жоспарлайды. Сондықтан біз «Бизнес-инновация» түсінігі жоғары оқу орындарында маңызды деп есептейміз. Өйткені, болашақ мұғалім оқуын аяқтағаннан кейін өзінің білім беру орталығын ашудыға мүмкіндіктері болу керек.

Қорытындылайтын болсақ, Бастауыш білім беру саласы білімнің бастауы, оқу үдерісінің іргетасы да осында қаланады. Демек, осы кәсіпкерлік, бизнес-инновация мәселесі осы сала бойынша зерттеуді талап етеді. Бастауыш сынып педагогтары арасында бизнес-инновация қасиеттерін меңгертуге, білім беру саласындағы кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға ықпал ететін бірден бір жұмыс болашақ бастауыш педагогтерін даярлау. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне мақсатты, белсенді, жауапкершілігі мол, жас кәсіпкер даярлауға көмектесетін тәжірибелі оқытушылардың қажырлы еңбегі болады деп айта аламыз.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Чернявский А.А. Формирование предпринимательской компетентности бакалавра-регионоведа: дис. канд. пед. наук: 13.00.08 / А.А. Чернявский / Забайк. гос. ун-т. Чита, 2015. - 192 с.

2. European Parliament and the Council., 2008. Recommendation of the European Parliament and of the Council of 23 April 2008 on the establishment of the European Qualifications Framework for lifelong learning, 2008. – 111.
2. 3. Волошина Т.А. Формирование предпринимательских качеств будущего учителя в процессе интерактивного обучения // Молодой ученый. - 2010. № 12. Т. – С. 100.
1. Комаркова И., Гальярди Д., Конрад Дж., Колладо А. Предпринимательская компетентность: обзор существующих концепций, политики и инициатив // Заключительный отчет Европейской комиссии, Люксембург: Издательское бюро Европейского союза. - 2015. – С. 162

ӘОЖ 78.56

### ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Р.Б.Ордабаева  
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің  
ф.ғ.к., доцент  
Тараз қ, Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Мақалада ұлттық сананың қалыптасуындағы халықтық педагогиканың маңызы, ұлт ерекшеліктері қарастырылған. Халықтық педагогиканың мағынасы мен тарихына шолу жасалынды. Бұған қатысты ғалымдардың көзқарастарын негізге ала отырып өз тұжырымдамаларымды қостым.

**Кілтті сөздер:** ұлттық сана, халықтық педагогика, қазақ тағылымы, этникалық педагогикасы, халықтық әдеп.

**Аннотация:** В статье рассматривается значение народной педагогики в формировании национального самосознания, национальных особенностей. Сделан обзор значения и истории народной педагогики. Я добавил свои концепции, основанные на мнениях ученых.

**Ключевые слова:** национальное самосознание, народная педагогика, казахское образование, этническая педагогика, народные нравы.

**Annotation:** The article discusses the importance of folk pedagogy in the formation of national identity and national qualities. The meaning and history of folk pedagogy will be considered. Based on the opinions of scientists, I added my concepts.

**Key words:** national identity, folk pedagogy, Kazakh education, ethnic pedagogy, folk customs.

Ұлттық сана-сезімінің қалыптасуында маңызды фактор болып табылатын - өзінің тарихы және ұлттың мәдениеті. Қоғамда жалпы қасиеттер абсолюттендіріліп, ұлттық ерекшеліктер назарға алынбаған. Кеңестік дәуірде ұлттық мәдениет пен ұлттық тарихтың әлеуметтік-философиялық концепцияларында әртүрлі халықтардың рухани теориясындағы басымдықтар мен құрылымдары біріздендіруге ұшырады. Кез келген халықтың рухани өмірінің өзегі мен ерекшелігін айтудың орнына үстірт ұқсастықтар жүргізіліп, догматтық құрылымдар қызмет атқарды.

Халықтық педагогика – белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы. Халықтық педагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрініс.

Қазақ халық педагогикасының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап-ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі.

Н.Дәулетов халықтық тәрбиені белгілі бір ұлттың жеке адамға, соның ішінде балаға тәрбиелік ықпал етуінің тарихи қалыптасқан жүйесі деп түсінеді. Академик Г.Н.Волковтың пікірінше халық педагогикасына қарағанда халық педагогикасы әлдеқайда біртекті. Халық

педагогикасымен халық тәрбиесінің арасында, тәрбиелеу өрісіндегі идея мен шындықтың арасында педагогикалық ой мен педагогикалық практиканың арасында тікелей бір мағыналы сәйкестік жоқ.

Қ.Жарықбаев «халық педагогикасы» ұғымының синонимдеріне «халықтық тәрбие», «халық тәлімі», «қазақ тағылымы», «ұлттық тәлім-тәрбие» т.б. осы тәріздес ұғымдарды салыстырып пайдалануға қарсы. Оның пікірінше «халық педагогикасын» жоғарыда келтірген ұғымдардың баламасы деу қате. Бұларда өзіндік мағынасы бар. «Тәрбие» ұғымының қолданылу аясы «тәлім», «тағылым» ұғымдарынан әлдеқайда ауқымды, яғни логика ғылымының тілімен айтсақ тәрбие кең мағыналы текті ұғым да, ал қалғандары одан мән—мағынасы бар түрлі сипаттағы ұғымдар.

Халық педагогикасының ескерткіштері халық ертегілерінде, аңыздарында, жырларында, мақал-мәтелдерінде сақталып, ұлттық салттары, дәстүрлері арқылы өзіндік көрінісін беріп отыр. Ал, халық педагогикасын зерттеуде орасан зор үлес қосқан ғалым-педагог Г.Н. Волков халық педагогикасы ұғымына мынадай анықтама береді: «Халық педагогикасы – халықтың ауыз әдебиетінде, салттарында, әдет-ғұрыптарында, ырымдарында, балалардың ойындары мен ойыншықтарында мәңгі сақталып қалған білім, педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Халық педагогикасы – халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланатын педагогикалық мақсатының, міндеттерінің, мазмұнының, әдіс-құралдарының, тәсілдерінің жиынтығы мен өзара байланысы». Этникалық педагогика тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық мінездегі ерекшеліктерді зерттейді. Сөйтіп, егер педагогикасы тәжірибеге және оны баяндауға қатысты болса, ал этнопедагогика теориялық ойлаудың, ғылымның өрісіне қатынасты болады».

Қазақ халқының педагогикасының тереңінен тамыр тартқан арналарын зерттеген Қ.Жарықбаев «этнопедагогиканы» ұлттар мен ұлыстардың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған тәлімгерлік тәжірибесін зерттейтін ғылым ретінде таныса, С.Қалиев «халық педагогикасы» деп сол халықтардың ғасырлар бойы жинақтаған ұрпақ тәрбиесі жөніндегі ой-пікір, білім, тәжірибелердің жиынтығын айтады. Қазақ «этникалық педагогикасы» дегенде қазақ этносының нақты этноерекшелік жағдайының өмір сүруіне тарихи қалыптасқан, қазақ этникалық тәрбиесінің ерекшелігін зерттейтін саланы түсінеді.

Қазақ халқының сан ғасырдан бері тәрбие жөніндегі өнегелі істері мен сөздері, тұрмысы, мәдениеті, өнері, өмір тәжірибесі халық педагогикасының асыл қазынасы болып келді. Қай заманда болмасын ұрпақ тәрбиесі адамзаттың парызы болды. Әрбір халық өзінің тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын жас ұрпақты ғасырлар бойы тәрбие әдістері мен тәсілдерін қолданып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, мейірімділік, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қабілеттерді олардың бойына екті. Осылардың бәрі адамзат тәрбиесінде, оның ішінде жас ұрпақтың бойында ұлттық сана қалыптастыруда халық педагогикасының қандай роль атқаратындығын көрсетеді. Әрине, жастар бойында ұлттық сана қалыптастыруда тек ұлттық дәстүрлермен шектелуге болмайды. Сондықтан тәрбие ісі тиімді және нәтижелі болу үшін халық педагогикасына кешенді қараған жөн.

Ұлттық сана қалыптастыруда маңызды роль атқаратын халық педагогикасының құрамды бөліктері қазақтың салт-дәстүрі, ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауызша есеп, т.б. ерте заманнан бастап, жас өспірімдердің ой-өрісін, зеректігін, ұлттық құндылықтарын дамыту және тапқырлығы мен шешендігін анықтау үшін тәрбие құралы ретінде қолданылып келді.

Ұлттық сананы қалыптастырудың үлкен бір саласы – қазақ халқының салт-дәстүрі болып табылады. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет-ғұрыптар салт-дәстүрлерге, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт-сана болып қалыптасқан. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн-жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырады.

Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иманжүзділік – барлық мәдени үлгі-өнегелі іс-әрекеттердің көрінісі - әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықты рухани тазалығы жағынан алып, қазақ халқын әдепті, яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады. Бұл – ұлт мәдениетінің ең озық көріністері. Халықтық әдеп – ұлттық сананы қалыптастырудың өзекті арқауы десе де болғандай .

Қазіргі уақытта бүкіл тарихи, мәдени адамгершілік, рухани құндылықтарымыз жаңа заман тұрғысынан қайта бағаланып отыр. Сонымен қатар төл мәдениетіміз, салтымыз, дәстүріміз, тіліміз,

ұлттық намысымыз, табиғи ортамыз, ұлттық мәдениетіміз бекіп, жаңғырып, дамып келе жатырған кезінде «әр халықтың ұлттық өзгешелігін, ерекшелігін зерттеп біліп, тауып, шешіп қамту керек» деген талапты жүзеге асру әбден қажет.

Уақыт талабымен өмірге қайта оралған халықтық педагогиканың озық дәстүрлері бұл күнде отбасы, мектеп тәжірибесінен лайықты орын алал бастады. Халықтық педагогика, этнопедагогика мәселелерін этнография, этнопсихология, педагогика ілімдерімен қатар этнология, шығыстану, этнолингвистика ғылымдарымен де тығыз байланысты. Сол себепті халық педагогикасының бұлақ бастауы – көне наным-сенімдердің тәрбиелік сипаты басты назарға алынады. Оның асыл арналарын қоғамдық сананың түрлері мен категориялары арқылы жүйелеудің маңызы зор. Халықтың тәлімгерлік тәжірибесі өзінің синкреттік белгілеріне қарай екі салаға жіктеледі. Олар: идеологиялық және жанрлық синкретизм. Мұның алғашқысы тәрбиелік ой-сананың мифтік ұғымдардан ажырамай, рулық – тайпалық деңгейдегі көрінісін білдірсе, келесі түрі оның көне ұғымдардан бөлініп, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырым, кәде, жол-жоралғы т.б. жанрлық салаларға жіктеле бастағанын байқатады.

Халық педагогикасы арқылы ұлттық сана қалыптастыруда маңызды орын алатын, әрине, имандылық тәрбиесі. Иmandылық тәрбиесі – бұл халық педагогикасында дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, байсалды мінез-құлыққа айналып, адам баасының өмір заңдылығы, жарғысы болып қалыптасқан. Иmandылық тәрбиесі адам бойындағы адамгершілік қасиеттердің жиынтығы. Иmandылық тәрбиесі жеке адам бойындағы қасиеттердің жиынтығы деп атап кеттік. Әрине, жағымды қасиеттердің адамның рухани, психикалық дамуына болымды әсер ететіні белгілі. Солардың ішінде өз Отанын сүюшілік, оны жан-тәнімен қорғау, халқына берілгендік – адамның өмірінде өшпейтін, имандылық қасиеттердің бірі.

Этнопедагогикадағы салт-дәстүрлердің ұлттық санаған сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталынады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер сол ұлттың ой-санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Сондықтан әрбір әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің салт-санаға әсер ететін тәрбиелік мәні зор.

Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Ендеше оқушыларымызға білім беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану олардың ұлттық санасын қалыптастыруға мол үлесін қоспақ. «Баланы жастан» демекші, жастардың санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы – салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады.

Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт – дәстүрлері, ырымдары өте көп. Қазақ «қазақ» деген атын осы кезге дейін қазақи салт - дәстүрлерімен, ырымдарымен, той – мереке, тағы басқа да жол – жосындарымен талай елді таң қалдырып келеді. Ата- бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңартатын ендігі болашақ ұрпақтың өз қолында.

Біздің еңбегімізде жастардың бойындағы ұлттық сана қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негізі жұмыстың басты өзегі болды. Ұлттық сананың өзіндік халықтық сапалары халқымыз ғұламаларының еңбектері негізінде көрсетілді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – А.: Әл-Фараби, 1995
2. Сәдуақасұлы Ә. Халықтық педагогика дәстүрлері арқылы қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары.- Алматы, 2003.

ӘОЖ 81.27

## ЛЕКСИКОГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРҒА ТАЛДАУ

Ү.Б.Ордабаева  
М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебі  
Б.Момышұлы ауылы, Жуалы ауданы

**Аңдатпа:** Бұл мақалады лексикографиялық деректердегі ұлттық әшекей бұйымдарға талдау жасалынды. Қазақ халқының зергерлік өнерінің ұлттық мәдениет тарихындағы орны мен маңыздылығы жайында сөз қозғалды. Онымен қоса ұлтымыздың тіл мен мәдениетінің бір-бірінен ажырамас құбылыс екендігі қарастырылды.

**Кілтті сөздер:** ғылым, әшекей бұйым, символ, зергерлік өнер, этнография, археология, тіл.

**Аннотация:** Данная статья представляет собой анализ национальных украшений по лексикографическим данным. Обсуждено место и значение ювелирного искусства казахского народа в истории национальной культуры. Кроме того, считалось, что язык и культура нашего народа неотделимы друг от друга.

**Ключевые слова:** наука, украшения, символ, украшения, этнография, археология, язык.

**Annotation:** This article is an analysis of national jewelry according to lexicographic data. The place and significance of the jewelry art of the Kazakh people in the history of national culture is discussed. In addition, it was believed that the language and culture of our people are inseparable from each other.

**Key words:** science, jewelry, symbol, jewelry, ethnography, archeology, language.

Ғалам мен адамды екі түрғыдан зерттеп-білуге болады. Біріншіден, ғылым ең басты принциптерді анықтап, дүниеге деген жалпы көзқарастың белгілі бір деңгейін жасап, қалыптастырады. Екінші жағынан, дүниені - жеке субъектіні қабылдау, бейнелі - сезімдік, құндылық және эстетикалық тұрғыдан қабылдау ерекшелігіне баса назар аудара отырып та тануға әбден болады. Дүние-өмірді сезінуде күш-қуаты ерекше мәдениет тек өзіндік, дара дүниетаным қалыптастырып, өзі бейнелеп отырған объектілердің мәніне терең еруге мүмкіндік береді. Бұл ретте тек өнер ғана "бас білдіре" алатын объектілер жетерлік.

Кез келген қоғамда өмір сүрген кез келген халықтың тыныс-тіршілігіне мән берсек, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық көзқарасына орай белгілі бір өнер түрінің басым дамып отырғанына көзжеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда әшекей бұйымдар - қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде айрықша орын алатын, ғасырлар көшін артқа тастап, сан дәуірдің жүгін арқалап келе жатқан өнер түрі десе де болады. Ол бізге діндік ерекшелігін жоғалтпай жетті. Оның негізін табиғат пен қоршаған ортаны жіті бақылаудан туған белгі-символдар, Ұғым-түсініктер құрайтыны тегін емес. Ұлттық әшекей бұйымдар ғасырлар бойы дамып, халық шеберлерінің ой елегінен өтіп, арман-мүддесімен ұштасып, сұрыпталды. Ол қайғы мен қуаныш, бақыт пен сүйіспеншілік сияқты қай көңіл-күйді болсын өз бойында бейнелеп келеді. Әшекей өмірмен өзектес, оған қарап отырып, қазақ тұрмысының жай-жапсарын аңғаруға болады.

Қазақтың халықтық зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Зергерлік өнері – бұл біздің ұлттық әшекей бұйымдарымыз. Әшекейдің басты екі ерекшелігі ғасырлар бойы сақталып келген. Біріншіден, өрнек және оның әшекейлік белгілерінің бәрі затта сән мен үйлесімді танытатын эстетикалық талғамды көрсетуге бағытталып отырған. Екіншіден, бұл өнердің кең мағыналылығы, оның ғасырлар сырын түйе білуіне, сынына тетеп беруіне, халық дүниетанымындағы өзгерістерге тез бейімделуіне себеп болды. Тіл білімінің этнографиямен, археологиямен байланысы орасан. Тіл тарихы - сол тілді жасаушы, және сол тілді қолданушы халықтың тарихының бір саласы. Сондықтан, белгілі бір тілдің тарихын сол тілді жасаушы, қолданушы және оның иесі - халықтың тарихына байланыссыз қарауға болмайды. Тіл тарихы мен халық тарихының байланысы - екі жақты байланыс. Тілдің тарихын сол тілді жасаушы, қолданушы және оның иесі - халықтың тарихымен тығыз байланысында зерттеу қаншалықты қажет болса,

халық тарихын сол халықпен бірге жасасып келе жатқан оның тілінің тарихымен байланыста зерттеу соншалықты қажет.

Тіл деректерін зерттеу және оларды пайдалана білу тарихқа қатысты әр түрлі мәселелерді танып-білуге көмектеседі. Осы мәселелер қатарына белгілі бір халықтың тегі, оның пайда болуы, халықтардың дамуының әр дәуіріндегі мәдениеті, белгілі бір халықтың басқа халықтармен байланысы туралы мәселелер енеді. Рулардан, тайпаның, тайпалар одағынан халықтың жасалып, пайда болуы ру тілінен тайпа тілінің, тайпа тілінен халық тілінің пайда болып, жасалуынан бөлек емес, қайта бір-бірімен қабаттасып жатады. Демек, халық тілінің жасалып, пайда болу тарихына қатысты мәселелерді есепке алмай тұрып, халықтың жасалып, пайда болу мәселесін ғылыми тұрғыдан жан-жақты дұрыс шешу мүмкін емес.

Тіл мен мәдениет бір-бірінен ажырамас екі бірдей әлеуметтік құбылыс. Қоғамның өзі адамнан ал адам тіл мен мәдениеттен тұрады.

- Тіл - мәдениеттің өнімі;
- Мәдениеттің негізі - тіл;
- Тіл мен мәдениет - егіз жұп.

Ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік өнері ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгілерінен саналатын зергерлік өнері халқымыздың өткендегі материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді.

Ұлттық әшекей бұйымдар - өз алдына бір өнер. Халқымыздың дәстүрлі қолөнері – қайнар бұлақ, сарқылмас қазына, бай мұра. Зергерлік, әсемдік бұйымдар, тұрмысқа қажет түрлі дүниелер адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, өздерінің әдемі өрнектерімен, сан қырлы, терең таң қалдырып, тәрбиелік танымдық қызметінде өтейді. Зергерлік өнер – өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Оны барлық халықтар жоғары бағалап, ең қалаулы өнер етті. Сан салалы нақыштарының қалай аталатыны, қандай мағына беретіні, қай салада қолданылатыны, өрбіу, даму тегі түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

Сан ғасырдың сарабынан өтіп, біздерге қаймағы бұзылмай жеткен халқымыздың қастерлі де дәстүрлі қол өнері көптеген салаға бөлінеді. Солардың ішінде түрі жағынан да, мән мазмұны жағынан да аса бай, шоктығы биік тұрғаны – зергерлік өнері туындаларын зерттей келе, оның өте күрделі, қиын да қызық екеніне көз жеткізуге болады. Қазақтың зергерлік өнері ежелгі дәстүрлердің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан. Ұлттық әшекей бұйымдарды жасаушылар, яғни зергерлердің соғатын заттарының түрлері көп болған. Оған әйелдердің әшекейлері, киім-кешекке тағатын түрлі сәндік бұйымдары, жиғаздық заттар, музыкалық аспаптар, қару-жарақ, ат әбзелдері және тағы басқалар жатады. Бұларды әсемдеу үшін көбіне алдынды, күмісті молырақ қолданған. Зергерлер әшекей бұйымдарды асыл тастардан (лағыл, сапфир, гауһар т.б.) және інжу, маржан, жақұттан көз қондыру арқылы да әсемдей түскен. Зергерлердің көп жасаған бұйымдарының қатарына әйелдерге арналған әшекейлер жатады. Әшекейлердің бұл түрі тек сән-салтанат үшін ғана емес, күнделікті өмірдеде қолданған. Қас шеберлердің қолынан шыққан қару-жарақ, ер-тұрман, ат әбзелдері т.с.с. тұрмыста тұтынатын әртүрлі мүліктер мен сәндік әшекей бұйымдар шынайы өнер туындысына айналған.

Қазақ әшекейлерінің түрлері мен өрнегінің осыншалық байлығына қарамастан жасалу тәсілінің, өрнектелуі мен нұсқасының ортақ белгілерін ескере отырып, оларды бірнеше стильдік топтарға жіктеуге болады. Себебі, кез келген әшекейдің негізгі өркен жайған өңіріне тікелей қатысты қалыптасқан дәстүрлі көркемдік жүйесі бар.

Киген киім, оған қадалған түрлі әсемдік заттар, құлаққа таққан, саусаққа салған сәндік бұйымдар халықтың ертегі-әңгімелерінде әр жырларында көптеп ұшырасады. Яғни өнерпаз халқымыз бір өнерді екінші өнермен ұштастырып, талғамның жоғарғы түрін, әдеміліктің өшпес үлгісін жасай білген.

Қазақ зергерлері, әсіресе, әйел адамдардың әшекейлі сәндік бұйымдардан асқан шеберлікпен зор талғаммен әзірлей білген. Олар: сырға, білезік, сақина, жүзік, шолпы, шашбау, ілгек, қапсырма, алқа, өңіржиек, түйме т.б. Солардың ішіндегі ең көп тарағаны әрі қастерлісі – сырға.

Сырға – әйелдердің құлағына тағатын әшекейлі сәнді зергерлік бұйым. Қазақта сырғаның көптеген түрлері бар. О баста сырға сүйек пен мүйізден, бертін келе қоладан, күміс, алтыннан әзірленіп, түрлі асыл тастардан көз орнатылатын болған. Жасалған материалы мен жасалу тәсіліне қарай алтын сырға, күміс сырға, қозалы сырға, гауһар сырға маржан сырға, феруза сырға т.б. түрлері бар. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөрігі, білек толған білезіктері – баршасы



да, Абайдың бұл өңірден көрмеген бір сәні сияқты ( М.Әуезов, Абай). Мұнда қыздың құлағындағы әсем де, көркем сырғасын бейнелеп, көрінісі берілген.

Қазақ әйелдерінің ең көп тұтынатын бұйымы – білезік. Ол әйел адамдардың білек буынына тағатын әшекейлі сәнді бұйым. Білезіктің алтын білезік, күміс білезік, сом білезік, бес білезік, бұрама білезік, қос білезік, топсалы білезік т.б. түрлері бар. Керімбала көп сақиналы, үлкен білезік салған әппақ қолын сән көтере түсіп жігітке шынайы тілек етті (М.Әуезов, Абай).

Әйелдерге арналған әсем бұйымның бірі – жүзік. Оның үстіңгі бетіне әр түрлі тастардан не өнді әйнектерден ою-өрнек жүргізіледі. Жүзікке көбінесе күмістен көз, балдақ, құс тұмсық орнатылады. Қазақ, әдетте, ешқандай әшекейі жоқ, алтыннан, күмістен сомдап соғылған жай шығыршық тәрізді сақинаны балдақ деп атайды. Мысалы, Ақжамал сөзін пысықтай сөйлеген күйі, қолындағы жүзігін суырып алды да, Шолпанның саусағына өз қолымен кигізді (А.Хангелдин, Қараторғай).

Шолпы – күміс теңгеліктердің бірнешеуін бір-біріне кішкене шығыршықтар арқылы жалғастырып жасайды, ең үстіңгісіне күміс, алтыннан бау тағады. Шолпыны әшекей, сән ретінде тағады. Мысалы, Шолпысы сылдырлап күн көзімен шағылысы жалт-жұлт етеді (И.Салахов, Көкшетау).

Қазақ әйелдерінің сәндік бұйымының бір тамаша үлгісі – алқа. Алқа – алтын, күміс, маржан сияқты заттардан істелген әйелдер мойнына салып жүретін сәндік бұйымы. Мысалы, Құлағында шығыс әдетіндегідей ұзын сырға, омырауында бірнеше қатар моншақтан тізген алқа (А.Жұбанов, Замана бұлбұл).

Ұлттық әшекей бұйымдарымыздың әсем бір түрі – сақина. Шапқымен шеку, бізбен безуе әдісімен орындалатын, ою-өрнексіз жасалатын сәндік бұйым. Мысалы, Жәмила қолындағы қызыл тас орнатқан бір сақинаны суырып берді (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Ұлттық әшекей бұйымдарымыз қазақ халқының ұлттық қолөнеріне жатады. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің рухани да, материалдық қазынасының бөлігі – ұлттық қолөнер. Халық өнерінің тамыры халықтың өмір сүру салтымен, өмір сүру салты халықтың шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. "Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық", - дейді халық даналығы. Қазақтың ұлттық әшекей бұйымдары төлтума бітім-қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен ерекшеленеді. Ұлттық әшекей бұйым үлгілері тек қана эстетикалық мұра ғана емес, ол сонымен бірге халықтың белгілі бір тарихи кезеңдегі таным-түсінігінен, өмір-салтынан сұлулық туралы түйсік-талғамынан хабар береді. "Өнерлінің қолы алтын" демекші, бейнелік жүйесі мен әсерлік қуаты мол қазақтың сәндік әшекейлерін талдап қарастыру халық шеберлерінің эстетикалық табысы мен суреткерлік жетістігі жоғары дәрежеде болғанын көрсетеді. Әсерлік қуаты мол, түрі мен өрнегінің айқын үйлесімімен ерекшеленетін қазақ әшекейлері бұрын-соңды өткен талантты зергерлердің айшықты мұрасы болып табылады әрі ұлттық мәдениеттің асыл қазынасына қосылады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1996 .
2. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1991.
3. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.

ӘОЖ 59

## АҚМОЛА АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАН СОРҒЫШ МАСАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ҚОРҒАНУ ӘДІСТЕРІ

Б. Ғ. Рыспамбетов

Ақмола облысы білім басқармасы, Аршалы ауданы, Берсуат ауылы  
Білал Тналин атындағы ЖББМ биология және химия пәнінің мұғалімі  
[Ryspambetov8787@list.ru](mailto:Ryspambetov8787@list.ru)

Б.Б. Абжалелов

Ғылыми жетекшісі: биология ғылымдарының кандидаты

**Аңдатпа:** Ақмола аймағы бунақденелілерге бай болып келген, алайда өңірдің бунақденелілері толық зерттелмеген. Бұл мақалада аймақта көп тараған қан сорғыш жәндік – масаның таралуы, даму сатылары, сондай-ақ олармен күресу әдістері туралы айтылған. Аймақта ең көп кездесетін масалардың түрлеріне сипаттама жасалып, тіршілік жағдайлары, олармен күресудің механикалық, химиялық, экологиялық, биологиялық күресі әдістеріне тоқталған.

**Кілт сөздер:** Ақмола аймағы, қан сорғыш жәндік, маса, күресу әдістері, бунақденелілер.

**Аннотация:** Акмолинский регион богат насекомыми, однако насекомые региона мало изучены. Статья о наиболее распространенном в регионе кровососущем насекомом – комаре, стадиях развития, а также способах борьбы с ним. Составлена характеристика наиболее распространенных в регионе видов комаров, рассмотрены условия жизни, механические, химические, экологические, биологические методы борьбы с ними.

**Ключевые слова:** Акмолинская область, кровососущее насекомое, комар, методы борьбы, насекомые.

**Annotation:** The Akmola region is rich in insects, but the region's insects have been little studied. An article about the mosquito, the most common blood-sucking insect in the region, the stages of its development, as well as how to deal with it. The characteristics of the most common mosquito species in the region are compiled, the living conditions, mechanical, chemical, ecological, biological methods of combating them are considered.

**Keywords:** Akmola region, blood-sucking insect, mosquito, methods of insect control, insects.

Ақмола аймағы кең байтақ Қазақстанның дәл орталығында орналасқан. Табиғаты қатаң: өлке жерінде Сібірдің қатқыл аязды қысы мен Орта Азияның ыстық аптабы ұштасып жатады. Өйткені Қазақстанның жазық бөлігінде орналасқан бұл өлкеге солтүстіктен Арктика мен Сібірдің суық ауасы, оңтүстіктен құрғақ ыстық ауалар енеді.

Ақмола аймағы – республиканың халықаралық маңызы бар түсті металлургия орталығы. Қазақстанның ірі мыс, полиметалл, марганец, сирек және шашыранды металдар өндіретін кен орындары осында орналасқан. Сондықтан да кен өндірісі орталықтары маңында халық жиі қоныстанған.

Өлкенің шикізат қоры кен өндірісінің алғышарты болса, ал табиғи жайылымдары – ауыл шаруашылығының алтын қоры. Аумақтың жайылымдарының республикалық маңызы бар.

Олардың көпшілігі біздің жыл санауымыздан бұрынғы замандардан сақталған. Кейінгі тарихи уақыт ғасырларында салынған сәулет өнерінің ескерткіштері де бар. Осындай тарихи ескерткіштерді көруге, өлкенің табиғатын тамашалауға өзге аймақтардан келушілер аз емес. Алайда, аймақта қос қанатты қан сорғыш жәндіктердің көптеп таралуынан жылы маусымдарда адамдардың қалыпты әрекетіне кедергі келеді. Қан сорғыштардың көптеп ұшуынан адамдардың еңбекке қабілеті төмендеп, демалысы бұзылады. Сонымен бірге ауылшаруашылық малдарынан алынатын өнім азаяды, яғни сүті мен тәл салмағы кемиді. Қос қанатты қан сорғыштардың ішінде аймақта ең көп кездесетіні – маса [1].

Маса - дернәсілі суда дамиды, толық түрленіп дамиды жәндік. Көктем, жаз, ерте күз мезгілдерінде кездестіруге болады. Әсіресе жаз мезгілінде ызындап шағып адамның мазасын алады. Масаның ауру тарататын түрлері де бар. Адамдар мен ауыл шаруашылық малдарын маса және осы тәрізді зиянкес қан сорғыштардан қорғау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Қорғану

үшін олардың экологиялық жағдайларын: көптүрлілігін, кездесетін ортасын, көбею, даму жолдарын жақсы білуіміз керек.

Масалар тұқымдасы (Culicidae) – қан сорғыш жәндіктер. Кейде маса ызыңдап, шаққан кезде денеге кішкене ісік пайда болады. Ең жаманы – шаққан жерге маса жіберген сілекейден аса жайсыз қышыма пайда болады. Тек ұрғашы масалар ғана қан сорады. Ал еркектері өсімдік шырынымен қоректенеді. Күндіз олар ағаш кеуектеріне, бұта көлеңкелеріне жиналады. Маса – өте жақсы ұшатын, дамуы төрт сатыдан өтетін (жұмыртқа, дернәсіл, қуыршақ, имаго ) яғни, толық түрленіп дамиды бунақдене. Бұған ерекше тән белгілер: басының өте қозғалмалы болуы, қанаты көкірек бөлігінің ортаңғы бөлімінде орналасқан және өте жақсы жетілген. Қанаты жұқа мөлдір жарғақты, ұзынынан және көлденеінен жүйкелері болады. Бұлардың ұрғашылары жылы қанды жануарлар мен адам қанын сору арқылы оларға әр түрлі ауру жұқтырып кетеді. Сондай-ақ паразит құрттардың жұмыртқаларын тасымалдап зиян келтіретін тірі ағзалар [2].

Масаның ауыз аппараты пісіп сорғыш ауыз. Өсімдік шырынын, адам мен жануарлардың қанын сорып қоректенетін бұл бунақденелілерде ауыз аппараты бейімделіп, пісіп сорғыш органға айналған. Мұндай ауыз аппаратының астыңғы еріні ұзын, майысқақ, іші қуыс өсіндіге айналады да, үстіңгі жағына осылай етіп өзгерген үстіңгі ерінмен жабылып тұрады. Сөйтіп үстіңгі ерін іші қуыс түтікті құрайды. Оның ішінде ұшы үшкір денеге енетін орган пайда болады. Маса қан соратын, яғни сорып қоректенетіндіктен пісіп сорғыш орган қалыптасқан. Масаның басы бір-бірімен жігі білінбей бірігіп кеткен бес дене буылтығының (сегмент) қосылуынан пайда болады.

Масалардың кейбір түрлері өз жұмыртқаларын бір-бірден су жағасындағы шағын шалшықтарға, өзен, көл жағалауларындағы жарықтарға салады. Кейбіреулері жұмыртқаларын консервілерге, банкарға да сала береді. Жұмыртқадан денесі бас, көкірек, құрсақ болып үшке бөлінген, ұзындығы шамамен 1 мм болатын дернәсілдер дамиды.



Сурет 1. Масаның жұмыртқалары


Дамудың I сатысындағы дернәсілдер бүкіл денесімен тыныс алады. II-IV сатыда олар судағы еріген оттегімен және трахеялық стигма арқылы келетін атмосфералық ауамен тыныс алады. Одан соң дернәсіл қуыршаққа айналады. Қуыршағының денесі сырттан қарағанда үтір тәрізді, алдыңғы үлкен бөлігі басы мен кеудесі, артқы бөлігі – құрсақ. Алдыңғы бөлігінің арқа бөлігінде ұшында тесігі бар екі тыныс алу түтігі бар. Қуыршақ сатысы 2-4 күнге созылады, бірақ су температурасы төмендеп кетсе дамуы кешігуі мүмкін. Ересек маса шығарда қуыршақ қабы жарылады. Құрғап, қанатын түзеген соң ересек маса ұшып, өзі шыққан судың маңайына орнығады.

Қуыршақтан шыққан аналық маса судан шығады да, біршама уақыт тыныштық күйінде өсімдіктерде, ағаш кеуектерінде, үңгірлерде немесе басқа да тасаларда жасырынады. Олардың хитин қабаты қатайып, қанаттары қатып, ұшқан соң бірнеше сағаттан кейін қан сорады, одан кейін аталықпен шағылысады.

Аймағымызда ең көп кездесетін *Aedes caspius*, *Culex modestus* және *Anopheles hyrcanus* қан сорғыш масаларының Кеңгір су қоймасындағы дамуы мен аймақтағы таралуына зерттеу жасап көрдік.

*Aedes caspius* қан сорғыш масасы ерте көктемдік түрге жатады. Оның ең алғашқы дернәсілдері наурыз айының аяғында шыға бастайды да, саны 1м<sup>2</sup> 10-12 дананы құрайды. Сәуір

айының соңына дейін бірқалыпта болып, жаңбыр мен еріген қар суларынан пайда болған кішігірім көлшіктер көбейгеннен бастап мамыр айының соңына дейін маса дернәсілдерінің саны өсіп 1м<sup>2</sup>- гі саны 3000 данаға дейін жетеді. Осыдан кейін саны маусым айы кезінде біраз азайып, шілде айының басынан қайта көбейеді, тамыз айының бірінші онкүндігінде нағыз шырқау шегіне жетеді (>10000 дана/м<sup>2</sup>). Қыркүйек айында олардың саны 1м<sup>2</sup> 8000-10000 данаға дейін азайып, жалпы температураның төмендеуіне байланысты, көлшік сулардың күрт азайып, кеуіп кетуіне байланысты, қыркүйек айының соңында жоқ болады [3].



Сурет 2. Ақмола аймағында *Aedes caspius*, *Culex modestus* және *Anopheles hyrcanus* қан сорғыш масаларының маусымдық дамуы

*Culex modestus* қан сорғыш масаларының алғашқы даралары мамыр айының бірінші онкүндігінде пайда бола бастайды. Олардың саны көбейе отырып, мамыр айының екінші онкүндігінде 600-700 данаға дейін жетеді, ал мамыр айының соңында олардың дернәсілдерінің саны 1м<sup>2</sup>-жерде 4000 данаға көбейеді. Осыдан қыркүйек айының екінші жартысына дейін жоғары деңгейде тұрақталып қазан айының басында өз дамуын тоқтатады.

*Anopheles hyrcanus* аймақта кеш шығатын қан соғыш маса. Олардың ең алғашқы даралары тек мамыр айының соңында шыға бастайды. Содан соң саны бірте-бірте арта бастайды. Тамыз айында 1м<sup>2</sup> – 5000 данаға жетіп қыркүйек айының соңына дейін бірқалыпты деңгейде болады. Қыркүйек айының соңында 1м<sup>2</sup> – 4000 данаға төмендеп, қазан айының үшінші онкүндігінде өсіп-өнуін тоқтатады. Қансорғыш масалардың аймағымызда 6 туысқа жататын 11 түрі кездеседі (кесте 1).

Кесте 1

Ақтасты су қоймасы аймағында масалардың таралуы

Түр	Ағысы орташа	Ағысы төмен
<i>Aedes caspius caspius</i>	+++	++
<i>Ae.caspius dorsalis</i>	+++	+++
<i>Ae.detritus</i>	++	++
<i>Ae.flavescens</i>	++	++
<i>Ae.leucomelas</i>	+	++
<i>Culiseta longiareolata</i>	+	-
<i>Culex modestus</i>	++	+
<i>Cx.pipiens</i>	+++	++
<i>Anopheles hyrcanus</i>	++	+
<i>An.maculipennis</i>	+++	++
<i>Mansonia richiardii</i>	+	+

+ сирек кездесетін

++ субдоминантты

+++ доминантты

Аймағымызда сан жағынан ең көп тараған *Aedes* туысына жататын масалар екендігі белгілі болды. Бұл масалардың басқа масалардан ерекшелігі олардың көбі жұмыртқасын суға емес, жағадағы ылғалды топыраққа, шалшықты ойпаң жерлерге, жапырақтың, қалың шөптердің астына салады. Содан кейін келесі көктемде қайтадан су түскенде осы жұмыртқадан дернәсілдер пайда болады. Маса жұмыртқалары сыртқы ортаның қолайсыз жағдайына өте төзімді. Олардың жұмыртқалары тіршілік әрекетін бірнеше жылға дейін жоғалтпайды. Ал кейбір түрлері атап айтқанда *Ae.caspius*, *Ae.detritus* басқа масалар сияқты жұмыртқасын судың бетіне салады, одан әрі дамуы да да осы ортада өтеді. Бұл туыстағы масалардың тағы бір ерекшелігі, кейбір түрлерінің жұмыртқасының өсіп-дамуы үшін сыртқы ортаның әр түрлі факторлары әсерін тигізуі керек. Мысалы, кей түрлерінің жұмыртқасының өсіп-дамуы үшін көп уақыт төменгі температураның әсері қажет.

Қан сорғыш масалардың шағуынан, мазалауынан адам баласы ертеден-ақ қорғану шараларын қолдана білген. Мысалы: қан сорғыштар көп тараған жерлерде адам денесінің ашық жерлерін қорғайтын (бет, мойын, қол) әр түрлі торлар, түтін салу, т.б. шаралар жүргізілген.

Қан сорғыш масалардан қорғану жолдарымен қатар күресу әдістері бар. Қан сорғыштардан қорғайтын адамдардың саны аз болғанда жайлаудағы жеке отырған малшылар, туристер, геологтар, аз адамнан құралған экспедицияларда көп шығынды керек етпейтін насекомдардың шағуына мүмкіндік бермейтін қорғану тәсілдерін қолдану қажет. Ал, адамдар саны көп болған жағдайда жаңадан ашылған құрылыстарда, ауылдарда, басқа да көпшілік ортада бунақденелілерден қорғану шараларымен қатар оларды қырып-жою тәсілдерін қатар қолданған жөн. Қырып-жою шараларын қолданған кезде масалардың көбейіп дамитын жерлеріне, қанаттанып ұшып жүргендеріне улы дәрілер шашады. Бүгінгі күні бұл дәрілер арнайы дүкендерде сатылады немесе ауылшаруашылық мекемелеріне беріледі. Ол үшін гидропулт пен автомақстан бастап самолеттерге дейін қолдануға болады. Ол қорғалатын аймақтың көлеміне, масаның таралу мөлшеріне де байланысты.

Қан сорғыш масалардан қорғану әдістері әр түрлі. Солардың ішінде кеңінен қолданылатындары механикалық және химиялық әдістер. Бұл тәсілдің екеуі де адамдары тек қанаттанған насекомдардың шағуынан, мазалауынан қорғайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Теміреева Ф., Нұрсейітов Е. Ақмола облысының географиясы. – Алматы: Рауан, 1994.
2. Абдильдаев М.А., Ахметова Р.Т., Дубицкий А.М. - Қан сорғыш насекомдар және олармен күресудің биологиялық әдістері. – Алматы: Қайнар, 1979.
3. Дзержинский В.А., Дешевых Н.Д. О вредности влияния радужного вируса на личинки кровососущих комаров. – 1973.
4. Мақсұтбекова Г.Т. Қан сорғыш жәндіктер және олармен күресу әдістері. -Ғылыми зерттеулер әлемі. – Астана, 2012.

ӘОЖ 821.512

#### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҮНЕМШІЛДІК ПІКІРЛЕРІ**

И.Р.Халитова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,

п.ғ.д., профессор [khalitova4646@gmail.com](mailto:khalitova4646@gmail.com)

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Адам өміріне қатысы бар барлық нәрсені үнемдеу-заман талабы. Балалар мен жастарды осыған үйрету, үнемшілдік дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруды жіті қолға алу қажеттігі бар. Ахмет Байтұрсынұлының жастар мен балаларды үнемшілдікке тәрбиелеу мен еңбек арқылы мал, дүние жинауға бейімдеуге әсерлі шығармаларын таптық. Мектеп, басқа да оқу орындарында ғалым, педагог идеяларын пайдалану – заман талабы.

**Тірек сөздер:** үнемшілдік, дағды, әдет, еңбек, игілік, тәрбие, ендіру.

**Аннотация:** Бережное отношение ко всему, что касается жизнь человека требования времени. В творчестве Ахмет Байтұрсынұлы, мы нашли идеи касающиеся научение и выработке привычки бережливому отношению и посредством трудовой деятельности накопить и умножить благосостояние. В школе и других учебных заведениях использование данные идей ученого педагога – требование времени.

**Ключевые слова:** бережливость, навыки, привычки, труд, благосостояние, воспитание, внедрение.

**Annotation:** Careful attitude to everything related to human life is the requirement of the time. In the work of Ahmet Baitursynuly, we believe that ideas require learning and development, taking into account thrifty allocation and, through labor activity, accumulate and increase wealth. In schools and other educational institutions, using the data of a scientific teacher is a requirement of time.

**Key words:** thrift, skills, acquisition, labor, welfare, upbringing, use.

Нарық заманында үнемшілдікке үйрену аса маңызды мәселе. Соған байланысты балалар мен жастарды осыған үйрету, үнемшілдік дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруды жіті қолға алу қажеттігі бар. Өйткені күнделікті тұрмыста ысырапшылықтың көптеген белгілері мен көріністерін байқап келеміз. Айталық қаламыздың ана бір тұсында су сарқырап беталды ағып жастады, мына жерде отын болатын ағаш құлап жатады, қоқыста жатқан қалам, қағаз, дәптерлер т.б. күнделікті қажетті заттардың шашылып-төгіліп жатқанын көреміз. Әсіресе азық-түлікті үнемдеу қазіргі күн талабы. Мекемелердің әжетханасында су сарқырап ағып жатады, ал үйдегі су, туалетқағаз, сабын, т.б. ысырапшылығын айтып бітіре алмайсыз... Осылардың барлығы көпшілік адамдарда үнемшілдік дағдылардың қалыптаспағынан көрсетеді. Бір сөз «Қаншалықты бай болсаң, соншалықты үнемшіл бол», үнемшілдік ұғымына «үнемдей білсең, артып қалады, «үнемшілдік-өмірде есқатады...» деген бар.

Мұнда күнделікті сөзде –үнемдеп ұста, үнемдеп жұмса... мысалы, ақшаға қатысты. Үнемшіл, үнемдеу, үнемдеп үйрену-дегендер бар. Халқымыз «Тартып жесең-тайлық пұлың қалады, қойып жесең –қойлық пұлың қалады, бәрін жесең не қалады деген».

Ең қымбаты- адамның өмірі, ол уақыттан құралады, тағы да уақыт ең қымбат нәрсе оны халқымыз «Ерте тұрған жігіттің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деген. Сөздікте «үнемдеп жұмсау, аз жұмсау; үнемдеп жұмсап-сақтап қалу, бір нәрсені үнемдеп жұмсау арқылы-артығын алып қалу» -деген бар екен. ([Викисловарь](#).)

Ғұлама, ақын Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы үнемшілдік туралы «Қуанбандар жастыққа» [1]деп басталатын өлеңінде:

Адалдан тапқан малыңды,  
Сал да сақта қапшыққа...  
Мал арзан деп аптықпа...  
Қолағыңды қорғап бақ...деп жазды.

Мұнда ғұлама ақын тапқан мүлікті, малды, ақшаны сақтау, арттыру, үнемдеудің жолын үйреткен. Бұндай пікірлер Шәкәрім Құдайберді, Ыбырай Алтынсарин т.б. ғалым педагогтерде баршылық. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлының пікірлеріне тоқталамыз.

Ахмет Байтұрсынұлының жастар мен балаларды үнемшілдікке тәрбиелеу мен еңбек арқылы мал, дүние жинауға бейімдеуге әсерлі шығармаларын таптық.

Ғалым-педагог «Үлес» [2] өлеңінде адамдардың ортақтасып еңбек етіп табысқа қол жеткізгенін айта келіп олардың ашкөздік сезімі күшейіп, бөлісе алмай жатқанда үй, сауда орны өртеніп кетеді. Өрт өшіруге асығудың орнына бір-бірімен ақша таласып бар мүліктерінен айрылып қалады. Бұл шығарма оқу бағдарламасында, оқулықтарда орын алмаған. Бірақ жастар мен балаларды бірлескен еңбек арқылы табысқа жету жолдарымен таныстыруда теңдесі жоқ құрал. Шығармадан үзінді келтіреміз:

Қосылып, бірнеше адам ортақтасып,  
Үй салып, ортасынан дүкен ашып,  
Саудасы жұғымды боп, байып әбден,  
Шат болып, көңілдері судай тасып...  
Біргалай ерегіспен мезгіл өтті,  
Ұмытты, жанжалдасып, бәрі де өртті.

септің бітуіне от қарар ма?

О дағы түгіндетіп келіп жетті.

Шығарға жол жоқ, жалын қамап алған —

Бәрі де мал-мүлкімен күйіп кетті...Береке-бірлік, ақылмен бөлісудің орнына жаңжалдасып отырғанда бәрінен айрылып қалды....

Ғалымның «Қайыршы мен қыдыр» [3] шығармасында қайыр тілеп күн көріп жүрген қайыршы байларды «Үстіне байығанның байимын деп кәсіп қуады»- қанағатсыз деп сынай жазғырады. Сөйтіп жүргенде қайыршының қолына еңбексіз байлық түскендегі ашкөздігінің зиянын келтіреді. Сол кезде қыдыр келіп оған бір дорба беріп:

Жалғыз-ақ бір шарты бар, ал есіңе,

Түскеннің бәрі алтын дорба ішіне.

Дорбадан жерге түссе, тозаң болып,

Жұмсауға жарамайды пайда ісіңе.

«Ал толды дорбаң әбден, жетер, жаным!

арылып, тығыздасаң, кетер, жаным!

«Тағы да салшы, сал!» — деп емінеді...Соңында алтын топыраққа айналып кетеді.

Қанағатсыз, ашкөздіктің салдарынан соңында әлгі баяғы күйіне түсіп қайта қайыршы болып қалды. Бұдан байлықтың қадірін білмей, өзі жан қинап таппаған соң тегін келген дүниеге де ие бола алмаған жетесіздің ісін көрсетеді.

Ғалым, ұстаз А.Байтұрсынұлының «Жарлы бай» [4] әңгімесінде байлықты арман еткен жарлы адамның қолына байлық кіргенде ниеті бұзылып, қанағат, ынсап дегеннен айрылып, қартайғанда дүниесінің түк рахаты мен қызығын көрмей ашкөздіктің кесірінен о дүниелік болып кетеді. Осы әңгіме арқылы жастарды барға риза болып орнымен жұмсап, дүниенің рахатын да көруге болатынын үйретеді. Барға қанағат деген сөз-бардан айрылып қалмай, оны орынды пайдалану, барды арттыруға тырысу-деген ой түйеді жастар.

Әрине, Ахмат Байтұрсынұлының қазақ халқының сауатын ашу, саяси көзқарасына ықпал ету, бала тәрбиесі мен қазақтарды оқу-ғылымға жетелеуде сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Оның бір ғана төте жазуды арап қаріптері негізінде білгірлікпен жасауының өзі тек қана қазақ халқы емес Орталық Азия халықтарына да көп пайдасын тигізді. Ол жасаған төте жазуды қытай қазақтары, ұйғырлар және қытайды тұрып балаларын оқытқан татар, өзбек секілді басқа ұлттард пайдаланды.

Бұдан басқа шығармаларының тәрбиелік мәнін зерттеген ғалымдарда баршылық, атап айтсақ, «Қырық мысал» кітабындағы оқырмандарға арнаған өлеңіндегі мына бір сөздер үнемшілдік ойларымен қабысып тұр, «қанағат азға деген, жоққа -сабыр», ойлап қарасақ азға қанағат еткен жақсы, дегенмен оның астарында сол азды көбейту үшін қарекет керек екенін аңғару қиын емес. Сөздің екінші жартысы жоққа сабыр- дегені жоқты еңбекпен бар қылу, қажетінді өтеу үшін еңбектену керек екенін ұғынуға болады.

Ғалымның Крыловтан аударған «Аққу, шортан һәм шаян» [5] шумақтарының соңында мынадай сөздер бар:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.

Біріннің айтқанына бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің өнбес.

Халқымыздың «бірлік бар жерде, тірлік бар» дегенімен үндесіп тұр. Аударманың бірі «Егіннің бастары» [6] деп аталады, піскен, басы толған бидайлар жерге иіліп тұрса бір басы бос бидай көкке қарап тұрады. Бұны көрген бала әкесінен осының мәнін сұрағанда, әкесі-басы бос бидайдың көкке қарап тұрғанын түсіндіреді. Осы өлеңнің соңындағы мына ғибратлы шумақ кейбір адамдардың мінезі жайлы болса, басқаларға сабақ деуге келеді:

Елде көп бұл бидайдай адам-деді,

Тәкаппар, оны халық-жаман деді.

Қалпы ем- ес тәкаппарлық данышпанның,

Кекірейіп, көкке қарап бүлініп тұр.

Ғалым адамдар арасындағы ахуалды басы бос бидаймен салыстырған.

Ахмет Байтұрсынұлы аудармалардың соңына жазған шумақтарда шығарманың мән-мағынасын ашып ұғындырады. Мысалы, «Ағаш» [7] шығармасының соңында былай дейді:

Жігіттер, жақыныңмен болмаңдар қас,

Қас болған жақынымен ақырда оңбас.  
Ағайын бірі-пана, бірі-қару,  
Кісіге жеке-саяқ бақ та қонбас.

Кей ақымақ әлек етер жақындарын,  
Аямай жұмсап күш пен ақылдарын.  
Жау түгіл иттен бойын қорғай алмай,  
Қаптырар ақырында тақымдарын

Адамдар арасындағы туыскандық қарым-қатынастың қаншалықты қымбат бағалы екенін айта келіп, олардың бір-біріне қорған, пана болуы мен қатар жекеленіп бөлініп-жарылмай ынтымақтасқан жағдайдың қаншалықты тиімді екенін ұғындырады. Сонымен қатар күш пен ақылды берке-бірлікке, туыскандық қарым-қатынастың пайдалы жағына жұмсаудың қажеттігін аңғартады.

Ғалым жазушы Ахмет Байтұрсынұлының кейбір сөздері ғұлама ақын Абай пікірлерімен сабақтасып жатады. Крыловтың «Айна мен маймыл» [8] шығармасының соңында жазған ғақылиясында ғалым былай дейді:

Мысалы, адам- маймыл, өлең- айна,  
Өлеңді түсінгенге бар көп пайда.  
Айтылған өлеңдегі мінін көріп,  
Түзейтін мінез-құлық адам қайда?!

Өлең жолдары Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» [9]-деп басталатын шығармасындағы-

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін... дей келе  
Бұл сөзді тасыр ұқпас талапты ұғар,  
Көңілінің көзі ашық сергек үшін...

Ахмат Байтұрсынұлы:

Біреудің мінін айтса өлеңшілер,  
Мәз болып тындағандар қарқ-қарқ күлер.  
Болса да нақ сол міндер өз бойында,  
Деп айтар «секілді екен пәленшелер»-десе

Абайдык «Адам -бір боқ көтерген боқтың қабы» [10] деп басталатын өлеңіндегі –

Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,  
Білімсіздіак белгісі-ол баяғы...

Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда келтірген өлең тармақтарындағы пікірмен астарласып, қабысып тұрған жоқ па? Екі ғұлама да келтірілген мінездері бар адамдарды сынайды.

Абай «Жапырағы қуарған ескі үмітпен» [11] деп басталатын өлеңіндетіп,

Қарашы өз бойыңда түгел ме екен,  
Ыстық жүрек, оң шырай, қуат пен күш...  
Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің

Өзіңді –өзің күзет кел шырағым...деген өлең жолдарымен Ахмет Байтұрсын ұлымен екі ғалымның ой өрісі мен көргендері және оны қиыстырып айтқандары білген адамға әсерлі-ақ. Жалпы Абай мен Ахаңның мұраларын салыстырмалап зерттеу, екі ғұламаның идеяларын жете түсінуге септігін тигізер еді.

Бұл жерде, Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларынан адамгершілік пен үнемшілік идеяларының қабысқан тұстары да көрініп тұр. Балаларда кішкене кезінен мектепке дейінгі ұйымдарда, бастауыш мектепте үнемшілдікке үйрету жіті қолға алынса, ол әр тұлғаның әдетіне айналса, бұдан пайда таппасақ түк зиян көрмейтін едік. Қазіргідей қымбатшылық заманда әр баланы осыған үйрету заман телебы ретінде қарау, осы істің нәтижелі болуына алып келер еді. Түптеп келгенде бұл әр отбасы, әр адам үшін аса маңызды.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Қуанбаңдар жастыққа». Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.2. – Алматы: Жазушы, 2005. – 335 б.



2. «Үлес». Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. - 318. 99б.
3. «Қайршы мен қыдыр» Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. - 318-97б.
4. «Жарлы бай». Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. - 318-72б.
5. «Аққу, шортан һәм шаян» Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. - 318-47б.
6. «Егіннің бастары» Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. -318 - 50б.
7. «Ағаш» Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. -318 – 64б.
8. «Айна мен маймыл» Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы «Жазушы» 1989. - 318.-75
9. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.1. – Алматы: Жазушы, 2005. – 335 -94б.
10. Адам -бір боқ көтерген боқтың қабы. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.2. - Алматы.- Жазушы, 2005. –335 б.-46
11. Жапырағы қуарған ескі үмітпен. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.2. - Алматы.- Жазушы, 2005. –335 б.-54

ӘОЖ 37.013.2:004

### **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДА ЦИФРЛЫ ОРТАДА ЛЕКЦИЯЛЫҚ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

Т.Е.Конакбаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

аға оқытушы, магистр

Тараз қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Бүгінгі жаһандану жағдайында білім сапасы жағынан бәсекеге қабілетті жоғары білімді мамандарға сұраныс артып отыр. Бәсекеге қабілетті болашақ профессорлық-оқытушылар құрамын дайындауда университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы өздерінің күзіреттіліктері мен құзыреттіліктерін жетілдіреді, педагогикалық тәжірибе нәтижесінде әдістемелік құралдар мен әдістемелерді меңгеру мен енгізудің маңыздылығы айқындалды. Сондықтан жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламасына сәйкес қашықтықтан және дәстүрлі оқытудың ақпараттық-педагогикалық технологияларының соңғы құралдарын пайдалана отырып, оқу үдерісін жоғары деңгейде ұйымдастырудың маңызы зор. Мақалада заманауи педагогикалық технологияларды студенттердің дәрісін тиімді ұйымдастыруға айналдыру жолдары қарастырылған. Мақалада интерактивті тақтада және арнайы компьютерлік бағдарламаларда (Activstudio3, ActivInspire, Freemake Video Converter, Camtasia Studio, Quzze және Google Bowser: Jamboart, GoogleForms және т.б.) лекцияларды пайдалану әдістемесі мен технологиясы берілген. Мақалада «инновация», «инновациялық технология», «заманауи педагогикалық технология» және «ақпараттық технология» ұғымдарының мазмұны да ашылып, талданған. Соның нәтижесінде заманауи ақпараттық-инновациялық технологияларды көрнекі құралдар мен әдістемелік педагогикалық дайындық тұрғысынан тиімді пайдалану өзіндік сипат алады.

**Кілтті сөздер:** инновациялар, инновациялық технологиялар, заманауи педагогикалық технологиялар, ақпараттық технологиялар, қашықтықтан оқыту, дәріс, интерактивті әдістер, болашақ маман мұғалім.

**Аннотация:** В условиях сегодняшней глобализации растет спрос на высокообразованных специалистов, конкурентоспособных по качеству образования. В подготовке конкурентоспособных будущих педагогических кадров профессорско-преподавательский состав вуза совершенствуется

свои компетенции и компетенции, в результате педагогического опыта определена важность освоения и реализации методических пособий и приемов. Поэтому в соответствии с образовательной программой в высших учебных заведениях важно организовать образовательный процесс на высоком уровне с использованием новейших средств информационно-педагогических технологий дистанционного и традиционного обучения. В статье рассмотрены пути преобразования современных педагогических технологий в эффективной организации лекционных занятий со студентами. В статье представлена методика и технология применения лекционных занятий на интерактивной доске и специальных компьютерных программах (Activstudio3, ActivInspire, Freemake Video Converter, Camtasia Studio, Quzze и Coogle Баузер: Jamboart, GoogleForms и др.). Также в статье раскрывается и анализируется содержание понятий «инновация», «инновационная технология», «современная педагогическая технология» и «информационная технология». В результате эффективное использование современных информационных инновационных технологий с точки зрения наглядного средства и методики педагогического обучения приобретает свой характер.

**Ключевые слова:** инновации, инновационные технологии, современные педагогические технологии, информационные технологии, дистанционное обучение, лекционные занятия, интерактивные методы, будущий педагог-специалист.

**Annotation:** In the conditions of today's globalization, there is a growing demand for highly educated specialists who are competitive in the quality of education. In the preparation of competitive future teaching staff, the teaching staff of the university improves their competencies and competencies, as a result of pedagogical experience, the importance of mastering and implementing methodological manuals and techniques is determined. Therefore, in accordance with the educational program in higher educational institutions, it is important to organize the educational process at a high level using the latest means of information and pedagogical technologies of distance and traditional learning. The article considers the ways of transformation of modern pedagogical technologies in the effective organization of lectures with students. The article presents the methodology and technology of using lectures on an interactive whiteboard and special computer programs (Activstudio3, ActivInspire, Freemake Video Converter, Camtasia Studio, Quzze and Coogle Bowser: Jamboart, GoogleForms, etc.). The article also reveals and analyzes the content of the concepts of "innovation", "innovative technology", "modern pedagogical technology" and "information technology". As a result, the effective use of modern information and innovative technologies in terms of visual aids and methods of pedagogical training acquires its own character.

**Key words:** innovations, innovative technologies, modern pedagogical technologies, information technologies, distance learning, lectures, interactive methods, future teacher-specialist.

Қазіргі таңда қашықтықтан білім беру мен дәстүрлі форматта оқыту болмасын білім беру жүйесінің сапасын арттыруда инновациялық технологияларды қолдану өзінің маңыздылығын көрсетуде. Бұл жайында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» міндеті айтылады [1]. Аталған мәселенің өзектілігі әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекеге қабілетті болашақ маманға сапалы білім беруде жоғары оқу орындарында (ЖОО) лекциялық сабақтарды осы оқытудың ақпараттық инновациялық технологияларымен түрлендіру болып отыр.

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан Ш.Т.Таубаева, К.Ж.Бұзаубақова, Қ.А.Сарбасова, М.М.Жанпейісова және т.б. педагог ғалымдардың еңбектерінде деңгейлеп оқыту, жүйелік негізде оқыту, шоғырландырып-қарқынды оқыту, блоктық-модульдік оқыту сияқты инновациялық оқыту технологияларын пайдалану мәселелері қаралған. Мәселен, Республикамыздың белгілі ғалымы К.Ж.Бұзаубақова: «Педагогикалық технология – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына толық мүмкіндік беретін біртұтас педагогикалық процестің барлық дара, инструменталдық және әдістемелік құралдарын қолдану реті мен жиынтығының жүйесі, жобасы»-деген анықтама берсе [2; 60], Н.Д.Хмель педагогикалық технология бұл жеке адамның, сондай-ақ бүкіл ұжымның даму динамикасын көруге, оның нәтижесін кезең-кезеңмен өлшеуге

болатын және педагог пен оқушының жеке тұлғасының өздігінен дамуына толық мүмкіндік жасайтын теориялық білімнің тұтас, педагогикалық процестің практикасында жүзеге асудағы реттелген іс әрекеттің жиынтығына жатқызды [3].

Жоғарыда келтірілген зерттеулер мен анықтамаларға сүйене отырып, біз инновациялық технологияны білім беруде ақпараттандырудың тиімді құралдары мен платформаларын пайдалана отырып, жоспарлы және саналы түрде білім беру процесін игеру мен зерттеумен айналысатын дидактиканың саласы ретінде қарастыруымызға негіз болды. Сондықтан, ЖОО-да білім бағдарламаларына сәйкес студенттерге лекциялық сабақты ақпараттық инновациялық технологиялармен байланыстыра түрлендіру керектігі жоспарланды және оны жүзеге асырамыз.

Лекциялық сабақты ұйымдастыруда мәселен, Google баузеріндегі арнайы бағдарламаларды қолданудың әдістемесі мен технологиясын ғаламтор желісінде біріншісі, дәстүрлі форматта аудиторияда оқытуда: интербелсенді тақтаны пайдалана отырып, екіншісі, қашықтықтан Zoom платформасында оқытуда: тақырыпқа сай 10 минуттан аспайтын алдын ала жазылған бейнедәрістермен түрлендіріп өткізуге мән беріп отырамын. Осылай басшылыққа алынып өткізілген әрбір лекциялық сабаққа студенттердің зейіндерін арттырып, оқу материалдарын толық меңгеріп, олардың алдағы уақытта ізденулеріне негіз бола алады. Мәселен, лекциялық сабақта жүргізу барысында лекцияның толық мазмұны интерактивті тақтада Activstudio3 (ActivInspire) немесе PowerPoint бағдарламаларын қолдану арқылы флипчарт немесе слайд жасалып, сол бойынша түсіндіріледі.

Сонымен бірге, лекция тақырыбының мазмұнын ашуда бейнетехнология әдістемесі арқылы тақырыпқа сай ғаламтордан бейнероликтерді Camtasia Studio, Freemake Video Converter бағдарламасы арқылы қажетімізге қарай 2-3 минуттан аспайтындай өңделіп студенттердің назарына ұсынылады. Бұл лекциялық сабақтың мазмұнын одан әрі аша түседі және студенттерге тақырыптың түсінікті болуына жол ашады. Бинеролик сонымен қатар студенттерге тақырып бойынша бірізгі сергіту қызметін де атқара алады. Олардың түйсіктері мен қабылдауын назарға ала отырып, осы бағытта есте сақтауы мен ойлауын дамыта отырып оқытуда таптырмас әдістеме болары анық.

Біз, қашықтықтан оқыту барысында лекциялық сабақты Zoom платформасында уақытты тиімді пайдалану мақсатында монитордың үлестіру терезесінде «Түгелдеу сауалнамасы» әдісі арқылы сабақтың ұйымдастыру кезеңі жүргізіледі. Аталған әдістің мақсаты - уақытты үнемдеу арқылы 3 минуттың ішінде студенттермен өткен тақырыпқа қайталау мен студенттердің онлайн форматта сабаққа қатысуын түгелдеп алу. «Түгелдеу сауалнамасы» әдісі барысында үлестіру терезесіне Activstudio3 (ActivInspire) немесе PowerPoint бағдарламалары арқылы өткен тақырыптарды пысықтауға сұрақтар қойылады. Студенттердің жауабы WhatsApp мессенджерінде арнайы ашылған топқа жіберіледі, уақыты біткенде жауапты қабылдау тоқтатылады. Мұнда студенттер онлайн форматтағы сабаққа уақытылы кешікпей қатысуға тырысады және өткен тақырыптар бойынша олардың білімдері пысықталады.

Zoom платформасында қашықтықтан лекциялық сабақты өткізу барысында студенттердің назарын шашыратып алмас үшін онлайн форматта топпен жұмыс барысын ұйымдастырған дұрыс. Себебі, студенттер қашықтықтан сабаққа қатысып отырғандықтан олардың зерігуі әбден мүмкін. Осы жағдай ескеріліп Zoom платформасында сабаққа қатысып отқан студенттерді екі немесе үш топқа бөліп, Jamboart бағдарламасында қашықтықтан интербелсенді әдіспен топпен жұмыс жүргізу өзінің тиімділігін көрсетеді. Jamboart бағдарламасын қолдануда студенттер жаңа тақырыпта алға білімдерін қашықтықтан топпен жұмыстар арқылы өзара пікір-таласқа түседі. Өзара сыни ойлайды, бір-бірінің жауабын толықтыруға мүмкіндік алады және ойдың жинақталуын қамтамасыз етеді.

Ағымдағы лекциядан студенттердің білімін нақтылап, талданған жаңа тақырыпты нақтылап, студенттердің қаншалықты меңгергендігін бақылау мақсатында «Quizze» және «GoogleForms» бағдарламасында студенттерден шағын тест алып отырудың да өзіндік маңызы бар. Сабақта уақыттың аздығын ескеріп, студенттердің тез ойлап, тез ой алмастыру үшін тағыда «Quizze» бағдарламасы арқылы өткен мен жаңа тақырыпқа сай тесттер құрастыруға болады. Осы арқылы толық аудиторияны қамтып аз уақытта топпен немесе жеке жауап беруге, ойларын тиянақтауға негіз бола алады.

«Quizze» бағдарламасын қолдануда сабақта қарастырылған тақырыптық мәселе жайлы студенттердің Білемін! Түсінемін! Білім керек! Игеремін! Білдім! Меңгердім! тұрғысынан оқытушы

мен студент арасында кері байланыс орынатудың бірден бір құралы бола алады және студенттің меңгерген білімін анықтау, бағалау жүзеге асады.

Заманауи ақпараттық инновациялық технологияларды педагогикалық оқытудың көрнекі құралы мен әдістемесі тұрғысынан тиімді қолдану өзінің маңыздылығын көрсетеді. Мұнда лекциялық сабақ барысында лектордың студенттердің тақырыпты қаншалықты түсініп, қандай мәселелерді жазып алып жатқандығын, тақырыпқа сай қандай терминологиялық сөздердің мазмұнын зерттеуге алғандығын бағыттап, байқай алуына мүмкіндігі артады. Лекцияны мұқият тыңдауы мен оның қызушылық белсенділінің арқасында студенттің конспект жазу жұмысы кезінде жақсы есте сақтауын арттыра түсетіндігі байқалады.

Заманауи ақпараттық-педагогикалық технологияларды білім беру саласында оқыту құралына айналдыру меңгерілуге тиіс сұрақтардың өзіндік мақсат-міндеттерінің орындалуында өзінің маңыздылығымен байқалады:

- қаралатын тақырып терең және нақты ашылады;
- тығыз академиялық сағат тиімді әрі нәтижелі пайдаланылады;
- оқу үрдісін жүзеге асыратын сыртқы және ішкі қайтымды байланыс орнайды;
- мәліметті жоғарғы дәрежеде ақпараттандыру және белсенді қабылдау;
- танымдық белсенділіктерінің әдеттегіден артуы;
- өзін-өзі тануға тәрбиелену: нақтылық және ұқыптылық;
- көріп қабылдауы арқылы кәсіби білімі шыңдалады;
- интеллектуалды дамуы мен логикалық ойлау қабілеті жетіледі;
- студент мен оқытушының педагогикалық қатынасының белсенділігі;
- аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінен жоғары мөлшерге бағыттылығы;
- үздіксіз білім беру мен білім алудың тиімділігі және т.с.с.

Болашақ мамандарға білім бағдарламасы бойынша лекциялық сабақта заманауи ақпараттық-педагогикалық технологияларды білім беру әдістері мен оқыту құралдары ретінде ұйымдастыру өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319
2. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. -Алматы, 2009. -424 б.
3. Хмель Н.Д. Теория и технология реализаии целостного педагогического процесса. –М. 2002.

ӘОЖ 81-139

#### **СЫРҒАНАҚ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРҒА БАУЛУ**

Э.К.Құтымбетова

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы  
[kutymbetova@mail.ru](mailto:kutymbetova@mail.ru)

**Андатпа:** Мақалада «Сырғанақ» әдісі арқылы әдеби шығармаларға баулу туралы сөз қозғап, ондағы әлеуметтік желілерде осы әдісті пайдаланудың маңызы туралы баяндайды. Мақаланың мақсаты Сырғанақ әдісі арқылы білім алушыларды кітап оқуға шақырудың жолдарын көрсету. Зерттеу нәтижесі -әрбір әлеуметтік желі бізге Сырғанақ салу үшін өз ресурстарын береді. Instagram-да бұл Stories арасындағы жақсы байланыс, сонымен қатар Tik Tok - тің ВК-жоғары эмоционалдылығы, YouTube және "Яндекс. Дзен " пайдаланушының көлемді мазмұнды қабылдауға дайындығы. Сондықтан платформалардың әрқайсысы қалай жұмыс істейтінін түсіну және оның ресурстарын пайдалану маңызды.

**Кілтті сөздер:** «Сырғанақ» әдісі, әлеуметтік желі, Instagram, әдеби шығарма, YouTube, ресурс, платформа.

**Аннотация.** В статье речь идет о приобщении к литературным произведениям методом «скользящей горки» и рассказывается о важности использования этого метода в социальных сетях. Цель статьи показать способы поощрения обучающихся к чтению с помощью метода скольжения. Результат исследования заключается в том, что каждая социальная сеть предоставляет нам свои ресурсы для строительства горки. Каждая социальная сеть дает нам свои ресурсы для построения скользкой горки. У Instagram это хорошая связка между Stories, а также встроенная «визуальность» контента у Tik Tok VK- высокая эмоциональность, у YouTube и «Яндекс. Дзен» готовность пользователя воспринимать объемный контент. Поэтому важно понимать, как работает каждая из платформ и использовать ее ресурсы.

**Ключевые слова:** Метод «скользящей горки», социальная сеть, Instagram, литературное произведение, YouTube, ресурс, платформа.

**Abstract:** The article deals with the introduction to literary works by the "slippery slope" method and tells about the importance of using this method in social networks. The purpose of the article is to show ways to encourage students to read using the sliding method. The result of the study is that each social network provides us with its own resources for the construction of a slide. Each social network gives us its own resources to build a slippery slope. Instagram has a good link between Stories, as well as the built-in "visual" content, Tik Tok VK has a strong emotionality, YouTube and Yandex. Zen" the user's willingness to perceive voluminous content. Therefore, it is importa

**Key words:** The "slippery slope" method, social network, Instagram, literary work, YouTube, resource, platform.

«Сырғанақ» әдісі неден тұратынын қарастырайық. Егжей-тегжейлі, біз элементтердің әрқайсысын бүкіл кітапта бөлеміз, бірақ әзірге біз жалпы схемаға тоқталамыз.

«Сырғанақтың» сәттілігінің басты кепілі-оқырманды алғашқы сөздерден (немесе алғашқы әңгімелерден) қою. Шындығында, біз алдымен постты оқу идеясын сатуымыз керек (бейнелерді немесе stories серияларын көру сияқты). Сондықтан "тербелуге уақыт жоқ" және біз басынан бастап белсенді әрекет етуіміз керек.

Әр түрлі мазмұн үшін әр түрлі кіру нүктелері бар: тақырып, бірінші сөйлем, бірінші әңгімелер, алғашқы екі (TikTok-та) немесе бес (YouTube-те) секундтық бейне. Дегенмен, мәні әрқашан бір: оқырманның назарын аудару және оны әрі қарай оқуға ынталандыру үшін сыйымды, перспективалы, қызықты фраза.

Мәтінді оқырманмен алғашқы "байланыстырудың" бірнеше негізгі нұсқалары бар:

Мәтінді оқырманмен алғашқы "байланыстырудың" бірнеше негізгі нұсқалары бар:

1. интрига;
2. күшті уәде;
3. әзіл;
4. оқырманның міндеттері мен азаптарын өз міндеттері ретінде қабылдау;
5. таңқаларлық факт.

Мен «бұл тармақтардың барлығын әдейі егжей-тегжейлі ашпаймын біз мұны тиісті бөлімдерде жасаймыз. Сонымен, назар аударылды, бірақ жұмыс мұнымен аяқталмайды біз тек оқырманды Сырғанаққа шақырдық және ол әлі оралмады. Есіңізде болсын, оқырман кез-келген уақытта мәтін өзінің қолын сәл әлсірете салысымен оқуды тастауға дайын. Өйткені, әр секунд сайын миллиондаған жазбалар, бейнелер, әңгімелер, подкасттар оқырман назарына бәсекелеседі. Сонымен, біз мәтінді әр секунд сайын оқырманның назарын жоғары деңгейде ұстайтындай етіп құруымыз керек»[1.85б.].

Оқырманды соңына дейін жеткізуге қандай серіппелер мүмкіндік береді?

Мәтін сапасы. Сырғанақ құрал емес екенін түсіну маңызды-бұл сіз жасай алатын стикер

Бейне ресурстар

Бұл басылым үшін бірде-бір медиа материал таңдалмаған

Мәтін сапасы. Сырғанақ дұрыс әсер алу үшін кез келген мәтіннің үстіне жабыстыруға болатын стикер құралы емес екенін түсіну маңызды. Күшті сырғанақтың негізінде қуатты және тірі жазылған күшті мәтін болуы керек.

Әңгімелеу. Жартастар, бұрылыстар, үш әктілі құрылым және әңгімелеудің басқа элементтері мәтінде қосымша іліністер жасайды, оқуға, тексеруге, тыңдауға шақырады

Мәтін құрылымы. Ешкім оның не туралы екенін түсінуге тырысып, мәтінді кездейсоқ кезіп жүргенді ұнатпайды. Керісінше, оқырман автордың оны мәтін бойынша оңтайлы жолмен жүргізгенін қалайды. Мәтіндегі құрылым дәл осы мәселені шешеді: оқырманды жалпыдан жекеге бағыттайды, мәтіннің бір элементінен екіншісіне "сырғанау" эстафетасын береді.

Автордың дауысы. Әрине, сізде өз тақырыбын түсінетін адамның терең, жақсы қойылған дауысын естігенде, сіз оны тыңдауға дайын гипнозға түскендей боласыз. Мәтін жағдайында да солай. Автордың сенімді ұстанымы, құзыреттілігі, өзіндік стилі мұның бәрі оқырман ұстанғысы келетін автордың танымал дауысына айналады.

Эмоциялар. Әлеуметтік желілерде "есеп айырысу некесі" жұмыс істемейді. Мәтін оқырманмен жарқын және эмоционалды қарым-қатынаста болуы керек, таңқаларлық, қуаныш, күлкі, реніш, эмпатия немесе кез-келген басқа эмоцияны тудыруы керек. Ең бастысы-оны бей-жай қалдырмау.

Пайдасы. Келісіңіз, аспаннан түскен алтын монеталарды жинау кезінде тоқтау қиын. Сонымен, Егер сіз оқырманға шынымен құнды нәрсе бере алсаңыз, ол сіздің сырғанаққа қайта-қайта оралады. Мұны істеу үшін Сізге оның міндеттері мен мәселелерін жақсы зерттеу қажет. Нақты әлеуметтік желілерге бейімделу. Әрбір әлеуметтік желі бізге Сырғанақ салу үшін өз ресурстарын береді. Instagram-да бұл Stories арасындағы жақсы байланыс, сонымен қатар Tik Tok - тің ВК-шырынды эмоционалдылығы, YouTube және "Яндекс. Дзен " пайдаланушының көлемді мазмұнды қабылдауға дайындығы. Сондықтан платформалардың әрқайсысы қалай жұмыс істейтінін түсіну және оның ресурстарын пайдалану маңызды.

Бейне ресурстар

Бұл басылым үшін бірде-бір медиа материал таңдалмаған

Сырғанақтың соңғы бөлігі туралы бөлек айту керек. Көбінесе, соңында автор оқырманмен қарым-қатынасын рәсімдейді, мысалы, жазылуды немесе сатып алуды ұсынады. Сондықтан, Сырғанақтың соңында әрекетке шақыру пайда болады ұнату, түсініктеме жазу, өтініш жасау.

Мәтінмен жұмыс істеудің және сырғанақ салудың барлық тәсілдерін келесі тарауларда егжей-тегжейлі қарастырамыз.

Қорытындылай келе, сырғанақ әдісімен жұмыс істеу кезінде қолданылатын технологиялардың этикасы туралы бірнеше сөз айтамын. Көбісі оларды алып сатарлық деп санайды: біз оқырманның назарын аударамыз.

«Неғұрлым абсурдтық тезис ойлап табу қиын. Естеріңізге сала кетейін, сырғанақ қолдана отырып, біз ешкімді алдамаймыз, фактілерді ойлап таппаймыз, біз жай ғана адамның бұл ақпаратты қалай қабылдайтынына сәйкес баяндау логикасын құрамыз. Бұл не туралы болатынын түсінуге тырысып, автордың сөздік қорында ешкімге ұнамайды. Кез-келген оқырман жақсы құрылымдалған, сыйымды, тірі жазылған мәтінмен айналысқанды жөн көреді»[2.156.].

Сонымен қатар, мен әңгімелеу принциптерін қолдану ақпарат берудің ең адамға бағытталған әдісі деп айтамын. Біз оқырманға / көрерменге оған қызығушылықпен көмектесетін құрал береміз жыныс біздің мәтімімізде өмір сүру эмоцияларымен алға жылжу.

«Қызықты фильмді көру немесе Акуниннің романын оқу кезінде сіз өзіңізді манипуляциялап жатқандай сезіндіңіз бе? Жеке өзімде бұл сезім тек скучно, ұзаққа созылған кітапты оқығанда пайда болады. Автор сюжетті қалай баурап алуды білмесе және өз тарихын ыңғайсыз және шатастыратын болса. Осындай сәттерде мен автордың менің уақытым мен назарымды қалай құрметтейтіні туралы ойлаймын»[3.656.].

Керісінше, кейде сіз мәтінге түсіп кетесіз, кім екеніңізді және қайда екеніңізді ұмытып кетесіз, әр бетте, әр сөзде кейіпкермен бірге тұрасыз; кітапты бір жаққа қойып, сюжетті ойында жоғалтасыз, әрі қарай не болады деп ойлайсыз және автор жасаған әлемге қайта кіруді күте алмайсыз. Бұл сырғанақ, бұл әңгімешінің нағыз таланты.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Білім алушылардың құзыреттілігін бағалауға арналған бақылау-өлшеу материалдарының жиынтығы / ред. В.П.Соломин. - Санкт-Петербург, 2008.
2. Гуманитарлық технологияларды ескере отырып, педагогикалық білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудағы білім беру стратегиялары мен оқыту технологиялары: әдістемелік ұсыныстар. - Санкт-Петербург, 2008.
3. Педагогикалық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру: оқу-әдістемелік кешен: 1-бөлім / ред.А.П.Тряпицыной. - Санкт-Петербург, 2009.

ӘОЖ 159.9:37.032

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘР ТҮРЛІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

А.Т.Кенжебаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент  
[alimakzt@mail.ru](mailto:alimakzt@mail.ru)

Ж.С. Таджибаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі,  
[zhanna.tadzhibaeva.84@mail.ru](mailto:zhanna.tadzhibaeva.84@mail.ru)  
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Жеке тұлғаның бойында әрдайым осы екі қажеттілік көрініс беріп отырады, жан қалауы мен тән қалауы. Осы екі құмарлықтың тек біреуіне ғана басымдылық беру - тұлғаның ары қарайғы дамуына үлкен кері әсерін тигізеді. Сондықтан да екі қажеттілікті тең баланста ұстау – өмірлік қағида болып келеді. Жеке тұлға мәселесі қазіргі таңда актуальды тақырыптардың қатарынан түскен емес. Мақалада жеке тұлғаның қалыптастыратын факторлардың әсері терең қарастырылады, жеке тұлғаны қалыптастырудағы қоршаған орта, тұқым қуалаушылық, тәрбие және дүниетаным мәселелерінің ерекшеліктері талданады. Зерттеу жұмыстары жүргізіліп, зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша тәрбие жеке тұлға қалыптасуындағы ең негізгі фактор екендігі анықталады. Әрбір адамның отбасынан алатын тәрбиесі – оның дінгегі болып табылады. Дінгегі мықты болған тұлға ешқандай сыртқы факторларға бой алдырмайды. Осындай тұлғаны қалыптастыру – қазіргі білім беру мекемелері мен отбасының басты міндеті болуы тиіс.

**Кілтті сөздер:** жеке тұлға, адам, индивид, дүниетаным, қоршаған орта, тәрбие, материалистік диалектика, Абайдың қара сөздері, әлеуметтік орта.

**Аннотация:** В каждой личности всегда проявляются эти две потребности, желания души и желания тела. Приоритет только над одной из этих двух страстей - большое негативное влияние на дальнейшее развитие личности. Поэтому поддержание обеих потребностей в равном балансе – это жизненный принцип. Вопрос личности в настоящее время входит в число актуальных тем. В статье подробно рассматривается влияние факторов, формирующих личность, анализируются особенности проблем окружающей среды, наследственности, воспитания и мировоззрения в формировании личности. Проводится исследовательская работа, и по итогам исследовательской работы выясняется, что воспитание является самым основным фактором в становлении личности. Воспитание, которое каждый человек получает от семьи, является его стержнем. Личность с сильным стволем не поддается никаким внешним факторам. Формирование такой личности должно стать главной задачей современных образовательных учреждений и семьи.

**Ключевые слова:** личность, человек, индивид, мировоззрение, окружающая среда, воспитание, материалистическая диалектика, слова назидания Абая, социальная среда.

**Annotation:** The personality always manifests these two needs, the desires of the soul and the desires of the body. The priority over only one of these two passions is a great negative impact on the further development of the personality. Therefore, maintaining both needs in an equal balance is a vital principle. The question of personality is not currently among the relevant topics. The article examines in detail the influence of personality-forming factors, analyzes the features of environmental problems, heredity, upbringing and worldview in the formation of personality. Research work is being carried out, and according to the results of the research work, it turns out that education is the most important factor in the formation of a personality. The upbringing that each person receives from the family is his core. A person with a strong trunk does not succumb to any external factors. The formation of such a personality should become the main task of modern educational institutions and families.

**Key words:** personality, person, individual, worldview, environment, upbringing, materialistic dialectics, Abai's words of edification, social environment.

Жеке тұлға ұғымы ежелден бері көптеген ғалымдардың назарын аударған зерттеу объектісі болып табылады. Адамзат баласы ертеден өзінің тұлғасын тануға қызығушылық білдірсе керек. Жеке тұлғаны зерттейтін ғылымды персонология деп атайды (ағылшын тілі, “personality”, латын тілі “persona” – жеке тұлға, даралық). Жеке тұлға – дүние таным қабілеті бар, сыртқы ортаның неше түрлі әсерлерін бастан кешіріп, оларға төзімділік көрсете алатын, табиғатты өзгертуге ықпал ете алатын жан [1]. Жеке тұлға - қоғам дамуына әсер ететін негізгі объект болып табылады.

Жеке тұлға, адам, индивид ұғымдарының шығу тегі бір болғанымен бір бірінен айтарлықтай айырмашылықтары бар. Адам деп жалпы адамзаттың ортақ атауын айтсақ, индивид дегеніміз – биологиялық тұлға, бір адамның екінші адамнан биологиялық, психикалық, әлеуметтік, жекелік тұрғыда ерекшеленуі. Әрбір адам индивид, бір-бірін қайталамайды. Тіпті бір анадан туған егіздердің де идентификациялық ерекшеліктері дәлелденген. Жеке тұлға дегеніміз өзіне тән мінез-құлқы қалыптасқан, қоғамда өзіндік орны бар, оны мен солын таныған адам. Немесе айтарлықтай жетісітке жеткен азамат. Ендеше, **жеке тұлға — түрлі психологиялық ерекшеліктері әлеуметтік ортамен шарттас, тұрақты, адамның өзіне де, өзгелер үшін маңызды де болып табылатын адамгершілік әрекеттерін анықтайтын қасиеттер жиынтығының иегері болып табылады.**

Қоғам жеке тұлғаның іс-әрекеті арқылы, оның сапаларының бір күйден екінші күйге ауысуы арқылы, оның дамуы арқылы өзгереді. Яғни, қоғам өзгеруі тікелей жеке тұлғаға байланысты. Егер жеке тұлғаның дамуында өзгеріс болмаса, қоғамның да өркениетке ілесуі екі талай. Қоғамның дамуына жеке тұлға, ал жеке тұлғаның дамуына қоғамдағы жағдайлар әсер етеді. Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторларға тоқталатын болсақ, ең негізгілері: тәрбие, тұқым қуалаушылық және қоршаған орта және дүниетаным болып табылады.

Ежелгі кезеңнен бастап, көптеген ғалымдар жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлардың басымдылық ролі туралы өз көзқарасын дәлелдеп келеді. Ежелгі грек ойшылдары преформистер Аристотель мен Платон жеке тұлғаның қалыптасуына алдын ала тағдыр айқындаған тұқымқуалаушылық табиғатына байланысты деп тұжырымдады. Француз педагогы Жан Жак Руссо «жанадан туылған баланың жаны таза тақтамен тең, оған не жазсақ сол болады» деп тәрбиенің ролін аса дәріптейді. Қазақ елінен шыққан алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсарин өзінің «Бақша ағаштары» атты әңгімесінде қисық ағаштың пайда болу себебі күтімі жоқ болғандығына байланысты екендігі мысал келтіре отырып, тәрбиенің маңызды екендігін тағы да дәлелдей түседі. Ұлтымыздың ұлағатты ұстазы Мағжан Жұмабаев 1923 жылы жарық көрген «Педагогика» атты еңбегінде: Баланы тарбияны өзінің шамасына, жаратылысына сай беру керек. Тарбия деген – баланы бетке қақпай бетімен жіберу емес. Яки отырса – басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз [2].

Ұлы Ақын Абай Құнанбайұлының 7 қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйқасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Іһәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен», - делінген [3]. Демек жеке тұлғаның бойында әрдайым осы екі қажеттілік көрініс беріп отырады, жан қалауы мен тән қалауы. Осы екі құмарлықтың тек біреуіне ғана басымдылық беру - тұлғаның ары қарайғы дамуына үлкен кері әсерін тигізеді. Сондықтан да екі қажеттілікті тең баланста ұстау – өмірлік қағида болып келеді. Қайта өрлеу дәуірінің антропоэлектік гуманизміне сәйкес, біз өмірдегі жанды және мораль қағидаларына жат сезімдерімізді, нәпсіқұмарлығымызды тізгіндей аламыз. Адам деген ат бізге сол үшін берілген. Жан құмары адамды кемел тұлға етіп сомдайды. Тән құмары адамды иба-әдеп сезімін жойып, адамгершілік қасиетке нұсқан келтіреді [4].

Материалистік диалектика адам табиғатын биологиялық пен әлеуметтіктің (тұқымқуалаушылық мүмкіндіктер мен әлеуметтік ортаның) бірлігі деп түсіндіреді. Адам, басқа да тіршілік иесі сияқты, табиғат және қоғаммен өзара әрекеттестікте болады, оларды өзінше қабылдайды, яғни осы әрекеттестіктің белсенді қатысушысы.



Сонымен тәрбие жеке тұлға қалыптасуындағы ең негізгі фактор. Себебі әрбір адамның отбасынан алатын тәрбиесі – оның дiңгегi болып табылады. Дiңгегi мықты болған тұлға ешқандай сыртқы факторларға бой алдырмайды.

Тұқым қуалаушылықты алып қарастыратын болсақ, оның да әсерiн жоққа шығара алмаймыз. Ғалымдардың айтуы бойынша ата-анасының физиологиялық, психикалық ерекшелiктерi қабiлет, дарындылық секiлдi жеке ерекшелiктерi де ұрпақтарына ген арқылы берiлiп отырады. Сондықтан психологтар, «дене бәрiн есiнде сақтайды» деген тұжырымға келедi. Атақты музыканттар мен ғалымдардың үрiм-бұтақтарын зерттеген кезде мiндеттi түрде қайталаған ұрпақтарын кездестiрген оқиғалар кездескен. Бұл тұқым қуалаушылықтың жеке тұлғаның қалыптасуына әсерiн дәлелдейдi.

Қоршаған орта, әсiресе қазiргi таңда көптеген жастар үшiн алдыңғы орында тұр десек қателеспеген болар едiк. Себебi, жұмыс бастылықтың себебiнен көптеген ата-аналар балаларына көңiл бөле алмай жатады, немесе тек материалдық тұрғыдан қамтамасыз етсек жеткiлiктi деген қате пiкiрде болады. Ал шындығында баламен қарапайым қарым-қатынас құра алмай жатады. Оның жан-дүниесiндегi кейбiр мәселелердi түсiнбей, өз көзқарастарын тықпалайды. Осыдан кейiн балалар көбiнесе сырттағы араласып жүрген достарымен жақын араласып, солардың ықпалына бейiм болады. Егер жаман әдеттерi бар ортаға түсiп қалған болса, сол ортаның жағымсыз қылықтарын бойына жинақтайды. Демек ортаның әсерi де қазiргi таңда маңызды. Сондықтан баланы өзiне лайық, ортақ қызығушылықтары бар, жаман әдеттерден аулақ ортасын табуы үшiн отбасынан дұрыс тәрбие берiп, қадағалап отыруы тиiс.

Дүниетаным дегенiмiз объективтi дүниеге және ондағы адамның алатын орнына, адамның өзiн қоршаған шындыққа және өзiне қатынасы туралы көзқарастар жүйесi, сонымен қатар осы көзқарастарға тәуелдi адамдардың өмiрлiк позициясын, олардың сенiмдерi, мұраттары, таным және iс-әрекет принциптерi, құндылық бағдарлары. Дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделi процесс, оның нәтижесiнде жеке көзқарастар және сенiм жүйесi дамиды, қалыптасады, олар жеке адамның әрекет жасауына басшылық болады. Дүниетаным өзiнiң аты айтып тұрғандай дүниенi тану. Жеке тұлғаның дамуы дүниенi танудан бастау алады. Дүниенi тану, тек дүниенi, әлемдi тану емес, өзiндi-өзiн тану. Өзiңнен жаңа өзiндi жасап шығару. Дүниенi тану арқылы әлемге деген, өмiрге деген көзқарас өзгерiп, өзiндi жаңа қырыңнан тануға, өзiңе жаңа мүмкiндiктер жасауға, өмiрiңдi өз қолыңа алуға жол ашылады.

Дүниетанымның қалыптасуында бiлiмнiң алар орны тым ерекше. Бiлiм ешқашан жоғалмақ емес. Бiзде бардың бәрi таусылар. Бiрақ ақылың мен бiлiмiң өзiңмен бiрге қалады, саған өмiрлiк азық болады. «Бiлiм қалар артында ғұмыр сырғып жоғалар» деп Махмуд Қашғари айтқандай, сенен қалатын бiлiм, тiптi сенiң өзiңмен арғы дүниеге ешнәрсе алып кете алмаймыз. Бiрақ бiлiм мәңгi бiздiң санамызда, бойымызда болатын дүние. Арғы дүниеге кетiп жатқандардың өзiңмен бiрге жиған-тергенiң не тапқан-таянғаның алып бара жатқанын көрмеймiз. Тiптi өмiрден өткендерiңе бiр ғасыр болып кеткен ақын, бабаларымыздың артында қалғандары - бiлiмдерi, келешек ұрпаққа айтып кеткен ғибратты сөздерi мен кемел ақыл ойлары. Қанша ғасырлар мен жылдар өтiп кетсе де ұлы Абайдың қара сөздерi, Бауыржандай батыр атамыздың рухты өткiр сөздерi өмiрлiк тәжiрибеде әлi де қолданылып келедi. Сондықтан материалдық дүниеге құнықпай, керiсiнше сол дүниенi бiлiмге жұмсайық. Бiлiмнiң дүниетанымды қалыптастырудағы атқаратын рөлiнiң ұшан-теңiз екенiн байқаған болармыз.

Жеке тұлғаның танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруы - мұражай, концерт, театр, фильм көру, шетелге саяхаттау, өзге тiлдi меңгеру, түрлi қызығушылықтары бойынша курстарға қатысу сияқты әрекеттерi де оның дүниетанымын қалыптастырады. Оқыған кiтап, әлеуметтiк желiдегi белсендiлiк, қоғамдық орындарға бару, рухани өсу – осы сапалардың барлығы дүниетанымды қалыптастыруға себепшi болады.

Дүниетаным дүниеге көзқарасты туындатады. Дүниеге көзқарас – қоғамдық сана мен тұлға санасының ең жоғарғы деңгейi. Дүниеге көзқарас ұғымы бiртұтас дүниенi жалпылама ұғынумен ғана шектелiп қалмайды, сонымен бiрге осы бiртұтас дүниемен қарым-қатынас жасаудың жалпы өлшемдерiн, басқаша айтқанда, дүниеге белгiлi бiр қарым-қатынас өлшемдерiн белгiлеп, мiндеттейдi.

Адамның саналық, тұлғалық қасиеттерiн анықтайтын оның санасы болып табылады. Сана ақыл-ойдан туындайды. Адамның ақыл-ойы бiркелкi дамымайды. Адамдар бiр-бiрiн бағалауда қателiктер жiберуi де мүмкiн. Кейбiр адамдар өзiнiң жеке басын басқалардан артық бағалауға тырысады. Жеке тұлғаға тән қасиетi - ақыл, ес, яғни, өмiрдi өзiнiң сана-сезiм өлшеменiмен қарап бағалауға бейiм тұруы, мақсатының орындалуы, ерiк-жiгерiнiң iске асуы, өзi жөнiндегi ойын, еркiн

іске асыруға дайындығы және оны іске асыруының нәтижесі. Жеке тұлға – сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйініштің бойға жинақталған көрінісі.

И.Ф.Харламов айтқандай, әр адамның дүниетанымдық көзқарастары ұзақ, күрделі интеллектуальдық іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Ал көзқарастар болса өз кезегінде оның рухани мәдениетінің, оның «Мен» деген сезімінің мәнісін ашып, оның өмірлік ұстанымдарының, ар-ожданының негізін құрайды. Көзқарастар – адамның қол жеткізген идеялары, білімдері, теориялық тұжырымдар мен болжамдар ретінде қабылдаулары. Олар табиғат пен қоғам құбылыстарын түсіндіріп, адамның мінез-құлық, іс-әрекет пен қатынастардың бағыт-бағдары қызметін атқарады.

«Білім – теңіз, түбі де, шегі де жоқ» деп Жүсіп Баласағұн айтып кеткендей, шексіз білімді шектеулі уақытымызда дұрыс пайдаланып, дұрыс қолданайық дегім келеді.

Қорытындылай келе, жеке тұлғаның қалыптасуы үшін жоғарыда аталған барлық фактордың өзіндік маңызы бар. Әрбір фактордың адамның толыққанды тұлға болып қалуып-тасуында тиімді жақтары баршылық. Жеке тұлға мәселесі қазіргі таңда актуальды тақырыптардың қатарынан түскен емес. Бұл мақаланы жазудағы мақсат, жеке тұлғаның қалыптастыратын факторлардың әсерін бағамдау. Жеке тұлғаны қалыптастыруда әрбір адамның жас ерекшелігін ескеру маңызды роль атқарады. Жеке тұлғаны қалыптастыру дегеніміз оны мәдениетке үйрету, білім, білік, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту. Заманауи жеке тұлға – білімді, тәрбиелі, эмоционалды мәдениеті дамыған, коммуникативті қабілеті дамыған, жан-жақты тұлға. Осындай тұлғаны қалыптастыру – қазіргі білім беру мекемелері мен отбасының басты міндеті болуы тиіс.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Сәбет Бап-Баба (Бабаев). Психология негіздері: Оқу-анықтамалық қолданба. - Алматы: Нұр-пресс, 2007. – 60 б.
2. Жұмабаев Мағжан. Педагогика (баланы тәрбия қылу жолдары). - Алматы: «Рауан», 1992. – 112б.
3. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2005. – 120 б.
4. Райан Майкл. Әдебиет теориясы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 292 б.

ӘОЖ 82-93:37.01

#### **ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

А.А. Кулаипбекова

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

«Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі» мамандығының 2 курс студенті  
[bota.askar97@mail.ru](mailto:bota.askar97@mail.ru)

З.Н.Кудебаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

п.ғ.к., «Педагогика» кафедрасының доценті, [zagiparmno@mail.ru](mailto:zagiparmno@mail.ru)

**Андатпа:** Балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүйуге тәрбиелеу мақсатында мақала қазіргі балалар әдебиетінің бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын, ой –өрісін, тіл байлығын дамытып, олардың бойында отансүйгіштік, зеректік, еңбек сүйгіштік, адалдық, адамгершілік т.б. асыл қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығы туралы баяндалған. Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтарын анықтау мақсатында №45 Бауыржан Момышұлы атындағы гимназияның 3 сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижесінде қазақ тілінде балалар қызығатын шығармалардың аз екендігі, олардың әлем балалар әдебиетіне деген қызығушылықтары анықталды.

**Кілтті сөздер:** тәрбие, дүниетаным, сүйіспеншілік.

**Аннотация:** В целях обогащения духовной культуры детей и воспитания любви к родной стране и краю статья развивает мировоззрение, мировоззрение, языковой достаток современных

детей младших школьников, прививает патриотизм, интеллигентность, трудолюбие, честность, нравственность и др. описывает важность формирования благородных качеств. С целью определения интересов учащихся начальных классов в результате анкетирования 3 класса гимназии № 45 им. Бауыржана Момышулы, было определено, что интересных для детей произведений на казахском языке мало, и интерес их к мировой детской литературе.

**Ключевые слова:** воспитание, мировоззрение, любовь.

**Annotation:** In order to enrich the spiritual culture of children and foster love for their native country and region, the article develops the worldview, worldview, linguistic prosperity of modern children of primary school students, instills patriotism, intelligence, diligence, honesty, morality, etc. describes the importance of the formation of noble qualities. In order to determine the interests of primary school students as a result of a survey of the 3rd grade of gymnasium No. 45 named after. Bauyrzhan Momyshuly, it was determined that there are few works of interest to children in the Kazakh language, and their interest in world children's literature.

**Key words:** education, outlook, love.

Балалар әдебиеті баланы қуанышқа бөлеп, қиялын кеңейтіп, балалық сезіміне әсер етеді. Балалардың дүниетанымын, ой - өрісін, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің орны ерекше. Көркем әдебиет арқылы үлкенге жәрдем, кішіге қамқорлық, достық пен инабаттылық, адамгершілік қасиет, еңбекті құрметтеу дағдылары қалыптасып, өмірге бейімделіп, қоғамда өз орнын табуға көмектеседі.

Балалар әдебиетіне үлес қосқан А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Б.Майлин, С.Сейфуллин, Ж.Жабаев, І.Жансүгіров, С.Бегалин т.б. ақын-жазушылар еңбектері, М.Әуезовтың «Бала Шоқан» әңгімесі мазмұны жағынан, бала тәрбиесінде маңызды роль атқарады.

А.Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Әсемпаз болма эрнеге» т.б. көптеген өлеңдері жастарды оқуға, өнер-білімге, өмірде орнын тауып, жақсы адам болып, халыққа қызмет етуге шақырады.

Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер білім бар жұрттар», «Әке мен бала», «Таза бұлақ», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Жомарт», «Өтіріктің залалы», «Тазша бала» т.б. еңбектерінің тақырыптық, тәрбиелік мәні сол кездегі заман талабына сай болып, балаларды білімді, өнерлі, еңбекқор болуға үндеді. Ы.Алтынсарин оқушылардың бойында жағымды қасиеттерді дарытуды көздеді. Бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруге тырысты [1;87].

Б.Майлиннің «Әлди – ана жыры», «Тәй, тәй, қаз, қаз», «Байшұбар», «Өтірікке бәйге» шығармалары балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын кеңейтуде, балалардың жағымды қасиеттерінің жетілуіне ықпал етті.

Кеңес заманындағы балалар әдебиеті адамгершіліктің жоғарғы үлгісін көрсететін, халықтың белгілі тұлғалары, азамат соғысы және Ұлы Отан соғысының батырлары туралы болып, балалардың ерік жігерін шыңдауға, елін, жерін сүйуге, патриоттық сезімдерін оятуға ықпал етті.

Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан», Қ.Жармағамбетовтің «Әнші-азамат», С. Бәкбергеновтың «Талғат», «Дина», «Бозторғай», «Қоянкөзге құлаған жұлдыз», С.Талжановтың «Сейфулланың Сәкені» т.б. атты повестерінің бір-біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын ерекшеліктері болды. Мазмұн, тақырып жағынан алғанда «Сейфулланың Сәкені» очеркінде автор С.Сейфуллиннің өмір жолын балаларға аса сүйсінерлік, әрі әсерлі етіп суреттеген. Отан үшін қажымайтын, ер жүрек Сәкеннің жарқын бейнесін шынайы көрсеткен. С.Сәкеннің образы балаларға үлкен өнеге, үлгі болды.

Қ.Жармағамбетовтің «Әнші азамат» повесінің негізгі кейіпкері де қазақ халқының данқын, әншілік өнерін әлемге танытқан Ә. Қашаубаев жайында жазылған.

Балалардың дүниетанымын арттырудағы ғылыми-фантастикалық еңбектерге М.Сәрсекеевтің «Ғажайып сәуле», А.Машановтың «Жер астына саяхат», М.Арыстанов пен Б.Ысқақовтың «Балдырған саяхатқа шықты», Т. Сұлтанбековтың «Лұқпан-хакім», «Көшпелі алтын», А.Сопыбековтың «Айра сапар» атты фантастикалық поэмасын атауға болады.

Ж.Дәуренбековтың «Алғашқы сабақ», Ж.Аяшевтің «Алақан», С.Бердіқұловтың «Жұмыр жерде теңбіл доп», С.Ерубаевтың «Мәңгілік өмір туралы жыр», С.Елубайдың «Ойсыл қара», М.Гумеровтың «Өзішар», Ә.Таразидың «Арман атаман», Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты еңбектерінің бала тәрбиесінде алар орны болды.

Балалар әдебиетін өркендетуде «Балдырған» журналының атқарған еңбегін, балаларға тәрбиелік ықпалын мақтаншыпен атауға болады.

Б.Ысқақовтың балаларға арналған өлеңдерінде отаншылдық сезім, білім мен еңбекке баулу, кішілерге қамқорлық жасауға, үлкендерді сыйлауға, сондай-ақ балаларды батылдық, достық, адамгершілік т.б. асыл қасиеттерге үндейді. Оның мектеп сахнасына арналған «Екі оқушы», «Түймедейден түйедей», «Ағалық ақыл», «Бейбітшілік жеңеді» атты еңбектері, балалардың бойындағы зеректік, тәртіптілік, адалдық, адамгершілік т.б. асыл қасиеттер дәріптеледі. Жалқаулық, дөрекілік, мақтаншақтық т.б. жағымсыз қылықтар әшкереленеді.

Н. Ораздың «Сиқырлы апельсин», Г.Шойбекованың «Үш бала», Б.Болатханованың «Сарыкөжек», Т.Мәмесейіттің «Мен қазақ екенмін», Д. Мамырбаеваның «Қош бол, балалық», Қ. Омарұлының «Тірі жетім», Ә. Файзуллаевтың «Көзтүрткі» т.б. балаларға арналған еңбектерінің кіші мектеп жасындағы оқушылардың дүниетанымын, ерік жігерін шыңдауға, елін, жерін сүйуге, патриоттық сезімдерін оятуда тәрбиелік ықпалын атап өтуге болады.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-сынып оқушыларына арналған «Әдебиеттік оқу» оқулығында қызықты әңгімелер, өлеңдер, ертегілер, мақал-мәтел, жаңылтпаштар берілген. Оқулықта баланың сөздік қорын байытатын, ойлау қабілетін шыңдайтын, оқиғаны болжау, әдеби шығарманың ерекшелігін анықтауға түрлі тапсырмалар берілген. Оқушылар оқулықтағы мәтіндер арқылы Отанына деген сүйіспеншілігі қалыптасады. Үлкендерді құрметтеуді, табиғатқа қамқорлық жасауды үйренеді. Еліміздің салт-дәстүрін сақтауды меңгеріп, білім алуға деген құмарлық, еңбексүйгіштік дағдыларын игереді.

Жоғарыда аталған оқулықта Қадыр Мырза Әлидің балаларға арналған «Жаңғалақтар», «Кішкене қожанасырлар», «Алуан палуан» атты кітаптары туралы мәлімет берілген [2; 8].

Қадыр Мырза Әлидің «Үйде» деп аталатын өлең жолдарындағы кейіпкердің іс-әрекеті арқылы балаларды жауапкершілікке, ата-анасына қолғабыс жасауға шақырады.

Дәлелді айтып көрінген,  
Жөн бола ма ерінген?  
Орындаймын алдымен  
Тапсырманы берілген.  
Үйдің ісі толған іс,  
Апама бұл алданыш.  
Дайындалып болған соң  
Берем оған қолғабыс... [2; 9].

Жалпы білім беретін мектептің 4 – сыныбына арналған «Әдебиеттік оқу» оқулығында Ө.Қанахиннің «Көл жағасында», «Атақоныс», «Бақыт бәйшешегі», «Маздақ», «Дәмелі» атты еңбектері жарық көрген деп көрсетілген [3; 8].

Балалар әдебиеті жас ұрпақтың талғамына сай болу үшін осы заманның тіршілігін көрсетуі керек. Балаларға арналған қазақша әдеби көркем безендірілген кітаптар санын көбейту кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

№45 Б.Момышұлы атындағы гимназияның 3 - сынып оқушыларымен жүргізілген сауалнамада 26 оқушының 19 оқушысы оқулықтағы мәтінді оқумен шектелетінін, қазіргі балаларды қызықтыратын қазіргі заманға сай балалар әдебиетінің жоқтығын атаған. Оқушылар бос уақыттарында әдеби кітаптарды оқымайтындығын көрсеткен. 7 оқушы әлем шығармаларына қызығушылық танытанынын көрсеткен, бірақ қазақ мектебінде білім алатындықтан әлем әдебиеттерін ана тілдерінде оқығысы келетіндерін атаған. Сонымен қатар қазақ тілінде балалар қызығатын шығармалар таппайтынын, бар болса да аз екендігін алға тартқан.

Ата-аналар мен мұғалімдер «балаларға кітап оқыта алмаймыз» дейді. Бұл – шындық. Мамандардың пікірінше, төбелес, атыс-шабысқа толы түрлі бағдарламаларды тұрақты көру, телефонға жиі қарау оқушылардың мінез-құлқына кері әсер етеді. Денсаулығына зиян келтіреді. Тіпті сирек жағдайларда маман дәрігердің көмегіне жүгінуге тура келеді.

Ақпараттық құралдардың кітапты ысырып бара жатқаны шындық. Кітап қашан да кітап болып қала береді. Мәселе баланы қызықтыруда, оның кітапқа деген сүйіспеншілігін оятуда. Ол үшін әрине осы заман талабына сай кітап керек. Баланың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыруда ата-анасының қамқорлығы, мұғалімнің бағыт бағдары керек.

Балаларға арналған шығарма бүгінгі өздері өмір сүріп отырған ортаны, заманауи дүниелерді ұлтымызға тән руханият шеңберінде көрсете алуы қажет.

Абай өлеңдерінде: Ғалым болмай немене,

Балалықты қисаңыз...

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге, --деп алғашқы қадамды неден бастау керек екенін айтады [4; 136 ].

Кітап баланы әлемнің мол қазынасымен, зерттеуді қажет ететін асыл дүниелердің молдығымен таныстырады. Балаларды соған қызықтырып, өмірдің құпия сырларын аша алатын азамат болып шығуына бағыттайды.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ж.А.Рүстемова Қазақ балалар әдебиеті.-Қарағанды, 2009.-280б.
2. Рысқұлбекова Ә. т.б. Әдебиеттік оқу: 1-бөлім: Бастауыш білім беру деңгейінің 2-сынып оқушыларына арналған / Ә.Рысқұлбекова, З.Муфтибекова, К.Сейсенова.-Алматы: Алматы кітап баспасы, 2022.-104 б.
3. Муфтибекова З. Әдебиеттік оқу: Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған: 1-бөлім. /З.Муфтибекова, Ә.Рысқұлбекова. - Алматы: «Алматы кітап», 2019.-136 б.
4. Сабден О. Абай және қазақ елінің болашағы. – Алматы, 2017.-216 б.

ӘОЖ: 372.891(574.41)

### МЕКТЕПТЕГІ ГЕОГРАФИЯ КУРСЫНДА АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН АУМАҚТАРЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Б.Касенова

Шәкәрім атындағы Университеті КеАҚ  
жаратылыстану-математика факультетінің магистранты, [gulzhaz2001@gmail.com](mailto:gulzhaz2001@gmail.com)  
Семей қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Мақалада мектептегі география курсына Абай облысындағы ерекше қорғалатын аумақтарды оқыту ерекшеліктері қарастырылып, мектептегі география курсына пайдаланылатын оқулықтарға талдау жасалынды. Абай облысының ерекше қорғалатын аумағы – «Семей орманы» табиғи резерватының табиғи-климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, география пәнінен сыныптан тыс сабақ ұйымдастыру жолдары ұсынылды.

**Кілтті сөздер:** ерекше қорғалатын аумақ, қорық, табиғи резерват, экскурсия, Қызыл кітап.

**Аннотация:** В статье рассмотрены особенности преподавания ООПТ Абайской области в школьном курсе географии, а также проанализированы учебники, используемые в школьном курсе географии. С учетом природно-климатических особенностей особо охраняемой территории Абайской области – Государственного лесного природного резервата «Семей орманы», предложены пути организации внеклассных занятий по географии.

**Ключевые слова:** особо охраняемая территория, заповедник, природный резерват, экскурсия, Красная книга.

**Annotation:** The article discusses the features of teaching specially protected natural areas of the Abay region in the school geography course, also analyzes the textbooks used in the school geography course. Taking into account the natural and climatic features of the specially protected territory of the Abay region - the «Semey Ormany» nature reserve, the ways of organizing extra-curricular activities in geography are proposed.

**Key words:** specially protected area, reserve, nature reserve, excursion, The Red Book.

Оқушылар өз өлкесі жөніндегі білім қорын меңгеруді әдетте мектеп табалдырығын аттаудан бастайды. Мектептегі география және өлкетану сабағы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын және ой-өрісін дамытады, шығармашылық іс-әрекетке баулиды. Әсіресе, мектептегі өлкетану сабақтарында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды зерттеудің маңыздылығы аса зор екендігі белгілі, себебі туған өлкенің флорасы мен фаунасын зерттеу арқылы, оқушылардың бойында экологиялық сауаттылық пен зерттеушілік дағдылар қалыптасады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ – ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер учаскелері, су объектілері және олардың

үстіндегі әуе кеңістігі. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұлттық мұра объектілері болып табылады [1].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ терминімен, басты міндеттері және түрлерімен оқушылар география курсының Р.Ә. Қаратабанов, Г.А. Қуанышева, Ж.Р. Байметова, К.М. Джаналеева құрастырған жалпы білім беретін мектептің 8 сынып география оқулығының 1 бөлімі, «Физикалық география» атты III тарауында танысса, В. Усиков, А. Егорина, А. Усикова, Г. Забенова құрастырған жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған география оқулығының 2 бөлімі, «Физикалық география» атты III тарауында Қазақстанның қорықтары, ұлттық саябақтары және қорықшалары жайлы ақпарат алып, табиғи резерваттар ЕҚТА түрі ретінде алғаш рет Ертістің оң жағалауындағы қарайғайлы ормандары («Семей орманы» табиғи резерваты, «Ертіс орманы» табиғи резерваты) құрылғандығы және олардың саны 6-ға жеткендігі жайлы оқиды.

Абай облысының «Семей орманы» мемлекеттік табиғи резерваты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы қаулысы негізінде құрылған. Резерватты құрудағы мақсат – маңызды қорғау функцияларын атқаратын және ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және рекреациялық құндылығы бар Ертіс өңірінің бірегей ленталы ормандарын сақтау және қалпына келтіру. Табиғи резерват аумағы дала, шөлейт және шөл табиғат зоналарының шегінде орналасқан [2].

Мектептегі география курсына Абай облысының ерекше қорғалатын аумақтары жайлы толық танысу үшін, өлкетану немесе география сабағы бойынша сыныптан тыс сабақтарында оқушыларға облыстың ерекше қорғалатын аумағы жайлы толық және түсінікті ақпарат беру қажет. Мектеп география курсына оқыту барысында оқушыларға білімді тек қана теориялық тұрғыдан емес, сондай-ақ тәжірибе түрінде өткізудің маңызы зор, осы себепті Абай облысының ерекше қорғалатын аумағы – «Семей орманы» табиғи резерватының табиғи-климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, география пәнінен сыныптан тыс сабақ ұйымдастыру жолдарын ұсынуға болады.

Оқушыларға экскурсиялар ұйымдастыру. Тек Семей қаласының ғана емес, жақын аудан ауылдарының оқушыларына да сыныптан тыс сабақ ретінде «Семей орманы» мемлекеттік табиғи резерватында экскурсиялар өткізуге болады. Резерваттың аумағында демалуға және табиғатты зерттеуге арналған «Святой ключ» туристік-экскурсиялық соқпағында туристтерге кемпингтер және экскурсиялар ұйымдастырылады (Сурет 1).

Ұзындығы 10 км болатын туристік маршрут бойында оқушылар орманды түзетін негізгі ағаш түрлері - кәдімгі қарағай (лат. *Pinus silvestris*), салбыраған қайың (лат. *Betula Pendula*), көктеректі (лат. *Populus tremula*) және Қазақстан Республикасының «Қызыл кітабына» енген қара дегелек (лат. *Ciconia nigra*), сұңқылдақ аққу (лат. *Cygnus cygnus*), аққұйрықты субүркіт (лат. *Haliaeetus albicilla*), ақбас тырна (*Anthropoides virgo*) сияқты құстарды дүрбі арқылы көріп, тамашалай алады [3].

Осылайша, оқушылардың бойында еліміздің қайталанбас сұлу табиғатына деген қызығушылық сезімі оянып, әрі бақылау қабілеті дамиды. Сонымен қатар, туристердің шамадан тыс және бақылаусыз ағыны көбінесе табиғи ортаның нашарлануына, биологиялық және мәдени әртүрліліктің төмендеуіне, экологиялық жағдайының нашарлануына себеп болады. Орманның осындай жағдайын көрген оқушылар қоршаған ортаның экологиясы жайлы ойланып, бойларында табиғатты белсенді түрде қорғауға, жақсартуға деген ұмтылыс және экологиялық сауаттылық пен мәдениет қалыптасады.



Сурет 1. «Святой ключ» туристік-экскурсиялық соқпағы

Сондай-ақ, табиғи резерват аумағындағы экскурсия кезінде туған өлкенің флорасын зерттеу мақсатында оқушылармен бірге өсімдіктерді жинап, кеппешөптер жасауға болады (Сурет 2).

Туған өлкенің фаунасы мен флорасын оқушыларға көрсету арқылы олардың туған жеріне деген қызығушылығы артады. Соның нәтижесінде оқушылардың бойларында зерттеушілік, әрі ізденушілік сияқты қасиеттер қалыптасады [4].



Сурет 2. Кеппешөп (гербарий)

Мектеп география курсына туған өлкенің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын оқыту кезінде әртүрлі әдістерді қолдану өте маңызды: экскурсиялар, маршрутты жорықтар, туған өлкенің өсімдіктерінен кеппешөптер жасау, рөлдік ойындар, пікірталас және т.б. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды зерттеудің жүйелі тәсілін жүзеге асыру оқушылардың осы бірегей объектілер туралы толық түсініктерін қалыптастыруға және экологиялық, эстетикалық тәрбие деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді, оқушының жеке тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған сыныптан тыс жұмыстарды өткізу сабақта оқытылатын материалды неғұрлым берік меңгеруге ықпал етеді, пәнге деген қызығушылығын, білімді өз бетінше меңгеру қабілеті мен ұмтылысын дамытады. Белгілі бір экологиялық түсініктерді алған оқушылардың табиғатқа деген ұқыптылығы артып, болашақта өңіріміздегі және еліміздегі экологиялық жағдайдың жақсаруына әсер етуі мүмкін.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі №175 Заңы.
2. Чернецкий В. Е. Особо охраняемые природные территории Восточного Казахстана / В. Е. Чернецкий, А. К. Агажаева, Н. В. Денисова //Экологическое образование в Казахстане. – 2008. – № 4. – С. 17.
3. Государственный лесной природный резерват «Семей орманы»/ URL:[https://oopt.kz/categories/view/semey\\_ormany/](https://oopt.kz/categories/view/semey_ormany/)
4. Баулина Т. Д., Бочарникова Э. А. Краеведческий принцип в обучении географии и физики // Актуальные вопросы современной педагогики: материалы VIII Междунар. науч. конф. - Самара: ООО "Издательство АСГАРД", 2016. - С. 130-132.

ӘОЖ: 371

### SMART ПЕДАГОГ БОЛУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Г. Кулынтаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Математика мұғалімдерін даярлау бағдарламасының студенті

С.Ж. Бупетаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
магистр, аға оқытушы

**Аңдатпа:** Бұл мақалада SMART педагогтардың қабілеттерін арттыру мақсатында жаңа технологиялардың қазіргі қоғамға әсері, жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті және де жалпы цифрлық материалдардың біріне толық түсіндірмелер айтылған. Сонымен қатар болашақ педагогтерге пайдалы боларлық ақпарат «WordWall» бағдарламасының жалпы сипаттамасын, оның маңызын, әрі бірнеше әдіс-тәсілдерінің бірін қолданылуын үйретіп, оның тиімділігі мен оқушылардың қызығушылығына қаншалықты әсер ететіні туралы айтамыз.

**Кілтті сөздер:** Педагог, ақпараттық мәдениет, цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары, бағдарламалар, «Google Chrome» браузері, «Worldwall», ғаламдық ақпарат жүйесі.

**Аннотация:** В целях совершенствования способностей учителей SMART в данной статье дается всестороннее объяснение влияния новых технологий на современное общество, информационную культуру личности и цифровые материалы в целом. При этом мы научим общей характеристике программы «WordWall», ее важности и использованию одного из нескольких методов, а также расскажем о ее эффективности и степени, в которой она влияет на интерес учащихся.

**Ключевые слова:** педагог, информационная культура, цифровые технологии, цифровые образовательные ресурсы, программы, браузер «Google Chrome», «Worldwall», глобальная информационная система.

**Annotation:** in order to improve the abilities of SMART teachers, this article provides a comprehensive explanation of the impact of new technologies on modern society, the information culture of an individual, and digital materials in general. At the same time, we will teach the general characteristics of the "WordWall" program, its importance, and the use of one of several methods, and tell about its effectiveness and the extent to which it affects the interest of students.

**Key words:** teacher, information culture, digital technologies, digital educational resources, programs, Google Chrome browser, Worldwall, global information system.

XXI ғасыр жаңа технологиялар мен жаңа сапалы білім беру ғасыры болғандықтан, қоғамдық дамудың материалдық саласы да өзгеріп, мазмұны жағынан өзгеруде. Осыған байланысты әрбір мұғалім оқу іс әрекетінде ақпараттық технологияларды, білім беру технологияларын, түрлі техникалық құралдарды және интерактивті білім, білік, дағдыларды пайдалануға түрткі болуы керек.

Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті ойлаудың іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді, мұнда әрбір оқушы ақпаратқа қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернет, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана алуы тиіс[1].

Цифрлық технологиялар - адамдар бұрын сонды көрмеген жаңа қоғамды құрудың жаңа құралы. Бұл технологияның дамып жатқанын білдіреді. Цифрлық білім беру ресурстары білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізі болып табылады. Сонымен қатароны білім беру мен оқыту процесінде біртұтас ресурс ретінде пайдалануға болады. Жалпы алғанда, цифрлық білім беру ресурстары – бұл картографиялық материалдар, фотосуреттер, инфографика, бейнежазбалар және бейнеклиптерден үзінділер, көптеген жазба материалдар, символдық объектілер, графикалық материалдар, мәтіндік құжаттар, сондай ақ көптеген оқу процесін ұйымдастыру үшін қолданылатын басқа да сандық форматтағы оқу материалдары.

Мысалы: Foodnet(FoodNet)-цифрлық нарық өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу




Фешеннет (FashionNet)-сәнді индустрия өнімдерінің нарығы  
Эдунет (EduNet)-цифрлық білім беру  
Сейфнет(SafeNet)-Цифрлық қызметтері нарығымен байланысты ақпараттық қауіпсіздік және тағы басқа.

Сандық технология – күнделікті өмір немесе халықаралық қатынастар, жұмыс немесе демалыс біздің жеке және қоғамдық өмірімізге көп жақтарына өзгеріс енгізе отырып, адамның іс-әрекетін жаңартады.

Қазіргі кезде көптеген бағдарламалар арқылы сабақтың өту барысын қызықты әрі түсінікті етіп өткізуге болады. Ондай бағдарламалардың көптігі қазір дайын күйде берілетін арнайы тест сұрақтарын да ойын түрінде оқушыларға беруге болады. Мысалы қазіргі жаңашыл мұғалімдер әртүрлі платформалармен жұмыс жасайды. Мысалы: Microsoft Teams, Zoom, Miro, Choister, Google dos, Wrike, МЭШ, Discord, Skype және т.б.[1].

Біз «Wordwall» бағдарламасын ұсына аламыз. Бұл бағдарлама сабаққа дайындалу кезінде уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретін, интерактивті тапсырмаларды, ойындар мен тесттерді құруға арналған өте қарапайым және тиімді құрал.

Осы бағдарламаны пайдалану үшін «Google Chrome» браузеріне «Wordwall» сөзін іздеуге тереміз.



Сурет 1.


Бірінші табылған сайт арқылы бағдарламаның негізгі бөліміне өте аламыз. Ашылған беттегі бос орындарға қажетті логин және құпия сөзді жазу арқылы өзімізге парақша ашып тіркеле аламыз. Асығыстық болған жағдайда немесе бағдарламаны бір немесе екі рет қолдану мақсатында парақшасыз кіріп ойындар құрастыруға болады.

Егер сізде белгілі бір қиындықтар туындап жатқан болса бағдарламаның арнайы бөлімінен мысалдар мен ойынды құрастыру үлгілерін қарасаңыз болады. Содан кейін, астына өтіп өзіңізге керекті ойын түрін таңдай аласыз. Бұл жерде бірнеше ойындар, викториналар көрсетілген. Мен сіздерге солардың бірі «Сөздерді ретімен қою» ойынын түсіндірейік.




Сурет 2.

Бірнеше ойындар ішінен «Сөздерді ретімен қою» ойынын таңдаймыз. Ашылған беттегі ең бірінші көзімізге түсетіні бос тұрған ұяшықтар. «Безымянный» сөзінің орнына ойынымыздың тақырыбын жаза аламыз. Мысалы: «Менеджмент сұрақтары». «Фраза» бөліміне біздің құрастыратын анықтама, мақал-мәтел немесе ережені толық әрі дұрыс қалпында жазамыз. Оның астындағы батырманы басу арқылы тағы да басқа сұрақтарды қосып мөлшерін көбейте аламыз. Сондай-ақ өз қалауыңызша сөздердің артындағы фон түрін өзгерте аласыз. Сұрақтарды толық әрі дұрыс күйінде жазып болғаннан кейін көк түспен берілген «Выполнено» басу арқылы ойынымызды құрастыруды аяқтай аламыз.




Сурет 3.

Осыдан кейін сіздің жұмысыңыз «Сіздің орындаған жұмыстарыңыз» бөлімінде сақталып тұрады. Сіз оны кез келген уақытта сілтеме арқылы немесе тікелей түрде сайттарға, басқа да қосымшаларға бөлісіп жібере аласыз. Дайын болған ойынды көру үшін оның өзін басып ойынға кіреміз. Ашылған ойынның үстіңгі жағында ойынның уақыты көрсетілген, одан кейін жазған анықтаманың сөздері қате орналасқан.



Сурет 4.

5.Сөздерді басып ұстап тұрып орнынан қозғау арқылы біз анықтаманың дұрыс түрін құрастыра аламыз.



Сурет 5.

6.Бұл жерде анықтаманың дұрыс құралған нұсқасы көрсетілген. Сұрақ біткеннен соң келесі сұраққа өзі ауысып отыратындықтан сіз уақыт үнемдей аласыз.

Таблица лидеров

Ранг	Имя	Баллы	Время
1-й	-	-	-
2-й	-	-	-
3-й	-	-	-
4-й	-	-	-
5-й	-	-	-

Показать больше ▾

Сурет 6.

3.Бұл жерде ойын аяқталғаннан кейінгі ойынға қатысушылардың тізімі көрсетілген. Тізімнің басында уақыты жағынан әрі барлық сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылардың аты-жөні ретімен көрсетіледі. Осы кесте арқылы жеңімпаз оқушыны анықтай аламыз. Бұл әдістің ерекшелігі: біз осы ойын арқылы оқушылардың анықтама немесе белгілі бір ережелерді оңай әрі жеңіл түрде есте сақтауына ықпал ете аламыз.

Қорыта келгенде, болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыруда жаңа технологиялардың маңызы өте зор екен екенін байқай алдық. Сондықтан еліміздің алдыңғы қатарлы ел болып, білім саласының қарқынды дамуы үшін педагогтердің SMART болуы қажет деп санаймыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. К.Д.Бузаубакова , А.С.Амирова, А.А.Маковецкая Цифрлы педагогика. – Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж», 2022.
2. «Цифрлы дәуір педагогикасы» «Өрлеу» «Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» 3.<https://wordwall.net/ru/resource/52601630>

ӘОЖ 51. 01.01.00

### **ЖАҢА ҒАСЫРҒА ЛАЙЫҚ ЖАС МАТЕМАТИКТЕР ДАЯРЛАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Ж.С.Құрмашова  
Ы.Сүлейменов атындағы № 37 орта мектебі  
математика пәні мұғалімі, математика магистрі, [Juldyz-mektep37@mail.ru](mailto:Juldyz-mektep37@mail.ru)

**Аңдатпа:** Жаңаша ойлайтын, білімді, білікті, даму процесіне енген тұлғаны қалыптастыру үшін жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне аса көңіл бөлген жөн. Осы орайда білімгерлерді математика пәніне баулу өте ауқымды орынға ие. Білімгерлердің пәнге деген қызығушылығы артып, математикалық дағдыны қалыптастырып, жас математик болуы үшін жаңа әдіс-тәсілдер енгізе білген жөн. Бұл баяндамада өз тәжірибемдегі жемісті идеялар мен әдістерді ұсынамын.

**Кілтті сөздер:** математика, деңгейлеп оқыту, әдістеме, ғылым, пазл.

**Аннотация:** Для формирования по-новому мыслящей, образованной, квалифицированной, включенной в процесс развития личности, следует уделить особое внимание образованию и воспитанию молодого поколения. В этой связи очень большое место занимает приобщение обучающихся к математике. Необходимо повысить интерес обучающихся к предмету,

сформировать математические навыки, внедрить новые методы и приемы для того, чтобы стать молодым математиком. В этом докладе я предлагаю плодотворные идеи и методы из своего опыта.

**Ключевые слова:** математика, уровневое образование, методология, наука, пазл.

**Annotation:** For the formation of a new-thinking, educated, qualified, involved in the process of personality development, special attention should be paid to the education and upbringing of the younger generation. In this regard, a very large place is occupied by the introduction of students to mathematics. It is necessary to increase the interest of students in the subject, to form mathematical skills, to introduce new methods and techniques in order to become a young mathematician. In this report, I offer fruitful ideas and methods from my experience.

**Key words:** mathematics, level education, methodology, science, rebus.

Еліміз егеменді, тәуелсіз мемлекет болғалы бері елеулі де ауқымды қай бір саланы алып қарасақ та, өзгефрістер жүруде. Басқа да ғылым салаларындағы секілді білім беру саласы да мұндай өзгерістерден тысқары қалып жатқан жоқ. Себебі мемлекетті нығайту, көркейту үшін өмірге жаңаша көзқарастағы, білімді, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындады. Сондықтан қандай халықтың даму стратегиясын алып қарасақ та, онда өскелең жас ұрпақты елін сүйетін отаншыл, саналы, тәрбиелі етіп шығару - оның басты бағдарларының бірі. «Қазіргі жас ертеңгі халық тағдырын шешетін азамат. Осыдан білім беру мекемелерінің алдында күрделі міндет тұр. Ол - білімгерлерді саналы ойлайтын ертеңгі күні қоғамда өз орнын табатын жеке тұлғаны тәрбиелеп шығару» - деп елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, жаңаша көзқарастағы, жаңа ғасырға лайық білімалушыларды қалыптастыру біздің міндетіміз деп білемін.

Қазіргі таңда математика пәнін оқыту әдістемесі ғылымында жаңа ізденістер мен жаңалықтар болып жатыр. Белгілі педагогтардың түрлі әдістемелік құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы математика пәнін оқыту үрдісіне енуде. Мысалы: Ж.Қараевтың «Денгейлеп оқыту технологиясы», В. Давыдовтың «Дамыта оқыту технологияларының элементтері», «Блум таксономиясы», «Проблеммалық оқыту», «Сын тұрғысынан ойлау» т.б.

21-ші ғасырдағы білім беру саласының алдына қойылған талаптар – балаларға білімді тереңірек оқыту және қоғамда өз орнын таба білетін бірегей тұлға қалыптастыру. Мұны соңғы жылдардағы шыққан оқулықтардан да көре аламыз. Осындай жағдайлар кезінде педагогтардың алдында үлкен мәселе: білімалушыны қалайша жалықтырмай, енжарлыққа жол бермей терең білім беруге болады деген сауал туындайды.

Математика пәні басқа пәндермен салыстырғанда күрделірек оқу пәні болғандықтан, мұғалімге білімалушылардың зейінін ұстап қалу қиынға соғады. Математика сабағында білімалушылардың осы пәнге деген қызығушылығын арттыру, алдына қойылған есеп шешімін өз бетінше табуын жетілдіру, ойлау деңгейін, қабілетін шыңдау ұстаздың басты міндеті. Әйтсе де, математика сабағын жүргізгенде әр түрлі тәсілдерді тиімді пайдалана білмалушы сабақта енжар отыратыны анық.

Осы тұста, математика пәнін оқытуды жүйелендіру үшін өз тәжірибиемдегі бірнеше идеяларымды ұсынамын:

- Сабақ барысында ойын технологияларын жүйелі пайдалану;
- Көрнекіліктер мен көрнекі тапсырмаларды қолдану;
- Сыныптан тыс сабақтарға логикалық тапсырмаларды енгізу;
- АКТ-ның жаңарған түрлерін қолдану.

Жалпы алып қарағанда оқыту процесінде ойынды қолдану- бұл бірқатар мәселені шешудің бірден-бір жолы деп айтуға болады. Егер математика пәнінде ойын технологиясын қолданатын болсаңыз, нәтижесі төмендегідей болмақ:


- шәкірттеріміз ойын барысында бір-бірімен тең құқықтығына көздері жетеді;
- бір-бірімен қарым-қатынастары артады;
- ұнамдық қасиеттері дамиды;
- балалардың логикалық ойлары дамиды;
- оқулықта берілген материалдарды қызығып, ынта-жігермен оқиды;
- бұл білімалушылардың білімді сапалы меңгеруін қамтамасыз етеді;
- балалардың арасында жарыс пайда болады;
- білімалушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады;

- білімалушылар шығармашыл ойлауға дағдыланады.  
Мысалы, «Лоторея» ойынын қолдануға болады:



Сурет 1. Лоторея әдісінің көрінісі

Бұл ойын әдісін тарау басталғаннан аяғына дейін қолданамын. Яғни әр сабақта тапсырманы қатесіз орындаған білімгерге номері бар билет беріп отырамын. БЖБ алардан бір күн бұрын сол номер бойынша ойын ойнатамын. Онда “1 күн үй жұмысын орындамау”, “Бір тапсырмаға көмек сұрау”, “БЖБ+1 балл сияқты” пәнге қатысты сыйлықтар ойнатса болады. Нәтижесінде: білімалушылардың барлығы үй тарсырмасын жүйелі түрде орындап, лоторея билетін ұтып алу арқылы қызығушылықтары арта түседі.



Сурет 2 - Пазл

Пазл әдісін кез-келген тақырыпқа қолдануға болады. Сабақты қызықты ете түсетіні анық.

Сабақ барысында көрнекіліктерді көрсетсеңіз, білімалушының қызығушылығы артып, тапсырманы шығармашылық ойлау арқылы басқа қырынан да көріп үйренеді. Ал тапсырманы немесе үлестірмелі материалды құр ақ параққа жазып бергеннен гөрі, айшықты етіп, қандай да бір фигуралармен немесе білімгерге таныс мультяж кейіпкерін қосып берсеңіз қызығушылықтың артатыны анық. Мысалы:









Сурет 3. Айшықты тапсырмалар

Сыныптан тыс сабақтарды логикалық тапсырмалармен қызықты ете түсуге болады. Ол арқылы білімалушының ойлау қабілетін, шапшаң есептеу қабілетін дамыта аламыз.

Кесте 1

Логикалық тапсырмалар


1		Үш шиді қозғалту арқылы 3 үшбұрыш қана қалатындай жаса.	
2		4 шиді қозғалту арқылы 3 шаршы жаса	
3		5 бірдей үшбұрыш қалатындай етіп, 5 шиді ғана қозғалтыңыз.	

Мен ұсынатын келесі идея – АКТ-ның жаңа түрлерін қолдану. Бұл дегеніміз баяғыша Power Point бағдарламасын қосып қойып слайд көрсету емес. Quizz, Kahoot, Larning apps, Wordwall, Plicers секілді бағдарламалар арқылы сабағыңызды ұтымды түрде жүргізе алу.

Егер слайд десек, слайд жасаудың да жаңаша Canva, Prezi секілді түрлері бар. Бұл жерлерден де әртүрлі қызықты да көптеген элементтер таба аласыз. Бұл бағдарламалар менің сабақтарымның ажырамас бөлігі болып табылады.

Жаңашыл жас математиктерді даярлап, білімалушылардың қызығушылығын арттыру өте маңызды. Осы тұрғыдан жоғарыдағы атап өткен идеяларымды өз сабақтарыма енгізіп көрген болатынымын. Бир екі жылдай болды томенгі 5-6 сыныптарға сабақ беретін болғандықтан сабақта осы технологияларды қолданып өтуге тура келіп жүр. Өйткені 5 сынып бастауыштан көтерілгеннен кейін бірден жай есепті түсіндіргенді алып кете алмайды. Мысалы зерттеу объектісі ретінде 5«А» сыныбы алынды. Нәтижесі төмендегідей:

Сабақ түрі	Сабақ өнімділігі	Білімгерлердің белсенділігі	Білімгерлердің сабаққа деген қызығушылығы	Қорытынды
Күнделікті сабақ	60%	70%	50%	60%
Идеялар барысындағы сабақ	90%	100%	100%	96,7%



Математика сабағы қаншалықты қиын болса да, оны түрлендіріп, әр сабақта әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы өткізетін болса, сабақ жандана түсері хақ. Оған менің жоғарыда көрсеткен жетістігім дәлел. Жаңаша ойлайтын, білімді, саралап ойлай алатын, іскерлік дағдысы дамыған, шығармашыл жас математиктерді қалыптастыру үшін менің идеяларымды қолдануды ұсынамын. Білімді жастарды қалыптастыру – біздің міндетіміз.

ӘОЖ 371

### **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТИҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ**

М. Еримбетова

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Математика мұғалімдерін даярлау бағдарламасы студенті

С.Ж Бупетаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
аға оқытушы, магистр

**Аңдатпа:** Бұл мақалада бүгінгі таңда жалпыадамзаттың жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп бара жатқандығы, цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары екенін, қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде екені, білім беру жүйесінде цифрландырудың даму үстінде екендігі және пән сабақтарында осы цифрлық ақпаратты пайдаланып, қоғам болашағының цифрлық құзіреттілігінің артуы жайлы сөз қозғалады.

**Кілтті сөздер:** цифрлы қоғам, цифрлы педагогика, платформа, цифрлық құзіреттілік, заманауи педагог, әдіс-тәсілдер, технология, Classroomscreen сайты, білім, білік, дағды.

**Аннотация:** В данной статье тот факт, что человеческое сообщество вступает в волшебный мир оцифровки не за годы, а за месяцы, даже за недели и дни, означает, что технологии оцифровки - это новые инструменты чудесного мира, которого человечество еще не испытывало, что эти технологии в настоящее время разрабатываются, образование. Обсуждается, что цифровизация развивается в системе, и используя эту цифровую информацию на предметных занятиях, будет повышаться цифровая компетентность будущего общества.

**Ключевые слова:** цифровое общество, цифровая педагогика, платформа, цифровая компетентность, современный учитель, методы, технология, сайт Classroomscreen, знание, умение.

**Annotation:** In this article, the fact that the human society enters the magical world of digitization not in years, but in months, even in weeks and days, means that digitization technologies are new tools of a wonderful world, which humanity has not yet experienced, that these technologies in currently being developed, education. It is discussed that digitization is developing in the system, and using this digital information in subject classes, the digital competence of the future society will be increased.

**Key words:** digital society, digital pedagogy, platform, digital competence, modern teacher, methods, technology, Classroomscreen site, knowledge, knowledge, skill.


Қазіргі біздің өмір сүріп жатқан қоғамда цифрландыру жүйесі жақсы дамыған. Бізден қоғамның өзі осыны талап етіп отыр. Жалпы білім жүйесіне көз жүгіртетін болсақ, қазіргі ақпараттық білім – ХХІ ғасырдың берік тұтқасы, өйткені жаңа ғасыр – бәсеке ғасыры, білімділер мен біліктілер ғасыры деп бекер айтылған жоқ. Бүгінгі оқушы – ертеңгі ел азаматы. Елімізді бәсекеге қабілеттілікті арттыруда білімді ұрпақтың берері мол. Бүгінде ұрпағымыздың жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуын білім беру мекемелеріндегі оқу қызметіндегі белсенді танымдық процестеріне және оның білімділік, тәрбиелік мазмұнымен сабақтастыру – жалпы азаматты өркениетке жеткізетіндігі заңдылық екені рас. Қазақтың ұлт ұстазы А.Байтұрсынов «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те әдіс жоқ. Олақтылық белгісі – бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу... Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»-деген болатын. Жалпы алғанда, жаңашыл заманауи педагог заман талабына сай әрекет етсе, қоғам ағымынан қалып қоймай ілесіп отырса, яғни жаңа технологияны игеріп, оны оқу қызметтерінде пайдалануы қажет.

Педагог тұлғасының базалық мәдениетінің бір бағыты – ақпараттық бағыт болып табылады. Қазіргі оқушыларды жан-жақты дамыту ол педагогтің қолында. Сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану, тестті ойын түрінде, өз сабақтарында түрлі сайттарды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Осы болашақ педагогтің цифрлық дамуына өз үлесімізді қосу ретінде бір сайттағы сабақта қолдануға қажет әдістерді таныстырып өтеміз:


Сайт Classroomscreen деп аталады. Бұл сайтта түрлі әдіс-тәсілдер көрсетілген. Осы әдіс-тәсілдер арқылы сабақты көрнекті де жаңа заман талабына сай өтуге болады. Бұл сайттың оқушы мен мұғалімге берері мол. Қазіргі жүйеде қағаз бен қаламның қалып бара жатқаны анық нәрсе. Сайт арқылы мұғалімдер бағалау жүйелерін, кері байланыс, сабақ қорытындылауын интерактивті тақтадан көрсетуге болады, яғни арнайы үйден әр оқушыға қағаздан кері байланыс дайындамайды.



Ең алдымен **Google**-дің іздеу аймағына **Classroomscreen** сайты жазамыз. Бұл сайттың ерекшелігі бұл сайт арнайы тіркелуді қажет етпейді. Кірген бетте “қазір қолдану” батырмасын басу арқылы сайтқа қосыла береміз.








Сайтқа қосылған бетте осындай арнайы бет шығады. Бұл бетте көрсетіп қойғандай түрлі әдістер-тәсілдер көрсетілген. Бұл әдіс-тәсілдер бір-бірінен өзгеше, бір-біріне ұқсамайтын қолдануы жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Бұл бетте көрсетілген әдіс-тәсілдер әр сабақта таптырмайтын құрал болып табылады. Осы тәсілдерге тоқтала кетсек:




Бұл тәсілді әртүрлі етіп көрсетуге болатындығын жоғарыда нұсқап қойдық. Бұл арқылы біз сабақты қорытындылауға, оқушылармен кері байланыс жасауға, сабақтың қалай өткендігі, сабақ нәтижесі, қорытындысы туралы мәлімет ала аламыз. Сол арқылы оқушылардың ойын осы тәсіл арқылы толықтай және анық көре аламыз. Бұл бетті өзіміздің қалауымызға қарай өзгертуге, әрлеуге болады.



Баптауларға кіріп өз қалауымызға қарай өзгерте аламыз. Осылай сабақ қорытындысын көрсетуге болады.

Келесі тәсіл бізде кездейсоқ оқушыларды таңдауға болады. Қазіргі оқушылар білімге құштар, сабақты қызығушылықпен айтатын болғандықтан мұғалімге оқушыны таңдау қиынға соққанда, осы әдіс арқылы кездейсоқ таңдауға болады. Баптаулар батырмасын басып оқушылардың атын енгіземіз, сосын сайт бізге кездейсоқ оқушыны таңдап береді.



Бұл тәсілде де өз қалауымызға қарай өзгертулер енгізуге, әрлеуге болады.

Жалпы алғанда бұл сайтта көрсетін тәсілдер өте көп. Бұл беттерде тек 2 тәсілге тоқтала кеттік.

Мынандай сұрақ туындауы мүмкін: Бұл тәсілдердің мұғалімге пайдасы қандай? Оқушыларды қаншалықты қызықтырады?

Қазіргі таңда цифрлық даму қарқынды дамып келе жатыр. Сондықтан дамыған заманда артта қалып қоюға болмайды, тек алға жылжып еліміздің болашағы үшін дамып, өз білімімізді жетілдіріп, арттырып, дамытып отыру ол өз қолымызда. Бұл сайт туралы айта кететін болсақ, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің пайда болуы ақпараттардың мазмұнын адамның түрлі сезім мүшелері арқылы және аудиториямен интерактивті өзара әрекетке түсуі арқылы қабылдауды, түрлі техникалық құралдардың көмегімен іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Міне, осыған байланысты оқулық, дәптермен жұмыспен салыстырғанда электрондық құралмен оқыту жеке тұлғаны бағыттап оқыту мақсатын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатады.

Қорытындылай келе, қазіргі қоғамның ақпараттық даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін басты орынға қойып отыр. Бүгінгі таңда болашақ педагогтердің цифрлық қызығушылығы артып, цифрлық құзіреттілігі даму үстінде. Кез-келген сабақта электронды ақпараттық технологияны пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуге жағдай жасайды демекпіз.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. К.Д.Бузаубакова., А.С.Амирова., А.А.Маковецкая Цифрлы педагогика.- Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж», 2022.
2. Bilimainasy.kz
3. Bilimger.kz республикалық білім портал сайты
4. <https://classroomscreen.com/>

ӘОЖ 159.9:37.032

## ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ ПОТЕНЦИАЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ж.С.Таджибаева

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
аға оқытушысы, магистр, [zhanna.tadzhibaeva.84@mail.ru](mailto:zhanna.tadzhibaeva.84@mail.ru)

В.Ж.Молдақұлова

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
6B01707 Шет тілі мұғалімдерін даярлау мамандығының 2 курс студенті, Тараз қ. Қазақстан  
Республикасы

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазіргі уақытта өз ісінің нағыз шебері болудың мәселелері қарастырылады. Жылдам өзгеріп жатқан, ақпарат ағымы толассыз қазіргі ақпарат дәуірінде кез келген салада жетістікке жету үшін ыждахатты еңбек және ақпараттық сауаттылық керек. Осыдан өзге кез келген адамның өзінің табиғи икемділігі, білімі мен білігі ұштасуы тиіс. Кейбір ата-аналар балаларға дұрыс кәсіби бағдар бере алмай жатады. Соның салдарынан болашақ мамандығына селқос қарайтын жастар тәрбиеленуде. Осы жағдаяттардың алдын алу және болдырмаудың кейбір жолдары мақаланың басты мақсаты болып табылады.

**Кілт сөздер:** кәсіби маман, заманауи, инновация, дүниетаным, қоршаған орта, ұлттық құндылықтар.

**Аннотация:** В этой статье рассматриваются вопросы становления настоящим мастером своего дела в настоящее время. В эпоху быстро меняющейся, постоянно меняющейся информации, чтобы добиться успеха в любой области, необходима усердная работа и информационная грамотность. Кроме того, у любого человека должны сочетаться свои природные способности, знания и умения. Некоторые родители не могут дать детям правильную профессиональную ориентацию. В результате воспитываются молодежь равнодушные к будущей профессии. Некоторые способы предотвращения и преодоления этих ситуаций являются основной целью статьи.

**Ключевые слова:** профессионал, современность, инновации, мировоззрение, окружающая среда, национальные ценности.

**Annotation:** This article discusses the problems of becoming a true master of his craft at the moment. In the current information age, which is rapidly changing, the flow of information is constantly changing, it takes hard work and information literacy to achieve success in any field. In addition, any person must combine his natural flexibility, knowledge and skills. Some parents are unable to give children the right professional orientation. As a result, young people are brought up who are indifferent to their future profession. Some ways to prevent and avoid these situations are the main goal of the article.

**Keywords:** professional, modern, innovation, worldview, surrounding olrta, national values.

Қазіргі жаһандану жағдайында кәсіби маман болу оңай ма? Бұған не кедергі және не ықпал етеді? Біздің алып отырған тақырыбымыз осы мәселені қамтиды.

Нағыз кәсіпқой болу қаншалықты маңызды? Қалай өз ісінің нағыз маманы болуға болады? Өзің қалаған іспен шұғылдана отырып, жан тыныштығына қалай қол жеткізуге болады. Бұл сұрақтарды тізіп бір қатарға қоюға болады, өйткені олар біздің өміріміздің сапасын анықтайды және адамның болашағының құрдымға кетуіне жол бермейді. Әрбір жеке тұлғаның өзіне ғана тән жеке қасиеттерін танып, аша білу, және оны болашақ мамандығымен байланыстыра білуі – бүгінгі таңда әрбір ата-ананың және әрбір білім беру маманының міндеті десек қателеспеген болар едік.

Заман өзгерген сайын кәсіп түрлері де, маман сапасы да өзгеру үстінде.

Соңғы жылдары әлемдік экономика қарқынды жылдамдықпен өзгерді, жан жақты дамыды. Әлем елдері дамуының біркелкі болмауынан әлемдік экономикада түбегейлі өзгерістер орын алды. Жаһандану үдерісі елдерге экономикалық дамуына мүмкіндіктер берумен қатар, көптеген

қиыншылықтар туындатты. Қазақстан Республикасының экс Президенті Н. Назарбаев осы мәселе бойынша айтқан идеясын еске түсіре кетсек: «жаһандану қазіргі әлемге әлсіздік әкелді. Лаңкестік, ақпараттық соғыстар, экологиялық апаттар да шекарадан өтіп, бүкіл адамзатқа жаһандық қауіп төндірді. Әлемде әлеуметтік-экономикалық даму тепе-теңсіздігі күшейді. Жаһанданудың жағымды әсерлерін әлемнің өте дамыған елдерінің азғантай топтары ғана сезінді». Дегенмен, бұл әлемдік жаһандану арқасында көптеген жаңа технологиялар арқылы, ғаламтор арқылы шексіз мүмкіндіктерге қол жеткізе аламыз. Солайша қазіргі әлемде кәсіпқой маман болу біршама оңай деп ойлаймын. Ең бастысы – дұрыс ниет пен айқын мақсат қойып, өз ісін өмірлік миссия ретінде бағалап, кәсіпқой маман болуға ұмтылу қажет.

Бұл білім, дағды, іскерлік, тәжірибе, жаттығу және күш-жігердің нәтижесі.  
Өз ісінің шебері болу үшін не істеу керек?

Құзыреттілік кәсіпқой адамның тұла бойындағы туа бітпейтін, белгілі бір міндетті тиімді орындайтын дағды, қабілеті мен білімдері. Құзыреттілік-бұл туа алмайтын қасиет. Бұл білім, іскерлік, тәжірибе, жаттығу және күш-жігердің нәтижесі. Тек теориялық дағдыларды дамытып қана қоймай, сонымен қатар ойлауды, мінезді, құндылықтарды және проблемалық ситуацияларды дұрыс басқаруды анықтайды. Құзыреттіліктің негізгі құралы сарқылмас білім, үздіксіз оқу болып табылады. Егер адам өз бетімен жұмыс жасамаса, инертті және жабық болуды қаласа, онда оның өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкеледі.

Қазіргі заманғы кәсіби маманға қойылатын талаптар өте көп.

Жаңа заман талаптарына сәйкес кәсіби маманның дамуы көптеген қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді шешуді қамтамасыз етуі керек. Мамандардың пікірінше, ХХІ ғасырда тиімді білім беру жүйесін жасайтын жас ұрпақтың ақыл-ой және рухани потенциалын барынша дамытуға мүмкіндігі бар ұлт қана озат бола алады. Яғни нағыз құзыретті өз ісінің маманы инновациялық білімді дамыта алып қана қоймай, өзгеріс енгізіп, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелуе білуі қажет.

Дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, іздемпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білетін адам кәсіпқой маман бола алады. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Рухани бай, білімді, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі - тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін адам шын мәнінде кәсіпқойлыққа ұмтыла алады.

Жалпы қазіргі уақытта қарап отыратын болсақ, жастардың құндылықтары өзгеруде. Өте жылдам өзгеріп отырған әлемде заман ағымына ілесе алу, кәсіби маман болу, өз ісінің шебері болу, бәсекеге қабілетті болу – оңай дүние емес. Әсіресе, аға буын өкілдері үшін технологиялық құралдарды меңгеріп, қолдана білуде қиындықтар туындауда. Сол кедергілерді жоя білу, өзінің табиғи болмысына сай мамандықты табу – барлық уақытта жұртшылықты толғандырып келе жатқан мәселе. Қазіргі білім беру парадигмасы әрбір баланың жеке тұлғалық қасиетін ашуды, жеке ерекшеліктерін дамытуды көздейді. Баланың жеке ерекшеліктеріне қарай бағдар беру, басым жақтарын дамыту – оның келешектегі мамандығын қателеспей тандауына көмектеседі.

Өзіңіздің ісіңізді тапсаңыз, жұмысыңызды шын ілтипатпен атқаратын боласыз! Өз ісінің шебері болу һәм әрқашан бірінші болу – әр адамның арманы. Бұл мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – өз-өзінді жан-жақты жетілдіру, толықтыру. Шынменде кәсіпқой маман - өз ісінің шебері деседі. Яғни ең алдымен адам өзіне не ұнайтынын анықтай білуі керек. Қай салада майталман шебердей шапшаң әрі жылдам қарқынмен алып кетеді, қай кезде әлсіздеу тұстарын байқап, сол арқылы өмірлік миссияларын тауып жатқан кәсіпқойлар қаншама. Ол үшін де біршама еңбек пен уақыт жұмсауға тура келеді. Барлығы қарапайым қызығушылықтан басталады. Қызығушылық - адамның айрықша ерекшелігі. Егер бала кезімізде біз өзімізді қызықтыруға жиі жол берсек - біз барлық жаңа нәрселерге белсенді түрде қол жеткіземіз, ақымақтық жасаудан қорықпаймыз, қателіктер жібереміз. Бірақ уақыт өте келе жауапкершілік ауыртпалығы басым болған сайын адам әлемнен жабылып, жалғыздықтағы өзіне сондай «жайлы» орынды тандап, дамудан, алға ұмтылудан бас тартады. Адами тұрғыда даму үшін жаңа нәрселерді байқап көру керек. Қойылған мақсатқа тез жетуге ұмтылып, өмір сапасын арттыру арқылы сіз дамисыз.

Өз ісіңіздің үздігі екеніңізді сезінуіңіз маңызды. Міне, қолымнан келеді деген ойға келіп алдағы қадам – тек қайталау. Тәжірибе жинау. Үнемі осы қағидаларды бұлжытпай ұстансаңыз, өз салаңыздың үздік маманы атанасыз. «Өзінді өзің жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін» деп бекер айтылмаған.

Жетістікке жеткен өте көп тұлғаларды зерттейтін болсақ барлығына тән бір нәрсені байқаймыз. Ол тұлғалардың барлығы жетістікке еңбектенудің арқасында жеткен және де өмірлерінде кедергілерді жеңе біліп, мақсаттарын фокус ретінде алған. Өзгелердің бастауға жүрексініп, қолға алуға қорқып жүрген дүниелерін бірнеше рет жасап, қателесіп содан сабақ ала білген. Және де өздерінің қабілеттерін дәл тауып, өздеріне ұнайтын іспен айналысқан. Кэрролл Шелби «Форд Феррариге қарсы» атты еңбегінде: «Бұл өмірде сүйікті ісін тауып, сонымен айналысқан адам бір күн де жұмыс жасамайды» дегеніндей, сүйікті ісімен айналысқан адам еш қиналмастан қаражат табады. Және өз ісімен өзгелерді шабыттандыра алады.

Осы орайда, санамызда «Кәсіпқой маман болуға не кедергі келтіреді?» деген сұрақтың туындауы мүмкін. Шынында – ақ, ойланып қарасақ кедергілер жетерлік. Ең бірінші кезекте адамның тұла бойындағы қасиеттер. Әр адам әртүрлі, жеке ойы, мінез-құлқы, қызығушылық пен құндылықтары бар. Жабық, инертті адамдарға тіпті қиын. Интроверттердің кемшіліктері-жағымсыз эмоцияларға іліну. Егер ол адамның өмірінде жаман нәрсе болса, онда ол бұл жағдайға туннельдік көзқараспен қарайды, сондықтан олар өз мәселелерін шешуде үлкен қиындықтарға тап болады. Мінездің күрделілігін де айта кетсек болады. Жаңа ортаға нашар бейімделеді. Ойын ашық жеткізуге қысылады. Десе де ол да жеке тұлға, қоғамның ажырамас бөлігі. Әрбір қорқыныштың өзінің бір себебі болуы әбден мүмкін. Егер адам өзін қабылдамаса, өзін сыйлап құрметтемесе айналасының оны сыйлы адам етуі сөссіз мүмкін емес. Тек өзінің қорқыныштарымен, миындағы шектеулермен жұмыс жасап, мақсат қойып, жақсыға ұмтылып әрдайым дамуы керек.

Тағы да бірден бір кедергі ол қоршаған орта. Жанындағы адамдарға да байланысты болады. Егерде адам жанына жалқау, надан, арсыз, еріншек, мақтаншак, оқу оқымайтын, жаман әдеттерге үйір жандарды жанына жинаса, ол адамның болашағынан еш үміт жоқ. Міне, кәсіпқой маман болуға кедергі келтіретін салдармен жұмыс жасау керек. Әсіресе, қазіргі жастар үшін қоршаған ортаның әсері айтарлықтай үлкен деп айтар едім. Оның бірнеше себебі бар. Бірінші себеп, әрине отбасынан алатын тәрбиенің әлсіз болуы. Отбасында баламен қарым-қатынас жеткілікті деңгейде қанағаттандырылмағандықтан, бала өзін жайлы сезінетін орта іздей бастайды. Ол ортада зиянды әдеттері бар қатарластары болатын болса, ол міндетті түрде әсер етпей қоймайды. Екіншіден, ақпараттық құралдар арқылы қажетсіз нәрселерге еліктеу басым жастарымыздың бойында. Құндылықтарымыз өзгерді деп осыны меңзеп отырмыз. Келесі, жастардың табиғатына сәйкес келетін, өзі сүйетін ісін таба алмауы. Соған сәйкес дұрыс мамандық таба алмай, бітіріп шыққан мамандығын жақсы көрмей еңбекке араласуы. Нәтижесінде жақсы маман атана алмай, өз ісіне салғырттықпен қарау.

Жоғарыда аталған қасиеттерді жүзеге асыру үшін аға буын өкілдері мына міндеттерді шешу қажетті:

- кәсіби бағыттау жұмысын қолға алу;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- отбасы тәрбиесін күшейту;
- Баланы қабілетіне қарай бейімдеу т.б.

Қорытындылай келе, кәсіпқой маман болу үшін өз ісінді сүйіп, қиындықтар мен тәжірибелерден өту керек екенімізді ұғындық. Ең бастысы – еңбек етіп, мақсат қойып, жауапкершілік сезіну, және өз ісіңізді шын жүректен жақсы көру. Адам жұмыстан ләззат алған кезде, ол тиімдірек және аз шығындармен жұмыс істейді.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001.
2. Жұмабаев М. Педагогика (баланы тәрбиелеу жолдары). - Алматы: «Рауан», 1992. – 112б.
3. Райан М. Әдебиет теориясы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 292 б.

ӘОЖ: 371

### ДЕРБЕСТЕНДІРІЛГЕН ОҚЫТУ (ӨЗДІГІНЕН ОҚУ)

Г.А.Маханова

Ғ.Мұратбаев атындағы №17 орта мектебі  
директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары, педагогика магистрі,  
[gulnaz\\_makhanova@mail.ru](mailto:gulnaz_makhanova@mail.ru)

**Аңдатпа:** Бұл мақалада педагогика ғылымдарының магистрі, директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Гульназ Әбдіхалыққызы Маханованың ұзақ мерзімді тәжірибе кезіндегі мектептің даму процесі негізінде басшының өзін-өзі дамытуы туралы жасаған «Дербестендірілген оқыту (өздігінен оқу)» жобасы ұсынылып отыр. Бұл жобаның, яғни «Дербестендірілген оқыту (өздігінен оқу)» тақырыбына байланысты, барлық оқушылардың үлкен нәтижеге қол жеткізу басымдықтарын айқындау мақсатында сонымен қатар, дербестендірілген оқыту технологиясын оқу үдерісіне қосу және оның жүру процесін бақылау, оған өзгерістер енгізу үшін жалпы жұмыстың (жобаның) жүргізілу барысын басқарып, қадағалау үшін мектептің педагог-зерттеуші мұғалімдерінен зерттеуші (көшбасшылар) тобы құрылып, мұғалімдерге тақырыпқа байланысты коучинг-сессиялар, семинарлар, олармен кәсіби – сұхбат, LS зерттеу сабағын өткізу арқылы жоба тақырыбының қажеттіліктері талқыланып негізделді. Оқушылардың өз бетінше оқу процесін мектеп мәдениетіне кіріктіру үшін жоспар жасақталып, қажетті ақпараттық ресурстар анықталып, күтілетін нәтижеге болжам жасалды. Өзгерістерге мониторинг жүргізіліп, мониторинг нәтижесі бойынша Дербестендірілген оқыту технологиясын мектептің даму жоспарына енгізу ұсынылды.

**Кілтгі сөздер:** дербестендірілген оқыту, көшбасшылық, «lesson study», эссе, коучинг, тәжірибе, инновациялық жоба.

**Аннотация:** В данной статье представлен проект "индивидуальное обучение (самообучение)", созданный Махановой Гульназ Абдыкалыковной, магистром педагогических наук, заместителем директора по профильному обучению, руководителем по саморазвитию, на основе процесса развития школы с многолетним опытом. В связи с темой данного проекта, «индивидуальное обучение (самообучение)», в целях определения приоритетов достижения наибольшего результата всеми учащимися, а также включения в учебный процесс технологии индивидуального обучения и контроля за процессом его прохождения, управления и наблюдения за ходом проведения общей работы (проекта) по внесению в нее изменений, из педагогов школы педагоги - исследователя (лидеры) сформирована группа, которая проводит коучинг-сессии, семинары для учителей, связанные с темой, обсуждались и обосновывались потребности темы проекта путем проведения интервью, исследовательского урока LS. Для интеграции процесса самостоятельного обучения учащихся в школьную культуру разработан план, определены необходимые информационные ресурсы и сделан прогноз ожидаемого результата. Проведен мониторинг изменений, по результатам мониторинга предложено включить технологию «индивидуальное обучение (самообучение)» в план развития школы.

**Ключевые слова:** персонализированное обучение, лидерство, «изучение урока», эссе, коучинг, опыт, инновационный проект.

**Annotation:** This article presents the project "individual learning (self-learning)", created by Gulnaz Abdykalykovna Makhanova, Master of Pedagogical Sciences, Deputy director for specialized training, head of self-development, based on the process of school development with many years of experience.

In connection with the theme of this project, "individual learning (self-learning)", in order to determine the priorities of achieving the greatest result by all students, as well as the inclusion in the educational process of technology and individual learning and control over the process of its passage, management and monitoring of the progress of the overall work (project) to make changes to it, from teachers schools teachers - research (leaders) formed a group that conducts coaching sessions, seminars for teachers related to the topic, discussed and justified the needs of the project topic by conducting interviews, a research lesson study.

To integrate the process of independent learning of students into the school culture, a plan has been developed, the necessary information resources have been identified and a forecast of the expected result has been made. Monitoring of changes was carried out, according to the results of monitoring, it was proposed to include the technology "individual learning (self-learning)", in the school development plan.

**Key words:** personalized learning, leadership, lesson learning, essay, coaching, experience, innovative project.

Кез келген білім беру ұйымының табысты жұмыс істеуі басшының басқару қызметінің жаңашылдығына байланысты болады. Мектептерді басқарудың жаңашылдығы - жаңа әрекеттерді, жаңа шешімдерді талап етеді.

Мектеп әлемін жаңаша жағынан көрсететін мұғалім болса, сол мұғалімнің шығармашыл, көшбасшы әрі шебер болып дамуына жағдай жасай отырып, өзара қолдау көрсеткен жағдайда, шығармашылық пен көшбасшылықтың қалыптасуымен, оқу мен оқытуды жақсарту және тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуде мектеп әкімшілігінің рөлі ерекше.

Көшбасшылық – бұл мектеп тренері, барлық оқушылардың табысты оқып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, оқыту туралы және үздік оқушы болуға тәрбиелейтін ортақ ұстаным қалыптастыру жұмысына жетекшілік ететін, мықты ұйымдастырушылық миссиясы бар және оқушылардың үлгеріміне үлкен үміт артылатын интерактивті үдеріс.

Менің жобамның, яғни «Дербестендірілген оқыту (өздігінен оқу)» тақырыбына байланысты, барлық оқушылардың үлкен нәтижеге қол жеткізу басымдықтарын айқындау мақсатында сонымен қатар, дербестендірілген оқыту технологиясын оқу үдерісіне қосу және оның жүру процесін бақылау, оған өзгерістер енгізу үшін жалпы жұмыстың (жобаның) жүргізілу барысын басқарып, қадағалау үшін мектептің педагог-зеттеуші мұғалімдерінен зерттеуші (көшбасшылар) тобы құрылды. Мұғалімдерге тақырыпқа байланысты коучинг-сессиялар, семинарлар, олармен кәсіби – сұхбат, LS зерттеу сабағын өткізу арқылы жоба тақырыбының қажеттіліктері талқыланып негізделді. Осы зерттеулердің нәтижесін ескере отырып, мектепті дамытудың және оқу үдерісінде оқушылардың өз бетінше білім алу процесінің басымдықтары байқалды. Оқушылардың өз бетінше оқу процесін мектеп мәдениетіне кіріктіру үшін жоспар жасакталып, нені дамыту қажеттігі?, дамыту үшін қандай іс-әрекеттер жасаймыз?, олардың нақты, қолжетімді және шынайы болуы белгіленді. Қажетті ақпараттық ресурстар анықталып, күтілетін нәтижеге болжам жасалды. Өзгерістерге мониторинг жүргізіліп, мониторинг нәтижесі бойынша Дербестендірілген оқыту технологиясын мектептің даму жоспарына енгізу ұсынылды.

Мектептің дамыту жоспарын жасау және оны іске асыру бәсекеге қабілетті білім ұйымын қалыптастыруға және білім беруді дамытудың жаңа тенденцияларына сәйкес басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сол себепті, мектебіндегі жүргізілген тәжірибелеріме тоқтала кетейін.

Елімізде болып жатқан пандемиялық жағдай мен қашықтықтан оқу режиміне көшуі оқушылардың өз бетінше оқуы үлкен жауапкершілік, ал дербестендірілген оқыту арқылы оқушының мүмкіндіктерін толық іске асыруға ықпал етеді. Білім алушының қызығушылығымен білімді меңгерудегі қолайлы әдістерін оқып үйренуін, түсінуін жеңілдетеді, сонымен қатар, алған білімін оңай еске түсіруіне мүмкіндік туғызады, ой-өрісін кеңейтеді. Мектептегі бірінші тәжірибемнің мақсаты: оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудыратын, оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу. Тәжірибенің басты идеяларын іске асыру мақсатында оқыту қажеттіліктеріне бейімдеп оқытуды практикада қолдана білу, өз бетінше зерделеу.

Бірінші тәжірибе бойынша атқарылған жұмыстың дәлелдерін жинау арқылы жұмыстың ауқымды әрі қызықты екенін байқадым. Дайындық-ұйымдастыру жұмыстары, іс-шаралар жоспарлары, қызмет көрсету мен әдістемелік жағынан атқарылған жұмыстар соған дәлел бола алады. Өз бетінше оқыту дағдысын мұғалімдер арасында дамыту үшін «Мұғалімдердің өз бетінше оқу дағдысын дамыту» тақырыбында коучинг өткізіліп, өнім ретінде олармен «эссе жазу» байқауы ұйымдастырылды. Мұндағы мақсат эссе жазудың тиімді жолдарын өз бетінше оқып, оны практикада қолдана білу. Оқушылардың да өздігінен оқуы оқу үдерінде қолданылды. Мұғалім сабақ барысында тапсырмалар беріп, өздігінен оқуларына ықпал жасады. Олардың дербестендірілген оқу туралы оның оқу процесі кезіндегі артықшылықтары туралы ойларын білу үшін оқушыларға «Өз бетінше оқудың тиімді тұстары» тақырыбында эссе жаздырдым. Мұндағы

идея дербестендірілген оқу (өздігінен оқу) дағдысын қалыптастыру және мектеп мәдениетіне өзгерістердің дәлелдерін жинау, талдау және енгізу.

Инновациялық жобаны іске асыру үшін жасалған тәжірибе кезіндегі зерттеулерді талдау барысында тақырыпты толық қамту үшін мектептегі тәрбие жұмысы мен ата-аналарды да байланыстыруды жөн көрдік. Даму жоспарын қажетті деңгейде жасау үшін жаңашылдық элементтерін яғни, білім мазмұнының жаңаруын, педагогикалық әдіс-тәсілдерді, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруін, өзін-өзі бақылау-бағалауы, өзін-өзі талдауын екінші тәжірибеде көрсетуге тырыстық. Ол үшін, оқу процесі кезіндегі мұғалімдердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының ынтымақтастығын, оқушы мен мұғалім іс-әрекетін бірлесе жоспарлауын, үдеріске қатысушылардың жоғары ынтымақ және үдерістің жүзеге асырылуына қолайлы психологиялық-педагогикалық ортаның болуын, жоспардың мазмұнын, бағытын, формасын жақсартуға тырыстық. Педагогтардың әлеуетін арттыру үшін командалық жұмыс ұйымдастырылды. Түрлі коучингтермен байқаулар, семинар, тренинг, сабақты зерттеу, оқушылар арасындағы дебат, дөңгелек үстел, ата-аналар арасында сауалнамалар және т.б. түрлі іс-шаралармен толықтырылды.

Педагогтердің әлеуетін арттыру бойынша жүргізілген түрлі іс-шаралар тиімді болды деп есептеймін, өйткені коучингтен кейін енгізілген дербестендірілген оқытудың (өздігінен оқу) тиімділігін түсінді, оны мұғалімдердің кері байланысына, сабақтардағы әрекеттерінен байқалды. Мысалы, А.Ускенбаева мен А.Ахметова екеуінің ұйымдастыруымен жасалған «БЖБ және ТЖБ сараптамасын жасау жолдары» коучингі өте жоғары деңгейде өтті. Мұнда мұғалімдер өздерінің білімдерін өздігінен оқу арқылы тереңдетіп, ТЖБ және БЖБ сараптамасын жасап, критерийлерін әзірлеуді үйренді. Бұл мектептің көшбасшылық әрекеттерінің дамуына және мектеп мәдениетінің жақсаруына ықпалын тигізеді сөзсіз. Тәжірибенің идеясы, педагогтарды заман талабына сай жұмыс жасауға ынталандыру болғандықтан, негізгі жұмысымыз мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, жоспарлау және басқару шаралары бірінші кезекте болуына көңіл аударылды. Ата-аналардың белсенділігін арттырып, ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптастыруға арналған іс-шаралар жоспарланып, әсіресе, қызығушылықтарын арттыру мақсатында ата-аналар жиналыстарын жаңа форматта өткізу, онлайн сауалнамалар мен серіктестік шараларына басымдылық берілді. Коучинг барысында мұғалімдер жеке кәсіби дамуының рефлексиясы мен диагностикасын жүргізуді үйренді: кәсіби құзыреттің бейінін анықтап, тәжірибенің мықты және әлсіз тұстарын, зерделеп, мектептің 3-5 жылға арналған перспективалық даму жоспарын жоспарлауда және оны іске асыруда орындалатын жұмыс бағыттары бойынша, кәсіби қасиеттері мен дағдыларын дамытуды үйренді.

Мұғалімдердің инновациялық оқыту тәжірибелерінің дамуы бойынша алынған жобаға байланысты, жаңа оқу жылының қыркүйек айында 0-к бақылау жұмысы жүргізіліп, мониторинг жасалып, нәтижесінде төмен нәтиже көрсеткен үш сынып анықталды. Төмен нәтиже көрсеткен үш сыныпқа зерттеу сабақтары енгізілді. «LS Зерттеу сабағын жүргізу» тақырыбындағы коучингті С.Тауасарова ұйымдастырды. Коучингке рефлексия жасалып, өзін-өзі талдауы жасалды. Талдауға (шығармашылық) зерттеуші топ мүшелері қатысып, Жоба аясында мұғалімдерге өз білімдерін тереңдету мақсатында жоспар құруды, өз тәжірибесіндегі пайымдауын, әрекеттерін және қажеттіліктерін талдау жолдарын қарастыруды ұсынды. Желілік қоғамдастық дамуы бойынша шығармашылық топ мүшелерінің жоспарын мысал ретінде айтуға болады. Жоба бойынша өзгерістерді басқару үшін басшының өзін-өзі дамытуына көшбасшылық әрекеттерінің дамуы, өзін-өзіне талдау жасай алуы ықпал етеді. Мониторинг нәтижелері арқылы, болашақтағы мектеп дамуының басымдықтарын анықтауға критерийлер мен білім алуға деген талаптар арқылы ықпал етуге болады. Инновациялық жобаны іске асырудың тиімділігіне кез-келген жұмыстың нәтижесін көру үшін талдау, саралау жұмыстары қажет және оны топтық яғни, шығармашылық топтың сараптамалық жұмысы негізінде жасалады. Деректер талдауынан даму басымдықтарын анықтау үшін мониторинг нәтижелері ықпал етеді. Мониторинг жүргізу барысында жоба өзгертулерінің әлсіз тұсы мен мықты тұстары көрінетіні байқалды. Бұдан ары мектепті дамытудың басым бағыттарын жүзеге асыру үшін сауалнама арқылы анықталған мұғалім мен оқушының өздігінен оқуын жақсарту жоспарлары құрылып, оқушылардың білім сапасын жақсарту мен жаңа сипаттағы сабаққа қойылатын талаптар үшін үнемі ізденісте болып, өздігінен оқытуды дамыту қажет екені байқалды.

Жобаның кейбір тұстары кезекті педагогикалық кеңесте мұғалім құзыреттілігі мен жаңа сипаттағы сабаққа қойылатын талаптар сонымен қатар, білім сапасын арттыру үшін



дербестендірілген оқытумен тығыз байланыста екенін жан-жақты қарастырып, мектептің даму перспективалық жоспарына енгізіліп, барлық педагогтар қауымына таныстырылды.

Мектеп - қоғам аясында түрлі құрылымдармен біріктірілген ұйым, дегенмен, қызметі тиімді және табысты болу үшін белгілі бір нәтижеге жетуі үшін жүйелі, жоспарлы басқару керек. Осы тұста оқу үдерісінде десбестендірілген оқу (өздігінен оқу) қолданылса, тұлғаның өзін-өзі жетілуі, өзін-өзі бақылау-бағалауы, өзін-өзі талдауы және т.с.с. іс-шаралар картасы жасақталып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылатыны сөзсіз.

Қосымшалар:

Педагогтердің әлеуетін арттыру бойынша дәлелдемелер: № 1 коучинг (1 сурет)



**Жамбыл облысы әкімінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің  
Г.Мұратбаев атындағы №17 орта мектебі КСМ**

**«БЖБ және ТЖБ сарантамасын жасау жобалары» семинары мен «ІС Жетіспеу Сабалы»  
жүргізу жоспарының қорытындылары бойынша кері байланыстың талдауы.**

Коучингтің негізгі мақсатын қысқаша, өзі коучинг-де жері байланыс берілді, өзі осы кері байланысты қойып, соны қысқаша талдау жасап көрсетілді:

Өткізілген іс-шаралар	Мүдделерінің кері байланыстары	Талдау
«БЖБ және ТЖБ сарантамасын жасау жобалары» семинары		«БЖБ және ТЖБ сарантамасын жасау жобалары» семинарының кері байланысы «БЖБ және ТЖБ сарантамасын жасау жобалары» семинарының мақсатына сәйкес, оған қатысқан педагогтар мен жетекшілердің білімдері мен тәжірибелеріне үлкен қызығушылық танытып отырғандығын көрсетті. Семинардың мақсатына сәйкес, оған қатысқан педагогтар мен жетекшілердің білімдері мен тәжірибелеріне үлкен қызығушылық танытып отырғандығын көрсетті.
Коучинг «ІС Жетіспеу Сабалы» жүргізу		«ІС Жетіспеу Сабалы» жүргізу» коучингінде кері байланыстың мақсатына сәйкес, оған қатысқан педагогтар мен жетекшілердің білімдері мен тәжірибелеріне үлкен қызығушылық танытып отырғандығын көрсетті. Семинардың мақсатына сәйкес, оған қатысқан педагогтар мен жетекшілердің білімдері мен тәжірибелеріне үлкен қызығушылық танытып отырғандығын көрсетті.

**Коучинг рефлексивасы**

Мүдделі А.Ахметова, А.Уәсейбаева	Рефлексия
<p>1 ІС - нәтиже алуы</p> <p>«БЖБ және ТЖБ сарантамасын жасау жобалары» семинары</p>	<p>Іс әрекеті барысында ҚР 18 ІМ 2021 жылғы 16 қаңтарындағы №472 бұйрығына сәйкес оқушы, БЖБ және ТЖБ сарантамасын жасау жобалары жүргізілді.</p>
<p>Іс әрекетінен кейін</p> <p>«БЖБ және ТЖБ сарантамасын жасау жобалары» семинары</p>	<p>Іс әрекетінен кейін №172 бұйрығына сәйкес БЖБ және ТЖБ сарантамасын жасау жобаларының үдерісін, белсенділігі қызықты.</p>

Мүдделі Т.Ахметова С.	Рефлексия
<p>1 ІС - нәтиже алуы</p> <p>Коучинг «ІС Жетіспеу Сабалы» жүргізу</p>	<p>Іс әрекеті барысында Жоспарға сәйкес стандарттың негізгі міндетін түсіндіріп, оған қатысқан педагогтар мен жетекшілердің білімдері мен тәжірибелеріне үлкен қызығушылық танытып отырғандығын көрсетті.</p>
<p>Іс әрекетінен кейін</p> <p>Коучинг арқылы жетіспеу сабағына жасап қызығушылық артты.</p> <p>Мүдделерінің белсенділігі артты.</p>	

Сканировано с CamScanner

- оқыту іс шаралары қорытындылары бойынша кері байланыстың талдауы (2 сурет);
- сабақтың және/немесе сынып сағаттарының/ факультативтердің/ сынып деңгейіндегі тәрбие жобаларының инновациялық идеялар негізінде жасалған қысқа мерзімді жоспарлары (3 сурет)



- осы сабақтар және/немесе сынып сағаттары/ факультативтер/ тәрбие жобалары бойынша оқушылардың және ата-аналардың кері байланыстарының (сауалнама/ сұхбат немесе т.б) талдауы (7 сурет)



- инновациялық даму бағыттарының бірі бойынша түзету жұмыстарының жоспары. (8 сурет)



- тәжірибені зерттеуді / шығармашылық топтар жұмыстарын/ әлеуметтік-тәрбие жобаларын жүргізу жоспары (9 сурет).



Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.alltechbuzz.net>
2. Оспанов Е.Т., Шеребаева В.С. Оқушының өз бетінше оқу дағдысын дамыту.-Нұр-Сұлтан, 2021.

УДК: 371

**ВНЕДРЕНИЕ ИНКЛЮЗИИ ДЛЯ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА**

Г.Е.Санай

Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати  
п.ғ.к., доцент, зав. кафедры «Специальная и социальная педагогика»

А.А.Антонов

магистрант 1 курса 7М01804 – «Подготовка специалистов по социальной и специальной педагогике»  
г. Тараз Казахстан

**Аннотация:** Данная статья посвящена реализации инклюзивных подходов в обучении иностранных студентов в вузах Казахстана. В статье автор рассматривает основные проблемы, с которыми сталкиваются иностранные студенты в процессе обучения, а также представлены различные методы и подходы, которые могут помочь реализовать инклюзивные подходы в образовательном процессе. Важным аспектом статьи является обеспечение доступности образовательной среды для всех студентов, включая студентов с ограниченными возможностями. Статья призывает к сотрудничеству и согласованию между всеми заинтересованными сторонами, а также подчеркивает важность инклюзивности в стратегии развития образовательной системы Казахстана. Для достижения наилучших результатов, автор рекомендует использование комбинации различных подходов и методов, а также обеспечение непрерывной обратной связи с иностранными студентами и другими участниками образовательного процесса. Основным выводом статьи является то, что инклюзивные подходы в обучении иностранных студентов в вузах Казахстана могут стать ключевым фактором в обеспечении качественного образования для всех студентов, а также в укреплении образовательной системы в целом.

**Ключевые слова:** инклюзия, иностранные студенты, вузы Казахстана, мобильность, барьеры, социальная адаптация.

**Андатпа:** Бұл мақала Қазақстанның жоғары оқу орындарында шетелдік студенттерді оқытуда инклюзивті тәсілдерді іске асыруға арналған. Мақалада автор халықаралық студенттердің оқу процесінде кездесетін негізгі мәселелерін қарастырады, сонымен қатар білім беру процесінде инклюзивті тәсілдерді жүзеге асыруға көмектесетін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді ұсынады. Мақаланың маңызды аспектісі барлық студенттерге, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі студенттерге білім беру ортасының қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Мақала барлық мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастық пен келісімге шақырады, сондай-ақ Қазақстанның білім беру жүйесін дамыту стратегиясындағы инклюзивтіліктің маңыздылығын атап көрсетеді. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін автор әртүрлі тәсілдер мен әдістердің комбинациясын қолдануды, сондай-ақ шетелдік студенттермен және білім беру процесінің басқа қатысушыларымен үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етуді ұсынады. Мақаланың негізгі қорытындысы Қазақстанның жоғары оқу орындарында шетелдік студенттерді оқытудағы инклюзивті тәсілдер барлық студенттер үшін сапалы білім беруді қамтамасыз етуде, сондай-ақ тұтастай алғанда білім беру жүйесін нығайтуда негізгі фактор болуы мүмкін.

**Түйінді сөздер:** Инклюзия, шетелдік студенттер, Қазақстанның жоғары оқу орындары, ұтқырлық, кедергілер, әлеуметтік бейімделу.

**Abstract.** This article is devoted to the implementation of inclusive approaches in teaching foreign students at universities in Kazakhstan. In the article, the author examines the main problems that foreign students face in the learning process, and also presents various methods and approaches that can help implement inclusive approaches in the educational process. An important aspect of the article is to ensure the accessibility of the educational environment for all students, including students with disabilities. The article calls for cooperation and coordination between all interested parties, and also emphasizes the importance of inclusiveness in the development strategy of the educational system of Kazakhstan. To achieve the best results, the author recommends using a combination of different approaches and methods, as well as providing continuous feedback with foreign students and other participants in the educational process. The main conclusion of the article is that inclusive approaches in teaching foreign students at universities in Kazakhstan can become a key factor in providing quality education for all students, as well as in strengthening the educational system as a whole.

**Keywords:** inclusion, foreign students, universities of Kazakhstan, mobility, barriers, social adaptation.

В настоящее время глобализация и мобильность обеспечивают возможности для многих иностранных студентов получить высшее образование за рубежом. Страны, такие как Казахстан, становятся все более привлекательными для иностранных студентов, но при этом возникают проблемы, связанные с их социальной интеграцией и адаптацией к новой среде.

Инклюзия - это подход, который направлен на создание инклюзивной среды в образовательных учреждениях, обеспечивая равные возможности и доступность обучения для всех студентов, включая тех, кто имеет особые образовательные потребности. Внедрение инклюзивных подходов в вузы Казахстана может оказать важное влияние на улучшение обучения для иностранных студентов.

Одной из главных проблем, с которой сталкиваются иностранные студенты, является культурный шок и социальная изоляция. В большинстве случаев они приезжают в страну, не имея никаких связей и знаний о местной культуре и традициях. Кроме того, языковые барьеры также могут создавать трудности в понимании учебного материала. Внедрение инклюзивных подходов в учебный процесс может помочь студентам адаптироваться к новой среде и улучшить их языковые навыки. Одним из способов улучшения обучения для иностранных студентов является создание курсов, ориентированных на развитие их языковых навыков. Это может включать курсы казахского или русского языка, которые помогут студентам улучшить свои навыки чтения, письма и разговорной речи. В дополнение к языковым курсам, важно также создавать социальные возможности для иностранных студентов. Организация культурных мероприятий, таких как фестивали, ярмарки и выставки, может помочь студентам находить общий язык и создать для них общую платформу для общения. Такие мероприятия также могут помочь студентам научиться о местной культуре и традициях.

Кроме того, важно также предоставить иностранным студентам доступ к индивидуальным консультациям и поддержке. Консультации могут быть связаны с проблемами адаптации и социальной интеграции, а также помощью в учебных вопросах. Такие консультации могут быть проведены квалифицированными специалистами и могут помочь студентам преодолеть возможные трудности. Иностранные студенты могут также нуждаться в индивидуальных настройках учебного процесса, чтобы обеспечить оптимальное обучение. Это может включать изменения в методах обучения, используемых в классе, а также в материалах, которые используются в учебном процессе.

Внедрение инклюзивных подходов в вузы Казахстана имеет большое значение для улучшения обучения для иностранных студентов. Создание курсов, ориентированных на развитие языковых навыков, организация социальных мероприятий, предоставление индивидуальных консультаций и настройка учебного процесса могут значительно улучшить обучение для иностранных студентов и помочь им успешно адаптироваться к новой среде. Помимо внедрения инклюзивных подходов в обучении иностранных студентов, также важно учитывать индивидуальные особенности каждого студента. Каждый студент уникален, и ему могут потребоваться различные подходы и инструменты для успешного обучения. Некоторые студенты могут испытывать трудности с языковыми навыками, другие могут столкнуться с проблемами адаптации к новой культуре и образу жизни. Поэтому важно создать персонализированные

программы обучения, которые будут учитывать индивидуальные потребности каждого студента. Это может включать в себя применение различных методов обучения, использование различных материалов и технологий, а также предоставление дополнительных консультаций и поддержки.

Одним из эффективных способов индивидуализации обучения является использование технологий. В современном мире существует множество цифровых инструментов и платформ, которые могут помочь студентам улучшить свои навыки и получить доступ к обучающим материалам. Некоторые из таких инструментов включают в себя онлайн-курсы, вебинары и т.д. Кроме того, важно также создавать условия для успешной адаптации иностранных студентов. Вузы могут предоставлять услуги по поиску жилья, медицинской страховке и т.д. Также важно предоставлять студентам информацию о местной культуре и традициях, чтобы помочь им лучше понимать и адаптироваться к новой среде.

Инклюзивные подходы в обучении иностранных студентов имеют важное значение для создания открытой и дружелюбной среды, которая будет способствовать успешной адаптации и обучению. При использовании подходов, учитывающих индивидуальные потребности каждого студента, вузы могут создать условия для максимального успеха каждого студента. Как результат, это может улучшить качество образования в Казахстане и способствовать дальнейшему развитию страны.

Также важно уделять внимание не только обучению иностранных студентов, но и обучению местных студентов, чтобы они могли более осознанно относиться к своей многонациональной среде. Обучение местных студентов о межкультурных различиях и взаимодействии с иностранными студентами также может способствовать созданию открытой и дружелюбной среды, а также помочь в развитии будущих лидеров, которые будут готовы работать в международной среде. Важно отметить, что инклюзивность в обучении иностранных студентов должна быть неотъемлемой частью образовательной политики вузов Казахстана. Это означает, что необходимо создать соответствующие законодательные акты, регулирующие данную область, а также обеспечить финансирование и необходимые ресурсы для реализации инклюзивных подходов. Важно проводить исследования в данной области, чтобы оценить эффективность применения инклюзивных подходов в обучении иностранных студентов и выявить возможности для дальнейшего улучшения этого процесса. Исследования могут включать оценку уровня удовлетворенности студентов, оценку качества обучения, анализ социально-экономических и культурных аспектов, а также другие аспекты.

Существует несколько методов и подходов, которые могут помочь вузам Казахстана реализовать инклюзивные подходы в обучении иностранных студентов. Одним из наиболее эффективных методов является использование разнообразных учебных методик и технологий, которые могут помочь студентам с разным уровнем языковых навыков и знаний адаптироваться к обучению на новом языке. Кроме того, важно обеспечить доступность образовательной среды для всех студентов, в том числе для студентов с ограниченными возможностями. Для этого необходимо провести анализ доступности учебных помещений и оборудования, а также обеспечить наличие специальных услуг и поддержки для студентов, которые нуждаются в дополнительной помощи.

В заключение, можно сказать, что инклюзивное образование и принятие иностранных студентов являются важными аспектами развития современных вузов Казахстана. Необходимо улучшать существующие программы и создавать новые, учитывая особенности каждой группы студентов и обеспечивая максимально возможный уровень поддержки. Кроме того, важно уделять внимание и расширять меры для адаптации иностранных студентов, так как это не только улучшит качество их образования, но также способствует развитию культурного обмена и понимания международных отношений.

В целом, инклюзивность должна стать главным принципом в развитии образования в Казахстане. Это должно быть не просто стремлением к формальной социальной ответственности, но и искренним желанием создавать среду, где каждый студент может получить высококачественное образование и раскрыть свой потенциал. От вузов требуется больше сотрудничества с государственными органами, некоммерческими организациями и бизнес-сектором для создания благоприятных условий для всех студентов. Только тогда Казахстан сможет достичь своих амбициозных образовательных целей и быть в числе ведущих стран в мировом образовании.

Список использованной литературы:

1. Концепция инклюзивного образования в Казахстане: принципы и практика // Национальный центр педагогического мастерства. - 2022. (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000941>)
2. Иностранцы студенты в Казахстане: проблемы адаптации и перспективы развития // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. - 2017. - № 3.
3. Инклюзивное образование: определение, задачи, принципы // Педагогическая энциклопедия. - 2017.
4. Обучение иностранных студентов в Казахстане: проблемы и перспективы // Международная конференция по образованию, экономике, менеджменту и социальным наукам. - 2019.
5. Инклюзивное образование в Республике Казахстан: опыт и перспективы // Жангыр хабаршысы. - 2018. - № 3.

ӘОЖ 930(091)

Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЕДІГЕ БИ

А.Т. Серубаева

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

PhD доктор «Тарих және география» кафедрасының доценті, serubaeva\_aurika@mail.ru

Тараз қ., Қазақстан Республикасы

**Аннотация:** Мақалада Ш. Уәлихановтың «Едіге» жырына тарихи талдау жасалған. Шоқан Уәлиханов «Едіге» жырын ерекше қызығушылықпен зерттеген. Мақалада жырдың зерттелу тарихына, мазмұнына, ондағы кейіпкерлерге салыстырмалы тарихи талдау жасала отырып, оның тарихпен байланысы зерделенді.

**Кілтті сөздер:** Ш.Ш. Уәлиханов, «Едіге» жыры, Едіге, Токтамыс, Ақсақ Темір, Еділ, Жайық, Алтын Орда.

**Аннотация:** В статье проведен исторический анализ эпоса «Едиге» Ш.Ш. Уалиханова. Шокан Уалиханов с особым интересом исследовал эпос «Едиге». В статье показана история исследования эпоса, содержание, главные герои эпоса на основе сравнительного анализа рассмотрены во взаимосвязи с историей.

**Ключевые слова:** Ш.Ш. Уалиханов, песня «Едиге», Едиге, Тохтамыс, Аксак Темир, Волга, Жайык, Алтын Орда.

**Abstract:** The article gives a historical analysis of the epic "Edige" Sh.Sh. Ualikhanov. Shokhan Ualikhanov studied with particular interest epic "Edige". The article shows the study of the epic story, the content, the main characters of the epic on the basis of comparative analysis considered in connection with the story.

**Keywords:** Sh.Sh. Ualikhanov, song "Edige", Edige, Tokhtamys, Aksak Temir, Volga, Zhaiyk, Altyn Orda.

Шоқан жас кезінен қазақ халық ауыз әдебиетіне қызығып өседі. Ауылға жиі келіп тұратын халық жыршылары мен аңыз-ертегішілерінің бұған тигізген әсері күшті болды. Шоқан жыр үлгілерін жазып алып, оларды ата-анасына дауыстап оқып беретін. Бала күннің өзінде-ақ ол «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер көкше» жырларының бірнеше нұсқасын жазып, кейінірек оларды өзінің оқытушысы Н.Ф. Костылецкийдің қолына тапсырады. [1, 17 б.]. Ғалым Орталық Азия халықтарының тарихын зор қызығушылықпен зерттеді. Әсіресе, қазақ және қырғыз халықтарының этногенез мәселесіне көп көңіл бөлді. Осы мәселені зерттеу барысында ол тұңғыш рет ғылыми айналымға халық ауыз әдебиетінің үлгілерін тарихи дерек ретінде пайдаланды. «Едіге», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Манас» жырларын жазып алып, оларға жоғары баға беріп, оларды тарихи дерек ретінде пайдаланды. Ғалым сондай-ақ: «Халық аңыздарының қандайы болмасын, әсіресе, тарихи аңыздар аса қызықты... бұл жөнінде қазақ аңыздары өзінің мейлінше

қарапайымдылығымен, айқындығымен онда табиғатқа қайшы ғажап оқиғалардың жоқтығымен айрықша бағалы орын алады. Ол көбінесе Әбілғазы хабарларында құпталады, әсіресе, «Жәми атауарихтын», қырғыз-қайсақтың жазғаны таңдай қағарлық... Бірде-бір айтулы оқиға, бірде-бір тамаша адам халқының есінен шықпай сақталып қалған» деп жоғары баға берген [2, 23-24 бб.]. Шоқан аңыз-ертегі, мақал-мәтелдерді жазып алумен ғана шектеліп қоймай, олардың мазмұны мен маңызы туралы да үлкен ғылыми тұжырымдар жасады. Халықтың этнографиялық материалдарына сүйене отырып, - деп көрсетеді Уәлиханов, біз ақиқатты тікелей ашпағанмен, сол ақиқаттың кейбір құнды жақтарын түсінуге мүмкіндік аламыз дейді [3, 4 б.].

«Едіге» жыры қазақ халқының ең үздік жырларының бірі. Бұл жырды БК (б) П Орталық комитетінің «Татарстан партия ұйымы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жайы мен оның жақсартудың шаралары туралы» 1944 жылғы тамыздағы қаулысынан соң «Едіге» эпосы халыққа жат деп жарияланды, тіпті, жырдың атын атауға тиым салынды [4, 1 б.]. Жырды зерттеу тоталитарлық жүйе құлап, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды.

Қазіргі уақытқа дейін «Едіге» жыры филология саласында біршама зерттеліп, зерттеу объектісіне айналған. «Едіге» жыры туралы Ш.Уәлиханов, П.Мелиоранский, А.Самойлович, П.Фалев, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, А.Орлов, В.Жирмунский, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, С.Садырбаев, Ш.Ыбыраевтар құнды пікірлерін білдірген [4, 2 б.].

Татар ғалымдары Ф.Урманче Қазандағы «Фән» баспасынан 1999 жылы «Народный эпос Идегей» деп аталатын көлемі он екі баспа табақтық монография бастырып шығарды. 1996 жылы «Ғылым» баспасынан филология ғылымдарының докторы О.Нұрмағамбетованың құрастыруымен «Едіге батыр» деген жинақ жарық көрді. 1994 жылы Е.Мағауин жырдың Шоқан нұсқасы бойынша «Едіге» жырының тарихилығы және көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1995 жылы Ш.Ыбыраевтың «Эпос әлемі» атты іргелі еңбегі баспадан шықты, онда Едіге және оның ұрпақтарына байланысты ой-пікірлер айтылған.

2006 жылы «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының аясында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» сериясының 39-шы томына «Едіге» жырының бірнеше нұсқасын енгізді. Аталған институт 2008 жылы шығарған «Қазақ әдебиетінің тарихында» «Едіге» деген мақала беріліп, онда жырдың нұсқалары, олардың жанры туралы мол мәліметтер берілген [5, 4 б.].

2010 жылы «Едіге» жыры-тарихи қаһармандық эпос атты тақырыпта Ж.А. Асанов филология ғылымдарынан докторлық диссертация қорғаған.

2013 жылы Қ.Алпысбаеваның құрастыруымен «Шоқан Уәлиханов және халық мұрасы: ғылыми басылым» атты тақырыпта Шоқанның жинаған халық ауыз әдебиетінің үлгілері басылып шықты. Онда Едіге жыры қосылған [6].

Бүгінгі таңда «Едіге» жырының оңтүстіктегі Түрікмен, Өзбекстан республикаларынан бастап, Сібір татарларына дейінгі түркілер арасында барлығы, алыс шетел Түркия мен Румыния жерлерінде сақталғаны белгілі. Жырдың қырықтан астам нұсқасы бар [5, 3 б.]. Тарих ғылымында «Едіге» жыры туралы арнайы зерттеулер жоқ, яғни жыр арнайы зерттеу объектісі ретінде зерттелген жоқ.

1841 жылы Шоқан қыпшақ Жұмағұл ақыннан «Едіге» жырын естіп біледі. Жырдың ең ескі, нұсқасын Жұмағұл Шыңғысқа тарту етеді. Шыңғыста бұл тарихи жырдың үш нұсқасы болған. Осы үш нұсқаны біріктіріп, Шоқан мен Шыңғыс жырдың толық бір нұсқасын жасайды. Ал Ахмет Жантурин оны таза қағазға жазып шығады [7, 13 б.].

Шоқанды бұл жырдың XV ғасырға жататыны қатты қызықтырды. Шоқан: «Едіге, Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір тарихта болған адамдар. Бұл халық аңыздарымен ғана емес сонымен қатар жазба деректермен дәлелденеді. Ибн Арабшахтың айтуынша Едіге Ақсақ Темірдің ең үлкен жауының бірі болған. Халфиннің хрестоматиясында қазан татарларының аңызы бойынша құрастырылған Едігенің шежіресі бар» деп жазады [8, 224 б.]. Шоқанның айтуы бойынша Орта Жүздегі Ұлытаудың батыс бөлігінде бөлек орналасқан шың Едіге шыңы деп аталады. Осы шыңның басында қорған бар. Бұл қорған Едіге қорғаны деп, ал тау Едіге тауы деп аталады. Қазақтар оны өздерінің батыры деп санап, оған арнап құрбан шалады. Мал сойып құрбан шалу қазір азайып кеткенін, алайда онда өсетін бұталарға киімдерін жыртып, кейде жылқының жалын байлап кететінін, ал А.И. Шренк онда болып оның суретін дәл салғаны туралы жазады [8, 224 б.].

Шоқан «Едіге» жыры XIV ғасырдың соңына жатады, ал жыр XV ғасырда қалыптасқан деген тұжырым жасайды. Мұны Шоқан жырда көптеген көне сөздер мен сөз тіркестерінің кездесетінін



және онда бірде-бір парсы немесе арап сөздерінің жоқ екенінен топшылайды [8, 226 б.]. 1822 жылы жарық көрген Ибрагим Халфиннің қазан татарларының аңыз бойынша жасалған Едігенің шежіресі мен Ибн-Арабшахтың жазғандарымен таныса келе Шоқан Едіге Тоқтамыстың тұсында маңызды қызмет атқарғанын мәселен, «қырым мәселесін, әскери істі» басқарғанын аңғарады. Ол сонымен қатар би болған деген қорытынды жасайды [8, 229 б.].

Шоқан Уәлиханов «Едіге» жырына ерекше көңіл бөліп, оның бастамасын бірнеше рет қағазға түсірген. Онымен 1904 жылы профессор Н.И. Веселовскийдің редакциясымен жарық көрген Императорлық Орыс Географиялық қоғамының этнография бөлімі бойынша XXIX томына қосымша ретінде шығарылған «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың шығармалары» деген атпен жарық көрген еңбек арқылы танысуға болады [8, 223-233 бб.].

«Едіге» жыры Едігенің ата-бабаларының тарихы туралы басталады. Жыр бойынша Едігенің атасы, Баба Омар әулие болған. Ол он беске келгенде әулиелік еткен екен. Сөйтіп жүріп оның бір қызға көзі тиеді. Қыз содан аяғы ауыр болып Баба Түкті Шашты Азизды дүниеге әкеледі. Баба Түкті Шашты Әзиз ол да әулие болады. Ол жиырма бес жасқа келгенде Ағұн дариясына барады, сонда перінің қызымен танысып, отбасын құрады. Содан Едіге дүниеге келеді. Яғни Едігенің дүниеге келуі, тарихқа қарағанда аңызға көбірек ұқсайды. Едігенің әке-шешесінің аңыздық кейіпте болуын, эпосты зерттеушілер бұл негізгі кейіпкер Едігенің тұлғасын ерекше етіп көрсетуге тырысқан. Бұл эпостың негізгі заңдылығының бірі деп санайды. Оның ата-анасы аңыздан шығарылған. Ал Едіге болса тарихта болған адам. Ол Алтын Орданың құлдырау кезеңінде дүниеге келген. Шоқан жыр арқылы сол кездің тарихын анықтауға тырысқан. Жырда айтылатын географиялық аймақ ол Еділ мен Жайық арасы, яғни Қазақстанның жері.

Жыр бойынша Тоқтамыс ханның орналасқан жері Еділдің оң жағалауында, яғни батыс беті. Тарихта Алтын Орданың астанасы Сарай қаласы, шығыс жағалауда орналасқан. Алайда жырда айтылатындай Тоқтамыс ханның астанасы батыста болуы ол да шындыққа қайшы келмейді. Тарихқа жүгінсек, хан ордасы қыста Сарай қаласында болса, жазда көбіне Еділдің оң жағасына қоныс тебетін болған. Алтын Орда хандарының бізге жеткен жарлықтарында «Орда Таңда» - (Донда) тұр, «Орда Үзеде» - (Днепрде) де тұр деген сөздер кездеседі [4 б.]. Жырдағы Едігенің Тоқтамыс ордасынан қашқанда Еділден өтуінің бір себебі осында. Едігенің Тоқтамыстан кетуі қыста емес жазда болғанын көрсетеді. Жырда есімдері аталатын Едіге, Тоқтамыс, Нұралын, Қадырберді есімдері тарихта болған тұлғалар. Нұралын Едігенің ұлы, ал Қадырберді Тоқтамыстың ұрпағы. Жыр негізінен Едіге мен Тоқтамыс арасындағы күреске арналған, ал тарихқа жүгінетін болсақ, негізгі күрес Тоқтамыс мен Әмір Темір арасында болғанын білеміз. Жырда Ақсақ Темір Сәтемір деген атпен белгілі. Бір қызығы жырда Тоқтамыс пен Ақсақ Темір арасындағы күрес тым астарлы, тіпті айтылмайды. «Едіге» жырының ерекшелігін М.Мағауин өз зерттеуінде былайша түйіндейді: «Қазақ батырлық жырында, қашанда ел қорғау, жұрт тыныштығы бірінші орында тұрады. Едіге мен Тоқтамыс арасындағы қайшылық нәтижесінде ұлыстың береке-бірлігі бұзылды, бүліншілік шықты. Бұл үшін жыр әуелде Тоқтамысты кінәласа, кейіннен Едігеге кінә артады. Мәселенің екінші бір ұшығы – Алтын Орда сияқты ұлы мемлекеттің күйзеліске түсуі, ақыры азып-тозып ыдырауына деген халық көзқарасына байланысты. Туы желкілдеп, жауын түгел жапырып, жарым дүниені ұстап тұрған ұлы мемлекеттің шылпара болуы замандастарына да, сол дәуірге жақын келесі ұрпақтарға да айрықша ауыр әсер еткен. Халық танымы өткен тарихқа қоғамдық талдау жасамайды. Заманның жалпы сұлбасын жекелеген адамдардың арасындағы қатынастар арқылы айғақтауға тырысады... XIV ғасырдың ақырғы он жылдығында Алтын Орданың шайқалуы, бұдан соң, келесі XV ғасырдың алғашқы жиырма жылында қайтадан көтеріліп біржола оңалуға бет алуы – әлемдік тарихтың ең бір күрделі тараулары болып есептеледі. Осы бір қилы заманда Алтын Орда тарабынан сахнаға шыққан ең елеулі тұлғалар – Едіге мен Тоқтамыс еді. Халықтық эпос осыны анық аңдаған» [4, 13 б.].

Тарихтағы Едіге бар ғұмырын халқының бірлігі мен болашағы үшін күреске арнағаны белгілі. Сонымен қатар жырда «Алаш», «Алаша хан» және «ноғайлы» деген этнонимдер кездеседі. Жырда Тоқтамыс ханның жұрты ноғайлы жұрты деп аталады. Тоқтамыс хан жұртымен қоштасқан кезінде: «Алаш та, Алаш болғанда, - Алашадан хан болғанда...» - деп сөйлейді. Бұл жерден шығатын мәселе, ноғайлы жұрты бұл кейбір зерттеушілеріміздің шатасып айтып жүрген «ноғай халқы» немесе «ноғай этносы» емес, Алтын Орданың тұрғындары, яғни жұрты «ноғайлы» деп аталған. Бір сөзбен айтқанда, «ноғайлы» бұл да «қазақ» сөзінің ескі этнонимі болып табылады.

Жыр арқылы сондай-ақ сол кезеңде Алтын Орданың халқы мұсылман дінін ұстанғанын көреміз. Мұны Едігенің: «...Мен Омар менен Оспанға, Әбубәкір Сыздыққа, Әзірет Әлі бабама, Арқа беріп жүргенмін, Мен Мұхаммед атты піріме, Мекке деген шәріне, Барып арыз еткенмін...» деген сөздері айғақ болады [6, 118-119 бб.].

Жырда Ноғайлының тағы бір көршісі Қырым – «дау келетін, жау келетін» қатерлі ел, бөтен жұрт ретінде айтылады. Бұл – тарихи Едіге заманынан соң, Алтын Орда құлағаннан кейінгі дәуірге тән көрініс. Бұл жөнінде жырды зерттеуші М.Мағауин: «Ұлығ ұлыс ыдырағаннан кейін... осы жаңа ұлыстар арасында әртүрлі деңгейдегі өзара қырқыстар орын алса, әсіресе Қырым хандығы мен Үлкен Орда, Ноғай Ордасы арасындағы соғыстар жүйелі түрдегі жаулыққа ұласқанын көреміз. Яғни Қырымнан жау келуі, дау келуі тарихи шындық аясында болғанымен, Едіге заманынан соңғы кез сипатын танытады, жырдың әуелгі нұсқасына кейіннен қосылған жамау деп білуге тиіспіз» [4, 9 б.] дейді.

Ж.А. Асанов: «Едігенің» көп версиялы, ондаған нұсқалы, халық жүрегіне жақын болып қалыптасуының негізгі бір себебі, тілінің көркем, композициясының шебер болғандығына ғана байланысты емес, түркі халықтарының есінде өшпестей орын алған тарихи оқиғаларға да қатысты... Оның үстіне сақталып қалған тарихи деректер, негізінен, ірі оқиғаларды ғана шежірелеген, ал шын мәнінде, Едіге, Тоқтамыс, Ақсақ Темір аралығындағы өзара байланыс анағұрлым шытырман, иірім, бүкпесі көп болғаны аңғарылады» деп өз зерттеуінде жазады [5, 15 б.].

Тарихқа көз салатын болсақ, Тоқтамыс таққа отырғаннан кейін Алтын Ордадағы Шығыс хан ұрпағының таққа таласқан толассыз 25 жылға созылған күресіне нүкте қойып, оны біріктіріп, Жошы ұлысының бірлігін қалпына келтіруге күш салғанын білеміз.

Тоқтамыстың 1382 жылғы Мәскеуге жорығынан соң, Куликово шайқасы ұмытылды. Орыс княздіктері қайтадан Алтын Ордаға салық төлеп тұруына тура келді. Ал Атақты Дмитрий Донской болса 1384 жылы баласы князь Василийді Тоқтамысқа кепілдікке берді. Мұнымен ғана шектелмей, Алтын Орда ханы 8 мың соң алтын ақша алып, оны да кепілдік ретінде ұстап отырды. Ақсақ Темірдің Алтын Ордаға қарсы жүргізілген жорықтары болмағанда, бұл жағдай осылай жалғасып кете берер еді [5, 16 б.].

Тоқтамыс таққа отырғаннан кейін Едігені үлкен билікке жеткізеді. Едігенің тарихта ерекше қалуының бір себебі, ол 1408 жылы орыс княздіктеріне жорық ұйымдастырып, Мәскеуді қоршауы болды. Міне, осы жағдайдан кейін де «Едіге» жыры ұзақ уақыт бойы зерттеуге тиым салынды. Ал ішінара орыс тарихшыларының зерттеулерінде бұл оқиға бұрмаланып жазылып отырды [5, 22 б.].

Жыр Едігенің Қадырбердінің қорлауынан қайтыс болып, таққа Тоқтамыс ханның баласы Қадырбердінің отыруымен аяқталады. Жырдың бұлайша аяқталуы хан тағына тек Шыңғысханның ұрпағы ғана лайықты, халық сонда ғана мұратына жетеді деген мақсатты көздесе керек. Тарихта Едіге жырдағыдай Қадырбердінің қолынан қаза таппайды, ол ұрыс кезінде жараланып, артынша опасыздық жасалып қайтыс болады. Бірақ осы соғыста Қадырбердінің өзі де қазаға ұшыраған. Ал Нұралын ұзақ өмір сүріп, Ноғай ордасын негіздеп 1440 жылы өз ажалынан қайтыс болған [4, 12 б.]. Едіге Алтын Орда мемлекетін қайта қалпына келтіруге бар күш-жігерін жұмсады, мемлекеттің абыройы асқақтатты, жауласқан көршілерінің сағын сындырып, Ақсақ Темірдің үлкен жауының бірі болды. Ол білікті саясаткер, батыр қолбасшы болған.

Шоқан Уәлиханов «Едіге» жырына зор қызуғушылық танытқанын жоғарыда айтқан болатынбыз. «Едіге» жыры тек қазақ халқының ғана емес, түркі халықтарына ортақ тарихи-әдеби мұра болып табылады. Алайда жырдың Еділ мен Жайық аралығында қалыптасып, ондағы кейіпкерлердің қазақ халқынан шыққан тұлғалар екендігі бізді жырды одан әрі қарай зерттеуге итермелейді. Ғалым Шоқан Уәлиханов осы жыр арқылы қазақ халқының орта ғасырлардағы белгісіз болып келген тарихын анықтауға тырысқан деп те айтуымызға болады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. – Т.10. – 592 б.
2. Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы. Туғанына 150 жыл толуына орай. – Алматы: Ғылым, 1985. – 112 б.
3. Оразбеков А. Шоқан Уәлиханов. – Алматы, 1985. – 15 б.

4. Е.М. Мағауин. «Едіге» жырының тарихилығы және көркемдік ерекшеліктері: Фил. ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. – 25 б.
5. Ж.А. Асанов. «Едіге» жыры – тарихи-қаһармандық эпос: Филол. ғыл. док. дисс. автореф. - Алматы, 2010. – 37 б.
6. Шоқан Уәлиханов және халық мұрасы: Ғылыми басылым. Құрастырған – Қ.Алпысбаева. – Алматы, 2013. – 315 б.
7. Алпысбаева Қ.Б. Уәлиханов – фольклортанушы. Алматы: «Ғылым». – 2001. – 124 б.
8. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. Изданы под редакцией Н.И. Веселовского. – Санкт-Петербург. – Типография Главного Управления Уделов. – 1904. – 531 с.

УДК: 371

### ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

А.С.Сартбаева

Мұхтар Әуезов атындағы №33 орта мектеп

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің магистрі, [sartbaeva.aizhan86@gmail.com](mailto:sartbaeva.aizhan86@gmail.com)

Тараз қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Білім беру жүйесіндегі процестерді оңтайландыру мақсатында қазіргі заманғы әдіснамаға, жаңа педагогикалық парадигмаға, шетелдік және отандық тәжірибеге жүгініп, педагогикалық жүйедегі процестердің теориясына, құрылымы мен функцияларына тұжырымдамалық-ғылыми көзқарасты айқындау қажет. Мақалада Блум таксономиясын қолдану бойынша теориялық материалдар мен талдау және оның тапсырмаларының деңгейлері ұсынылады. Деңгейлердің оқу апаратын игеру тиімділігін бағалау өлшемі білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыру факторы болып табылатындығы баяндалады.

**Кілтті сөздер:** Блум таксономиясы, білім беру процесі, деңгей, өзіндік жұмыс.

**Аннотация:** В целях оптимизации процессов в системе образования необходимо обратиться к современной методологии, новой педагогической парадигме, зарубежному и отечественному опыту и определить концептуально-научный подход к теории, структуре и функциям процессов в педагогической системе. В статье представлен теоретический материал и анализ по использованию таксономии Блума и уровни его задач. Отмечается, что критерием оценки эффективности освоения учебной информации уровней является фактор активизации самостоятельной работы обучающихся.

**Ключевые слова:** таксономия Блума, получение знания и процессы, этап, самозанятость.

**Annotation:** in order to optimize processes in the education system, it is necessary to turn to modern methodology, a new pedagogical paradigm, foreign and domestic experience and determine a conceptual and scientific approach to the theory, structure and functions of processes in the pedagogical system. The article presents theoretical material and analysis on the application of Bloom's taxonomy and the levels of its tasks. It is reported that the criterion for assessing the effectiveness of mastering educational information at levels is a factor in activating students' independent work.

**Key words:** Bloom's taxonomy, knowledge acquisition and processes, stage, self-employment.

Білім беру жүйесіндегі процестерді оңтайландыру үшін Блум таксономия негізінде оқу іс-әрекеттерінің иерархиясын құру (грек. Taxis - реті бойынша орналасқан және nomos - заң) оқыту процесін жүйелейді. Бұл олардың өзара байланысы мен педагогикалық жобалау процесінің жүйелік сипаты негізінде құрылған. Таксономия танымдық білім беру іс-әрекеттерінің тізімін дәл құрылымдайды және оны қолдану жүйелі-әрекеттік тәсілмен негізделген, онда оқу мақсаттары оқу іс-әрекеттері арқылы тұжырымдалады. Бүгінгі таңда оқу процесінде ең көп таралған және дәлелденген әдіс бұл – Блум таксономиясы.

Блум таксономиясы – педагогикалық мақсаттарды жіктеу нұсқасы. 1956 жылы Бенджамин Блум бастаған ғалымдар тобы ұсынған. Бұл университеттік тәжірибеде білім мен оқу дағдыларын өлшеу және бағалау әдістерін стандарттауға деген ұмтылыс болды. Блум таксономиясы – бұл білім алушы қарапайым ақыл-ой әрекеттерінен күрделіге дейін көтерілу процесінде жүзеге асыратын, терең білім дәрежесін беретін ақыл-ой әрекеттерінің жіктелуі.

XXI ғасырда талап етілетін білім дағдылардың мәні – білімді тек теориялық түрде білу емес, білім алушылардың қол жетімді білімді өмірде қолдануға дайындығына баса назар аудару. Білім беру жеке, функционалды және тиімді болуы керек, бұл білім алушының өз білімінің тәуелсіз субъектісі ретінде қалыптасуын болжайды. Білімін өмірде қолдана алатын маман елімізді көркейтуге өз үлесін қосатын болады[1].

Осыған байланысты қазіргі оқу процесіне қойылатын талаптар қарапайым білім беру міндеттерінен едәуір асып түседі. Бүгінгі ақпараттық ғасыр жағдайында ұстаз дайын білімді білім алушыларға қажет жаңа ақпаратты алу, түсіну және қолдану тәсілдеріне үйрету үшін оған таныс парадигмадан қайта құруы керек. Ұстаздардың алдына қойылған міндеттерді түсіну нәтижесінде білім алушылардың жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту проблемасына деген қызығушылығы артты.

Таксономия (грекше *Taxis* – орналасуы, құрылымы, тәртібі және *nomos* – заңы) – иерархиялық құрылымы бар шындықтың күрделі ұйымдастырылған салаларын жіктеу және жүйелеу теориясы.

Блумның классификациясында оқу қызметінің үш саласы көрсетілген:

- танымдық (*Cognitive domain*) ақыл-ой дағдылары (*Mental skills*);
- аффективті (*Affectivedomain*) сезім мен эмоция аймағы (*Attitude*);
- психомоторика (*Психомотор*) физикалық дағдылар (*Skills*) [2].

Танымдық (*Cognitive domain*) ақыл-ой дағдылары әр түрлі деңгейдегі ойлау қабілеттерін қамтиды қарапайымнан (білім деңгейі) ең күрделіге дейін 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1.

Блумның ойлау қабілетінің таксономиясы

Деңгейі	Анықтамасы	Мұғалім іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Мотивация үшін қандай негізгі етістіктер қолданылады
Білім	ақпаратты анықтау және іріктеу	айтады, көрсетеді, бағыттайды	қабылдайды, есте сақтайды, таниды	тізіп есте сақтаңыз, атаңыз
Түсіну	берілген ақпаратты түсіну; мәселені өз сөзімен тұжырымдау	салыстырады, көрсетеді	түсіндіреді, түрлендіреді, көрсетеді	талқылаңыз, анықтаңыз, айтыңыз
Қолдану	жаңа жағдайларда ұғымдарды қолдану	бақылайды, көмектеседі, сынайды	мәселелерді шешеді, білімін көрсетеді	қолданыңыз, ойда есептеңіз, өңденіз, таңдаңыз, тәжірибе жасаңыз, суреттеңіз, түсіндіріңіз, өзгертіңіз, байланыстырыңыз,
Талдау	ақпаратты мағынасына қарай бөліктерге бөлу	бағыт береді, зерттейді хабардар етеді	бөліседі, талқылайды мағынасын ашады	талдау, бағалау, топтау, есептеу, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, карама-қайшылық, сын, талқылау, саралау, ажырату, бөлу, зерттеу, эксперимент жүргізу, тапсырыс беру, күмәндану, салыстыру, таңдау, бөлу, тексеру
Жинақтау	ақпаратты компиляциялау немесе жинақтау	жинақтайды, бағалайды, пайымдайды	жинақтайды, тұжырымдайды, жоспарлайды	топтаңыз, жинаңыз, біріктіріңіз, жасаңыз, тұжырымдаңыз, қорытындылаңыз, біріктіріңіз, ойлап табыңыз, өзгертіңіз, ұйымдастырыңыз, жоспарлаңыз, дайындаңыз, ұсыныңыз, қайта жазыңыз
Бағалау	критерийлер негізінде бағалау	нақтылайды, үндестіреді	пікір таластырады, бағалайды, таңдайды	дәлелденіз, таңдаңыз, салыстырыңыз, қорытынды жасаңыз, негізденіз, түсіндіріңіз, өлшеніз, болжаңыз, ұйымдастырыңыз, ұсыныңыз, қолдау көрсетіңіз, бағалаңыз

Блум таксономиясында ақыл-ой әрекеттері алты деңгейге бөлінеді: білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау.

Бірінші деңгей — "Білім" - мұнда зерттелген материалды есте сақтау және көбейту жүреді, білім алушы терминологияны, фактілерді, әдістерді, негізгі ұғымдарды біледі.

Екінші деңгей — "Түсіну" - бұл деңгейде материалды түсіндіру, күтілетін салдарлар мен нәтижелерді болжау қабілеті ассимиляцияның өлшемі болып табылады. Білім алушы фактілерді, принциптерді түсінеді, диаграммалар, графиктер жасай алады.

Үшінші деңгей — "Қолдану" - осы танымдық кезеңде білім алушы бекітілген материалды практикалық жұмыста қолдана алады. Бұл деңгей "түсінуден" жоғары әдістерді, принциптерді, құралдарды қолданумен сипатталады.

Төртінші деңгей — "Талдау" - бұл жерде оң экстраполяция жүреді, яғни бұрын алынған білім негізінде білім алушы жаңа білім ашады, бүкіл ұйымның құрылымын сақтай отырып, өзара байланысты бөліктерді бөледі, эксперимент жасайды, айырмашылығын табады, қателерді түзетеді, себеп пен нәтижені анықтайды.

Бесінші деңгей — "Жинақтау" - танымның бұл деңгейі элементтерді жаңалыққа және өзіндік ерекшелікке (ғылыми зерттеу, жүйелеу, бір нәрсені жіктеу, есеп беру, кейс-стади құру және т.б.) біріктіруді қамтиды, қорытынды жасайды, өзіндік нұсқасын әзірлейді.

Алтыншы деңгей — "Бағалау" - алдыңғы кезеңдерді игерудің шарықтау шегі ретінде анықталады. Мұнда білім алушы танымдық тұжырымдар мен ұсыныстар жасау және белгілі бір практикалық жағдайларда қолдану қабілетіне ие болуы керек. Бағалау деңгейінде білім алушы аргументтер келтіреді, өз көзқарасын қорғайды, дәлелдейді[3].

Блум бойынша оқу тапсырмаларының таксономиясының оқу тапсырмаларының әр деңгейі үшін өзіндік типологиясы анықталған, оқу тапсырмасын ұсынуға қолданылатын негізгі етістіктер 1 кестеде көрсетілген. Барлық білім алушылар сабақты бірінші деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан бастайды. Білім алушылар зияткерлік және шығармашылық әлеуетінің шегінде жұмыс істеуге мүмкіндік беру үшін фронтальды оқыту минимумға дейін жеткізілді, ұстаз сабақтың мазмұнын белгілемейді, бұл білім алушылардың ізденімпаздығын арттырады [4].

Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге дейін орындау арқылы білім алушы өзінің білім деңгейін анықтап, жұмысын бағалай алады. Әрі қарай бастапқы білімге, ақпаратқа сүйене отырып өзінің білім беру стратегиясын жоспарлай немесе таңдай алады. Блум таксономиясы бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу нақты нәтиже береді. Бұл әдіс білім алушылардың материалды тәуелсіз, белсенді зерттеуіне, сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді, бұл ойлау, ақыл-ой мәдениетін қалыптастыру, қорытынды жасау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді және оларды әр түрлі жағдайларда қолдана білуге үйретеді.

Орта мектепте Блум таксономиясын қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында мен зерттеу жұмысын жүргіздім. Мен 3 тоқсан бойы мен сабақ беретін оқушыларыма зерттеу жұмысын жүргіздім. Білім алушыларды бақылау (n = 22) және тәжірибелік (n = 22) сыныптарға бөлдім. Эксперименттің басында екі сыныптың бастапқы білім деңгейінің нөлдік кесімі алынды, онда нәтижелер бірдей болды. Тоқсан аяқталғаннан кейін тест тапсырмаларының көмегімен бақылау жүргіздім.

Кесте 2.

Сабақ барысындағы білім алушылардың Блум таксономиясын қолдануы, белсенділігі, креативтілігі, кері байланыс беруі, өзіндік анализ жасай алу қабілетінің өсуін меңгеруін зерттеудің пайыздық көрсеткіштері

Критерилер	Жоғары	Орташа	Төмен
Сабақ барысындағы Блум таксономиясын қолдануы	67,08%	19,87%	13,04%
Білім алушытердің белсенділігі	77,64%,	13,04%	9,31%
Креативтілігі	57,14%	24,22%	18,63%
Кері байланыс беруі	73,19%	17,39%	9,41%
Өзіндік анализ жасай алу қабілетінің өсуі	65,21%	18,63%	16,15%

Осы критерилер негізінде білім көрсеткішінің артуының мәні орташа 12-15% аралығында болды. Тәжірибе көрсеткендей пәнге деген қызығушылықты тудыру үшін ұстаз дәстүрлі форматта оқыту объектісі ретінде сабақ өту жеткіліксіз. Танымдық қызығушылықты тудыру сабақта ситуациялық қызығушылық тудырады. Дәстүрлі сабақ білім алушылардың оқу материалын одан әрі қабылдауға деген эмоционалды көңіл-күйіне, олардың ақыл-ой белсенділігін арттыруға, олардың ықтимал ақыл-ой қабілеттерін дамытуға және жүзеге асыруға аз ықпал етеді. Әр түрлі пәндік, шығармашылық тапсырмалар жүйесін қолдану оқытудың көкжиегін кеңейтеді, білім алушытердің өзіндік анализ жасауын арттырады, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, ықпал етеді. Мұның бәрі білім алушылардың білім сапасын арттыруға әкеледі.

Зерттеу нәтижесінде білім алушылар пәнге тұтастай танымдық белсенділік танытатыны анықталды. Жұмыс барысында танымдық белсенділік өсіп келе жатқан динамикаға ие болды. Зерттеу жұмысының соңына қарай білім алушылардың шамамен 85% - ы (эксперименттік және бақылау топтары) Блум таксономиясын қолдана отырып, одан әрі материалды зерттеуге ниет білдірді.

Сонымен, Блум таксономиясы сыни ойлауды, танымдық білімді жетілдірудің педагогикалық технологиясы ретінде алынған білімді игеруге, кеңейтуге, түсіндіруге және практикалық іске асыруға ықпал етеді. Ұсынылған мысал тапсырмаларды білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін де, сынып үшін де қолдануға болады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Anderson, J.W.A. Taxonomy for learning, teaching and assessing: a revision of Bloom's taxonomy of education / J.W.Anderson, D.R.Krathwhol, P.W.Airasia. - New York, 2017. - 336 б.
2. Люлина Е.С. Эффективность применения таксономии Блума в педагогическом процессе / Е.С.Люлина, Ш.А.Мирзакулов // Физическая культура. Спорт. Туризм. Двигательная рекреация. - 2019. - Т. 4, № 2. - С. 149-154 б.
3. Денисова А.В. Применение модели «Таксономия Блюма» в оценке эффективности обучения. - Управление персоналом, 2005. - № 12.
4. Каримбеков С.А. Интеграционные процессы развития системы образования в Узбекистане: дис. доктора пед. наук / С.А.Каримбеков. - Ташкент, 2020. - 365 б.

ӘОЖ 851

#### **ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНУ БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ**

Э.С.Нұрпейісова

Қызылорда медициналық жоғары колледжі  
тарих пәні оқытушысы, п.ғ.магистрі, [nurpejsovae@list.ru](mailto:nurpejsovae@list.ru)  
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

**Андатпа:** Бұл мақалада автор Техникалық және кәсіптік білім беру орындарын-дағы білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудағы жобалап оқыту технологиясының ролін түсіндіруді мақсат тұтқан. Білім алушылармен зерттеу жұмысын жасау үшін қандай кезендерден өту керек және қандай тәсілдерді қолдану керек екенін түсіндірген.Нәтижесінде, білім алушы өзі еңбектеніп, жұмысының жемісін қандай сезімде қабылдады және зерттеушілік мәдениеті қалыптасқандығы баяндалады.

**Кілтті сөздер:** жобалап оқыту, зерттеушілік мәдениет,зерттеу,ғылыми жоба,жоба.

**Аннотация:** В данной статье автор ставит задачу объяснить роль технологии проектом обучения в формировании исследовательской культуры студентов учреждений технического и профессионального образования. Она объяснила, какие этапы нужно пройти и какие методы использовать для выполнения исследовательской работы студентам. В результате сообщается, как

много работал обучающийся, как он ощущал плоды своего труда, как формировалась исследовательская культура.

**Ключевые слова:** обучение по проектам, исследовательская культура, изучать, научный проект, проект.

**Annotation:** In this article, the author sets the task of explaining the role of technology as learning project in shaping the research culture of students of technical and vocational education institutions. She explained to the students what step to go through and what methods to use to complete the research work. As a result, it is reported how much the student worked, how he felt the fruits of his labor, how the research culture was formed.

**Keywords:** project training, research culture, study, science project, project

Жаңа қадамдарымен жаңа кезеңге аяқ басқан еліміздің білім беру саласында жастарды заманға сай біліммен қаруландырып, бәсекеге қабілетті, ғылыми зерттеу жұмысын өз бетінше жүргізе алатын, отаншылдық рухта тәрбиеленген білімді азамат етіп шығару үшін көптеген жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданылуда. Соның бірі – жобалап оқыту технологиясы. Бұл технологияның қолданылу, шығу тарихына тоқталар болсақ, XIX ғасырдың екінші жартысында Америка Құрама Штаттарының ауылша-руашылық мектептерінде ең алғаш қолданылған. Бұл технологияның негізін қалаушы психолог, педагог, философ Джон Дьюи. Ал Дьюидің ілімін жалғастырған профессор Уильям Херд Килпатрик. У.Х.Килпатриктің пайымдауынша бұл технологияның негізі - білім алушыларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау. Ол бұл технологияның мәнін қысқаша мына мысалды негізге алады: «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі – деп тұжырымдайды. Жобалап оқыту технологиясы жөнінде Торндайк, Лай сын-ды американдық ғалымдар да негізгі идеяларын ұсынды. Бұл ғалымдардың да негізгі идеяларын айтар болсақ, Торндайктың идеясы бойынша: «Балалар таңдаған іс-әрекеттерін бірігіп, ұйымшылдықпен топтасып орындауы тиіс» - деп тұжырымдаса, ал Лайдың пікірі бойынша: «Балада қызығушылықтың пайда болған сәтін қалт жібермеу, тек біржақты ойланып қана қоймай, қосымша мәліметтер іздену» - деп тұжырымдайды. Сонымен қатар танымдық прагматизм философиясының өкілі Девей жобалық жұмыстың ғылыми және саяси концепциясының іргетасын қаласа, оның әріптесі Килпатрик жобалау әдісін ауқымды мағынасына қарай тәрбиеге қатысты философия ретінде бағалады. Осыған байланысты Килпатрик жобаны «әлеуметтік ортада өткізілетін жүректен шыққан мақсатты әрекет» ретінде қарастырады. Ал Рейхвейн атты келесі педагог (1951) теория мен тәжірибенің байланысын «жоба» деп атады. Бүгінгі таңда облыстық, республикалық, халықаралық мәдени іс-шаралар арқылы көптеген жеткіншектерге қолдау жасалып, еліміздің түкпір түкпірінен өзінің жетістіктерімен танылған дарынды жастарымыздың қатары жетерлік. Міне осы ғылыми іс-шаралар, ғылыми тәжірибелік конференциялар белгілі бір білім саласында қабілеті бар балаларды анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Педагог оқыту барысында зерттеу жұмыстарының тақырыптарын таңдау бойынша дарынды балалармен жұмыс жүргізеді, тақырып бойынша жұмыс траекториясын, ғылыми жұмыстың зерттелу мерзімдерін анықтайды. Білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру үшін оқытушылардан білім алушыларды пәндік олимпиадаларға дайындауда заманауи педагогикалық технологияларды қолдана білуді, дарынды жастармен жұмыс істеудің стандартты емес түрлерін іздеуді талап етеді және «Қазақстан Республикасының Білім туралы» Заңында жазылғандай, «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуын жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Дарынды білім алушылардың бойындағы қабілетін жоғалтпай, интеллектуалдық дамуына қолдау жасап, психологиялық тұрғыда дамыту білікті ұстаздарымыздың қолында. Бүгінгі таңдағы білім беру саласындағы «Дарынды білім алушы» түсінігі – басқа білім алушыларға қарағанда ой-өрісі алғыр, жүйрік білімді, озық ойлы жастарымыз. Топтағы білім алушылар арасынан ерекше қабілетті, білуге құштар, еркін ойлы осы қасиеттері арқылы дарынды білім алушылар өзгелерден ерекшеленіп байқалады. Ерекше дарын иелерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру және зерттей білуге үйрету – бүгінгі күннің талабы. Сол себепті педагог қызметкерлерді дарынды білім алушылармен жұмыс туралы хабардар ету, олардың біліктілігін арттыру мақсатында колледж әдістемелік

басшылығы оқытудың белсенді нысандарын қолданады: проблемалар бойынша іскерлік ойындар, семинар-практикум, тренинг, вебинар, әдістемелік шеберлік сағаттары, дарынды білім алушылармен жұмыс тәжірибесін зерделеу, әдістемелік кабинет материалдарын пайдаланады. Колледж басшылығының оқытушыларға қоятын талаптары жеке және кәсіби сипаттамалардан тұрады. Кәсіби сипаттамаларға мыналар жатады: кәсіби құзыреттілік, жобалау және зерттеу қызметінің дағдыларын меңгеру, диагностикалық әдістемелер мен озық педагогикалық технологияларды меңгеру, жұмыстың әртүрлі нысандарын (шығармашылық шеберханалар, факультативтер, қызығушылықтары бойынша үйірмелер, конкурстар, зияткерлік марафондар, пәндік олимпиадалар, арнайы курстар және т.б.) ұйымдастыру және өткізу дағдыларын меңгеру. Педагогтарға қойылатын негізгі кәсіби талаптардың бірі – авторлық оқыту бағдарламаларын құру мүмкіндігі. Дарынды білім алушылармен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысы, ерекшелігі жөнінде өз авторлық зерттеу жұмысымызды жасау үстіндеміз. Сонымен қатар білім беру сапасын бағалау көрсеткіштерінің бірі - білім алушылардың зияткерлік конкурстар мен олимпиадаларға қатысуы болып табылады. Бүгінде Қызылорда медициналық жоғары колледжінде үздіксіз жыл сайын білім алушыларды пәндік олимпиадалар мен конкурстарға, түрлі тақырыптардағы ғылыми – теориялық конференцияларға дайындап, қатыстырып, дарынды шәкірттеріміз жоғары нәтижелерді көрсетіп келеді.



«Зерттеу» дегеніміз - жаңа білім алу үдерісі және танымдық әрекет түрлерінің бірі. Оның негізінде білім алушының ізденушілік белсенділігі мен қоршаған ортаны танып-білуге құштарлығы жатыр. Білім алушының зерттеуі мынадай кезеңдерден тұрады: біріншіден проблеманы анықтау, проблеманы шешу жолдары, мәліметтерді жи-нау, мәліметтерді өңдеу, қорытынды жасау. Зерттеушілікке баулу – білім алушының зерттеу нысанын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құрылған тәсіл. Зерттеушілікке баулудың негізгі мақсаты – білім алушының өз бетімен шығармашылық жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілетті қалыптастыру. Зерттеу ісі қазіргі кезде аясы тар мамандырылған қызмет емес, ғылыми қызметкерлердің белгілі топтарына ғана тән емес, сондай-ақ бүгінгі заман адамының өмір сүру тәсіліне енген, кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып саналады.

Зерттеу жұмыстары жалпы жүйесінің негізгі кезеңдеріне тоқталсам, 1) проблеманың өзектілігі (проблеманы табу), 2) зерттеу саласын анықтау (негізгі зерттеу мәселелерін белгілеу), 3) зерттеу тақырыбын таңдау (зерттеу шеңберін белгілеу), 4) шешімге келу тәсілдерін анықтау, жүйелеу (зерттеу әдістерін таңдау), 5) зерттеу жүргізудің жүйелілігін анықтау, 6) ақпаратты жинау, реттеу (алған білімдерін есепке алу), 7) алған материалдарды жинақтау, талдау, (материалдарды жинақтау), 8) есеп беруге дайындалу (зерттеу нәтижесі бойынша хабарлама дайындау), 9) баяндама (зерттеу нәтижелерін алдына баяндау). Сонымен қатар, білім алушының зерттеушілік



әрекетінің жетекшісі білім алушыларды өз бетінше әрекет етуге үйрету, нақты нұсқаулардан гөрі баланың ұсынысына көңіл аудару, талқылау кезінде баға беруге асықпау, білім алу барысында білім алушыларға көмектесу, өз бетінше проблеманы шығару, проблеманы өз бетінше шешу дағдыларын қалыптастыру, пәндер мен құбылыстар арасындағы байланысты бақылау, ақпаратты талдау, талқылау, жүйелеу, топтау және жинақтау, өзіндік пікірін ешбір қорқынышсыз ұсыну, оқушыларды өз идеяларын ұсына білуге және қате пікірінен бас тартуға, шыдамдылық танытуға үйретуді есте сақтауы керек. Білім алушылардың шығармашылығын, зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында колледжіміздің «Әлеуметтік экономикалық пәндер бірлестігінің» оқытушысы ретінде өзімнің тарих пәнім бойынша үйірме жұмысымның жоспары бойынша үйірме мүшелерімен өткізілетін «Зерттеу жұмысын қалай жүргізу керек?» атты курсым бар. Бұл курста білім алушыны ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту, нақты бір өзекті мәселені зерттеу, оны іс-жүзінде немесе тәжірибе түрінде жүзеге асыру білім алушылардың өз бетінше білім игеру белсенділігінің қалыптасуы жөнінде ақпараттар беріледі. Білім алушылар өздерінің шығармашылық тәжірибелік іс-әрекет нәтижесінде жаңа білім мен құзыреттіліктердің қалыптасуына қол жеткізеді. «Зерттеу жұмысын қалай жүргізу керек?» курсының негізгі мақсаты: білім алушының дербес, шығармашылық, зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыру, ал міндеттері: білім алушының теориялық білім деңгейін арттыру, білім алушының өзбетінше зерттеу біліктерін қалыптастыру, білім алушының танымдық қабілеттерін арттыру, оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізе білу дағдысын қалыптастыру, зерттеу нәтижелерін объективті бағалауға тәрбиелеу, талдай білуге және күтпеген жағдайлардан шығуға жол таба білуге үйрету, пәнге, ғылыми ізденуге қызығушылығын ояту, білім алушының жеке «ішкі қабілетін» ашу, сөйлеу мәдениетін дамыту. Білім алушылардың әрекеті зерттеушілік әрекет болу үшін нақты мақсаттар қоя білу керек, білім алушыларға ғылыми зерттеудің әдістерін, формаларын, принциптерін үйрету, яғни жеке бір тақырыпта ғылыми сұрақтарды шеше отырып, білім алушының ғылыми көзқарасы қалыптаса бастауы тиіс және де қандай нәтижеге жететіндігін елестете білу керек. Осы мәселелер өз шешімін тапса, білім алушының да қызығушылығы оқуға артады. Орыс ғалымы И.П. Павлов «Жақсы әдіспен онша талантты емес адамның өзі көп жұмыс тыңдыра алады. Ал жаман әдіспен данышпан адамның өзі түк бітіре алмауы мүмкін» деген. Олай болса, еліміздің болашақ мамандарының ғылыми-зерттеушілік мәдениетін, ғылыми көзқарасын қалыптастыруда жаңаша тың әдіс-тәсілдерді әлі де іздестіре береміз деп ойлаймын. Ғылым мен біліммен қаруланған рухты, намысшыл еліміздің ертеңі болар өскелең ұрпағымыздың саналы, сапалы жастары көп болсын. Дара жолда дараланған дарындыларымыз көбейе берсін. Сол дарындарды дер кезінде айқындап, психологиялық-педагогикалық қолдап, жарыққа шығарып, көптеген ғылыми ізденіс жұмыстарына өз бетінше қызығушылықпен шұғылдана білуіне атсалысамыз деп ойлаймын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ.- 2012.
2. Әлімов А. Интербелсенді оқуды ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
3. Тұрғынбаева Б. А. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. – Алматы, 1997
4. Гильбух Ю.З. Умственно одаренный ребенок. –Киев, 1993.
5. Новичков В.Б. Балалардың дарындылығы оқу тәжірибесінің мақсаты, құралы және нәтижесі ретінде. - М., 2002.

УДК: 372.893

## ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ

М.А.Нурова

средняя школа № 34 учитель истории и географии, nurova1976@mail.ru  
г Тараз, Казахстан

**Аннотация:** Целью исследования выступило изучение возможности применения педагогом различных инновационных технологий в преподавании истории. Задачи исследования заключаются в выявлении необходимости применения инновационных педагогических технологий, изучении литературы в области применения инновационных педагогических технологий и объяснении способов применения выбранных технологий. Результатом работы педагога выступает система применяемых педагогических технологий в практике преподавания истории. Каждый педагог должен определить в пользовании ту или иную педагогическую технологию, отвечающую требованиям учащихся, области ее применения и самого педагога. Необходимость использования инновационных технологий обусловлена социально-экономическими изменениями, происходящих на территории государства.

**Ключевые слова:** история, педагогические технологии, методики преподавания, инновационные технологии.

**Аңдатпа:** Зерттеудің мақсаты мұғалімнің тарихты оқытуда әртүрлі инновациялық технологияларды қолдану мүмкіндігін зерттеу болды. Зерттеудің міндеттері инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану қажеттілігін анықтау, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану саласындағы әдебиеттерді зерттеу және тандалған технологияларды қолдану тәсілдерін түсіндіру болып табылады. Педагог жұмысының нәтижесі тарихты оқыту тәжірибесінде қолданылатын педагогикалық технологиялар жүйесі болып табылады. Әр мұғалім оқушылардың талаптарына, оны қолдану саласына және мұғалімнің өзіне сәйкес келетін белгілі бір педагогикалық технологияны қолдануда анықтауы керек. Инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі мемлекет аумағында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты.

**Түйін сөздер:** тарих, педагогикалық технологиялар, оқыту әдістері, инновациялық технологиялар.

**Annotation:**The purpose of the study was to study the possibility of using various innovative technologies by a teacher in teaching history. The objectives of the research are to identify the need for the use of innovative pedagogical technologies, to study the literature in the field of the use of innovative pedagogical technologies and to explain the ways of using the selected technologies. The result of the teacher's work is a system of applied pedagogical technologies in the practice of teaching history. Each teacher must determine in use a particular pedagogical technology that meets the requirements of students, the scope of its application and the teacher himself. The need to use innovative technologies is due to the socio-economic changes taking place on the territory of the state.

**Keywords:** history, pedagogical technologies, teaching methods, innovative technologies.

Современное образование Казахстана нацелено на обучение и воспитание функционально грамотной личности, способной критически оценивать получаемую информацию, обрабатывать данную информацию в короткие сроки, применять полученные теоретические знания на практике, а также обладающей системой ценностей, выражающихся в совокупности толерантности, культурной образованности и патриотического воспитания в сумме с активной жизненной позицией.

В ключе данных требований к выпускникам организаций среднего образования педагогам необходимо обладать, помимо качественных знаний в своей предметной области, большим запасом педагогических технологий и методик преподавания. Каждый педагог сталкивается с большим выбором современных инновационных педагогических технологий, относя при этом себя к какой-либо педагогической школе, идее, направлению работы с учащимися. Пользуясь ежедневно инновациями в области образования, современный педагог позволяет себе достичь желаемого

результата – усвоения учащимися необходимого объема знаний, определенного требованиями ГОСО, которые имеют ориентир на результат обучения [1].

Изучение истории кроет в себе специфику обладания в конечном счете познаний в области социально-экономических процессов и их влияния на становление и развитие общества, политических процессов, влияющих в будущем на все процессы внутри государства, культурных процессов, позволяющих предугадать дальнейшее развитие общества внутри государства как вектор определения изменений внутри и вне государства. Данная специфика позволяет педагогу определить необходимые методики и технологии преподавания.

Существуют различные инновационные педагогические технологии, такие как: информационно-коммуникационные технологии, позволяющие развить у учащихся навыки самостоятельной и исследовательской работы, способствующие самовыражению и саморазвитию личности учащегося, усиливающие наглядность и эмоциональный настрой учащихся; технологии интерактивного обучения, являющиеся способом усвоения новых знаний, позволяющих формировать умения и навыки в процессе взаимоотношений субъектов образовательного процесса, что само собой предполагает познавательную-практическую деятельность в процессе выстраивания диалога между педагогом и учащимся в условии соблюдения доброжелательности и взаимной поддержки; технология развития критического мышления, которая позволяет учащимся выстраивать мнение, опираясь на собственный опыт через четкую постановку и осуществление проблемы, а также проведение рефлексии; проектная технология, позволяющая учащимся реализовать собственные проекты, самостоятельное изучение фактов и их сопоставление; игровые технологии, позволяющие реализовать групповой подход в обучении; индивидуализация и дифференциация обучения, позволяющие изучение нового материала и закрепления полученных знаний через реализацию уровневой дифференциации; здоровьесберегающие технологии, позволяющие смену видов работы в урочной и внеурочной деятельности; модульная технология, учитывающая сложность некоторых вопросов изучения истории, в основном охватывает большие разделы изучения [2].

Сущность технологии модульного развивающего обучения состоит в следующем:

1. В центре - учащийся и его познавательная деятельность, а также процесс преподавания.
2. Обучение личностно-ориентированное, адаптированное к индивидуальным особенностям учащихся во время урока
3. Технология обучения в сотрудничестве.
4. Развивающий процесс обучения через систему разноуровневых заданий, выстроенная по возрастающей траектории.

В основе модульной технологии обучения самостоятельная учебно-познавательная деятельность учащихся.

Учитель – информатор, координатор, контролер, консультант.

Программа урока модульная. Модуль – блок, пакет, микрокурс, порция.

Модули делятся на познавательные – это усвоение теории. И познавательно-операционные – это практические навыки.

Технология модульного обучения – это целостная совокупность процедур, обусловленная соответствующими целями и критериями обучения. Особенно ценным в технологическом подходе образовательного процесса является межпредметная связь в обучении, которая обеспечивает целостность и преемственность всего образовательного процесса. Это требует от учителя дедуктивной логики при разработке тематического планирования урока.

Высокоэффективным конечным результатом технологического подхода к проектированию процесса модульного обучения, является сформированность следующих качеств учащихся:

1. Способность ставить перед собой цели разного уровня сложности.
2. Функциональная грамотность. Умение работать с любой информацией.
3. Креативность. Творческое восприятие окружающей действительности, потребность создавать новое, получение удовлетворения от творческого процесса – творческий склад интеллекта.
4. Умение работать с историческими источниками.
5. Умение реферировать, составлять доклады по проблеме.
6. Умение анализировать.
7. Умение обработки представления информации в практической деятельности.

Помимо вышеперечисленных частым стало использование технологии развивающего обучения. Изучив труды Л.С. Выготского, С.А. Фаера, А.А. Гина, В.В. Давыдова, Д.Б. Эльконина, О.Ю. Стреловой, Л.В. Занкова, А.А. Нестеренко, Е.Е. Вяземского, А.В. Хуторского, Н.А. Менчинской, Л.И. Шрагиной и др., приходим к выводу, что, соблюдая концептуальную позицию неразрывности обучения и развития учащегося, данные действия уже предстают в виде системы взаимосвязанных понятий одного учебно-воспитательного процесса. Не стоит забывать, что в данной технологии ведущим является обучение, предоставляя возможность влиять на становлении качеств, далее перерождающихся в ценностные ориентации личности.

Технология развивающего обучения сменяет собой традиционный подход в обучении и отвечает новым требованиям действительности, учитывая все возрастно-психологические особенности и закономерности развития учащегося как индивидуума. Воспринимая учащегося как личность в процессе всего обучения, развивающее обучение дает возможность для развития уже заложенных генетических возможностей учащегося и их приумножения в процессе обучения. Именно это позволяет добиться необходимого субъект-субъект взаимодействия педагога и учащегося в процессе реализации обучения.

Реализация технологии проходит в зоне ближайшего развития учащегося. Зона ближайшего развития – это возможность перейти от того, что ребенок умеет делать самостоятельно, к тому, что он может, умеет делать в сотрудничестве [3].

В ходе реализации технологии развивающего обучения педагогом возможны применение различных методов, основная часть которых относится ко второй группе классификации методов обучения на основе целостного подхода к процессу обучения Ю.К. Бабанского: познавательные игры, создание проблемных ситуаций, учебные дискуссии, поисковый, объяснительный, индивидуальный и коллективный. Формы работы могут отличаться в зависимости от выбора приемов обучения: индивидуальная, групповая, дидактические игры. Приемы также могут отличаться в зависимости от сложности темы или возможностей учащихся: «Шесть шляп», «Вопрос к тексту», «Вопросительные слова», «INSERT», «Fish», «Диаграмма Венна», «Генераторы-критики», «Синквейн», «Интеллект-карты», «События» и т.д.

Рассматривая на примере использование данной технологии стоит учитывать уровень ранее полученных знаний учащихся в области истории. Так при разработке плана работы на уроке педагогу необходимо четко определить цель занятия и подготовить все необходимые материалы к нему. На этапе актуализации ранее полученных знаний возможно применить одно или несколько заданий формата PISA. Здесь стоит также учитывать возрастную особенность учащихся.

Важным условием реализации технологии развивающего обучения является мотивация к обучению и познавательная активность учащихся. Этого возможно достичь через активные методы и приемы работы на уроке. Так в процессе изучения образования древнего тюркского каганата возможно дать учащимся задание составления интеллект карт. Для реализации данного приема каждому учащемуся потребуется белый лист бумаги, на котором он может составить схему, которая отражает основные вопросы территориального расположения тюркского каганата, его быт, границы и соседние государства, отразить основные даты и периоды и т.д. с соблюдением основных правил составления интеллект-карт (цвета, линии, расположения центра карты, объема, размер).

При изучении темы участия Казахстана в ВОВ возможно разделить класс на несколько групп и дать задание по изучению предложенного текста в стратегии «Посол». Каждая группа получает свой вариант текста или его части. Обсудив в своей группе и совместно ответив на вопросы к тексту (можно оформить в виде таблицы и попросить заполнить ее), группа выбирает учащегося, который будет называться экспертом. Группы могут несколько раз в определенном педагогом порядке обменяться экспертами, где при обмене новая группа объясняет свои выводы пришедшему эксперту. По итогу работы каждый должен усвоить определенный объем материала. В конце урока эксперты также могут выступить перед классом по итогам проведенной работы и усвоенного материала. Группы при этом могут комментировать изложенный экспертами материал.

При изучении периода тоталитаризма на территории Казахстана учащимся предлагается в парах заполнить таблицу «Достижения и недостатки индустриализации в Казахстане» для актуализации ранее полученных знаний. А после изложения основной информации по изучаемой теме педагог предлагает по тексту созвучному теме урока заполнить таблицу SWOT- анализ и провести анализ по методу «Ранжирование» предложений к тексту по степени их важности.

Соблюдая условие познавательной активности учащихся на протяжении всего урока, педагогу представляется возможность повысить продуктивность их мыслительной деятельности. Важным также становится вопрос о способах приобретения новых знаний, возможности их применения при изучении связанных тем, способности применять полученные навыки вычленения главного, самостоятельности при повторных условиях работы и оценке полученных знаний и умений. При этом каждому педагогу необходимо учитывать сложность мыслительной деятельности и развития навыков самостоятельной работы с большим объемом информации и ее усвоения. в данном вопросе педагогу необходимо подобрать оптимальные условия для работы учащихся, ведь именно от педагога зависит реализация запланированных им этапов урока и заданий к ним. Методической целью технологии развивающего обучения является именно создание на уроке условий для проявления познавательной активности учащихся.

#### **Список использованной литературы:**

1. Приказ МП РК от 03.08.2022г. № 348 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования»// Электронный ресурс // [Режим доступа]: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
2. Коротаева Е.В., Обучающие технологии в познавательной деятельности школьников. – М., 2003. – 176 с.
3. Жалолова Д.М. Инновационные технологии в преподавании: «Экономика и социум».- №6(73),2020.-636-639 с

УДК 93/94

#### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ**

А.Х.Нигматов

Чирчикский государственный педагогический университет  
[alishernigmatov911@mail.ru](mailto:alishernigmatov911@mail.ru)

С.Тилабжонова

Чирчикский государственный педагогический университет  
студент исторического факультета  
г. Чирчик, Узбекистан

**Аннотация:** В данной статье выдвигаются идеи о том, что с помощью современных информационных технологий можно повысить и еще больше укрепить интерес читателя к исторической науке, в частности, о современной образовательной педагогике и повышении эффективности музейно-экскурсионного образовательного процесса в историческом образовании. Отмечается информатизация, обогащение современными методиками и их полезность для читателя.

**Ключевые слова:** история, образование, современные технологии, педагогическая технология, обучение, развитие.

**Андатпа:** Бұл мақалада заманауи ақпараттық технологиялардың көмегімен оқырманның тарих ғылымына, атап айтқанда, қазіргі заманғы білім беру педагогикасына және мұражай-экскурсиялық оқу процесінің тиімділігін арттыруға деген қызығушылығын арттыруға және одан әрі нығайтуға болады деген идея алға қойылған. тарихи білім. Ақпараттандыру, заманауи әдістермен байыту және олардың оқырманға пайдалылығы атап өтілді.

**Кілтті сөздер:** тарих, білім, заманауи технологиялар, педагогикалық технология, оқыту, дамыту.

**Annotation:** This article puts forward the idea that with the help of modern information technologies it is possible to increase and further strengthen the reader's interest in historical science, in particular, about modern educational pedagogy and increasing the efficiency of the museum-excursion educational process in historical education. Informatization, enrichment with modern methods and their usefulness for the reader are noted.

**Key words:** history, education, modern technologies, pedagogical technology, training, development.

Достижение Узбекистаном статуса независимого государства открыло новую эру в духовной и просветительской жизни узбекского народа. Внимание к народу еще раз убедило, насколько прославляются ценности человека. Приоритетной задачей стало дать правдивую оценку древней и кропотливой истории узбекского народа. Свообразно развивалась и историческая наука, ставшая основой науки, национального самосознания и духовного подъема, через независимость, которая сделала резкий поворот в жизни и судьбе узбекского народа. Поскольку роль и роль исторической науки в формировании патриотизма, национального идейного мышления и гуманизма в сознании подрастающего поколения, являющегося основой будущего нашей Родины, неоценимы, особое значение имеет ее преподавание на основе новых педагогических технологий. Историческая наука означает создание будущего, извлекая уроки из реальности, произошедшей в прошлом, посредством изменений.

Первый Президент Республики Узбекистан Ислам Каримов в беседе с учеными-историками и журналистами на тему “Без исторической памяти нет будущего” 28 июня 1998 года отметил, что указ “О совершенствовании деятельности Института истории Академии наук Республики Узбекистан” и другие соображения по развитию отечественной истории заложили основу для углубленного преподавания и изучения истории в системе исторического образования и, в частности, истории. Это было. В изучении, анализе и освещении исторического события, явлений важны объективность, правдивость, справедливый подход.

Первый Президент Республики Узбекистан Ислам Каримов сказал, что “воспитание духовно развитого человека, повышение его образования и просвещения, воспитание нового поколения, которое реализует национальное пробуждение, является одной из важнейших задач нашего государства”. [1]

Много внимания уделяется тому, чтобы сделать подрастающее поколение образованным мыслителем, чтобы эти усилия не были непродуктивными. Такого мышления невозможно достичь без изучения истории. Потому что невозможно развить мышление поколения, которое не изучало историю нации.

Обращая внимание на следующее выступление президента Шавката Мирзиёева: “я хочу призвать всех вас быть более бодрыми, более активными в изучении истории. Только тот, кто трезво смотрит на историю, всегда остается трезвым и бдительным. Он может дать объективную и правдивую оценку как сегодняшней ситуации, так и будущих процессов. Это важнейшее условие обеспечения мира и стабильности в сложное и напряженное время, достижения высокого прогресса”. [2] Благодаря этому дискурсу мы можем узнать, что историческая наука играет важную роль и значение.

Преподавание истории на основе современных технологий повышает эффективность образовательного процесса. Время, в котором мы живем, - это время технологий. В то время как раньше люди ходили в государственные библиотеки, чтобы читать книги, в наши дни все данные можно читать и исследовать с помощью интеллектуальных методов и интернет-сайтов, не выходя из дома.

Говоря о самосознании на уроках истории, необходимо, чтобы преподавание истории основывалось на требованиях времени. Прежде чем рассуждать об эффективной организации исторической науки, целесообразно изучить понятие “Эффективное образование”, проанализировав мнения отечественных и зарубежных исследователей.

Эффективное обучение - это образовательный процесс, в котором учащиеся имеют высокий уровень способности к самостоятельному обучению, восприятию, пониманию атмосферы урока и приобретению необходимых знаний путем сочетания различных стилей обучения учителей или их раздельного применения. [3]

Есть две основные характеристики эффективного обучения.

Это:

- Облегчить учащимся изучение различных фактов, навыков, ценностей и концепций;
- Формирование у учителей умения использовать в классе не только единый курс, но и различные стратегии, методы и технологии обучения по отдельности или в комбинации.

Согласно другой точке зрения, эффективное обучение можно охарактеризовать как базовую педагогическую квалификацию, необходимую для повышения уровня успеха учащихся. В окружении этих мыслей можно сказать, что учитель, обеспечивающий эффективное образование, определяется как человек, который знает и любит свою профессию и область, знающий, мотивированный, целеустремленный, упорядоченный и доступный, способный принимать быстрые и правильные решения, справедливый и в то же время способный распространять знания среди учащихся и заинтересованный в их мире и будущем. [4]

Структура и сущность образования в Узбекистане историческая наука поставила задачи по подготовке кадров. Когда мы изучаем историю, мы обнаруживаем, что она требует эффективного обучения и представления студентам на основе исторических фактов. Через Источники вместе с готовой исторической сводной информацией. При преподавании истории эффективно дать учащемуся возможность сформировать историческое видение, проанализировав конкретную историческую реальность. На уроках истории выгоднее использовать методы, которые стимулируют память обучаемого, чем те, которые позволяют ему мыслить самостоятельно.

В системе исторического образования каждому предмету урока присуща своя технология обучения, т. педагогическая технология в учебном процессе – это индивидуальный педагогический процесс, направленный на получение целенаправленного результата исходя из потребностей учителя. По мнению педагогов, исследователей, практиков, изучающих вопросы, проблемы педагогической технологии в системе исторического образования, педагогическая технология определяется не только как связанная с информационной технологией, но и как использование TSO, компьютера, дистанционного обучения или различных методик, которые необходимо применять в процессе обучения. [5]

Создаются все возможности для совершенствования и дальнейшего развития образовательного процесса. Качество современного образования является не одним из результатов инновационного развития, а одним из условий, необходимых для его реализации.

История как наука изучает историю человечества с помощью своей уникальной методологии. Методология исторического исследования состоит в том, что область исследования определяет проблему или тему, разрабатывает гипотезы, относящиеся к этой теме или проблеме, собирает информацию из полученных доказательств и источников, анализирует и критикует эти данные, рассматривает другие исследования по теме и понимает предмет, а также раскрывает исследование, которое интерпретируется логически. Исходя из этого, роль историка определяется как изучение прошлого в процессе его самостоятельного научного развития, создание точных, реалистичных и полных понятий или образов предмета и размышление обо всех этих этапах. [6] в историческом образовании, как и во всех наукоемких исследованиях, невозможно полностью раскрыть его сущность с помощью новых педагогических и информационных технологий, чтобы в совершенстве овладеть исторической наукой в сознании подрастающего поколения. Новые технологии обучения и воспитания апробируются на экспериментальных площадках. В настоящее время понятие "педагогическая технология" все шире используется в теории обучения. Видно, что оно, в свою очередь, стало частью современного образовательного процесса.

Интенсивное внедрение информационных технологий в систему образования расширяет сферы применения современных технологий. В настоящее время можно выделить развивающиеся направления современных информационных технологий в образовании. Они следующие:

1. Внедрение возможностей программных средств в целях обучения как средства обучения, основы обучения и средства обработки информации.
2. Интеграция возможностей учебно-демонстрационных средств и средств вычислительной техники при создании учебно-методических комплексов.

Использование таких комплексов помогает учащемуся концентрировать, хранить информацию об изучаемом процессе, раскрывать закономерности и сущность процессов. Создание учебно-демонстрационных комплексов на базе современных технологий создает основу для организации индивидуальной и коллективной экспериментальной деятельности. Это дает возможность учащемуся развивать свой интеллектуальный и творческий потенциал и получать

самостоятельные знания.

3. При создании мультимедийных систем достигается интеграция возможностей компьютеров и средств передачи аудио-видео информации. Такие системы, воплощая в себе комплекс программно-аппаратных средств и средств, объединяют различные (текстовые, графические, звуковые, образные) представления информации и организуют интерактивное общение с пользователем.[7]

Обучение как современная технология получения знаний, использование дистанционного знакомства в процессе музейной экскурсии-одна из актуальных задач сегодняшнего дня.

Уместно широко использовать результаты исследований, выполненных ведущими мировыми учеными, непосредственно занимающимися и работающими в области развития дистанционных знакомств, имеющими многолетний опыт использования интернета в этой области.

В музее к ученику нравится больше свободы и независимости. Предоставление им возможности взяться за руки и пообщаться с экспонатом является узким местом, потому что именно копии, макеты и манекены экспоната являются учебным материалом для учащихся, которому нет равных. Поэтому многие музеи делают копии экспонатов для детей в своих залах, позволяя им экспериментировать с предметами. Примерять одежду исторических личностей или носить украшения знатной женщины, делать кувшины на гончарном круге-большое впечатление на читателя.

В заключение можно сказать, что роль современных технологий в преподавании истории важна. Благодаря современным технологиям мы еще больше повысим эффективность преподавания истории. Использование современных педагогических технологий и мультимедийных систем обеспечивает внедрение активных методов и форм обучения, повышает уровень восприятия информации. Это еще больше повышает интерес молодежи к истории. Обеспечивает качество образовательных процессов.

#### **Список использованной литературы:**

1. I.A.Karimov Barkamol avlod O'zbekiston taraqqiyotining poydevori.- Toshkent :Sharq, 1997.- 47 b.
2. Sh.M.Mirziyoyev. Niyati ulug' xalqning ishi ham ulug', hayoti yorug' va kelajagi farovon bo'ladi.- Toshkent, 2019.-147-b.
3. E. Perrot, Effective Teaching. New York: Longman, B. Laar, R. Blatchford,D.Winkley,G. Badman, R. Howards, Effective Teaching. Oxford: National Primary Center. – 108 P.
4. R. Dunne, E.C. Wragg, a. g. e. s. 54 C. Kyriacou, a. g. e. s.45. Laar, R. Blatchford, D.Winkley, G. Badman, R. Howards. – 14 P.
5. Ya.X.G'afforov Maxsus fanlarni o'qitishda yangi pedagogik texnologiyalardan foydalanish usullari. – Toshkent: Sharof nur fayz,-2021 118-b.
6. Solijon Toshev "Science and Education" Scientific Journal August 2020 / Volume 1 Special Issue" maqola 8-b.
7. N.A. Shermuxamedova, Ilmiy-tadqiqot metodologiyasi. T. "Fan va texnologiya" nash, 2014, 403-407 b.

ӘОЖ 93/94

#### **ПЕДАГОГТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Г.Б.Идрисова

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Тарих және география кафедрасының аға оқытушысы  
gulzhan0573@mail.ru  
Тараз қ. Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Мақалада педагогика мамандарын даярлаудың көкейкесті мәселелері қарастырылады. Оның идеялық мазмұны, ұлттық құндылықтары, негізгі ой-тұжырымдар талданып көрсетіледі. Дәстүрлі қоғамның тарихи сана, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын құндылықтарды қалыптастырудағы орны мен ролі анықталады. Дәстүрді жаңғырту арқылы жаңа инновациялық



білім беру құрылымын жан-жақты зерттеу мәселесі белгіленген. Тарих пен мәдениеттің өзегін құрайтын ұлттық дүниетанымды, рухани қайнарларды қайта қалпына келтіру идеялары анықталған. Осы бағыттағы зерттеулерге педагогикалық талдау жасалады.

**Кілтті сөздер:** инновация, рухани жаңғыру, дәстүрлі қоғам, тарихи үрдіс, ұлттық құндылықтар, бәсекеге қабілетті.

**Аннотация:** В статье рассматриваются актуальные вопросы подготовки педагогических кадров. Проанализированы его идейное содержание, национальные ценности, основные понятия. Определено место и роль традиционного общества в формировании ценностей, составляющих основу исторического сознания и национальной культуры. Посредством модернизации традиции показана проблема комплексного изучения структуры нового инновационного образования. Выявлены идеи восстановления национального мировоззрения и духовных истоков, составляющих ядро истории и культуры. Сделан педагогический анализ исследований в этом направлении.

**Ключевые слова:** инновация, духовное возрождение, традиционное общество, исторический процесс, национальные ценности, конкурентоспособность.

**Abstract:** The article deals with the problems of traditional Kazakh society. The analysis of its ideological content, socio-political structure, national values is shown. The role and place of formation of values, which are the main historical thinking, national culture of a traditional society, are defined. The problem of a comprehensive study of the structure of a traditional society was determined by traditional modernization. The idea of restoring the national ideology, spiritual sources, which is the cornerstone of history and culture, has been defined. It has been made a historical analysis of research in this direction.

**Key words:** innavation, spiritual rebirth, historical process, traditional society, national value, national consciousness.

Еліміздің әлеуметтік экономикалық құрылымында болып жатқан өзгерістер жоғары мектептің білімдік үдерісін ұйымдастыруға жаңа талаптар қояды. Қоғамның негізгі құндылығы білім алушы десек, оған жеке тұлға ретінде қарау – міндетіміз, соған байланысты мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Негізінде адамның ішкі әлемі байыған сайын «ескі» білім мен алынған «жаңа» білімді санасына бірдей деңгейде орнықтыру үшін олардың арасында байланыс орнату қажеттілігі туындайды. Өткен тарихи кезеңдегі тарихи құбылыстар мен оның ел игілігі жолындағы салдары, ондағы үлес қосқан тұлғалар еңбегі мен ерлігі туралы ақпараттар мен оның тарихтағы маңыздылығы бүгінгі қоғамда да өзіндік ізін байқатады. Қазақ халқының болашағы мен өркендеуі жолындағы тарихтағы идеялар бастаулары бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан жағдайында жалғасын тауып жатқандығын әрбір болашақ тарих пәні мұғалімі байқауға және сезінуге қабілетті болуы тиіс. Ендеше тарихта дұрыс бағасын алмаған құбылыстарды болашақ тарих пәнінің маманы ретінде бүгінгі студент жастардың бағалай білуге қабілетті болуы осы заманғы әрекеттерімізде қажет болады. Сондықтан болашақ тарих пәнінің мұғалімдері тарихи құбылыстардың салдарын тұжырымдай отырып, болашаққа болжам жасауға құзіретті болуға тиіс [1].

«Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез-келген азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетіне жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» деген президент Жолдауынан Ұлттық бәсекелестікке қабілетті ұрпақтың білім деңгейімен анықталатынын, әлем кеңістігіне көтерілу үшін мектеп табалдырығынан сапалы да, саналы білім беру болып табылады. «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе «инновация» – бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсатқа қандай әдіс – тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның ұлттық дүниетанымының қалыптастыру, сол арқылы білім алушының рухани жан дүниесінің бойына, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру.

XXI ғасырдың іскер азаматы – бәсекеге қабілетті, ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын басқаның пікірімен санасатын, кез-келген мәселені істеп шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда өз орны бар, іскер, жеке тұлға деп білуіміз керек.

Қазіргі заман талабына орай ұрпақтарымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын азаматтық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келетін болса, онда білім берудің түрлері мен әдістерін жақсартуымыз керек. Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс – әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Ал бұдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады. Бүгінгі мақсат – әрбір білім алушыға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Тәуелсіздік туы желбіреген қазақ елінің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтар. Сол жеткіншектердің білім нәрімен сусындауы, тәлімді тәрбие алуына нұр сәулесін шамшырақтай шашып, бала бойына сіңіретін қасиетті де құдіретті мекен мектебі мен жанындай сүйетін мейірімді мұғалімдері екеніне ешкім дау айта алмайды. Еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса, көлеңке жерге дән ексең өнбейтін сияқты, сапасыз білім берсең ол ешқашан алға ұмтыла алмайды. Сондықтан мұғалім жанашыл, жан - жақты болу керек.

Қазақстанның білім беру жүйесінің даму деңгейіне кері әсер ететін жайттар баршылық. Дарынды ұстаз К.Д.Ушинский: «Қызығушылығын туғызбайтын оқу бірте-бірте білім алушының білімге деген құмарлығын жояды, ал тек қызығушылыққа негізделген білім алушы еркін, күш-жігерін тәрбиелемесе мәнін жояды» деген екен. Олай болса мұғалім өз сабағының жоғары мәнінде студенттердің қызығушылығын оятатын, әсерлі болуын қадағалап отыруды қажет етеді [2].

Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдаланудың білім алушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін, мұғалімдер қауымы әр сабақта жаңа технологияларды қолдануымыз қажет. Себебі, жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның білім алушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни, тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін-өзі өзектендіру, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жетелейді [3].


Жаңа технологияларды пайдалана оқыту арқылы келесі нәтижелерге қол жеткіземіз:

- оқу материалын терең түсінуге;
- оқу мотивациясының артуына;
- алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына.

Семинар сабақтарындағы білімді қабылдау мен соңғы нәтижеге қол жеткізу механизмінің іске асырылу логикасын төмендегідей суретпен көрсетейік. Студенттерге негізгі ойды тұжырымдау үшін төмендегідей схема бойынша жүргізу керек.

Бұл болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» пәнін оқытудың қолданбалық маңызын ескере отырып, тарихи деректер арқылы осы пәнді дамытуға арнайы жасалған әдістемелік жүйе (оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешендер) негізінде жүргізілді.

Мен өз тәжірибемде деңгейлік оқыту жүйесін қолданып жүрмін. Бұл технологияны пайдаланудағы мақсатым – әр білім алушы оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, оқытудың білім алушының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ынғайлау. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы негізінде құрылған сабақта талаптылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады, студенттердің оқуға деген ынтасы артады, білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдетеді.



Сурет 1. Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау мазмұнын оқу барысында қолданудың тетіктері

Тарихи деректермен жұмыс жасауда оның қолданбалық бағдарлылығын үш деңгейге сүйене отырып дамытуға болады:

1. Дәстүрлі қазақ қоғамына байланысты тарихи оқиғалар жайлы мәлімет жинақтауға негізделген қарапайым деңгей
2. Тарихи деректерге терең талдау жасап, топтарға бөліп, сыни көзқарастың қалыптасуына жол ашатын деңгей
3. Білім алушының іс-әрекеті пікірталас пен зерттеу түрінде ұйымдастырылған кезде тарихи деректермен еркін жұмыс жасауға бағыттайтын шығармашылық деңгей.

Зерттеушілік әдісін қолдана отырып, мынандай зерттеу сұрақтары жүйеленді:

- Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер.
- Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?
- Дәстүрлі қоғамның модернизациялық процестерінің қалай іске асқандығы жөнінде зерттеулерден тың тұжырымдарын табу.

Семинар тақырыптарына сай таңдау пәнінің мынадай мазмұны ұсынылады:

- Тарихи деректегі мәліметтерді нақты орын алған саяси оқиғалар мен болуы тиіс нұсқаларға бөліп қарастыру
- Тарихи деректің мәтіні бойынша жинақталған деректер авторларының оқиғаға қатысты көзқарасын анықтау
- Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихына қатысты жазба және басқа да деректерді салыстыра отырып, түсінік беру

I деңгей тапсырмалары

II деңгей тапсырмалары

III деңгей тапсырмалары

Осы аталмыш үш деңгейге сүйене отырып, тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту мақсатында танымдық тапсырмалар мен өзіндік жұмыс тақырыптары жүйеленеді.

I деңгей тапсырмалары

1. Қазақ хандығы құрылуы кезеңінде орын алған саяси жағдайлар мен экономикалық дамуы жайлы алғашқы мәліметтерді жинақтау

2. Әкімшілік бөліністер: губернаторлық, облыс, уезд, болыстық, ауыл. Мәліметтерді реформаға дейінгі және реформадан кейінгі жағдайын бір-бірінен айырмашылығы көрсету. Өйткені, қазақ жерінің отарлануы дәстүрлі қоғамның модернизациялауының бастауы ретінде, ал кеңестік биліктің ауылшаруашылық реформалары дәстүрлі қоғамның күйреуіне ықпал етуші фактор ретінде қарастырылады.

Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі алдындағы шәкірттерін бақылауда орын алады. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Олай болса, жаңа әдістерді пайдалану – бүгінгі күннің талабы. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактивті әдістер, жаңа технологиялар білім сапасын арттырудағы негізгі құрал. Заман талабына сай әрбір ұстаз сабақтарында студенттердің біліктілігін арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін кеңінен пайдалану керек деп ойлаймын. Өз біліктілігін көтеру мақсатында әрбір мұғалім кәсіби шеберлігін шыңдап, білімін жетілдіріп отыруы керек. Сондықтан бала оқытып жүрген жалпы ұстаз қауымы өз жұмысымызға салғырттық танытпай тәртіпті, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін аянбай еңбек ете білсек, жоғары нәтижелерге қол жеткізеріміз күмәнсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ізденіс және даму перспективалары. Әдістемелік оқу құралы. Алматы, 2016.
2. Білім. Таным. Тәрбие. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. №1, 2016.
3. Халитова И.Р. Жоғары мектеп педагогикасы. - Алматы, 2012. -157.

ӘОЖ: 37. 02.51.45

### **ЦИФРЛЫ ҚОҒАМДА ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

М.Ж.Кырыкбаева

Амангелді атындағы орта мектебі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы

**Андатпа:** Бұл мақалада тәуелсіз еліміздің намысын ту етіп көтеріп, ертеңгі ел тірегіне айналар жас ұрпақты жасына қарай кезеңге бөле отырып, ұлттық және патриоттық тәрбие беру арқылы олардың ұлттық салт-дәстүр туралы білімдерін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазақты тәрбиеге қатысты салт-дәстүріміздің сонау есте жоқ ескі заманнан бері ұлттық бедеріне дақ түсірмей ұрпақтың ой-санасын оятып, келешегін кемелдендіруге, адами болмысын әрлеуге, адамгершіліктің асыл қасиеттерін бойға дарытуға қызмет етіп келе жатқан рухани қазынамыз ұшан-теңіз. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындаймыз. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға үйретуі.

**Кілт сөздер:** Тәрбие, ұлттық тәрбие, патриоттық тәрбие, саяси-идеялық тәрбие.

**Анотация:** В данной статье рассматривается вопрос формирования знаний о национальных традициях через национальное и патриотическое воспитание подрастающего поколения с разделением их на возрастные периоды. В связи с этим, в целях профилактики правонарушений среди несовершеннолетних, в целях профилактики детской безнадзорности и беспризорности среди

несовершеннолетних и предупреждения правонарушений среди несовершеннолетних, а также профилактики детской безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних, в целях профилактики правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждения детской безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних, профилактики детской безнадзорности, беспризорности и беспризорности среди несовершеннолетних, а также предупреждения правонарушений Мы признаем, что все, что мы говорим о том, что мы осуществляем непосредственную связь с национальным воспитанием. Одним из самых актуальных моментов, которые на современном этапе стали острыми в разных уголках мира, является проблема этого национального воспитания. Самое важное место в национальном воспитании-научить человека задуматься.

**Ключевые слова:** воспитание, национальное воспитание, патриотическое воспитание, политико-идейное воспитание.

**Abstract:** This article discusses the issue of forming knowledge about national traditions through national and Patriotic education of the younger generation with their division into age periods. In this regard, for the prevention of juvenile delinquency, prevention of child neglect and homelessness among minors and prevention of juvenile delinquency and prevention of child neglect and homelessness among minors, prevention of child neglect, homelessness and neglect among minors and the prevention of offenses We recognize that all we say is that we have a direct connection with national education. One of the most pressing issues that have become acute in different parts of the world at the present stage is the problem of this national education. The most important place in national education is to teach people to think.

**Keywords:** education, national education, Patriotic education, political and ideological education.

Халқымыз өте жоғары бағалаған қасиеттің бірі - кішіпейілділік. Кішіпейіл кісіні барлық жерде сыйлаған, дәріптеген, қасиеттеген, үлгі тұтқан. «Кішіпейілділік» кішілік емес, кісілік қасиет», «Кішіпейілділік - кісінің көркі», «Кішіпейілділіктен кішіреймейсің», «Ұлық болсаң кішік бол» т.б. осы сияқты нақылдар халқымыздың кішіпейілділікті қаншалықты қастерлегендігін айқын байқатады. Тәрбиелі адам - тағалаған аттай, ол өмірдің небір тайғақ қияларынан қиналмай өтпек.

«Өмірде де, ғылымда да барлық халықтарға бірдей тура келетін халықтық тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың ұлттық тәрбие жүйесі әртүрлі. Өз еліне басқа елдің тәрбие әдісін енгізу мүмкін емес, себебі, халықтардың өмір сүру моделі де, тәлім-тәрбие моделі де әр басқа...» (Наубаева Х 1999:113) - деп айтқан К.Ушинский.

Біз күні кешеге дейін тәрбиенің ең күштісі, тиімдісі коммунистік тәрбие деп келдік және жас ұрпақты сол рухта тәрбиелеуге тырыстық. Сонымен бірге коммунистік тәрбиені идеялық-саяси, патриоттық, интернационалдық, еңбек, атеистік, эстетикалық, құқықтық, дене шынықтыру деп түрлі тармақтарға бөлдік. Оларды коммунистік қоғамның саналы да белсенді құрылысшыларын дені сау ұрпақ тәрбиелеудің бірден-бір жолы деп есептедік. Енді бүгін сол коммунистік тәрбие жөніндегі көзқарасымызды қайта қарап, оны сын елегінен өткізуге мәжбүр болып отырмыз. Өйткені мұнда ешқандай олқылық жоқ. Тәрбие деген атам заманнан келе жатқан нәрсе. Әр халық өз ұл-қыздарын қазан төңкерісі болмай, кеңес өкіметі орнамай тұрып-ақ тәрбиелеген, әр халықтың ұлттық ерекшелігіне, тұрмысына, шаруашылығына, ортасына орай тәлім беру әдістері, жолдары болған.

Қазақ елі ешқандай «коммунистік» - деген сөзді, терминді естіместен бұрын-ақ, Марксті, Ленинді оқымай тұрып-ақ өзінің ұл-қыздарына, жасөспірімдеріне жоғарыдағы коммунистік деп аталған тәрбиенің барлық түрлерін берген. Бұқара халықтың теңсіздігі, кембағалдығы, тақыр кедейлігі, үстемдік етуші таптардың зорлық-зомбылықтары, оларға қарсы күрес, теңдікке деген ел-арманы, халықты бостандыққа үндеу, түбі әділеттіліктің, шындықтың жеңетіндігіне сендіру т.б. жайлар халықтың ауыз әдебиетінің негізгі өзегін құраған. Олай болса, саяси-идеялық тәрбие қазан төңкерісіне дейін біздің халқымызда болмаған дегенге кімнің аузы бара алады?

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана- сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.[1]

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, колледжде де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» – дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым» – дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Өскелең ұрпақты ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. [2]

«Ел болсам десең, бесігінді түзе» – дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс.

Ал енді патриоттық тәрбиеге келсек, ол қазақта басқа тәрбие түрлеріне қарағанда шоктығы биік тұрса керек. Себебі, қазақ жеріне, оның тыныш жатқан бейбіт еліне көз алартушылар, қолдан келсе жаулап алуды мақсат тұтқандар, дұшпандар аз болмаған. Мұндай жағдайда қолына қару ұстауға жарайтындардың барлығының, бір ғана мақсаты - елін, жерін қорғау болғандығы да шындық. Қазақ өз ұрпағын жастайынан ерлікке, батылдыққа, елін-жерін сүйуге, оны сырт жаудан қорғай білуге баулыған. Қазақтың мадақтауға тұрарлық ондай батыр ұлдары да аз болмаған. Барша қазақ еліне белгілі болған батырлардың ғана тізімін, қысқаша өмірбаянын жасасақ бірнеше кітап болары даусыз. Ал енді ру көлеміндегі, белгілі бір аймақтан асып аты тараман батырлардың тізімін (өте көп болғандықтан) ешкім ешуақытта жасай алмайды-ау деген ойдамыз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашакорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын- алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы, т.б. ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Халқымның өз ұрпағын Отан сүйгіштікке тәрбиелеуге баса көңіл бөлгендігіне оның сансыз мақал-мәтелдері де айғақ бола алады. Бір-екеуін ғана еске сала кетейін: «Отан үшін күрес - ерге тиген үлес», «Ерінен айрылған көмгенше жылайды, елінен айрылған өлгенше жылайды», «Отанға опасыздық еткенің - өз түбіңе өзің жеткенің», «Батырдың атын жау шығарады, шешеннің атын дау

шығарады», «Ерлік өлім - ерді көбейтеді», «Ер жігіт елі үшін туып, елі үшін өледі» (Табылды Ә 2006:312). Жалпы «Қазақтың халықтық патриоттық тәрбиесі» деген арнайы тақырыпқа ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізілсе көптік етпес еді.

Біраз ойланып көрейікші: жер бетінде адал болма деп тәрбиелейтін ұлт бар ма? Адамгершілік деген үлкен ұғымды аяғына бас дейтін ұлт бар ма? Жоқ. «Қарапайым болма, қайырымды болма, иманды болма, кішіпейіл болма, еліңді, жеріңді сүйме, оларды қорғама» дейтін ұлт бар ма? Жоқ. Олай болса, адамгершілік, адалдық, қарапайымдылық, қайырымдылық, ар-ұяттылық, намысқойлық, имандылық, кішіпейілділік, еліне-жеріне, жұртына сүйіспеншілік бүкіл адамзаттық моральдың өзегі емес пе? Жоғарыдағы тізбектелген моральдық ұғымдарды әрбір ұлт өзінің ерекшелігіне орай ұрпақты тәрбиелеуге лайықтап пайдаланады. Әйтпесе орыстың ұлттық тәрбиелеу әдістерін, тәсілдерін, толыққанды қазақты тәрбиелеуге жұмсақ, болмаса керісінше пайдалансақ опық жейтініміз анық. 74 жыл бойы «коммунистік» деген тәрбиені талғамсыз, жөн-жосықсыз қолдану жас ұрпақ тәрбиесіне қаншалықты зиян келтіргенін енді ұғынып отырмыз.

Сонымен, тәрбие жұмысының негізі өзегі етіп өз халқының, мыңдаған жылдар қалыптасқан, жақсы жемісін берген тәсілдерін ала отырып, оны басқа елдердің, жұрттардың тәуір, қабылдауға лайықты деген моральдық нормаларымен толықтыру жақсы нәтижеге қол жеткізеді деген қорытынды береміз. Әр халықтың бойында үйренерлік, еліктеуге тұрарлық жақсы қасиеттер баршылық. Олай болса, дана халқымыз айтқандай «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренейік».

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәрбиесіне, өмірлік мүдде бағдарына байланысты.

Бұл ең алдымен әр ұжымның тәрбие жұмысының әдісін таңдап алуды қажет етеді.

Екінші мың жылдықта жастар қандай болу керек? - деген жанды сұрақ әрбір саналы адамды ойландыратыны сөзсіз. Сондықтан да Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұстаздардың алдына ХХІ ғасырды құрушы іскер, жаңа кезеңге икемделген, мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу керек деген міндет қойып отыр.

Біздің мемлекетімізге тек білімді мамандар ғана емес, елі мен жері үшін тәуекелге бара алатын қаншама патриоттар керек. Ұлтының ұлағатын үйренген, мыңдаған жылдар сүзгісінен өтіп тазарған, қазақи қайнардан білім алған ұрпақ ғана біздің ұлттық мүддемізді жүзеге асыра алады.

Болашақ мамандарды жоғары оқу орындарының қабырғасында білімдерін жетілдіріп, кәсіптік бәсекелестікке төтеп бере алатын лайықты азамат етіп тәрбиелеуде еңбекке және мамандыққа баулудың маңызы зор. Еңбек ардагерлерімен, ұлағатты ұстаздармен кездесулер жастардың мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, келешегіне жол сілтейді. Бұл орайда «Әке мектебі» мен «Ана мектебінің» де тәрбиелік мәні зор. Білімді кәсіби түрде үйрету, әдептілік - рухани мәдениетін қалыптастыру аясында оқытушылармен тек қана өз ісінің шеберлері, мамандар жұмыс жасауы керек. Осы мақсатта қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білім негіздерін үйрететін алуан саладағы мәдени, ғылыми салаларға жетелейтін үйірмелер, клубтар жұмыс істейді. Мысалы «Абайтану», «Шежіре» клубы, «Айжан қыз» би үйірмесі, «Жас ақындар» үйірмесінің жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Тәуелсіз еліміздің намысын ту етіп көтеріп, бүгінгімізді ертеңге жалғар сан мың үмітіміз шырақ болып жануы керек.

Қазақстанның болашағына жауапты осы біз тәрбиелеп отырған ұрпақ. Мемлекетіміздің абыройын асырып, мерейін үстем етер жаңалық ашар ғұламалар, бүкіл әлемге халқының көркем ойының құдіретін танытатын болашақ ұлы жазушылар, білімді де білікті мамандар жетіліп өсуі керек. Біздің ұстанымымыз да осы.

Сол себепті тәрбие мәселелері, әлеуметтік-жауапкершілік принциптері негізінде қалыптасуы керек. Біз жастарды жан мен тән үйлесімділігіне тәрбиелесек, үйлесімділік даму барлық жас адамдарды жастар белсенділіктерінің тәрбие бағыттарының барлық негізгі салаларын құрайды. Халықтың тиімді тіршілігі өмір сүрудің әлеуметтік-психологиялық шарттарын қалыптастыруда мемлекет пен қоғамның ұдайы қадағалауын талап етеді. Ал тәрбиенің принциптері - сындарлы шығармашылыққа, Отанымызды гүлдендіруге, моральдық және мәдени құндылықтарымызды жаңғыртуға біріктіру.

Осыған байланысты қойылған проблемаларды шешу жолдары.

1. Адамзаттардың жасампаз санасын бекіту. Бұл үшін:

- тұлға арасындағы төзімділік пен білімділік, этносаралық және конфессияаралық, толеранттық келісімді дамыту және нығайту.

- 2. Патриоттық пен азаматтықты дамыту. Бұл үшін:
  - патриотизмді нығайтуға, ұлттық рухты дәріптейтін әр түрлі іс-шараларды жүзеге асыру.
- 3. Қазақстандық мәдениет пен тілді дамыту. Бұл үшін:
  - қазақ тілінің қоғамдағы рөлін нығайтуға және бұдан әрі қарай дамуына ықпал ету (Өтеген Қ 2007:150).

Тәрбие проблемаларын жүзеге асыруда тәрбие орталықтарының маңызды рөл атқаруы тиіс. Әрбір жас өзін еркін сезінетін тәрбие орталықтарының инфрақұрылымын құруға қол жеткізуіміз керек. Тәрбие беруші мен тәрбие алушының арасында байланыс механизмін орнату керек.

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Алатын тұстарымыз қатарына батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау сияқтыларды атауымызға болады. Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет десек те, Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік – жақсылықтың нышаны емес. Өзгенің өзімізге өгей, мінез-құлқымыз бен табиғатымызға түрпідей тиетін салт-дәстүрін әкеліп орынсыз тықпалауға, тұлыптап телуге болмайды. Бұл - ұлттық тәрбиенің қаймағын бұзып, қадірін кетіретін қарекет. Оған қарсы тұру үшін ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу керектігін басып айтуға болады. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені біздің төлғума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Ол бізге мынау аждаһадай төніп келе жатқан дүлей дүниеде біржола жоғалып кетпеуімізге кепіл болуға тиіс. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін, дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындаймыз.

Ұлттық тәрбиені ұлттық идеологиядан бөліп қарауға болмайды. Екеуі бір-бірінен ажырамайтын, қоғам дамуындағы шешуші фактор болып есептелетін егіз ұғым. Ұлттық идеология осы ұлттың кемел келешегінің мақсат-мұратын, үлгі тұтар үрдістері мен ұстанымдарын, салт-дәстүрді, тамырлы тәрбие сабақтарын, халықтық қасиеттерді насихаттаудың алтын арқауы, бағыт-бағдар алар айнымас темірқазығы. Қазақтың тегінен дарыған, табиғатына тән, қанында бар қасиетті салтына салқындық таныту - ұлттық болмысқа қиянат. Өркен жайған өнегеден іргені аулақ салу - бабалардың әдібі мықты әдептілік мұрасын сақтауға деген самарқаулық, бағасын байыптай алмау. Жол-жөнекей барымызды жоғалтып алмай, бағалай білсек, жақсы-жаманды санамыздан өткізіп саралай білсек, атадан аманатқа қалған асыл мұраны кейінге жалғасақ, ұлтымыздың ұлық салтын, рухын көтерер ұстанымын сақтауда ұятқа қалмасaq қазақтық қалпымызға қаяу түспесі хақ. Қазақы тәрбиеге қатысты салт-дәстүріміздің сонау есте жоқ ескі заманнан бері ұлттық бедеріне дақ түсірмей ұрпақтың ой-санасын оятып, келешегін кемелдендіруге, адами болмысын әрлеуге, адамгершіліктің асыл қасиеттерін бойға дарытуға қызмет етіп келе жатқан рухани қазынамыз ұшан-теңіз.

Қорыта келгенде, «Мәңгілік ел» иидиясын жүзеге асыру үшін, ұлттық тәрбиемізді қалпына келтіріп, жастарға ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын балалардың санасына сіңіріп, тәрбиелеу басты міндет.

Қазақ елі болашағын ұрпағына аманат етіп, сенім артып отырған заманда халқымыздың тағылымға толы қазынасын меңгеру, сол негізде ұрпақтың ұлттық салт-дәстүр туралы білімін қалыптастыру, балаларды жасына қарай кезеңге бөліп, патриоттық тәрбие беру мәселесі әлі де зерттеуді қажет етеді.



**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Наубаева Х. Мектеп жасына дейінгі балалардың өзара бірлесіп атқаратын іс-әрекеттерін гумандық негізде жүзеге асыру. Талдықорған, 2019. -113б.
2. Табылдиев Ә. Этнопедагогикалық оқылымдар, 2-ші кітап. – Білім, Алматы, 2006. -312б.
3. Өтеген Қ. Тәртібі қиын оқушыларды этнопедагогика құралдары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Алматы, 2010. -150б.
4. Ф.Н. Жұмабекова, А.Д. Жұматаева. Балаңыз мектепке дайын ба?/ Балалар әдебиеті, Алматы, 2006. 15б.
5. С. Ұзақбаева. Тамыры терең тәрбие // Білім. -Алматы, 2007. 145б.
6. Қожахметова К.Ж.–Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогики. «Ғылым», -Алматы, 2018. 254б.
7. Типтік оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы. Мектеп: - Алматы, 2011. 65б.
8. Н.Л. Татаурова. Мектепке дейінгі ұлттық тәрбиеберу бағдарламасы. - Алматы, 2021.

## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

### СЕКЦИЯ 3

ЦИФРЛЫ ОРТАДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ  
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ, ИННОВАЦИЯЛАР

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В  
ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ: НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ, МИРОВОЙ ОПЫТ, ИННОВАЦИИ

MODERN TRENDS IN THE TRAINING OF PEDAGOGICAL PERSONNEL IN THE DIGITAL  
ENVIRONMENT: NATIONAL VALUES, WORLD EXPERIENCE, INNOVATIONS

---

<b>Амирова А.С.</b> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ГИБРИДТІ ОҚЫТУДА «ХАЙФЛЕКС» (HYFLEX) ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ .....	3
<b>Абдылдаева Т.Ч., Адылбек кызы Г.</b> РЕЛИГИЯ И ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ .....	7
<b>Абдрахманова А.Т.</b> ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ АДАМҒА ТИГІЗЕТІН ӨСЕРІ .....	14
<b>Айнақұлова Ж.Е.</b> ЖОБАЛАР БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР .....	17
<b>Абдрасилова Г.Л., Абдрасилов А.И.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ .....	19
<b>Барбол Т. Е.</b> НАҚТЫ САНДАРДЫҢ ЖУЫҚТАП ЖІКТЕЛУІНІҢ ЖӘНЕ ФАРЕЯ ТІЗБЕГІНІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫЛУЫ .....	26
<b>Аскарбаева Г.К., Тулеев Е.Н.</b> САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ БІЛКІТІЛГІН АРТТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ .....	31
<b>Алимбеков Р.Т.</b> БАЛАЛАР (ЖАСӨСПІМДЕРДІ) СПОРТТЫҚ ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	34
<b>АМАНГЕЛДІ Б.</b> <b>Б</b> СМАРТ ПЕДАГОГТЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ .....	37
<b>Бекбаев Г.С., Мамбетова А.М.</b> ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ЭТНОСТАР МЕН ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АДАПТАЦИЯСЫ .....	42
<b>Бердимбетова А.М., Акимова М.Х.</b> САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ – МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МЕН ОҚУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ТӘСІЛІ .....	45
<b>Бекболат М.С.</b> APPROACHES TO UNDERSTANDING AND RESEARCHING THE DEVELOPMENT OF SOFT SKILLS IN FUTURE IT SPECIALISTS .....	48
<b>Берденова А.С.</b> ОТБАСЫДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ .....	53
<b>Бигабылова Р.А.</b> СЮЖЕТТІК-РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУЫ .....	56
<b>Бисенгалиева М.С., Мадиева Д.Р.</b> СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В УПРАВЛЕНИИ ШКОЛОЙ .....	59
<b>Байбосынова А.С., Айттех Г.А.</b> ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРЕТІН ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЙЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУ .....	62
<b>Берметова А.Н.</b> САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ – БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ .....	65
<b>Бузаубакова К.Д.</b> БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	67
<b>Бупетаева С.Ж., Бупетаева А.Ж.</b> АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ БІЛІМ .....	71

<b>Бупетаева С.Ж., Абулхаир Ә.</b>	
Ц	74
<b>Бупетаева С.Ж., Қанатбек А.</b>	
ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ «LEARNINGAPPS» ПЛАТФОРМАСЫ .....	
<b>Бөлесев Қ.</b>	
ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА – ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ .....	84
<b>Еспенбетова Г.Т.</b>	
ТИІМДІ СӨЙЛЕУ ӘСЕРІ .....	88
<b>Елубаева Р.С.</b>	
ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ .....	90
<b>Жекенова А., Бупетаева С.Ж.</b>	
Ц	92
<b>Жолдасбаева Б.Б.</b>	
ОТБАСЫЛЫҚ МИКРОКЛИМАТТЫҢ БАЛАҒА ӘСЕРІ .....	
<b>Жантеева Г.Е.</b>	
БИОНИКА ІЛІМІН ДИЗАЙН САЛАСЫНА ЕНГІЗУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫ .....	
<b>Жумагулова А.Т., Антонов А.А.</b>	
ОБНОВЛЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ РАБОТЫ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА .....	104
<b>Олжабаева А.М., Сүлеймен Ә.Қ.</b>	
СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ ДАМЫМАУЫ БАР (2 -3 ДЕНГЕЙ) 4 -5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	
<b>Оразбаева А.С.</b>	
БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГТЕРІНІҢ БИЗНЕС-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУ ЖҰМЫСЫН .....	
<b>Ордабаева Р.Б.</b>	
ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ .....	
<b>Ордабаева Ү.Б.</b>	
ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҰЛТТЫҚ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРҒА ТАЛДАУ	118
<b>Рыспабетов Б.Ғ., Абжалелов Б.Б.</b>	
АҚМОЛА АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАН СОРҒЫШ МАСАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ҚОРҒАНУ ӘДІСТЕРІ .....	121
<b>Халитова И.Р.</b>	
АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ ҮНЕМШІЛДІК ПІКІРЛЕРІ .....	
<b>Конакбаева Т.Е.</b>	
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДА ЦИФРЛЫ ОРТАДА ЛЕКЦИЯЛЫҚ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ .....	
<b>Қутымбетова Ә.К.</b>	
СЫРҒАНАҚ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРҒА БАУЛУ .....	
<b>Кенжебаева А.Т., Таджибаева Ж.С.</b>	
ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘР ТҮРЛІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ .....	
<b>Кулаипбекова А.А., Кудебаева З.Н.</b>	
ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ .....	
<b>Касенова Г.Б., Мұқаев Ж.Т.</b>	
МЕКТЕПТЕГІ ГЕОГРАФИЯ КУРСЫНДА АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН АУМАҚТАРЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	140
<b>Кулынтаева Г., Бупетаева С.Ж.</b>	
SMART ПЕДАГОГ БОЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ .....	
<b>Құрмашова Ж.С.</b>	
ЖАҢА ҒАСЫРҒА ЛАЙЫҚ ЖАС МАТЕМАТИКТЕР ДАЯРЛАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ .....	146
<b>Еримбетова М., Бупетаева С.Ж.</b>	
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТИҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ .....	150
<b>Таджибаева Ж.С., Молдақұлова В.Ж.,</b>	
ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ ПОТЕНЦИАЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....	154
<b>Маханова Г.А.</b>	
ДЕРБЕСТЕНДІРІЛГЕН ОҚЫТУ (ӨЗДІГІНЕН ОҚУ) ЖОБАСЫ .....	157

<b>Санай Г.Е., Антонов А.А.</b> ВНЕДРЕНИЕ ИНКЛЮЗИИ ДЛЯ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА .....	163
<b>Серубаева А.Т.</b> Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЕДІГЕ БИ .....	166
<b>Сартбаева А.С.</b> ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ .....	170
<b>Нүрпейісова Э.С.</b> ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ .....	173
<b>Нурова М.А.</b> ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ .....	177
<b>Нигматов А.Х., Тилабжонова С.</b> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ ...	180
<b>ИДРИСОВА Г.Б.</b> ПЕДАГОГТАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ	183
<b>Кырыкбаева М.Ж.</b> ЦИФРЛЫ ҚОҒАМДА ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ	187

«Қашықтан білім беру: сын-қатерлер, заманауи трендтер және  
стратегиялар» атты Халықаралық Конгрес  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
Международного Конгресса «Дистанционное образование:  
вызовы, современные тренды и стратегии»

MATERIALS  
International Congress «DISTANCE EDUCATION: CHALLENGES

Жауапты редактор:  
Техникалық редактор:  
Редакциялық сектор жетекшісі:  
Компьютерлік беттеу:

К.Д. Бузаубакова  
А.И. Абдрасилов  
М.М. Саменов  
Г.М. Алдыкеева

Баспаға 13.03.2023 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60/80 1/16. Есепті беті 20,0; шартты беті 18,2  
Таралымы: 50. Тапсырыс: 820

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
«Dulaty university» баспасы  
080012, Тараз қаласы, Сулейменова көшесі, 11